

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

**«Т.КӘКІШЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

атты студенттердің аймақтық ғылыми конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

9 қараша 2017 жыл

МАТЕРИАЛЫ

региональной студенческой научной конференции

**«Т.КАКИШЕВ И АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ
КАЗАХСКОЙ ФИЛОЛОГИИ»**

9 ноября 2017 года

Арқалық қаласы

ӘОК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Каз)
Т87

Бас редакторы / Главный редактор:

Қуанышбаев С.Б. – Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ, ректор, география ғылымдарының докторы, профессор

Бас редактордың орынбасары / Заместитель главного редактора:

Қалиев А.К. – Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ, педагогика және филология факультетінің деканы, ф.ғ.к., АрқМПИ профессоры

Редакция алқасы / Редакционная коллегия:

Phd доктор Кәпұлы Д. (Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ), ф.ғ.к., Қалиев А.К., ф.ғ.к., ф.ғ.к., Рахметова Б.А., п.ғ.к., доцент Колдасбаева З.Ш., ф.ғ.к., доцент Валиханов Ш.А., пед. ғыл. магистрі, аға оқытушы Шакирова К.М., пед. ғыл. магистрі, аға оқытушы Абдуллина А.А., пед. ғыл. магистрі, аға оқытушы Ауезова Ш.С., пед. ғыл. магистрі, Айдарова Г.К., аға оқытушы Таутина Б.А., аға оқытушы, магистр Оскина М.С., аға оқытушы, магистр Багитжанова Ш.С.

Басылымға жауапты / Ответственные за выпуск:

ф.ғ.к., Қалиев А.К.,; аға оқытушы Таутина Б.А.; редакциялық-баспа бөлімінің бастығы Амирбеков О.А.; лаборант Карбозова Г.К.

Т87

«Т.Кәкішев және қазақ филологиясының өзекті мәселелері» = «Т.Какишев и актуальные проблемы казахской филологии» атты аймақтық студенттердің ғылыми конференциясының материалдары. (9 қараша 2017 ж.). - Арқалық: АрқМПИ, 2017. 184 б.- қазақша, орысша.

ISBN 978-601-80709-2-1

Бұл жинаққа Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының педагогика және филология факультетінің, қазақ, орыс тілдері мен әдебиеті кафедрасының ұйымдастыруымен 2017 жылдың 9 қарашасында өткен **«Т.Кәкішев және қазақ филологиясының өзекті мәселелері»** атты студенттердің аймақтық ғылыми конференциясына қатысушы магистрлердің, докторанттар мен магистранттардың, студенттердің ғылыми мақалалары енгізіліп отыр.

Конференцияға қатысушылардың мақалаларында филология ғылымындағы әр түрлі әдіснамалық көзқарастар және қазіргі тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының өзекті, теориялық және тәжірибелік мәселелері қамтылған.

Жинақ филология саласындағы зерттеушілер мен білім алушыларға, жалпы оқырман қауымға арналған.

ISBN 978-601-80709-2-1

ӘОК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Каз)

© Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты, 2017

АЛҒЫ СӨЗ

Институт ректоры, г.ғ.д., С.Б.Қуанышбаевтың құттықтау сөзі

*Құрметті әріптестер!
Құрметті конференция қонақтары!*

Конференция тақырыбы ұлттық әдебиеттану ғылымында ғылыми мектептің негізін қалаушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, жазушы, сыншы Тұрсынбек Кәкішевтің қазақ әдебиеттану ғылымына сіңірген айрықша еңбегі мен қазақ филологиясының өзекті мәселелеріне арналған.

Ұстаздығы мен ғалымдығы, адамдығы мен азаматтығы, санаткерлігі мен қайраткерлігі тұтасқан ғалым-ұстаз Тұрсынбек Кәкішев – қазақ әдеби сынының даму жолдары, XX ғасырдағы қазақ әдебиеті көрнекті өкілдерінің шығармашылықтары хақында ғылыми ізденістер жасап, ұлт руханиятын, сол арқылы ұлттық рухты көтеруге саналы ғұмырын арнаған Ұстаз, Ғалым, Азамат, дара тұлға.

Ғылымда өзіндік орны бар тұлға әдеби сынды жеке жанр ретінде қалыптастырды. Ғылымның 30-ға тарта түрлі жанрдағы еңбектері жарық көріп, Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығын кеңінен зерттеді.

Қаншама ғалымдар шоғырын тәрбиелеген ұстаз – ғалымның қазақ әдебиеті мен мәдениетін, өнерін зерделеген мұрасының орны ұрпақ үшін құнды болып қалатыны айқын.

Конференцияға қатысушылардың мақалаларында әдебиеттанушы Т.Кәкішевтің ғылыми еңбектері, зерттеулері жайлы және қазіргі әдебиеттану ғылымының өзекті, теориялық және тәжірибелік мәселелері қамтылған.

Бүгінгі конференция материалдары қазақ филологиясының өзекті мәселерін шешуге арналған маңызды мұра болар деген сенімдемін. Сіздерге шығармашылық табыс тілеймін!

I СЕКЦИЯ

ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Р.НҰРҒАЛИДЫҢ ҚАЛАМҒЕРЛІК КЕЛБЕТІ

*Ниязов Мұхтар Мәуленұлы
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ*

*6M11700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2 курс магистранты
Mukhtar_niyaz@mail.ru*

*Ғылыми жетекші: Алтысбаев Құныпия Қожахметұлы
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры,
филология ғылымдарының докторы
Астана*

Аңдатпа: Академик Рымғали Нұрғалидың әдебиеттану ғылымындағы еңбектерін, қазақ әдебиетіндегі тарихи трагедия дәстүрі, драматургиядағы тарихи тұлғалар бейнесін зерттеудегі ғылыми тұжырымдарын, көркем әдебиеттегі орнын саралау – әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі. Мақалада Рымғали Нұрғалидың "Ай қанатты арғымақ" романының көркемдік қырлары, көркем әдебиеттегі автор қолтаңбасы зерттеу нысанына алынып, тұжырымдар жасалған.

Түйін сөздер: автор, драма, проза, роман, кейіпкер, әдеби мұра.

XXғ. XXI ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің сыны, драматанушыиикасы өнерінде өз өрнегін сала білген, драма саласына қатысты елеулі пікір айтқан Р.Нұрғалидың әдеби мұрасын зерттеу – уақыт қажетінен туындаған міндет.

Р.Нұрғалидың әдеби мұрасын XXғ. мен XXI ғасыр басындағы ғалымдық, жазушылық, драматанушылық шеберлік тұрғысынан зерделеп, зерттеу – бүгінгі уақыт талабынан туындағын маңызды мәселе. Қаламгердің шығармашылық өмірі қазақ халқының өмір кешкен екі бірдей дәуірімен біте қайнасып жатыр. Қаламгердің шығармашылық шеберлігі мен стильдік ерекшелігі, қоғамдық-саяси дүниетанымы мен азаматтық көзқарасын анықтаудың теориялық және тәжірибелік мәні зор. Қаламгер шығармашылығын уақыт өлшемінде қарастырғанда ғана өз заманында қозғаған маңызды тақырыптары өзектілігімен, өткір де, көркем тілімен айқындалады.

XX ғасырдың басында халық санасын оятуда, саяси көзқарасын танытқан қазақ зиялылары барлық жанрда қалам тартты десек, осы кезеңдегі әдебиетке баға берген академик Серік Қирабаев: «...қазақ халқының ояна бастаған тұсында, оның ұлт-азаттық жолындағы күрес туын берік ұстап, халық өмірінің шындығы мен алдыңғы қатарлы идеясын жырлаған қоғамдық сананың бір түрі – қазақтың ұлттық әдебиеті болды» [1, 26] - деп айтар ойымыздың төркінін түйіндей түседі.

Әдебиет тарихын жазуды мақсат еткен зерттеуші халықтың, ұлттың шынайы азаматтық тарихы сол кезеңдегі шығармашылық иесінің қаламынан туған дүниелердің құндылығымен өлшенерін өзі үшін нақтылап, сол тұрғыда

зерттеу жүргізсе керек. Өйткені, «...әдебиет тарихы халық тарихымен тығыз байланысты, соның бейнелі көрінісі, сүрлеуі; ол қай кезде болсын халық тарихының ізімен жасалады. ...қазақ әдебиеті ғылымының тарихы да қазақ халқы азаматтық тарихының ізімен жасалуы тиіс» [2, 3-б.] деген көрнекті әдебиеттанушы Б.Кенжебаевтың ұстанымы әдебиет тарихын жасаудың тегеурінді міндеті болып табылады.

Р.Нұрғалидың өз ұстазы Бейсенбай Кенжебаевпен бірге жазған «Сабыр Шәріпов» атты кітабы ғылыми жұртшылықты елең еткізіп еді. Жұмат Шанин жайындағы кітабы да осындай табысқа ие болды. Оның «Дән», «Ертең ат шабыс» дейтін хикаяттары, «Полигон әңгімелері», «Жартастағы қарағай», «Оқ» секілді повестері, көркем аудармалары жазу ерекшелігімен құнды. Ғалымның «Әуезов және Алаш» атты монографиясының табиғаты тым бөлек. Мұнда өткен Алаш арыстарының шығармашылық лабораториясы терең зерттеледі. «Телағыс», «Арқау», «Айғақ» сияқты шығармалары бір сала әңгіме. Ол «60-шы жылғылар» деп аталатын үркердей топтан болатын. Әбіш Кекілбайұлы, Мұхтар Мағауин, Рымғали Нұрғали... Кеңестік кезеңнің өзінде қазақ руханиятының көкжиегін кеңейткен, керегесін бекіткен, қазақы тамырды қайта табуға сүрен салған еді бұл топтағылар. Кесек дүние, сом сурет, рухы биік, діңгегі берік шығармалар да осы топтың қаламынан туып жатты. Рымғали Нұрғалиұлы небәрі жиырма бір жасында өзінің ұстазы Бейсенбай Кенжебаевпен тізе қосып жоғарыда айтылған «Сабыр Шәріпов» атты кітап жазды. Осы шығармадан кейін-ақ қазақ руханиятына аузы дуалы, сөзі уәлі бір өкілдің қосылғаны аңғарылған. Ғалым Ахмет Байтұрсынұлының ақындығы, әдебиетке қосқан үлесі, ғылымдағы тың жолы туралы сүбелі сөз айтқан алғашқы адам еді. Мұхтар Әуезов шығармашылығын тереңінен қозғаған, «Әуезов және Алаш» атты монография жазған еді. Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытовтар туралы да тың деректер тауып, қазақ қоғамына жоғалтқан жауһарларын қайта жолықтырғанын. Зерттеу еңбектерінің көркем тілмен жазылуы, толайым қазақ сын жанрының өрісін кеңейту үрдісі Рымғали Нұрғалидың әдебиетке әкелген жаңалығы. Ғалымның бұл саладағы еңбектерін тізбелеу жөн емес, Рымғалиды зерделей оқу керек, сонда ғана жалпы сөз иланымды болады.

Рымғали Нұрғалидың «Ай қанатты арғымақ» романы нақақтан жала жабылып «халық жауы» атанған арда азамат, қазақ театрының тұңғыш режиссері Жұмат Шанин тағдыры мен ол өмір сүрген қоғамды, зымиян заманды, соған сай Сәлімрахман секілді сиықсыздарды суреттейді.

Жеке басының жемсауы үшін халқы тұрмақ қарындасын да қанға қиюға бар қазақ оқығаны Бақтияр мен өз мүддесі үшін Отанын да оққа байлайтын ойсыз Сәлімрахмандардың сатқындығынан қазақ халқының қан жұтып, жапа шеккені, шым-шымдап иіріміне үйіреді.

Р.Нұрғали сталиндік зұлмат заманның зардабын осылардай іштен шалатын шалағай індеттерден іздейді. Және оның жауабын да нақты кейіпкерлердің іс-әрекеттері арқылы айқындайды. Оны колхозға “бірігуден бас тартып, шоқпар көтеріп, мылтық атқандарға қосылып, шекрадан арғы бетке өтіп кетпек болып, қашып бара жатқанда” шайқаста мерт болған үлкен әкесі

сексендегі Дәулет қажы мен, өз әкесі алпыстағы Несіпбайға көңіл айта барған Жұматқа жастайынан бірге өскен досы Бақтиярдың “екі көзі шатынап”: - Иман? Қайдағы иман оларға. Топырақ? Бұйырған жоқ топырақ оларға”, - деген зілді, суық та сұмдық көзқарасынан да байымдауға болады.

Алақанына салып аялап өсірген атасы мен туған әкесінен мансабын биік бағалайтын Бақтиярлардың әр замандарда да болатынын, бұлардан бауырмалдық, рахымшылық күтудің артықтығы астарланады.

Романның бас кейіпкерлерінің бірі – Бақтиярдың бұл мінезін сол кездегі уақыт, заман салымына сайсақ та, оның бала шағынан бірге өскен досы Жұматқа бұлай жауап қайыруы, ішкі әлемін, түпкі таным-табиғатын таразылайды.

Жазушыға жанрдың жапырағын жайқалтып, кеңістігін кеңейтуге, кейіпкерлердің ішкі әлемін байытып, кескінін көркейтуге, өмір шындығының шынайы сипат алуына тағы да Жұмат Шанин жайлы зерттеу еңбегінің ерекше септігі сезіледі. Жұматтың өмірдегі, өнердегі ой арманы, араласқан адамдары, басынан кешкен тағдыр тауқыметі көркем шығармаға да көшіп қонғандай...

Ең бастысы – автор негізгі қаһарманына қатысты кітаптың кілтін тапқан. Жұматтың балалық шағынан бастап, өскен ортасы, солдат болып сандалып, қара жұмысқа жегіліп, қан жұтуы, қайтып келіп жауапты қызметтер атқаруы, соңыра қазақ өнерінің қара шаңырағын құрып, театр өнерін өркендетуі нақты деректер негізінде роман рухына қан құяды.

Әрбір оқиғаға, кейіпкерге, уақыт, қоғам қағидаларына қанық жазушы шығармасына шырай үстеуге шебер. «Адасқан күшік секілді ұлып жұртқа қайтқан ойды» ғалым Нұрғали зерттеу дүниелерінде қалай тоқытса, жазушы Рымғали да көркем туындысында солай сыйдыра алады. Және өзіне өміріндей ыстық, етене кейіпкерлерінің қадыр-қасиетін, қай жерде қалай сөйлеп, қимыл әрекеттерге баратынын әбден біледі. Сондықтан да қарапайым тіршілік қанға тарап, туынды табиғаты тонның ішкі бауындай жарасып, жанды баурайды.

Орыс патшасына солдатқа алынып, қара жұмыстың қамытын киген қамырықты қиын күндерін «көрлақатта» бірге өткерген Жұмат, Тастан, Сәлімрахман өмірден көк жөтелдің қысымымен қыршын кеткен Ғазиз бейнелері оқырманды бейтарап қалдырмайды.

Қай-қайсысының да өз табиғатына тән ішкі ой, арманы, болмысы бар. Әсіресе, Ғазиз өмірі өкінішті... Небәрі он алты жастағы өнерпаз жігіттің аянышты өлімінен орыс патшалығының оспадарлығы туралы ой қылаңытады. “Қайран өнері өзімен бірге өлді. Ұрпағың бордай тозып, күл боп ұшқыр қу патша лағнат саған, лағнат”, - дейді кітап кейіпкерінің бірі.

Жұматқа томпайған жас қабірден атып шығып, Ғазиз айқайлап тұрғандай көрінді: «Ағатай-ау, мені тастап кеткенің бе? Тым болмаса домбырамды тастамашы. Домбырамды...». Өзіміз өлсек те өнеріміз өшпесінші дегендей тілек толқиды. Осы ой роман рухының тіршілік тамыры тәрізді. Жұмат жүрегімен тел тыныстайды.

Жалпы кейіпкер кеспірі арқылы қоғамның, ұлттың, уақыттың аясын астарлау, романның жемісті желілерінің бірі. Мұны орыс патшасының қолшоқпар құлы Холоповқа, «сырықтай ұзын офицерге», латыш азаматы Балташас, Арманд Вилисовичке байланысты байытуға болады.

Холопов – Тарғақбет. «Бетінің әр жерін біреу қаламмен ойнап отырып түртіп-түртіп жібергендей, қаптаған ноқаттары бар. Жігіттер алғаш көргенде-ақ оның шенін де, атын да, фамилиясын да лақтырып тастап, Тарғақбет қойып алған. Бөгде жұрттар саналып, окоп, траншея, түрлі қорғаныс, бөгет салу жұмыстарына жегілген» қазақ жігіттеріне қаны қас.

Сырықтай ұзын офицердің де сықпыты сондай: «Сен бұралқы неме мазақ қылмақсың ғой? Табанда атып тастайын ба? Кім сұрар екен сенің құныңды! Жабайы қырғыз. Қара мұны, орыс армиясы үшін окоп қазғаныңды сен неге бақыт санамайсың өзіңе! Даланың босқыны!» – дейді Жұматқа.

Ал, латыш жігіті Балташас болса қазақ жігіттерінің ауыр жағдайына аянышпен қарайды. Аспазшы жігіт қолдан келген көмегін аямауға әзір. Қазақтармен қоян-қолтық араласып, ағайындасып кетеді. Әсіресе Жұматқа жаны мейір. Сөйлесе, сырласа келе байырдан білетін жандай бауыр басып алады.

«Бізге жақсылықтан басқа ойлайтыны жоқ бұл азаматтың», – дейді Жұмат. Аты-жөнін естігендер: «Ойбай-ау, өзіміздің жігіт екен ғой. Балташы – ұлы әкесі, Біліс - өз әкесі, аты Арман, сонда бұл ұзынтұраның қазақ болмағанда несі қалды, Жұмеке, руын айтып жіберсеңіз енді», – деп жымыып, жылы қабылдаған жігіттер мен латыш азаматының бұдан кейінгі өмір тағдыры бір қазанда қайнайды. Қазақтардан құшақ жазбаған Балташас та басын бәйгеге тігіп, қиындық пен қорлықты бірге бөліседі.

Бұл арқылы да көркем шығарманың шым-шымдап санаға салар салмағы, айтары, алға тартары аңғарылады. Ұр да жық, о жар орыс офицері мен құл мінез, қара ниет Холопов – Тарғақбеттің топас түйсігі қазақ халқына деген орыс патшалығының қарау көзқарасы. Мұндай мұндарлықтан кейбір шовинистік пиғылдағы парықсыздардың әлі де арыла қоймағаны анық. Оны жасырып, өтірік көлгірсуден көсегіміз көгере қоймас.

Бұған дейін де қазақ әдебиетінде жазылған жуан қарын романдарда орыс кейіпкерлеріне жөнді-жосықсыз жастық төселіп, жасанды қаһармандардың қатары көбейгені мәлім. Рас, олардың ішінде де аракідік адал азаматтардың болғанын, базбір туындылардан табиғи түзілім тапқанын айту парыз. Дегенмен көп шығармаларда шалағай кейіпте, мақсатты түрде балапандай балағандары да жасырын емес. Мұны кеңестік дәуірдің саясаты мен салтанатына сайсақ, Рымғали Нұрғалиұлының бұл романы да сол “жылымық” жылдардың жемісі. Бірақ білікті жазушы жасандылыққа жол бермейді, жалтақтыққа да жүген салдырмайды.

«Ай қанатты арғымақ» романындағы осындай оқшау игіліктің бірі – шығарманың аты мен затына сай сұлу суреттелуі. Арғымақ ат пен адам арасындағы ара-салмақтың сараланып, ой көздеріне оқпан болуы – көркем дүниенің көркін үстеген. Жазушының жылқы әлемін жетік білуі, тұлпарлар тағдырын танып, шебер де шынайы бейнеленуі – шығармаға болмысты бояу сыйлайды.

Бала шағынан жылқы арасында, желідегі құлынмен жараса өсіп, жүйрік мініп, желдей ескен, арғымақ танып алысты аңсаған болашақ қаламгердің аттың ащы теріне телілік жасамай, алашапқын екпініне еліріп, есі кетпей, жүйрік пен жабының екі дай ерекшелігін екшеп, атадан көрген атбегілік

көрегендігін көкірек-көзіне ұйытып, жан дүниесіне жинай білген жастың жазушылық қаламы жылқы, жүйрік жайын суреттегенде суырыла шауып, шабыттың шалқұйрығы бірден бауырын жазып, көмбеге көсіле тартады.

Мұндай мазмұн әсіресе Көкқасқаға қатысты толғаныста шығарманың ширауын шешімдеп, болмысын байытады. Автордың оны Көкқасқамен үзеңгі қағысып, аламан шабыста итжығыс келе жатқан Сүйрікқара сезімі арқылы суреттеуі де табылған тәсіл.

Қазақ театр өнерінің қарлығаштары, аттары аңызға айналған Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Серке Қожамқұлов, Қалибек Қуанышбаев, Құрманбек Жандарбеков, Елубай Өмірзақов тәрізді біртуар таланттардың тар жол, тайғақ кешулі өмір-өнерлері романда нақты өмірлік сипатта суреттеледі.

Бұл тұста да жазушының зерттеушілік танымдылығы мен табандылығы тағы да көмекке келіп, көркем дүниенің жапырағын жайқалтып, құнарын молайтады. Тағдырлы кейіпкерлердің әрқайсысы бір-бір театрға тұрарлық табиғаты талантты туынды арқылы оқырманға ой салады. Жазушы олардың күнделікті ішкі қыр-сырын, дара туған тумысын таратып, тәптіштеп жатпайды. Таланттар табиғатындағы құлыпты құпиялардың кілтін мегзейді. Найзағайдай жарқ етіп жоқ болатын жалқы сәттік сәуледен із көрерлік ишарат жасайды.

Мұның бәрін жазушы текті таланттардың күнделікті қарапайым өмірінен өріп, репетиция, гастрольдік сапарлар сәттерінен саралап, сәулелендіріп отырады.

Жазушының тілі шұрайлы, халықтық бояуларға қанық. Өмірді көре білуі, тіршілікті тануы табиғи. Оны Алтай өңірі мен Семейдің сұлу даласын суреттеу айшықтары анық аңғартады. Әсіресе жазушы Қоянды жәрмеңкесінен қол беріп тұрғандай көрінеді. Уақыт, дәуір сол қалпында, айна-қатесіз кітапқа көшіп-қонған. Бұл да Рымғали Нұрғалидің өмір шындығын өнер шындығына айналдыра алған роман жанрындағы жемісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті,. – Алматы: Білім. 2003.
- 2 Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1973. – 168 б. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
- 3 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. - Астана, 2002.
- 4 Нұрғалиев Р. Арқау. Екі томдық шығармалар. -Алматы: Жазушы, 1991. 576 б.

ЖЫРАУЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

Сұлтанхан Мейірбек

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

6M11700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2 курс магистранты
Meiirbek1993@mail.

Ғылыми жетекші: Әлтай Аманжол

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры,
филология ғылымдарының докторы
Астана

Андатпа: Жыраулар поэзиясындағы ұлттық дүниетаным мен елдік рух, туған жерге деген сүйіспеншілік пен тәуелсіздік идеясы, елдік мақсат пен ой еркіндігінің көрінісі мәселелерін талдап, саралау – әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі. Мақалада жыраулар поэзиясындағы тақырып пен идея, көркемдік дүниетаным, ұлттық идея зерттеу нысанына алынып, тұжырымдар жасалған.

Түйін сөздер: жырау, толғау, тақырып, поэзия, ұлттық идея, поэма

Қазақ халқының поэзиясында өзінің көлемінің молдығымен, көркемдігінің құндылығымен, тақырып жағынан сан қырлылығымен жыраулар поэзиясы әрдайым дараланып тұрады. Өзінің тамырын тереңнен алып, бүгінгі күнге дейін әдебиетіміздің сарқылмас бұлағына айналып отырған жыраулар поэзиясының туу, қалыптасу, даму кезеңдерін, өзіндік жанрлық ерекшелігін, жыраулар шығармашылығының тақырып аясын, көркемдік ерекшеліктерін айшықтап көрсету – тақырып өзектілігін айқындайды. Биылғы жылы қазақ хандығының құрылуына 550 жыл толып отыруы да хандық дәуірдегі жыраулар поэзиясындағы ұлттық дүниетанымның маңыздылық сипатын арттыра түседі.

Қазақ халқының дәстүрлі ұлттық әдебиеті басқа елдердің әдебиеті сияқты өзінің елдік, еркіндік хақындағы мәселелерді айрықша серпіліспен жырлауы арқылы ерекшеленеді. Сонау XIV-XV ғасырлардағы Сыпыра мен Асан қайғы жыраулардан бастап, олардың ұстаздық үлгісінен өнеге алған Қазтуған, Шалкиіз (Шәлгез), Доспамбет, Марғасқа, Бұқар, Ақтамберді, Үмбетейлерге жалғасқан, одан берідегі Көтеш, Шал, Абыл, Жанақ, Махамбет, Дулат, Шортанбай, Мұрат, Сүйінбай, Мұсабай, Жамбыл, Әбубәкір, Кердері, Майлықожа, Мәшһүр Жүсіп, Базар сынды ілгерілі-кейінгі өмірге келген діндердің қағидаларын да, бұрынғы-соңғы әлемдік мәдени мұралардың қадір-қасиеттерін де жақсы білген, өздері ерекше сауатты болған, жыраулар тыңдармандардың талғам-талабына, тағылым таразысына сәйкестендіріп ауызша жырлаған ондағы ақын-жыраулар өрісі кеңейген. Қазақ әдебиетінің қай авторының болсын, есімінің ел есінен шығып қалмай, қадір-қасиетке ие болып жүргендігі – осынау ұлт үшін, ел үшін қастерлі ұлттық идеяны, іргелі ел болу мақсатын туындыларының басты, өзекті тақырыбы етіп алу принциптерімен байланысты.

Дәстүрлі сөз өнерінің өкілдері жыраулар болжаған келешек, еркіндік, тәуелсіздік, бодандыққа қарсы идеяға ерекше мән беріледі. Жыраулар поэзиясын М.Әуезов, С.Сейфуллин, Қ.Жұмалиев, Х.Сүйіншәлиев, М.Мағауин, Ж.Тілепов, Қ.Сыздықов, т.б. ғалымдар жан-жақты зерттеген. Алайда жыраулар

поэзиясындағы ұлттық дүниетаным, тәуелсіздік идеясы, рухани болмыс ой еркіндігі әлі де арнайы зерттеуді қажет етеді. Ұлтымыздың ғасырлар бойы жасаған рухани қазыналарын жыраулар ұрпақтан ұрпаққа жеткізген. Қазақ әдебиетінің тарихында ерекше орын алатын, сөз жауһарлары – жыраулар шығармашылығы. Қазақ әдебиетіндегі жыраулар поэзиясы сыры мен сыны көп тақырып. Ұлттық бітімімізді бойына сіңірген жыраулар поэзиясы әдебиеттегі құнды мұра. Тарихтағы дана тұлғалар – жыраулар ер, жер, ерлік, батырлық тақырыптарын қозғап, әлеуметтік маңызы зор туындыларымен көріне білді.

Ұлттық дүниетаным, ұлттық идеяның қалыптасуы алдымен ұлттың қалыптасып, оның мүддесінің дамуына негіз болған қазақ жырауларының ой толғамдарымен тығыз байланысты. Жыраулар поэзиясындағы идеялар, ұстанымдар елдің болашағына сын көзбен қарап және ұлт қажеттіліктерін саралау негізінде туындап отырған көзқарастар, қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымдық негіздерін анықтай түсетін тұлғалар феноменінің мәдени жүйесінің жарыққа шығуына негіз болмақ. Жыраулар поэзиясындағы ел мүддесінің болашақ тағдыры тұрғысында көтерілген идеялар ел мен атамекеннің, аға ұрпақ буынның рухани бейнесін тарихи тұрғыда анықтап отыратыны шындық. "Қазақтың – деп жазады Х.Досмұхамедов, – жеке өмірінің барлық сәттері – туғаннан бастап өмірден озғанға дейін, сондай-ақ тұтас халықтың немесе жеке рудың қоғамдық өміріндегі барлық оқиғалар халық әдебиетінде жырланады" [1, 15]. Дүниетаным шексіз, шекарасы жоқ рухани әлем. Демек, адам бар жерде дүниені тану, қабылдау, сезіну процестері жүзеге асуға қабілетті. Ал, ұлт бар жерде дүниені тану мен қатар игеру, яғни дүниетанымдық құндылықтардың өмір сүрері ақиқат. Осы тұрғыдан қазақ жыраулары ұлт болмысының тағдырына сын көзбен қарауда оның ұлттық рух пен үндескен тарихи-әлеуметтік кеңістігін өздерінің жәдігерлік кітапханаларында сақтап қалған. Сонымен қатар жырауларымыздың даналығының мазмұнын зерделеген сайын, сол дәуірде ел, жеке адам, жер тағдыры үшін қоғам шындығы тұрғысында ойланған, пайымдаған зиялы адам бейнесі де көз алдымызға келеді. Әрине, тарихымызда "тұлға" феноменінің тарихи шындығын, қалыптасу ерекшелігін анықтайтын дерек көп. "Жырау" феномені арқылы дүниетанымдық өрісін кеңейтіп, рухани тереңдігін сақтап келген қазақ даналығының болмыс-бітімі де байыппен қараған адамға күрделі құбылысты танытар сөзсіз. Бұның ішінде көзге бірінші көрінетін нәрсе "ұлттық рух", "ұлттық идея", "ұлттық мүдде", "ұлттық зиялылық" ұғымдарының бірінің мәнін бірі толықтырып және адам болмысының рухани ерекшеліктерін зерттеуде үлкен тарихи тәжірибе мен білім көзіне айналып отыратындығы көрінеді. Еліміздің өткен жолында бойына біткен бар рухани мүмкіндігін ұлттық мүддеге қызмет ету үшін шыңдаған даналардың "ұлттық идеясы" бағытында дүниеге келген көзқарастарының дербес рухы жөнінде алаш ғалымдары өз зерттеулерінде былай деп жазады: "Халық әдебиетін тудырушы және сақтаушы қазақ халқының өзі болғанымен, халық творчествосын жарқыратып көрсетушілер: өлеңшілер, халықтың суырып салма ақындар, ақпа-төкпе жыраулар және халық билері.

"Шешендік пен өз ойын ырғақ әуенмен жеткізу қабілеті, күллі қазақ халқына тән қасиет, бұл тұрғыдан әсіресе өлеңші, ақын халық билері ерекше көзге түседі. Қалың бұқара арасынан шыққан олар – халық әдебиетінің мән-мазмұны мен тіл тазалығын сырттан келетін жат әсерлерден қорғаушылар, әрі ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, халық әдебиетін сақтаушылар" [1, 32].

Қоғамның рухани жағынан жетілуінің негізі елдік мүддеге қызмет етіп отыратын ұлттық идея деп пайымдасақ, қазақ жырауларының "ұлттық идеяға" өз үлесін қосуда, адамзат мәдениетінің дамуында тарих пен қоғам кеңістігіндегі құндылықтар бағдарын жүйелеп, жаңа ұрпақ буынның игілігіне икемдеп отыратын тұлғалықтың тағы бір ерекше құбылысын атап өту қажет. Ол халықтың жан дүниесін, рухын даналығы арқылы жетілдіруді көздеген қазақ жырауларының ақиқатқа адал, шындыққа еркіндігі. Қазақ ұғымында турашыл білікті және кез-келген білімді адам естінің өсиетін ұғып, елдіктің заңына бағынған адам түсінігінде адамның бәрі өз шынайылығымен бауыр.

Ұлттық идеологияны қалыптастыру идеясы бірнеше ғасырлар бойы қалыптасып отыратын құбылыс. Ұлттық идеологияны қалыптастыру ұлттық қажеттіліктердің негізінде туындайтын білім болса, ұлттық идеяның білімін қалыптастыратын нағыз зиялылар болмақ. Қазақ жырауларының зиялылығы осы ұлттық идеяның құбылысы мен қалыптасу заңдылықтары арқылы тереңдей түспек.

Жыраулар поэзиясындағы ұлттық дүниетаным елге, туған жерге деген сүйіспеншілік ұстанымдарымен ұштасып жатыр. Сондықтан да ұлттық дүниетаным туралы сөз қозғағанда жыраулар поэзиясындағы туған жер тақырыбы елдік пен ерлік сарынымен қатар аталатыны сөзсіз.

Халқы үшін, атамекені үшін жаны тыныштық көрмей, еліне жайлы қоныс іздеп, оның қауіпсіздігін ойлап шарқ ұрған, ел тыныштығын өмірінің мұраты санаған жырауларымыздың бірі – Асанқайғы.

Алты атанға қос артып,
Алты жыл қоныс қарадым.
Қырында деп қызығы,
Ойында деп табаны
Нуында деп ықтыны,
Суында деп балығы,
Бұл жерді өзім қаладым...
Айтқанымды сірә тындамай,

Көңілімді жаман қалдырдың... – деуіне қарағанда, Асанқайғы Жәнібектің саясатын қолдай бермеген. Оған әрдайым сын көзімен қарап, ел мүддесін көздеп, ақыл беріп отырған.

Профессор Б.Кенжебаев өзінің 1942 жылы жазған мақаласында, Асанқайғыны халықтың ойдан шығарған қиял жемісі деушілер пікіріне қарсы шығып, "Асанқайғы тарихта болған адам, болғанда, Жәнібек ханның тұсында жасаған, соның ақылы, ақылгөйі болған сияқты" [2, 58], – дейді. Осы пікірлерді айта келіп, зерттеуші Асанның Жәнібекке айтқан толғауларына жоғары баға береді.

"Тарихта болған адамдар ішінде өмір сорабы, іс-еңбегі халықтың нағыз ертегісі болып, тек сол қалыпта ғана ой-жадында сақталған адамның бірі – осы Асанқайғы" [3, 2], – деп жазды М.Әуезов.

Асанның "Жәнібекке айтқаны" деп аталып жүрген толғауларында негізінен мемлекеттік, елдік мәселелер, қоғамдық ойлар қозғалып, халық пен хан арасындағы қарым-қатынас сөз болады. Бұған қарағанда Асан жай ақыннан гөрі әлеуметтік сыры терең, ойлы толғаулар тудырған жырауға ұқсайды. Қоғамдық сын тұрғысында жыр толғап, өзінің жіті көзін қиырға, алысты болжауға тіккен, күнделікті қоғам өмірі жайында сезіп түйгендерінен өзінше тұжырым жасаған ойшыл. Қазақ тарихын жақсы білген Ш.Уәлихановтың пікірлері де Асанның осындай ақыл иесі, өз кезінің қоғам қайраткері болғанын дәлелдей түседі.

Асан атымен айтылып, халық арасына тараған нақыл сөздер (афоризмдер) мен толғау-жырлар қазақ халқының орта ғасырдағы тарихи-қоғамдық, рухани тілегімен байланысты.

Халық Асанды алдағыны болжағыш, көреген, білгір ақыл иесі саңлақ деп санады. Асан сөздеріне тән нәрсе – тереңдік пен ойлылық. Ол тереңнен толғап, қияндағыны көздейді. Өткен-кеткенді еске алып, өзінше ой түйіндейді.

"Тіленші ұлы Шалғез жырау да Сыпыра, Асан, Қазтуған, Бұхар жыраулар сияқты, сарай маңында жасаған адам" [4, 54]. Ол – XV-XVI ғасырлар аралығында билік құрған хандарды жақсы біліп, сол кез оқиғасын ұзақ уақыттар жырлаған жырау.

"Шалғездің толғаулары негізінен дидактикалық сарында жазылған жыраулар поэзиясы үлгісіндегі ғибрат сөздер, адамгершілік сананың, әділетшіл ақыл иесінің жемістері. Сондай-ақ өзінің тұстас әміршілеріне бағышталған арнаулар, замана талабымен ел тілегін ұсынар ойлы, сырлы толғаулар, өмір тәжірибесінен қорытылып сараланған сөз кестелері, шешен ақылдар" [5, 29].

Жақсыға қоссаң басыңды,
Отырар орның төр болар.
Жаманға қоссаң басыңды,
Саз балшыққа аунаған
Бөрімен орның тең болар...
Жаманды құдай алар ма?
Жақсыны құдай қояр ма.
Жақсы алдында сөз айтсаң,
Жақсылар сөзге тояр ма.
Жаманға жақын болсаңыз,
Күнінде бір күн болғанда,
Оның залалы тиер басыңа.
Жақсы туған қарындас,
Һәм қарындас, Һәм жолдас...

Бұл жолдар – жыраудың ұлттық дүниетанымын, өзіне ғана тән ақындық құдіретін танытарлық туындылар. Адами ақыл, өнегелі өсиеттердің үлгілері дерлік аталы сөздер. Халықтың елдігін арттырар абзал қасиеттер, жақсылық жолдарын нұсқар өлең өрнектері.

Халық ежелден бері қастерлеген ағайын арасының татулығы, азамат ердің, рулы елдің алауыз болмай тату-тәтті өмір сүруі – жырау туындыларының негізгі

идеясы. Асылы, әлі тұтасып, іргесі бекіп кетпеген қазақ хандығына қарасты сан ұлыстардың бірлігі кем алауыздығы жыраудың тынышын кетірсе керек.

Қаһармандық турасындағы дағдылы дүниетаныммен тонның ішкі бауындай жалғасып жатқан және ұдайы жорыққа қамдану немесе жаудан қорғану жағдайында жасалған ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы дара шығармашылық үлгілерінің негізгі лейтмотиві – елін, туған жерін жаудан қорғау, батырлықты ең жоғарғы мұрат ретінде суреттеу болды. Қазақ хандығының мүдде-мәртебесі мен шен-шебіне өздері де қаруымен қалған, тілімен тосқауыл бола білген жорықшы жыраулардың азаматтық толғаулары елдік пен ерлікті дәріптеді.

Сонымен, жыраулық поэзиядағы батыр – эпостағыдай "отқа салса – жанбайтын, суға салса – батпайтын, "атса – мылтықтың оғы өтпейтін, шапса – қылыштың жүзі кеспейтін" кейіпкер емес, қарапайым пенде. Мифтік сюжеттегі Оғыз қаған "өгіз аяқ, бөрі бел, бұлғын жауырын, аю төс" болып бөлектене бейнеленсе, жыраулардың дүниетанымы мұндай қатпар-қатпар тотемдік түсініктерден де тазарған. Бірақ бәрібір олардың батыры да былайғы жұрттан басқаша. Айталық Қазтуғанның "Мадақ жырында" жауынгер жыраудың бейнесі тарпаң, тағы, табиғи көшпелі тұрмыс тудырған ең екшеулі, сұрыптаулы да сындарлы, сұсты да сұлу белгі баламаларды бір өзінің бойына жинақтаған, тәңірі тектес жаратушыға теңестіріле суреттеледі. Шалкиіз жыраудың толғауынша, жорыққа шыққан жауынгерге үш нәрсе игі, олар: астындағы тұлпары, үстіндегі сауыты, қолындағы қаруы. Сондай-ақ, ол батырға тиесілі еншіні көктегі құдіреттің қарауында деп біледі. Мысалы:

Кешу кешмек сайдан-дүр,
Батыр болмақ сайдан-дүр
Жалаңаш барып жауға ти,
Тәңірі өзі біледі,
Ажалымыз қайдан дүр.
Мен ісімді
Хаққа тапсырғанмын нәр жерде

Жоңғар шапқыншылығы кезінде талай-талай сергелдең жорыққа қатысқан Ақтамберді Сарыұлы жырау "Салпаң да салпаң жортармын" атты толғауында өзінің батырлық тұлғасын эпикалық "мен" арқылы бедерлеу үшін қиыннан қиысқан метафоралық қолданыстарға барады. Жыраудың өзін "торлаусыз өскен құланға", "байраққа біткен құраққа", "жапанға біткен терекке" балауы күн-түн қатқан мігірсіз жортуылға көндіккен, елдің туы жығылуына ерік бермейтін, қиын-қыстау жағдайда сабырлы, сүйекті қалпынан айнымайтын, тепе-теңдігінен ауытқымайтын жан екендігін ишаралау үшін керек болса:

Қарағайға қарсы біткен бұтақпын,
Балталасаң да айрылман,
Сыртым – құрыш, жүзім – болат,
Тасқа да салсаң майрылман!

деген түйінді тармақтарда күрделі метафораның көмегімен батырдың мықтылығын екі еселей көрсетеді.

Көшпенділердің ұғымы бойынша, шын батырлық жат жұрттық жаулармен ел үшін, жер үшін айқас үстінде ғана айқындалады. Оның өзі тарихи тұрғыдан екі түрлі ыңғайда көрінеді: алғашқысы – дұшпанның есебінен

қонысты кеңейтіп, ел қондыру мақсатындағы жортуылдар; кейінгісі – атамекенге қол сұққан аруағы басқа аламанның шабуыл-шапқыншылығына тойтарыс жасаудың қимыл-қарекеті. "Алыстан тоят тілеген" ерлік пен еркіндік заманының жорықшыл жырауларына мынадай сөздер жат емес:

Кірмембес ауыр қолға бас болып,
Күн түбіне жортқанмын.

(Доспамбет)

Майданнан дабыл қақтырып,
Ерлердің жолын аштырып,
Атасы басқа қалмақты,
Жұртынан шауып бастырып,
Түйедегі шаршасын,
Әлпештеген ханшасын
Ат артына мінгізіп,
Тегін бір олжа қылар ма екеміз?!

(Ақтамберді)

Бойына бес қаруын асынып, ат жалын тартып мінген азаматқа қағаз жүзінде жазылмаған, тек намысқа негізделген жауынгерлік заңдар да билігін жүргізді. Батырдың және оның жан серігі – тұлпарының сүйегі ұрыс даласында қалуы шарт. Бір уыс топырақ, бірер тамшы артық төгілген қан – міне, нағыз ер жарық жалғанмен осылай сырқаудан өлуден асқан масқара жоқ. Батырдың ең басты міндеті – Отанын, халқын қорғау.

Осы таным-түсінік жыраулық поэзияның рухына да тән.

Жыраулар поэзиясының өзекті тақырыбы – туған елі, оған деген сүйіспеншілігі, елдің бірлігі, еркіндігі. Қазақ халқына тән ұлттық рух, отансүйгіштік қасиет жыраулар поэзиясының кез-келген шығармасынан орын алған ұлттық дүниетанымымыздың жарқын көрінісі.

Жыраулар поэзиясы халықтың басынан өткерген тарихи оқиғаларды, оның арман-мұратын, кешірген ауыртпалықтарын жырлаумен ғана бағалы емес, елдің саяси-әлеуметтік тіршілігін, ой-сана, ұлттық дүниетанымын көркем бейнелі тілмен бере білуімен де, көркемдік сапасымен де бағалы. Олар сөз өнерін аса қадірлеген, биік санаған. Мысалы, Асан қайғы "таза мінсіз асыл сөз ой түбінде жатады, ой түбінде жатқан сөз шер толқытса шығады", – десе, Шалкиіз "Жақсылардың өзі өлсе де, сөзі өлмейді", – дейді. Шешендік өрнектері мол.

Жыраулар мұрасы – сол дәуірдің ой-сана, әдет-ғұрыптық, тілдік, шаруашылық һәм тарихи көріністерін суреттеген көркем шежіре.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
2. Кенжебаев Б. Алаш туы астында. Мақалалар мен зерттеулер. – Астана: АРКО, 2004. – 223 б.
3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
4. Бес ғасыр жырлайды (ХҮ ғ.-XX ғ. бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары) 3 томдық. – Алматы: Жазушы, 1984 – 256 б.
5. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының көркемдік әлемі. – Астана: ЕАГИ, 2008. – 156 б.

ПРОФЕССОР Т. КӘКІШҰЛЫ – СӘКЕНТАНУШЫ
(С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романының
бұрмалану себептері хақында)

Тоқтарбай Елдос Нүсінұлы
Toktarbay.eldos@mail.ru
Астана қаласы

Аңдатпа: Бұл мақалада көрнекті әдебиеттанушы-ғалым, ф.ғ.д., профессор Т.Кәкішевтің С.Сейфуллиннің шығармашылығының зерттелуіне қосқан үлесі, сондай-ақ «Тар жол, тайғақ кешу» романына байланысты жазған зерттеуі туралы ой қозғалады.

Түйін сөздер: әдебиет тарихы, С.Сейфуллин, текстологиялық (мәтіндік) талдау, жанр, стиль, роман-эссе, идея, әдебиет қозғалысы.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы елеулі кезеңнің бірі – XX ғасырдың басындағы әдебиет. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті – қазақ әдебиетінің дамуы мен өркендеуіне жол ашқан, жанрлық және тақырыптық, стильдік, формалық түрленудің жолдарынан өткені белгілі. Ф.ғ.д., профессор Т.Кәкішұлының ғылыми зерттеу нысаны – қазақ әдебиетінің сыны, әдеби сынның тарихы мәселелерімен ғана шектелмей, XX ғасыр басындағы әдебиеттің тарихында қамтыған. Мәселен, Ж.Тілепбергенов, Е.Бекенов, І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Сейфуллин, С.Ерубаев, С.Сейфуллин, Ғ.Тоғжанов, С.Мұқанов сынды т.б. қаламгерлердің шығармашылығын жан-жақты қарастырып, олардың артына қалдырған әдеби мұраларын оқырман игілігіне ұсынды.

Профессор Т. Кәкішұлы XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің ең жарқын өкілдерінің өмірі мен шығармашылығын қарастырып, әдебиет тарихының дамуына зор үлес қосты. Әдебиет тарихшысының Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығын жіті қарастырып, сәкентану ғылымының жеке дербес сала ретінде қалыптасуына жол ашып, ақынның барлық әдеби мұрасын жинастырып, оның көптомдық шығармалар жинағын шығарды. Сәкеннің көпке белгісіз өмір жолы негізінде «Сәкен аялаған сұлулар» еңбегін жазды. Аталмыш еңбегінде Сәкендей ақынның сезімін баураған Рахима, Көкеш-Гүлнар, Гүлбағрамдардың тағдыры арқау болып, оның серілік хикаялары, көңіл сырлары және адами болмысы ашыла түседі. Осы еңбегінің кіріспесінде автор: «Сәкеннің аты-жөні бар аялаған аруын, оның өмірінде айрықша із қалдырғанын енді тарата баяндайтын заман туды. Себебі ол сезім саяси санамен араласып, пенделікпен ушыға түскеннің өкініші қазақ әдебиеті үшін қайырлы болмады» – деген. Автордың бұл ойының астарында 1914 жылдың көктеміндегі оқиға еске түседі. Дәл осы жылы Алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі, ақын М.Дулатұлы Омбы қаласында шаңырақ көтеріп, «Кулумзино» мейрамханасында тойы өткен. Осы тойға Мағжан Жұмабай мен Сәкен Сейфуллин де қатысқан. Мағжан мен Сәкеннің арасындағы махаббат қақтығысының қалай басталғаны осы еңбегінде арнайы қарастырылған болатын.

Профессор Т.Кәкішұлы С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романын айрықша бағалап, арнайы зерттеген ғалым. 2017 жыл – қазақ руханияты үшін қастерлі ғәм қадірлі жыл. Бірінші, кешегі XX ғасыр басындағы

түрлі тарихи оқиғалар мен кезеңдердің куәсі болған, қазақтың «ояну» дәуірі саналған «Алаш» партиясы мен «Алаш Орда» ұлттық территориялық-автономиялық мемлекетінің құрылғанына 100 жыл. Екінші, Сәкен Сейфуллиннің өмірбаяндық сипаттағы «Тар жол, тайғақ кешу» романының жеке кітап ретінде жарық көргеніне 90 жыл. Осындай тарихи оқиғалар, ақ, қызыл болып бөлініп, билік үшін таласқа түскен шақтағы қазақ қауымының өмірі, қоғамдық-саяси қызметі мен ахуалы бәрі-бәрі Сәкен Сейфуллиннің аталмыш романында көрініс тапты.

Профессор А. Ісімақова: «Сәкен – қатал күрес үстінде шынығып өскен ақын азамат. Ол өзі белсене араласқан әдебиет қозғалысы қайшылығының ащы-тұщы дәмін де мол татты» деген [1, 320 б.]. Әр кезеңнің әдебиеті өзінің саяси, көркемдік, ғылыми стильдік жүйесімен ерекшеленеді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының тіршілігі, ғибраттары, саяси өмірдің шежіресі қазақ жазушылардың еңбектерінде толық суреттелген.

XX ғасыр әдебиетіндегі дау-дамайлы күрделі мәселенің бірі – көрнекті қазақ-совет әдебиетінің негізін салушы, дауылпаз ақын Сәкен Сейфуллиннің 1927 жылы Қызылорда қаласынан жеке кітап ретінде араб қарпімен жарық көрген «Тар жол, тайғақ кешу» мемуарлық романы. Романның 1927 жылғы алғашқы шығарылымынан кейін жарық көрген 1936 жылғы латын қарпімен шыққан екінші басылымы, 1960 жылы кириллица қарпімен шыққан үшінші, 1977 төртінші, 1988 жылғы бесінші нұсқаларын оқып шығып, салыстырсақ, жер мен көктей айырмашылық бар екен. Ол қандай айырмашылықтар? Сәкенді «толықтыру» ма, әлде редакция алқасының қателігі ме? Романның әрбір нұсқасы неліктен өзгеше? Бұрмалану себебінің мәнісі қандай? Осындай сансыз ирілген сұрақ белгілерге қашан жауап береміз? Бұл роман төңірегіндегі теріс пікірлер әлі күнге дейін айтылып та, жазылып та жүр. Өткен жылдары бір әдебиеттанушының «Сәкен Сейфуллин – Алашорданың жауы болған» деген сыңайлы пікірін оқып қалғанбыз. Әсіресе, Сәкенді халыққа жеккөрінішті қылап отырған осы – тарихи мемуарлық романы. Сонда бұл роман халыққа несімен ұнамай отыр?

Әуелгі сөз – аз-маз роман хақында болсын. Бұл роман – сол кездегі қоғамдық-саяси өмірдің көркем шежіресі іспеттес тарихи тұрғыдан баяндалған мемуарлық шығарма. «Тар жол, тайғақ кешудің» алғашқы бөлімдері 1922 жылдан бастап «Қызыл Қазақстан» журналында жарық көрген. Романның негізгі сюжеті – сол уақыттағы қазақ даласында болған ірі саяси оқиғалар. Мысалы, Г.Е. Львов пен А.Ф. Керенский басқарған Уақытша Үкімет, Алаш қайраткерлері құрған «Алашорда» ұлттық автономиясы, әр түрлі бағыттағы ұйымдардың құрылуы сияқты ірі тарихи оқиғалардың басы-қасында болған Сәкен Сейфуллин өзінің көргенін, білгенін тарихқа қалдыру үшін, Ұлы Қазан төңкерісінен бастап қағазға түсіріп, оны көлемді романға арқау етті. Роман сол мезетте-ақ, өз алдына жеке кітап болып баспадан шығып, оқырманымен қауышты. Ол уақытта барлық Алаш қайраткерлерінің көзі тірі еді. Тек Нәзір Төреқұлов қана осы романдағы оқиғаларға шүйлігіп, сынап, мінеп шу шығарған болатын. Роман желісінде Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Айдархан Тұрлыбайұлы, Мұстафа

Шоқай бастаған алаш азаматтары хақында автор өзінің ойын ашық айтқан еді. Осы аталған тізімдегілердің бірде бірі Сәкенге тірісінде «романындағы жазғандарың қате» деп тас атпаған. 1937 жылғы зұлматтан кейін Сәкенді, дұрысы, оның «Тар жол, тайғақ кешуін» кінәлайтындардың қатары көбейді. Себебі, НКВД-ның қызыл қырғынды тирынан Сәкеннің де, басқа Алаш қайраткерлерінің де ғұмыры келте қайырылып, қыршын кетті.

Сәкен Сейфуллиннің өмір жолы мен қоғамдық-саяси қызметі, париялық наным-сенімі мен азаматтық көзқарасы хақында әркім әр түрлі пікірде. Алайда, бұндай сықылды пікірлер ештеңенің өлшемі емес, бастысы ақын шығармашылығын оқырманы біледі, оқиды, жыл сайын ардақталып жатады. Бірақ, бұл жердегі айтпағымыз – «Тар жол, тайғақ кешу» романының әр жылдары шыққан нұсқалары. Бұл романның тарихи шындығы жайында сәкентанушы ғалымдар Тұрсынбек Кәкішұлы мен Күләш Садыққызы көп ізденіп, арнайы еңбек жазды. Осы орайда профессор Т.Кәкішұлының мына пікірін мысалға алсақ: «XX ғасыр басындағы тарихи оқиғалардың энциклопедиялық анықтамасы болған роман-эссенің тарих пен әдебиеттің бел қайыстырар ауыр жүгін қосарлай арқалауы, құйынды да дауылды, шапағатты да қасіретті кезеңнің шежіресін жасап беруі Сәкен үшін ғана емес, бүкіл «әдебиетіміз үшін орасан олжа. Өйткені ұлтымыздың тағдыры тәлкекке түскен 1916 жыл зобалаңының, 1917 жыл елді қаңсыратқан төңкерістің басы қасында қазақтың ойы толғамды, тілі өткір қаламы жүйрік сөз зергерлері аз болған жоқ. Алайда солардың ішінен шыңға шыққан шынардай тек Сәкеннің ғана «Тар жол, тайғақ кешуді» жазуы, бірінші уақыт талабы болса, екінші автордың қаһарман батылдығын, ұрпақ алдындағы адалдығын, әлеуметтік парызын мықтап сезгенін аңғартатыны сөзсіз» [2, 123 б.] дейді. Яғни, бұл сөзден шығар түйін мынау – Сәкеннің аталмыш романында «Алашорда» ұлттық-территориялық автономиясының құрылуы және оның бағыт-бағдары жайында жазылған тұңғыш тарихи дерек осы. Алашорда ісін қарастырар болсақ, бірінші болып Сәкеннің осы романын қолға аламыз. Себебі: Т.Кәкішұлының тәмсіліне салып айтсақ, роман – XX ғасырдың энциклопедиялық анықтамасы. Бүгінгі күні біз біле бермейтін көптеген Алаш қайраткерлерімен идеялас, ниеттес болған азаматтардың есімі мен бостандық жолындағы атқарған қызметін осы романнан кездестіруге болады. Әлі де болса алаш қозғалысындағы белгісіз оқиғалар мен қозғалысқа белсене атсалысқан азаматтар жайында тың мәліметті осы роман аясынан іздеуге болады.

Т.Кәкішұлы мен К.Садыққызы «Тар жол, тайғақ кешу» жайындағы «Тар жол, тайғақ кешудің» тағдыры» атты зерттеу еңбектерінде романның түпнұсқасы мен әр жылғы шығарылымы жайында және ондағы өзгешеліктер мәселесі туралы оң пікірлерін айтқан. Мәселен, К. Ахмет: «Өмірдің талай тар жол, тайғақ кешулерінде» Сәкен Сейфуллин «Алаш» азаматтарының ешқайсысында жамандыққа қиған емес. Сотына қатысқан емес. Бұған оның «Тар жол, тайғақ кешу» романы (1927), сәкентанушы ғалымдардың ғылыми-зерттеу еңбектері нақты дәлел бола алмақ. Қаншама жан түршігерлік азапты бастан өткерген Сәкен еш уақытта ешкімді ашық та, бұғып та көрсетпеген» [2, 131 б.] деп зобалаң жылдардың ақиқатын айтады. Бұл романның тарихы және Сәкен мен

Алашордашылар жайында басқа сәкентанушылардың тұжырымы мен аталмыш романның әр жылдардағы нұсқасы жайындағы пікірлері жоқ екенін байқадық. Сөздің шыны керек, романның әрбір нұсқасын түпнұсқамен салыстырып, әлі күнге дейін текстологиялық тұрғыдан толық талдау жасалмаған. Осындай олқылықтардың орнын толтыру – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін мәселесі емес пе?!

«Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссесінің бұрмалану себебі – 1927 жылдан кейінгі нұсқасына (1936 жыл, латын қарпімен жарық көрген екінші басылымы) автор өзі редакциялық жұмыс жасап, толықтырған. Ал, қалған жылдардағы нұсқаларына лито тарапынан «толықтыру» жұмыстары жүрген. Өйткені, социалистік идеологияның «қайшы» цензурасы – «Алаш Орда» автономиясының тарихта болмаған, құрылмаған қылып көрсетуді, қазақты надан, оқымаған халық деп ұғынған және осы жолда кейінгі қазақ буынын сауатсыз, надан етуге аянбай еңбек еткен. Бұрмаланып, өзгерудегі бар мәселе – осы.

Ғалым өзінің «Дала дауылпазы» атты ғұмырнамалық зерттеу еңбегі турасында: «Халқымыздың сүйікті ұлдарының бірі, абзал азамат, арқалы ақын Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылық жолын шұқшия зерттегеніме жарты ғасыр болды. Еңбегім зая кеткен жоқ. Халықтың ардагер ұлы ғұмырының ақиқат беттерін жарқыра ашатын, оның еліне сіңірген еңбегіне, шығармашылық ерекшеліктеріне бұра тартпай, әділ бағасын беретін талай ғылыми зерттеулер мен іргелі туындылар дүниеге келді», - деген [3, 3 б.], Задында, профессор Т.Кәкішұлы ақын, жазушы С.Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығына қатысты «Сәкеннің соты», «Сәкен аялаған арулар», «Сәкен сүйген сұлулар», «Сәкен Сейфуллин», «Дала дауылпазы», «Қызыл сұңқар», «Сәкен және Гүлбаһрам» сынды іргелі еңбектерді жазып, сәкентану ғылымының аясын кеңейткен.

Сөзімізді жинақтай келе айтарымыз, біріншіден, С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романы – аумалы-төкпелі заманның тарихи оқиғаларынан анық дерек беретін сол заманның әдеби-тарихи шежіресі, екіншіден, профессор Тұрсынбек Кәкішұлы – әдебиет тарихының, соның ішінде С.Сейфуллин шығармашылығының жаңаша көзқараспен жазылуы жолында үлкен еңбек сіңірген, әдебиет тарихының түгенделуіне зор үлес қосқан XX ғасыр әдебиетінің зерттеушісі, сәкентану саласының іргетасын қалаған ғалым.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Исмакова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 560 б.
2. Кәкішұлы Т., Ахмет К. Тар жол, тайғақ кешудің тағдыры. – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.
3. Кәкішев Т. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2010. – 400 б.

ҰЛТ ТҰЛҒАСЫ

Бәшіров Нұрбол Қасқырбайұлы

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының I курс магистранты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші - ф.ғ.к., профессор Байтанасова Қ.М.*

Аннотация. Заманның ілгерішіл қауымы зиялылар әлемдік ойдың көшбасшысы бола отырып, қоғам дамуының адамгершілік пен гуманизм принциптеріне негізделген даму жолдарын көрсете алды. Сондықтан олардың күресі негізінен, халықты ояту, рухани жетілдіру жағында болды. Заман өзгерісін тереңдеп барлаған қайраткерлер халықтың ұлттық санасының оянуына қажетті мәселелерді дұрыс танып, әрі қарайғы дамуына ықпал етті.

Түйін сөздер: ұлттық публицистика, әдебиет, Түркістан әдебиеті, этникалық мұралар, әдеби мұра.

Тұлға, зиялы адам өз өмірінің мәнді кезеңін ұлтына, халқына арнап, өзінің дүниетанымын, күш-қайратын, білімін қоғамға, адамзаттың игілігіне жұмсайды. Олар өз кезеңінің бағдар-ахуалына сәйкес әрекет жасап, елінің ертеңін болжаған. Осы орайда қазақ зиялыларының рөлі үлкен болды. Олар өздерінің шыққан тегі, алған білімі мен көзқарастары жағынан әр түрлі еді. Зиялылардың бірқатары гимназияда, жоғары оқу орындарында білім алса, екіншілері ауыл-қалалық деңгейдегі мектептерде оқыды. Қазақ зиялыларының үшінші бөлігі орыс-қазақ немесе орыс мектептерінде білім алып, алдыңғы қатарлы ой-пікірлердің бастаушысы болды. Олар өз халқының салт-дәстүрін сақтап, оны қоғамға еніп жатқан жаңалықтармен сабақтастыруды көздеді. Алдыңғы лекте болған қазақ зиялылары өздерінің қоғамдық-саяси қызметтерін ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтарды сақтауға жұмсады. Зиялы өкілдер халқын езгіден, қараңғылықтан құтқарып, өркендеген елдердің санатына қосуды мақсат тұтты.

Әлемдік тәжірибеге сүйенген қазақ зиялылары оны ұлттық дәстүр мен мәдениетке ұластырып, өз елдерінің демократиялық даму қажеттігіне бейімдеді, жаңа күрес жолын іздеді. Білімдерін шығыс, орыс, еуропа мәдениетімен еселей отырып, қазақ оқығандары жұртының пайдасына қызмет жасауға ұмтылды. Сондай тұлғалардың бірі – Мұстафа Шоқай өзінің саналы ғұмырында халқының жоғын жоқтап, қоғамдық ахуалға барлау жасап, байыптап отырған. Шәкірт болып жүргенде-ақ, жерлестерінің мұң-мұқтажына қол ұшын береді. Кейінірек қоғамдық іс-қозғалыстарға белсене араласа бастағанда, халықтың бірлік-ынтымағының қажеттігін ұғынып, езілген елдердің азаттыққа жету жолындағы әрекеттерінің бастысы - бірігу екеніне көзі жетеді.

Мәселен, “Мұстафа Шоқай қазақ автономиясының құрылуына өз үлесін қосты. 1917 жылдың шілде айында бірінші Бүкілқазақтық құрылтайға қатысып, “Алаш” партиясын құрысты. 1917 жылғы 5-13 желтоқсандағы екінші Бүкілқазақтық құрылтайға барлық қазақ облыстары өкілдерін қамтыған 15 адамнан тұратын Ұлт кеңесі - Алашорда өкіметі құрамына Мұстафа Шоқай да енді. Құрылтай өз жұмысын аяқтаған күннің ертесіне біртұтас автономия құру мәселесін қорғау үшін Сырдария қазақтарының құрылтайын шақыру туралы

тиісті адрестерге жеделхат жолданады. Оған Алашорда өкіметі атынан Ә.Бөкейхан мен М.Шоқай қол қояды. Мұстафа жерлестеріне өз атынан да жазып: “Сырдария халқына өз тарапымнан айтарым, тегінде Алаш баласының басы қосылатын кез осы, бүгін. Алаш ұранына шаппайтын қазақ баласы болмас. Сырдария қазағы кешіктірмей Алаш туының астына жиналар деген үміттеміз”, - деген пікірден Мұстафаның ұлтжанды әрекет иесі екенін танимыз [1,245].

Алаш өкілдерінің ұлтқа деген сүйіспеншілігі, өз істеріне адалдығы талай бөгет-тосқауылдардан еркін аттауға себеп болды. Ұлттық мүдде жолындағы күреске саналы түрде кіріскен Мұстафа, халқының шын мәнінде азаттыққа жетуін аңсады. Өзінің ой-мақсаты айқын мақалаларында ұлт тағдырын тұрақты түрде қозғап отырған Мұстафа Шоқай: “Жалпы мінез-құлықтық және пәлсапалық тұрғыдан жақсы не жаман халық деген ұғым жоқ әрі болмайды да. Күллі ұлттар бұл жөнінен тең,” - деп жазады естелігінде [2,28].

М.Шоқай “Яш Түркістан” журналына жариялаған “Ұлт мәселесі төңірегінде”, “Көтерілістен - ұйымшылдыққа”, “Ұлттық күрес майданында” сияқты мақалаларына ұлт мәселесіне қатысты талдаулар беріп, бұл төңіректегі ой-пікірдің шашыраңқы екенін, коммунист көсемдерінің арасындағы айтыс-таластардың мағынасыздығын, сондықтан шын мәніндегі тәуелсіздік үшін күресе беру керектігін айтып, бытыраңқы жағдайдың өзінде көтеріліске шығуға тәуекел еткендерге: “Көтеріліс - езілген халықтың езушілерге қарсы өшпенділік сезімінің бір бұлқынысы. Ей, жас түркістандық. Сен өзіңе жүктелген қасиетті міндеттің ауырлығын және жауапкершіліктің үлкен екенін ешқашан есіңнен шығарма. Азат, тәуелсіз Түркістан құру жолындағы күреске жатпай-тұрмай дайындал”, -деп үндеу тастайды [2,106].

Кемел ойлы қайраткер: “Қиындықты көре білу-оған қарсы күрес арнасын ашу және оны жеңудің шарасын іздеу деген сөз”, -дейді. Тарихшы әлемдік қауымдастыққа білдіру үшін күш салды. Бұл орайда оның шетелдегі алғашқы әрекеттерінің бірі - Түркістан Құрылтайшылар Комитеті өкілі ретінде 1919 жылы 21 ақпанда Париждегі Версаль келісім конгресіне “Ресейде бүкіл ел мойындаған үкімет болмағандықтан, Түркістан халықтарының Ресей демократиялық федеративтік республика шеңберінде еркін қалуын қамтамасыз ету” деп жіберген радио-телеграф еді. Бұдан кейін Мұстафа шетелге шығу себептерінің бірі болып табылатын газет-журнал шығару ісіне қызу кірісіп кетеді,” - дейді [3].

М.Шоқайдың публицистикалық мақалалары саясат, қоғамдық өзгерістер, ұлт тағдыры, күрес, мәдениет тақырыптарын камти отырып, қаламгердің қай мәселеде де саяси сана сергектігін, терең сын-пайымдарын байытқанын дәлелдейді. Қайраткер бірқатар еңбектерінде халық, ұлт тағдырында зиялылардың алатын орнын көрсетеді. Мәселен, “Ұлттық зиялы” мақаласында ұлттың зиялы қауымына талдау жасап, олардың қатарына елінің экономикалық, әлеуметтік дамуына жәрдемі тиетіндердің ғана кіретіндерін айтып, “халықты ұлт деңгейіне көтеру, яғни жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бір болған халық бұқарасын бірлестіріп, олардың санасын біртұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізуде ұлы тарихи міндеттің маңызды бір бөлігі зиялыларға жүктеледі” дейді [1,176-6].

Философиялық толғамдармен ойын бекіте отырып, Мұстафа Шоқан Уәлихановтың қоғамдық көзқарасы туралы ой өрбітеді, батыс пен шығыс зердесін тең ұстап, ұлттық рухты ел игілігіне жарату қажеттігін айтады. Сөйтіп, ұлттық рухты өшірмей, жас ұрпақтарға жеткізе білген көкірегі сәулелі отандастарына ризалық білдіреді. Шындығында да “интеллигенцияның басты қасиеті олардың ұстанған ағартушылық идеясында, кейін бұл идея ұлтшылдық идеяға ауысты да, ұлттық идея, ұлттық даму тұрғысынан алғанда, олардың шоқтығы биік болып шығады” [4,180],- деген пікірге ден қойсақ, зиялы қауымның бағдар тұтқан ұлтының мүддесі, болашағы мәселесі әр уақытта алдыңғы кезекте болғанына көзіміз жетеді. Әрине, зиялы қауым іштей түрлі әлеуметтік күштерге жіктелсе де, негізінен алғанда, қоғамдық жаңашыл ұстанымдардың ұйытқысы болды. Олардың негізгі сипаты білімі, жоғары деңгейдегі ой көзқарасы мен сергектігі еді.

Мұстафа Шоқай барша Алаш өкілдері сияқты қоғам өзгерісіне белсене араласатын алдыңғы лекке - жастарға үлкен сеніммен қарайды. Ол елдің тәуелсіздігі үшін барлық қасиетті жас ұрпақтан күтетінін айтып, большевиктік диктатура дәуірінде жетілген жастардың басым көпшілігінің өзінде ұлттық рухтың жоғары екеніне шүбә келтірмейді. “Кеңесік Ресейдің сыртында да көптеген жастарымыз дайындалып жатыр. Еуропада, Түркияда бірталай жастарымыз оқып жүр. Олардың бір бөлігі жоғары білім орындарын бітірді. Міне бұл жастарымыз өздерінің түркістандық замандастарымен бірге атамекеніміздің тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық күресін ең соңында жеткізетін болады”, - деген сенімді пікір білдіреді [1,103]. Соңғы толқын жастарға үлкен ықыласпен үміт артқан Мұстафа “Яш Түркістан” журналына ақын-қаламгерлердің әдеби мұраларын жариялап, жастардың жүрегіне ұлттық жәдігерлер тәлімін де сіңіре алған.

Мәселен, Мағжанның “Түркістан” өлеңін атамекеннің түкпір-түкпірінде жастардың жадында жатталып, аузынан түспей айтылып келе жатқан дұғадай қасиетті өлең” деп атап, толық мәтінін береді. Сөйтіп, “кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиялды” Тұранның ерлеріндей болу керектігін аңғартады. Қай әрекетін де ұлттық мүдде тұрғысынан пайымдаған қайраткер, “Яш Түркістан” журналының шыққанына сегіз жыл толуына орай жазған мақаласында: “Біз күні бүгінге дейін журналымыз беттерінде сүйікті атамекеніміздің жағдайынан, халықаралық ахуалдан, ет-жүрегі отан қасіретімен оралған мұғажыр жерлестеріміздің өмірінен - ұлттық қозғалысымыз үшін маңызды және пайдалы деп танығанымызды жариялап келдік,”-деп әлі де ұлт азаттығы жолындағы күрестен ауытқымайтындарын мәлім етеді [2,77]. Міне, ұлт мүддесін көздеген қайраткерліктерін өздерінің сан салалы қызметтерінде айнымай таныта алған тұлғалардың бар мақсаты халқының еңселі ел болуын көру еді.

Ұлт тұлғаларының қай кезеңдегі іс-қимылдары да жаңашыл сипатта еді. Ел басқару, саяси өмір, әлеуметтік жағдай мен мәдени-ағартушылық қызметтің қай қайсысында да ұлт қайраткерлерінің реформаторлық еңбегі танылып, мойындалды.

Заманның ілгерішіл қауымы зиялылар әлемдік ойдың көшбасшысы бола отырып, қоғам дамуының адамгершілік пен гуманизм принциптеріне негізделген даму жолдарын көрсете алды. Сондықтан олардың күресі негізінен, халықты ояту, рухани жетілдіру жағында болды. Заман өзгерісін тереңдеп барлаған қайраткерлер халықтың ұлттық санасының оянуына қажетті

мәселелерді дұрыс танып, әрі қарайғы дамуына ықпал етті. Осы тұрғыдан келгенде, Ұлттық тәуелсіздікті отаршылдық бұғаудан құтқаратын азат, рухы биік ел болуға бастайтын құбылыс деп түсінген Мұстафа Шоқайдың ұлт туралы пайымдарының бастауы тереңнен тамыр тартқан [4,233-236].

Алаш өкілі Мұстафа Шоқайдың көтерген ел мен жер, ұлт пен дін, теңсіздік мәселесі осы кезге дейін мәнін жоймай отыр. Қазіргі егеменді еліміз экономикалық жағынан нығайып, әлемдік үдерістің аясында жаңа ғасырдың табалдырығынан аттады. Мемлекетіміз тәуелсіздігін бекітіп, халықтық құндылықтарды шынайы этникалық мұраларды жандандырып, ұлттық тектілікті сақтау жолында ірі қадамдар жасады.

Қазақ топырағында, мүмкін әлемде, зиялылар туралы ең дұрыс ғылыми талдау жасаған қазақ халқының әлемдік ұлттық дәрежедегі көсемі Мұстафа Шоқай десек қателеспейтін шығармыз. Сонымен «ұлттық зиялы деп кімдерді айтамыз?» Оқыған, тәрбие көрген адамдардың бәрін зиялы деп атап, оны сол адам өзі тән болған ұлттың «ұлттық зиялысын» қатарына қоса беруге болады», -деп ойласақ, сөзсіз қателесеміз. Біздіңше, белгілі бір мұрат-мақсаттардың соңында жүрген және соның төңірегінде топтасқан оқымыстыларды ғана зиялы деп атауға болады.

Мұстафа Шоқайдың әдеби талғамын қарастырғанда, біз оның бұл тараптағы ізденісінің екі жүйесін байқаймыз. Бірінші жүйе: қайраткердің сөз бен бейнеге, сыршылдыққа қатысты қалам тәжірибесі. Екінші жүйе: қайраткердің тоталитарлық билік құрсауындағы әдебиет және қаламгерлер туралы пікір- пайымы. Дәл бүгін қолымызда Мұстафаның таза ана тілінде жазған дүниелері түгел дерлік бар деп айта алмаймыз. Қазіргі ғылыми айналымда жүрген еңбектері көбіне «шағатай тілі жазуынан және шетел тілінен аударылған. Өкінішке қарай, әйгілі «Бірлік туы» газетінің барлық саны табылмай отырғандықтан, осында жариялануы мүмкін М.Шоқайдың қазақ тіліндегі мақалаларына ғалымдар қол жеткізе алмай келеді. Тіпті ғылыми орта «Ұран» газеті секілді, «Бірлік туын» да жоғалдыға санаған. 1992 жылы Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағатынан бұл газеттің 27 саны табылды. Қолда бар құндылықтар арасынан «Мұстафаның хаты» атты материал ғалымдар үшін ең маңыздысы болды.

Эпистолярлық жанр - еркін жанр. Мұнда нақтылық та, еркіндік те кездеседі. Бір ерекшелігі, хатта сезім, көңіл- күй бар. Бұл жағынан ол әдебиет аясына да кіре алады. М.Шоқай хаты көркем шығарма секілді оқылады. Хаттан күрделі заманның болыпөвиктер қырғынының, сарт надандығының, жау қолына түскен шарасыз жанның бейнесін көреміз. Бірер мысал келтіріп кетейік: «Ергеш қарақшы бас болып, Хоқандта сарттар болыпөвиктермен соғыс бастағанда, оларда жеңілеміз деген ой тіпті болған жоқ. Соның үшін олар: «Енді сарт заманы болып қалды. Ергешті хан көтеріміз. Ферғанада сарттардан басқа жан қалдырмаймыз. Қазақ пен болшеуиктің парқы жоқ. Ноғай болса, ол мұсылман емес. Себебі, Қоқандта бір ноғай мұғалімнің аяғын құбылаға беріп оқытып жатқанын көрдік», - деп, қышлақ сарттары үрген местей күмпіп, сарттан басқа жанның бәрін қырып жібермекке бел байлап, қолдарына пышақ, балта, шот, кетпен, орақ, арқан, жіп алып, көшеге сыймай күпілдесіп кетті». Міне, әдебиеттің бағы тайған осы кезеңде шет елден естілген М.Шоқай үні, оның әдебиет туралы айтылған пікір-пайымы иісі қазақ намысының

жоқтаушысы болды. 1929-1939 жылдар аралығында шығып тұрған «Жас Түркістан» журналындағы қайраткердің «Ақ-қызыл», «Ұлттық арамшөптер», «Большевизм-түркішілдіктің жауы», «Қып-қызыл ақымақтар», «Түркістан әдебиеті хақында француздар не дейді?», «Тәубеге келген алашордашылар», «Адасқан әдебиетшілер», «Батыр большевик Амангелді хақында ақиқат», «Оташылдардың мәдени қаруы», «Түркістан ақындарынан» атты мақалаларында және өзге де еңбектерінде түрлі бағдарда әдебиет мәселесі қарастырылады.

Түркістандық тұлға әдебиет және дәстүр, шығармашылық және демократиялық билік, қалам қауқарсыздығы мәселесі туралы да ойланып-толғанған. Ол шығармашылықтың мәжбүрлік тұзағына түскені М.Горький тағдырын сипаттау арқылы дәлелдейді. «Горький әлемге танылған шығармаларын патша заманында жазған болатын. Ал кеңес заманында ол большевик бола жүріп бірде-бір елеулі шығарма жазған емес» дей келіп, М.Шоқай мұның себебін «шығармашылық зердені» улап отырған саясаттан іздейді. Осымен орайлас мақаласының бірінде қайраткер зорлықшыл биліктің әдебиетке араласуы С.Есенин, В.Маяковский өлімімен аяқталғанын жазады.

Мезгілсіз қаза дегеннен шығады, туған жерімен емін-еркін хаттасып-хабарласа алмаған М.Шоқай қуғын-сүргін басталысымен-ақ, елшіл бағыттағы қазақ, өзбек, түркімен, жалпы түркі ақын-жазушыларының есімін, ісін ілтипатпен еске алып: «Егер тірі болсаң - азат та тәуелсіз Түркістанда аман-есен кездесуді тағдыр нәсіп етсін! Ал егер өлі болсаң-топырағың торқа болсын! Түркістан... өзіндей тұлғаны ешқашан ұмытпайды», - дейді. Бұл лебіз қайраткердің имандылығын аңғартады. Егер М.Шоқай жолын, ұстанымын бүгінгі тілге аударсақ- құқық жолы, адамзаттық құндылық ұстанымы болып шығады. «Рухани мәдениет-халықты есейтетін және жетілдіретін күш. Рухани мәдениет дұшпандарын мысымен басып, өзге халықтардың құрметіне ие бола алады», - деп жазады қайраткер. Ал, бұл мәдениеттің негізі Мұстафаның пайымынша, негізі- «ұлттық рух, халықтың жаны Һәм иманды елді ел ететін қасиеттер» [5]. Түркістан тұлғасының мына ойына назар аударайық: «Халқымыздың мәдени және рухани жақтан қол жеткізген жетістіктерінің бәрі тек ұлтшылдық қозғалысына тән». Осы сөздерді оқығанда, арғы дәуірді айтпағанда, Асан қайғыдан Мағжанға дейінгі аралықтың елшілдік сарыны еске түседі. Мұстафа осы туралы былайша ой сабақтайды: «Егер кімде-кім бұл өлмес идеяны Мәскеудің күнде өзгеріп тұратын түсі сияқты деп білсе, сөзсіз қателеседі. Ол - халқымыздың қаны мен жүрегі. Ұлтымыз өмір сүрсе, ол да бірге өмір сүреді» -дейді.

М.Шоқай - саяси қайраткер, қарымды қаламгер болуымен бірге, білікті адам ретінде тарихты да жақсы білгені мәлім. Мұны біз З.Тоған еңбектеріне қатысты мақалаларынан да байқаймыз. Саясат тарихқа араласса, оны бұзбай тұрмайды. Айталық, Мұстафа тұсы түгіл, күні бүгінге дейін әйгілі Александрия кітапханасын «мұсылмандар өртеді» деген жалған дерек төбе көрсетеді. М.Шоқайдың руханият тарихы туралы принципшілдігі сонда, ол жоғарыдағы жалған «тарихты» қайталаған Остроумовқа да тойтарыс берген. Сонда миссионер қобалжымастан: «Біз бұл аңызды жалғастыра береміз», - депті.

М.Шоқайдың әдебиет тарихына қосқан және бір үлесін ескерусіз қалдыра алмаймыз. Қайраткер бізге 1931 жылы Париждің «Муза» атты ірі журналының бесінші санында - «Түркістан әдебиеті», Берлиннің «Еигора» журналының жетінші санында - «Түркістан ақындары және олардың өлеңдері» атты мақалалар жарық көргенін жеткізген. XX ғасырдың 30-жылдары Орта Азияның түркі ақын- жазушылары туралы айқын шығармашылық мағлұматтың Еуропаға жетуі, бұл материалға Мұстафаның жоғары баға беруі және оны кейінгілер үшін хаттап кетуі- тарихи маңызы бар дәйек.

Жалпы, М.Шоқайдың ғылымға адалдығын атап өту орынды. Ол бір еңбегінде: «Жүйесіздік болған жерде ғылыми түсінік те болуы мүмкін емес», - дейді. Біздіңше, қайраткер әдебиетті де осындай түсінікпен танып білген. Ол большевиктік, таптық көзқарасқа қарама-қарсы тарихты танудың мынадай ғылыми жолын ұсынады: «Зерттеуші өмірде болып өткен оқиғаларды көңіл қойып жинастырады. Оларды хронологиялық тәртібі бойынша заманның жағдайына, ахуалына қарай зерттейді. Мәлімет пен ақпарат көздерін іздейді. Жиналған мәліметтерді ғылыми зердесінен өткізеді, орнына салады және ол мәліметтерден өзін бейтарап ұстай отырып, талдау жүргізеді».

Қазақ халқының таяу заман тарихында ерекше орынға ие. Алаш қозғалысының тарихы көбінесе Алаш Орда үкіметінің тарқауымен байланыстырылып келеді. Алайда бұл мәселеге тереңінен үңілгенде, оның ауқымының одан әлдеқайда әріде, Мұстафа Шоқайдың күрес тарихымен жалғасып жатқанын көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұстафа Шоқай. Таңдамалы. Бірінші том. - Алматы: Қайнар, 1998. 512 б.
2. Мұстафа Шоқай. Таңдамалы. Екінші том. - Алматы: Қайнар, 1999. 520 б.
3. Н.Назарбаев. Қазақстан халықтарына арнаған жолдауы. Алматы, 2005.
4. Қамзабекұлы Д. Мұстафа Шоқайдың әдебиетшілігі және ... // Жас Алаш, 2004, 6 сәуір, №41.
5. Қыдыралиев Д. Мұстафа Шоқай. - Астана: Фолиант, 2007.-320 б.
6. Қамзабекұлы Д. Руханият: - Алматы: Білім, 1997.-272 б.

ЕСЕНҒАЛИ РАУШАНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

Файзолла Алпамыс Бауыржанұлы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

6M11700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2 курс магистранты

Fayzolla.alpamys@gmail.com

Ғылыми жетекші: Тұрысбек Рақымжан Сағымбекұлы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры,

филология ғылымдарының докторы

Астана

Аңдатпа: Рухани құндылықтарды ұрпақ жадына сіңіруде әдебиеттің маңызы зор. Қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Есенғали Раушановтың шығармашылығы ұлттық идеяны насихаттайды. Мақалада ақынның өлеңдері жан-жақты талданып, зерттелген.

Түйін сөздер: Поэзия, ұлттық идея, Тәуелсіздік

Қай-қай заманда да нағыз ақындар шығармашылығына ел қамы, халық мүддесі, ұлт болашағына қатысты өзекті мәселелерді арқау ету арқылы өз заманының ұлттық идеологиясын және ұлттық идеяны қалыптастырады әрі насихаттайды. Қазақ ақындарының ішінде Есенғали Раушанов өз шығармашылығы арқылы ұлттық идеяны жаңа бір қырынан, жаңа бір биігінен, жаңа бір көркемдік ерекшелік тұрғысынан жырлады деп айта аламыз. Мәселен, «Саяси емес өлең» атты диалог түрінде құрылған төрт-ақ шумақ өлеңін алайық. Мұнда ақыннан әлдебір жұмбақ сұхбаттасы шетелдерде кімі бар екенін сұрайды. Әке-шешесі, екі әжесі, бір ағасы кеткен елге өзінің де тартып кеткісі келетінін, дегенмен анасы «әзірше қоя тұр» деп хабар бергенін, туыстарының түсіне жиі енетінін айта келе автор ол елдің «Аспанстан», яғни о дүние екенін білдіреді. Өлеңді Е. Раушанов:

Шошып тұрам орнымнан, үңілем де,

Несін айтып тұр деме мұңын елге.

Қазақстан жерінен кетер болсам,

Тек сол жаққа кетемін түбі мен де, –[1, 286 б].

деп түйіндейді. Ақынның Отанға деген перзенттік сүйіспеншілігі, атамекенге деген мөлдір сезімі, туған ел, туған жерге деген ыстық махаббаты осы төрт-ақ шумақтан анық көрінеді. Ұлан-ғайыр атырапты, кең байтақ даланы көз алартқан дұшпаннан қайтсек сақтап қаламыз, қайтсек жерімізді жанға толтырамыз деп қам жеген қазіргідей шақта жақсы өмір іздеп шетелдерге көшіп жатқан қандас бауырларымыз Есенғали Раушановтың осы жырын жан-жүрегімен сезініп оқыса керек-ті. Осы ретте, атылатынын, асылатынын, қуғынға ұшырап, абақтыға жабылатынын біле тұра, осыдан бір ғасыр бұрын Алашордашылардың «Қазақтың – Қазақстаннан басқа Отаны жоқ. Сондықтан қазақ үкіметінің мүшелері қазақ ішінде қалуы тиіс» [2, 26 б]. деп бірауыздан шешім қабылдап, сырт елдерге қоныс аудармағаны еске түседі. Демек, Алаш зиялыларының рух-намысы бойына қонған Есенғали ақын да жүрекжарды жыры, төл туындысы арқылы қазақтың «Ит тойған жеріне, Ер туған жеріне» деген мақалын оқырмандардың есіне салады.

Алайда ел бастар көсемдері мен сөз бастар шешендерінің тілін алса, қазақ әлдеқашан алыс-жақын көршілерін аузына қаратқан алпауыт ел, күшті жұрт, іргелі мемлекет еді-ау. Е. Раушановтың мұндай ойы мен күйінішін, шері мен шемінін «Қарға бойлы Қазтуған» атты жырынан көреміз. Аталмыш шығармасында бізге ақын Қазтуған жыраумен сырласқандай, мұңын шаққандай әсер қалдырды. Автор майлы қиын – Маңқыстау бойын, елді қиян – Еділ бойын Мысырға айырбастамайтынын айта келе, азын-аулақ сөз айтса, онысы «сабында саф алтынның буы бар, ұшында тіл тартқызбас уы бар» Қазтуған қамшысының от бүлдіргісіне жарап-жарамайтынын уайымдап тебіренеді. Одан әрі тегі осал болмаса да, есті сөзіне ел құлақ аспай, тірі өлік болып күйініп жүргенін тілге тиек етеді. Жырын автор:

Таң қаласың несіне,

Қарға бойлы Қазтуған,

Қазақ сені де тыңдаған жоқ уағында-ай... – [1, 266 б].

деп оқырманға ой сала қорытындылайды. Бұл өлеңнен ұғатынымыз топ бастар серкелерінің соңынан ергеннен халық ұтпаса, ұтылмайды. Ендеше, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарар бірліктің аса маңызды екенін «өз сөзінен басқа сөзді ұқпайтын қыртындар» мен «бас-басына би болған қиқымдарға» (Абай) ебін тауып түсіндіру керек!

Бірінші талданған өлең сияқты «Жат емес-ті» өлеңі де екі адамның арасындағы диалог түрінде жазылған. Онда автор көрші ақынның «Кіл саудагер ел тізгінін қолға алып, Сатып жатыр Отанды» деп ызаланғанын жазады. Әңгіме ары қарай былай өрбиді:

– Сатып жатса, алмайсың ба өзің-ақ?

– Кедеймін ғой, мен бейшара кедеймін. –

Ұйқы қысып зорға отырмын божырап,

Не деймін? [1, 256 б].

Негізінде, бұл жерде ақын өзін ұйқы қысып отырғанын емес, жалпы елдің әлі де ұйқыда екенін айтып отыр. Яғни, өлеңде қазақ халқының атынан сөйлейді. Ұлан-ғайыр қазақ даласын жергілікті халық өзі игере алмай, шетелдік компанияларға ондаған жылға жалға берілуіне және пайдалы қазбалардың шикізат күйінде сырт елдерге арзан бағаға сатылуына деген наразылық көрініс тапқан. Автор «Отанды сату» деп осыны айтса керек. Мұны көріп-біліп отырған халықтың заманауи ғылым-білімді игеруге, озық технологияларды меңгеруге құлықсыздығына, самарқаулығына ашынып жазылған өлең деп топшылаймыз. Оқырман қауымды, қарапайым халықты жырмен белгілі бір іске, ұлттық идеяға жұмылдыру кез-келген шайырдың мұраты болғандықтан, аталмыш шығарманың да өзіндік маңызы бар деп есептейміз.

Дегенмен, Есенғали ақын қазақтың мінін ғана емес, жақсы жақтарын да көре білгенін шығармашығын мұқият зерделей отырып байқадық. Мәселен, «Әкемнің өлеңінде» «Тыңдар құлақ табылса, Әр қазақта он қазақтың зары бар» [1, 260 б]. деуі арқылы халқымыздың бауырмалдық, жанашырлық, әрдайым өзгенің де қамын ойлаған көпшілдік қасиетін тілге тиек еткенін ұқтық.

«Арғымақ ару аттар жалында» өлеңінде қаламгер «қазақ» сөзінің мәнін жаңа бір қырынан жырлайды, жаңа бір мағына беріп өлеңге қосады. Мұнда «Бабырнама» жырынан «...қазақтықта менімен бірге жүрді... ол...» деген үзінді алынып, «қазақ» сөзі «жауынгер», «әскер», «шайқас» деген мағынада қолданылған.

Арғымақ ару аттар жалында

Жел ұйықтайды бұл түнде.

Кешегі кескекті ерлердің барында,

Ол ұйқы он бұзылар еді бір күнде,

Ал айташым, айтар болсаң, сол ерлерді айт іркілме, – [1, 289 б].

деп «Дулығалы бас кескен, Ту түбінен ту алған, Жауды көрсе, қуанған» (Махамбет) ерлердің заманын еске түсіріп басталған жырды автор: «Қазақ өлсе – көмілер, Көмілмесе, иманы Хакқа аманат, Қазақтығың өлмесін» деп түйіндейді. «Қазақ» сөзі «әскер», «жауынгер» мағынасында айтылғанын ескерсек, демек, ақын адам бойындағы жауынгерлік рухты, қайсарлықты, жамандықпен күресте ауадай қажет табандылықты өлтіріп алмауды меңзеп отыр. Ұлы Абайдың өзі толық адамның негізгі үш қасиетінің бірі қайрат екенін айтқанын еске түсіре отырып, талданып отырған өлеңге өте құнды деп баға береміз. Өйткені, қандай салада болсын Отанға қызмет ету үшін қайтпас қайсарлық, түгесілмес төзім, асқақ жауынгерлік рух қажет.

Оқырман қауымды мұндай өр рухқа тәрбиелеу үшін ақынның өзі жігерлі, асқақ рухты тұлға болуы керек екені айтпай-ақ түсінікті нәрсе. Кезінде Қадыр ақын да бұл туралы «Ақынға керек ақыл көп, Асаулық керек аздаған» деген еді. Көзі тірі классик Есенғали ақынды жақын танытындар немесе көзбе-көз әңгімелескендер оның мінезді адам екенін біледі. Сондай-ақ, мұны шайырдың жырларынан да байқаймыз. Мәселен, «Еркек» атты өлеңін алайық. Онда автор нағыз еркектің, шын мәніндегі ердің атынан сөйлей отырып, өзінің «қасқырдан тартып алып апан жайлағанын», «тарпанды көлік қылып мінгенін», «жолбарыстағдырдан жеңілмегенін», «жатыры асыл деп қабылан-қызбен қосылғанын», «шыңда қара беріш қайың боп қасқайып өскенін» жырға қосады. Осындай отты да рухты жыры арқылы ақын жігіттерді қайратты болуға тәрбиелеп, өмірдің сынақтарына сынбауға шақырып тұрғандай көрінеді. «Піл сүйек, нар қылықты» (Мұқағали) азаматтар уақыт өткен сайын азайып бара жатқан заманда бұл жырды әрбір жігіттің оқығаны дұрыс деп есептейміз.

«Уа, жалт еткен, жалт еткен» атты өлеңінде Есенғали бұл ойын одан әрі өрбітіп, дамыта түседі. «Жай түссе де жасқанбайтын, қарт әкесі қарағайдың» қарсы біткен көп бұтағы алағай да бұлағай қарлы нөсер құйғанда, тамырына су тигізбей қорған болып, түбірімен жұлынып қалмауын қамтамасыз ететінін шабыттана жырлай келе:

... Бері таман келелік,

Қарындас жұрт – қара орман.

Қарағайдай қалың өскен ел едік,

Тамырыңды көрелік... – [1, 129 б].

деп өлеңді оқырманға ой сала аяқтайды. Шынында да, Отанымыз алып бір қарағай болса, біз сол қарағайдың бұтақтарымыз. Ал тамыры – ұлттың салт-

дәстүрі, тарихы, әдеп-ғұрпы, тілі, діні, бір сөзбен айтқанда – ділі. Тамыр болмаса, қарағай жоқ. Қарағай жоқ болса, бұтақтар да жоқ. Ал тамырды қарлы нөсерде сақтап қалатын қарсы біткен бұтақтар, яғни кескекті ерлер. Заманның бұрқасын-дауылдарында түп-тамырымыздың зиян шекпеуіне қаншалықты мән беріп жүрміз? Ұлттық рух, ұлттық намыс, ұлттық болмысымызды қорғай алып жүрміз бе? Орман ішіндегі көріністі суреттей отырып, ақын осындай сауал тастайды. Шайырдың әдеби әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдалана білетін шеберлігіне еріксіз сүйсініп, таңдай қағасың. Сол себепті, өлеңдерін қайта-қайта оқи бергің келеді.

Есенғали Раушановтың «Сарыөзен» поэмасында ұлттық идеяны насихаттау анық байқалады. Аталмыш шығарманың ерекшелігі – автор бір-бірінен мүлде алыс жатқан екі дәуірдегі оқиғаларды жырлай отырып, ойын тарихи шындықпен шендестіре жеткізеді. Ұғынықты болуы үшін поэманың мазмұнын қысқаша талдап өтейік.

...Аландардың патшасы Батразд жер қайысқан қалың қолымен тұтқиылдан келіп, Томирисінің елін шабуға келіспегені үшін сарматтардың бір ауылын қырып тастайды. Содан соң Томирис жағына сатылып кетті деп жала жауып, жан-жаққа хабаршы шаптырады. «Өліктердің денелеріндегі жебелерді суырып алу керек. Сармат патшасы Ларкион жебелерді танып, бұл ауылды кімнің қырғанын біліп қоюы мүмкін» – деген біреуге Батразд: «Қорықпа, бұлардың салтында моланы қазуға да, жаңғыртуға да болмайды» – деп гүр етеді.

Арада мындаған жыл өткен соң тура осы жерде, яғни Сарыөзеннің бойында осыған ұқсас оқиға болады.

...1862 жылы Орынбор генерал-губернаторы Крыжановскийдің қабылдауында Ішкі Орданы басқару жөніндегі Уақытша Советтің кеңесшісі сотник Мұхаммед-Салық-Қожа Бабажанов болып, қазақ халқының тағдырына байланысты екі мәселені көтереді: байлар мен помещиктер иеленіп алған Еділдің екі бетін де шаруаларға қайтару және қазақ даласында орыс-қазақ мектептерін ашу. Ұға білген адамға бұл ұсыныстар қазақ халқын ұйқыдан оятып, отаршылдыққа қарсы күреске шақырумен бірдей еді. Сондықтан генерал-губернатордың сотник Бабажанов шығып кеткеннен кейінгі ойын автор:

«Да-а, сөз жоқ, батыл ұлан, батыл ұлан,

Көз жазбау керек болды, заты, бұдан.

...Қазақта қарғыс атқан тағы бір ұл,

Қағынып туған екен жатырынан» – [1, 293 б].

деп жырлайды. Арада біраз уақыт өткен соң, Ордаға өзі баратынын айтып хабаршы жібереді. Қазақ сұлтандары генерал-губернаторды құрақ ұшып, балаша емпең қағып қонақ қылады. Крыжановский осы сапарында Салық төреге ұсыныстарын қабыл алғанын айтып қуантқанмен, бұл айлакер әрі сұм генерал-губернатордың зымиян жоспарынан қазақ төресі секем алып қалмасын деген сақтығы ғана еді. Орынбордан келген «құрметті» мейманның қолынан у қосылған шарап ішкен Мұхаммед-Салық-Қожа Бабажанов келесі күні ұйқысынан оянбай қалғанда, қылмыскердің өзі «аһ» ұрып, «қайғырады». Тіпті, алдын-ала келісім бойынша «жүрегі қуаныштан жарылып өлді» деп жалған қорытынды жасайтын дәрігерді өлікке сараптама жасауға алдыртады.

Ал шындықты білетін Крыжановскийдің адъютанты болса, халық ақиқатты ешқашан анықтай алмайтынын біліп, «Өлікті тексерту де, қайта ашу да бұл елдің салтында жоқ» деп миығынан күліп тұрады.

Поэманы автор «Оба жыры» деп аталатын эпилогпен бітіреді: «XX ғасыр. Әлқисса, Сарыөзен арнасына сыймай буырқана тасыды. Асау толқындар қара оба жақ жердің арғы бетінде жасырынып жатқан әлденені жан сала іздегендей жапатармағай ұмтылды. Табанын толқын кемірген жарлауыттар гүрс-гүрс құлап жатты. Ақыры, жардың бетіне сансыз адамның сүйегі самсай шыға келгенде, Сарыөзен сабасына түсті. Қайыр сұрағандай созыла түсіп, қатып қалған қолдар, зұлмат тағдырды мазақтап сақ-сақ күле жөнелетіндей боп көрінетін қу бас, сыңарын іздегендей шошайып тұрған аяқтар, саусақтар, омыртқалар, қабырғалар, жапырақ бас алан жебелері қара жардың бетінде қатталып тұрды... Қатталып тұрды, қат-қат кітап секілді әлі оқыла қоймаған» [1, 317 б].

Иә, өзінің тарихын, өткенін зерттемейтін, құндамайтын халық ешқашан ақиқатты біле алмайды, кімнің жау, кімнің дос екенін бағамдай алмайды. Сарыөзеннің асау толқындары сияқты өмір де өз уақыты келгенде тарихтың шаң басқан, әлдеқашан ұмытылған беттерін қайта ашады. Дегенмен, сол кезде өткенді зерттеп, зерделейтін, ненің рас, ненің өтірік екенін анықтайтын ұрпақ табылса жақсы. Әйтпесе, «қара жардың бетінде қатталып тұрған алан жебелерінің» сыры ашылмайды. Міне, Есенғали ақын «Сарыөзен» поэмасы арқылы ұлттық тарихты қаузап зерттеуге үндейтін осындай идеяны насихаттаса керек.

Сонымен қатар, ақынның аталмыш шығармасы көркемдік жағынан өте жоғары деңгейде екенін міндетті түрде айта кету керек. Мәселен, мынадай теңеулерден көз алдында тұтастай картиналар елестейді:

*...Беткейге шығып кеткен топ қызғалдақ,
Бейне бір секем алған үркек елік... [1, 293 б]*
*...Қылаң жол – қылыш ізі кеткен осып,
Етекте қара қорым көп төбешік.
Бүк түсіп, теріс қарап жатыр үнсіз,
Қалғандай бір-біріне өкпелесіп... [1, 296 б]*
*...Топ жыңғыл телміреді тораңғылға,
Салық тұр тораңғыл боп топ алдында.... [1, 302 б]*
*...Қызарып Сарыөзеннің жарқабағы,
Батыс жақ бауырдай боп қанталады... [1, 302 б]*
*...Қараша ауыл шаруа қамын ұмытып,
Қара шекпен делеңдеді, күпінді.
Қара қазан қарнын отқа жылытып,
Қара шәугім отқа шырт-шырт түкірді... [1, 303 б]*
*...Үй толы Нұралының көп тентегі,
Дүр етті қоян жұтқан қаршығадай...
...Күйшіге аппақ мойнын бұрды ханша,
Ханша емес, тауға біткен бұл бір арша.
Жанарын мөлдіретіп келіп тұрды,
Желіде жалғыз қалған мұңлы нариша... [1, 314 б]*

Міне, ақынның осындай теңеулерінен жырға қосып отырған құбылысы, көрінісі кәдімгі бейнежазба көріп отырғандай көз алдыға елестейді. Бұдан шайырдың шеберлігін қапысыз аңдаудан бөлек, қазақтың тыныс-тіршілігін, ауыл өмірін жете білетіндігін аңғарамыз. Өйткені, әдеби әдіс-тәсілдері мен теңеулерінің барлығы ауыл өмірінен, табиғат құбылыстарынан алынған. Бұл да бір хас ақынның белгісі болса керек. Жоғарыда келтірген мысалдар Есенғалидың ақындық қабілетінің бір көрінісі, таптырмас теңеулерінің бір парасы ғана. Айта берсек, жоғарыдағы өлең жолдары жалғаса береді.

Сөзіміздің соңында, Есенғали Раушановтың поэзиясы ұлттық идеяға негізделгенін айтқымыз келеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Раушанов Е. Бозаңға біткен боз жусан. – Алматы: Раритет, 2006, 382 б.
2. Жұртбай Т. Біртұтас Алаш идеясы: Зерттеулер. – Алматы: Орхон, 2014. – 368 бет.

ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫНЫҢ СОЦИАЛИСТІК РЕАЛИЗМ ТУРАЛЫ СЫНИ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Еркеғали Ерболұлы Ердембек
5B0200500 – «Филология: қазақ филологиясы» мамандығының
4-курс студенті
erdenbek1996@mail.ru
Ғылыми жетекші: Серікзат Мақсұтұлы Дүйсенғазин
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақ әдебиет кафедрасының
доценті, филология ғылымдарының кандидаты
Астана

Аңдатпа: Бұл мақалада әдебиеттанушы ғалым Т.Кәкішұлының XX ғасырдың 20-30 жылдарында әдеби алаңда белең алған айтыстар туралы сыни көзқарастары сараланып, тақырып аясында басқа сыншы ғалымдардың теориялары мен ғылыми болжамдарымен салыстырыла сипатталады.

Түйін сөздер: социалистік реализм, ҚазАПП, «Алқа» әдеби ұйымы, көркем әдіс, коммунист тұлғаның образы.

Қазақтың ұлттық әдебиеттануы мен әдеби сынының аса көрнекті өкілі Тұрсынбек Кәкішұлының ғылыми шығармашылығы өте бай, алуан тақырыпты қамтитын сан-салалы екені мәлім. Өзінің мұраларында фольклорға, жазба әдебиетіне, тұтас дәуірлер және оның өкілдеріне де, әсіресе, XX ғасырдағы әдеби үдерістер мен оның даму заңдылықтарына сыни әрі әдеби-тарихи тұрғыдан ғылыми баға беріп, сөз өнері сынының бағыттары мен төл ерекшеліктерін жан-жақты зерттеушілікпен көрсетіп берді. Ғалым әдебиет сынының шыңында тұрған Е.Ысмайылов, М.Қаратаев, Ғ.Тоғжанұлы, Ж.Аймауытов, М.Әуезов т.б. әдебиеттанушы ғалымдардың сөз өнері ғылымының туу мен қалыптасуына ықпал еткен мұраларын сыни

көзқарастырымен саралап, тереңінен зерттеді. Нәтижесінде үзік-үзік ойлардан тұрған қазақ әдебиет сыны тарихының олқылықтарын толықтырып, сөз өнері ғылымының бұл саласын біртұтас күйінде жүйеледі. Бұл күнде әлі өзектігін жоғалтпаған ұлттық әдебиеттануымыздың туу және сынның жанр ретінде қалыптасқан XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әдебиеттегі жағдай, сол кезде белең алған айтыс-тартыстар, оған әсер еткен факторлар, сонымен бірге олардың әдеби үдеріске қаншалықты деңгейде ықпал еткенін ғалымның сыни көзқарастары арқылы саралаймыз. Оның берген бағасына ерекше назар салып, қандай әдеби-тарихи және сыни-теориялық қағидаттарды негізге алғандығын жүйелейміз.

XX ғасырдың басындағы тарихи оқиғалардың, әсіресе, Қазақ төңкерісінің әсерінен дағдарысқа тап болған қазақ әдебиетінің ары қарай өркендеуі Кеңес үкіметінің идеологиясына тәуелді болды. Сол бетбұрыс кезеңде әдеби мұраны зерттеудегі негізгі әдістер болып енгізілген «формальдық-социологиялық» пен «тұрпайы социологизм» тәсілдері шығармаларымызды игеруде біржақтылыққа ұрындырды. Тіпті төл әдебиеттану ғылымы қалыптасып үлгермеген біздің ұлтқа бұл үдерістің ауыр тигені айдан анық. Оның салдарын біз 1920-1930 жылдарында туған шығармалардан, қаламгерлердің топ-топқа бөлініп әдеби майданға шыққанынан байқаймыз. Бұл құбылысты ғалым Т.Кәкішұлы былай сипаттаған: *«1925 жыл – қазақ әдебиеті үшін өтпелі жыл болды. Қазақ мәдениетін өркендету жолында зиялылардың бөлішектенбей күш біріктіру мәселелері, жалғыз идеологиялық қару ғана емес, эстетикалық таным-білік арнасы, өнер саласы екенін мойындау талаптары қым-қуыт пікірталасын тугызды»* [1, 170]. Өйткені сол кезде белең алған нигилист прокультишылдармен 1925 жылы саяси астармен құрылған «тұрпайы социологизм» әдісін жиі пайдаланған ҚазАПП қаламгерлері Мағжанның серкелігімен құрылған «Алқа» әдеби ұйымының мүшелерімен әдеби айтысқа түсіп, әрқайсысы әдебиеттану ғылымының келешегін әр алуан түсінді. Т.Кәкішұлы сол кездегі жағдайды жан-жақты саралап, негізгі мәселелердің түйінін сын тұрғысынан ашуға тырысты.

Ең алдымен, шығармашылық қағидаттары маркстік-лениндік философиядан нәр алған ақын-жазушылардың туындылары мен алашшыл қаламгерлердің еңбектерін әдебиеттанудың сын және теория концепциялары жағынан саралап, Т.Кәкішұлының бағалауынан сүзгілеп, қорытынды шығаруымыз тиіс. Ғалым: *«Негізгі талас-тартыс, түсінбестік пен кереғар пікірлер қазақтың XX ғасырдағы жазба әдебиетіндегі көркемдік ізденістердің табиғатын танып-білуде жатыр»*, -дей келе, көркемдіктің жалпыға ортақ заңдылықтарын саралауға, бұл сұрақ төңірегіндегі зиялылардың көзқарастарын салыстыруға тырысты [1, 157]. Ойларын өрбіте келе, сыншы «социалистік реализм» ұғымына ерекше тоқталады. 30 жылдары ғылымға енгізілген бұл терминнің табиғатын А.В. Луначарский былай ашады: *«Жаңа қоғамды орнатуға бет алған пролетариатқа реализм қажет. Бірақ бұл бағытқалыптасқан түсініктен өзгеше болуы керек. Ондағы негізгі шындық үздіксіз қарама-қайшылықтардың күресі ретінде бағаланады. Ал негізгі мақсаты өмірді тек танумен шектелмей, оның толығымен өзінің ыңғайына қарай қайта құруға бағытталған. Бұл – оның «буржуазды реализмнен» айыратын негізгі*

ерекшелігі»[3.154]. Орыс ғалымы оны пролетариаттық немесе социалистік реализм деп атайды. Соның басқа әдеби бағыттардан айырмашылығын көрсетіп, ерекше тұстарын сипаттаған тұжырымдарынан кейбір ұғымдардың Т.Кәкішұлының идеялары мен сыни көзқарастарымен сәйкес келетініне көз жеткізуге болады. Олар: а) бағыттың аса динамикалығы; ә) социалды оптимизм пафосы. Социалистік реализмнің «аса динамикалығы» таптық күреске толы адамдардың күнделікті тұрмысының әрбірфрагментінің суреттелуіне негізделеді [3.526]. Бұл тұжырымды Т.Кәкішұлының мынадай сыни пікірінен көруге болады: *«Сәбит, Ілияс, Бейімбеттерде өмір көріністерін айнытпай беру, жаңадан қалыптасып келе жатқан Мырқымбайларды жарқыратасуреттеу ниеті болды»* [1,176]. Демек, ғалым тың образдың (коммунизмге берілген) пайда болуын, олардың күнделікті тұрмысының әрбір деталін бейнелеуге бағытталған көркем сюжеттердің белең алғанын меңзейді. Бостандық жолында қан майданға түскен ерлердің қаһармандық істері, қазақ еңбекшілерінің жаңа өмірді құру жолындағы еңбектері, ауылды советтендіру, байларды конфискелеу, артельдердің құрылуы, әйел теңдігін қорғау, үй-іші тұрмысындағы жаңалықтар – барлығы социалистік реализммен қуаттанған шығармаларда қайталанатын дағдылы оқиға желістері. А.В.Луначарскийдің пікіріне сүйенсек, мысалға келтірілген оқиғалар жүйесінде әрбір кейіпкерді ортақтастыратын негізгі нәрсе – социалистік идея. Олардың әрқайсысы өмірді тануда өзінің имандай сенген жаңашыл көзқарастарын қару етіп қана қоймай, өздері ғұмыр кешіп жатқан замана шындығын қайта құруға мақсат қойған. Т.Кәкішұлының С.Сейфуллиннің шығармашылығына баға берген кезде, «социалды оптимизм пафосы» ұғымын да сипатамай кетпейді: *«Қазақ әдебиетінде өріс ала бастаған бағыт шындықты реализммен революциялық романтиканың дәстүрлеріне сайбейнелеудің жаңа идеялық-көркемдік принциптеріне негізделген болатын. Революцияны жасаған халықтың жан сырын революциялық пафоспен бейнелеп көрсетті. Жаңа көркемдік әдістің негізгі принциптері революциялық пафосты жоққа шығар мағаны былай тұрсын, оны қазіргі шындықтың қалтарыс-құбылыстарын кеңінен және тұтас көрсетуге пайдалана білді»* [2,111]. Бірақ жаңа көркемдік әдістің сол кезеңде барлық жазушылардың шығармашылығында бірдей көрініс таппағанына ғалым тұжырымында былай сипатталады: *«Қазақ әдебиетінің дамуындағы алғашқы толқын 1920-1925 жылдар аралығында өтті. Бұл тұста әдебиеттің жалпы проблемасынан гөрі жеке дарындардың күш-қуатын, алған бағытын, ұстанған мұратын айқындау мәселесі негізге алынып, әр дарынның шығармалары сарапқа түсті»* [1,161]. Себебі халық белгілі бір нәрсені, идеяны немесе идеологияны идеал ретінде санау үшін, ең алдымен, оны толық формацияларын басынан кешіру керек. Алайда коммунизмнің еліміздің аумағында қандай сипатта орнағаны тарихтан мәлім. Сол себепті де ҚазАПП ұйымының қаламгерлері, әсіресе, жас ақын-жазушылары маркстік-лениндік идеяны толыққанды игермегені шығармаларынан көрініс табады. Т.Кәкішұлының «индивидуализмі» де, «әр дарынның шығармашылығы» да осыдан көрінеді. Қалам тартқан барлық азаматтардың осындай күйде болуын ғалым мәселені келесідей қорытындылайды *«Кешегісіз бүгіні жоқ екендігі әмбеге аян болса да, білімсіз құрылысшылар бәрін де тыңнан жасаймыз деген пролеткультшылдық ұранға бой алдырды. Сөйтіп онсыз да биік өреден көріне бермеген эстетикалық таным-біліктің*

тұрпайлануына, дәрекіленуіне жол салынды. Көркемдік танымның өркендер бағыты тұманданды, кейде әдейі адастырылды. Өз соқпағын табаалмай маталғандардың ең алдында қазақтың солақай «білгіштері» болғаны да өтірік емес» [1,157]. Нәтижесінде біз социалистік реализмнің табиғатын ғалымның сыни көзқарастарын арқылы тануға тырыстық.

Дәстүрлі көркемдігінен алыстап, саяси идеология басым болған қаламгерлердің шығармаларын алашшыл зиялылар қатты сынға алды. Т.Кәкішұлы соларды саралап, «тұрпайы социологизм» сипатындағы туындылардың олқылықтарына көңіл бөледі. Ең алдымен, ғалым туындылардың көркемдігіне көңіл бөлуге тиіс. Мысал ретінде С.Сейфуллиннің «Қызық сұңқарлар» пьесасының сыналған тұстарын сипаттайды: *«Пьесадағы драматургиялық кем-кетіктерді, диалогтардың олпы-солпылығын, оқиға динамикасының солғындығын, тіл кестесіндегі кейбір оралымсыздықты, адамдар образын сомдаудағы жетіспеушілігін байқай білген қоңыр бұл кітапта түгел көрінген бір адам(законченный цельный тип) жоқтықтан, жазушының адам танымайтындығынан бар кісі тұтасып, бір-ақ кісі болып кеткендіктен»* [1,162]. Сынышы ғалым негізгі олқылықтарға «түгел көрінген адамның» жоқтығын, «кейіпкерлердің психологиясы» жүйелі бейнеленбеуін, қисындылықтың әлсіздігін алады. Келесі көтерілген мәселе – образ жасау проблемасы. Т.Кәкішұлы: «Расын айту керек, көркемдік шеберліктің жетіспеуі, жаңа шындықты қалайша қалыптастыру жолын ақын-жазушылардың басым көпшілігінің жыға түсінбеуі бір болса, екінші жағынан, ұнамды жаңа образдың, сол кездегі геройлардың кескін-келбеті, мінез құлқы әлі анықталмаған болатын», - дей келе халық идеясының суреттеу мәнері белгілі дәрежеде жалқылықтан жалпылыққа ауысқанына мән береді [1,165]. Әсіресе ғалымның бұл орыс әдебиеттанушысы Н.В.Дубровинаның мына пікірімен салыстырайық: *«Көркем шығармалардың поэтикасын шектеген: бірсарынды әрі қатаң дағдыға бейімделген нормативті характерлер мен сюжеттерді тудырды»* [4,182]. Нормативті характерлерге, әрине, коммунист, жау, кулак, т.б. секілді кейіпкерлерді жатқызсақ, сюжеттер болса, бір ғана идеядан шықпай, дағдылы желілер, еңбек адамының бақытқа жетуі, байлардың өз жазасын алғаны, жаңа қоғамның гүлденуі сияқты оқиғаларға құрылған. Айтылған пікірлерді қорытындыласақ, социологистік реализм бағытында жазылған шығармаларда көркемдіктен гөрі нормативтілік, саяси ұрандардың басым болғанына көз жеткіздік.

Осымен біз Тұрсынбек Кәкішұлының жаңа заман идеологиясына құрылған шығармалардың ерекшеліктері мен кем-кетіктеріне қатысты айтылған сыни көзқарастарын саралап, басқа ғалымдардың ғылыми пікірлерімен салыстыру жүргіздік. Ғалымның: *«Кеңес заманындағы әдебиетте саясат басым болғаны рас, бірақ іліп алар ештеңе жоқ деген түсінік дұрыс емес. Қазақ әдебиетінде социалистік реализм бір бағыт болып тарихтан орын алып, жан-жақты пайымдалуға тиіс. Оны көрмеуге, елемеуге хақымыз жоқ, өйткені социалистік қоғамның 70 жылы кейбіреулерге қаншама қадірсіз, зиянды болып көрінгенмен, біздің тарихымыздың бір бөлігі, кешегі өткен жолымыз. Кеңес заманында да өмірді реалистік тұрғыда суреттеудің қажеттігі жойылмаған болатын...Социалистік реализмдісімен»* шығарма жазғандар деп безе алмайды. Дауыл тұрғанда шаң-тозаңның көтерілетіні сияқты, өтпелі дәуірдің толқыны артық-кем пікірлер айтылуы болмай

қалмайды, бірақ қоғамның өз тарихы, оның айнасы – әдебиеттің өз жолы бар», - деген сөздерін саралай келе, социалистік реализмнің олқылықтары болғанның өзінде біз оны көркемдік жағынан талдап, ғылыми баға беруіміз тиіс [1,158-159]. Екінші жағынан оның түпкілікті зерттеп, ұлттық әдебиеттану үдерісінің даму заңдылықтарының сырын аша аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кәкішев Т. Кеңес заманы – қазақ әдебиетінің дамуындағы бір кезең // Кәкішев Т. Көптомдық шығармалар жинағы. 6-том. Алматы: Қазығұрт, 2013, 384 б.
2. Кәкішев Т. Сыни ой сапары // Кәкішев Т. Көптомдық шығармалар жинағы. 4-том. Алматы: Қазығұрт, 2013, 384 б.
3. Луначарский А.В. Собр. соч.: В 8 тт. – Т. 8. – М., 1967. – С. 524
4. Дубровина Н.В. Социалистический реализм: метод или стиль// Вестник ТГУ, выпуск 7 (99), 2011

**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ДІНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ АҒЫМ
ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ**

Сейтбек Асыл Сейітбекқызы

5B02500 – «Филология: қазақ тілі» мамандығының

4 курс студенті

asylseitbek@gmail.com

Ғылыми жетекші: Қорғанбеков Болат Сағынбекұлы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

қазақәдебиеті кафедрасының доценті, филология ғылымдарының

кандидаты, қауымдастырылған профессоры

Астана қаласы

Аңдатпа. Қазақ әдебиетіндегі діни ағартушылық ағым және оның ішкі бағыттары Тұрсынбек Кәкішұлы зерттеулерінде де маңызды тақырыптардың бірі болған. Ғалым жиырмасыншы ғасырдағы діни-ағартушылық ағымдардың әдебиетке әсері, қадымшылық пен жәдитшілік турасында сыни және әдеби көзқарастарын білдіріп отырған.

Түйін сөз. Т.Кәкішұлы зерттеулері, діни-ағартушылық ағым, қадымшылық, жәдитшілік, дәстүрлі діни бағыт, дінтанушылық.

Қазақ әдебиетіндегі сын жанрының тарихы мен теориясын жан-жақты зерттеген санаулы ғалымдардың бірі Тұрсынбек Кәкішұлы көркем әдебиет тарихының да маңызды кезеңдеріне қатысты өзіндік көзқарастарын, ой-тұжырымдарын танытып кетті. Әсіресе, XX ғасырдағы тарихи жағдайлардың әдебиетке әсері, жаңа ағымдар мен бағыттар, әдеби ағымның әдеби үдерістегі мәні мен маңызына көңіл бөліп, оған салмақты да байсалды баға береді. Осы дәуірдегі саяси алаңдағы діни тартыстардың орны ерекше білінді. Сондықтан оның әдебиеттегі көрінісі де бедерлі болды. Бұның бәрі дәуір әдебиетін зерттеген ғалымдардың назарынан тыс қалмайтындай құбылыстар еді.

XX ғасырдың басындағы діни-ағартушылық ағым негізгі үш бағытта дамыды деуге болады. Олар – қадымшылар, жәдитшілер және қазақтың бұрыннан келе жатқан дәстүрлі бағытын ұстанушылар. XX ғасыр басында

осылардың екеуі, қадымшылық пен жәдитшілік белсенді әрекет етті де, дәстүрлі бағыттың көзқарасы әдебиет айдынында ғана өрнектеліп, саяси күреске араласпай, бұйығылық танытты. Т.Кәкішев қадымшылар мен жәдитшілер арасындағы тартыстарға қатысты ойларын Әуезовтің, т.б. ғалымдардың көзқарастарымен келісу немесе келіспеу арқылы білдіріп отырған. Мәселен, Әуезовтің XX ғасыр басындағы бұл бағыттарға берген мына бағасын еске түсірейік: «Қазіргі қазақ тіліндегі оқу екі ағысқа бөлініп барады. Бірі – мұсылманша оқығандардың жолы. Ғылым тілін арабшаға, мұсылман негізіне тартады. Екіншісі – орысша оқығандар, ғылым тілін орысшаға, Еуропа негізіне тартады. Бұл жік тәртіпті бастауыш мектептердің ыәм курстардың оқуында айқын білініп отыр. Әркімнің өз білген негізіне тартатыны мәлім нәрсе» [1, 142] дейді. Т. Кәкішев Әуезовтің өзін мұнда еуропашылдыққа бүйрегі бұрып отыр деген сыни көзқарасын танытады [1, 142]. Аталмыш екі діни бағыттың арасындағы тартыстар туралы зерттеушілердің де пікірі екіге жарылғанын айта кету керек. Қазақ оқығандарының бұлай ала бөлінуі ағым-бағыттардың көбейіп, ұлттық мәдениетімізге қайшылық тудыруды қалаған сыртқы күштер әсерінен болуы да мүмкін. Сөзіміз түсінікті болу үшін қазақ даласында әдебиет пен мәдениетке үлкен әсер еткен үш түрлі бағыт, дәстүрлі сопылық жол, қадымшылық және жәдитшілікке анықтама беріп кетейік. Ж.Самбетовтың мақаласында қадымшылық турасында былай дейді: «Қадим – діни бағыттағы молда жалдап, сауат аштырған мектепті айтады. Сабақ араб тілінде, феодалдық-сословиялық мазмұнда жүргізіледі. Әсіресе, Әптиеке, Құран, Софы Аллаяр, Шаркитаб, Мұхтасар, Қырық парыз негіздері оқытылады. Олардың ең бастылары Бұхара, Самарқан қалаларында орналасқан» [2, 73].

Ал жәдит арабша «жаңа» деген мағынаны білідіретін, Исмаил Гаспыралының идеясынан бастау алып, оның жақтастары мен сол «жаңашылдыққа» бет бұрушылары «жәдитшілер» деген атауға ие болған екінші бір бағыт. Исмаил Гаспыралы оны өзі шығарған «Тәржұман» газеті арқылы түркі халықтарына кең түрде жайып отырған. Т.Кәкішұлы қазіргі кезде көбінесе мақталып-дәріптеліп жүрген осы жәдитшілдік бағыттың көлеңкелі жақтарын да назардан тыс қалдырмаған. Тіл, мәдениет мәселесінде олардың ұлттық тамырдан алыстату қаупінің бар екенін де дұрыс байқаған. Олармен алаш зиялыларының үнемі бір көзқараста болмағанын да ескерте кетеді [1, 126]. Бұл ғалымның еңбегінен біз қазіргі зерттеушілердің үйренерлік бір мәселесі деп есептеуіміз керек.

XX ғасыр басындағы діни-ағартушылық ағымның ішінде төл топырағымызда қалыптасқан сопылық жолдан бастау алатын және бір бағыттың бар екенін дұрыс бағамдап осы мәселеге де көңіл бөледі. Сөйтіп оның көш басында тұрған Ясауи шығармашылығы туралы салиқалы пікір айтады: «109 хикметтен тұратын даналық өсиеттердің ішінде:

Түрлі пәле халыққа түсті достар,
Ақыр заман ғалымы зәлім болар.
Сұмы – сопы, қуы – молда болар.
Дұрысын айтқандарға қарсы болар –

дегенде өмірдің ащы шындықтарының сыни тұрғыдан айтылып отырғаны даусыз. Көне дәуір әдебиетінде әр қилы діннің ықпал-әсері болмауы мүмкін емес. Сондықтан олардан бұрынғыдай үрікпей, ізгі адамгершілікті насихаттауға бағышталған уағыздарын да, бүгінгі өмір шындығынан туған кемеңгер ойларын да, жасаған ғибратты тұжырымдарын да санатқа алып, жүйемен баяндауға тиіспіз» [1, 29], – деп, мұндай діни-ағартушылық бағытта жазылған шығармалардың халыққа орасан пайдасы болмаса, теріс жолға бұрар зияны жоқтығын, зиянды деп көрсетілгенінің өзі кейінгі кезеңдердегі саяси бұрмалаушылық екендігін айқындайды. Саяси-мәдени шырғалаңы көп сол XX ғасырдың өзінде де дәстүрлі жолды ұстанып, басқа бағыттан жүз қайырған әдебиетіміздің үлкен өкілдерінің бірі Шәкәрім Құдайбердіұлы болатын. Бұл ойымызды ақынның мына өлеңімен ашып түсіндірсек:

*Жапанда жалғыз жаттым елден безіп,
Жалықсам аң қараймын тауды кезіп,
Оңашада жатқанды ұнатамын,
Елімнің ел болмасын ерте сезіп.
Жауға – қатын, жақынға – жалмауыздар,
Жалықпай көк малтасын жүрсін езіп* [4, 113], –

деп ел ішіндегі бөлінушілік, тынышсыздықтан қашып оңашаланады. Бірақ бұны қиындықтан, ел шаруасына араласудан қашу деп түсінсек, қателескен болар едік.

Т.Кәкішұлы қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағымның қалыптасуында жекелеген қалам қайраткерлерінің еңбектерінің маңызды рөл атқаратынын да дұрыс аңғартады. Мәселен, Ыбырай Алтынсариннің еңбектеріне осы тұрғыда талдау жасап, өз көзқарасын білдіріп өтеді: «Қазақтарға орыс тілін үйретудің алғашқы нұсқасы», мұсылман дінінің аят-хадисі негізінде жазылған «Шәрият-әл-ислам», араб әрпімен басылған «Мақтубат» және «Қазақ хрестоматия» атты еңбектеріне ғылымдық, педогогикалық және әдебиеттік өресінен биіктей алған жоқ деп баға береді [3, 40]. Демек ғалым XX ғасыр басындағы діни ағартушылық бағыттардың іргесі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қалана бастағанына ден қойған.

Т.Кәкішұлы діни-ағартушылық бағыттың түрлі ағымдарының кемшіліктерін көрсетуімен бірге оның әдебиет пен мәдениетті дамытудағы, өркендетудегі оң ықпалына да шынайы баға беріп отырады. Мәселен, 1905-1915 жылдар арлығында шыққан 300-ге тарта кітаптың жартысына жуығын ақын-жазушылардың ағарту идеясына құрылған молда-мұғалімдердің, қажы-пірадарлардың шығармалары, өлең жинақтары, дастан, поэмалары, әңгіме, романдары еді дейді. Осындай кітаптардың авторлары қазақтың жазба әдебиетін жаңаша түрде мазмұнмен байытуға өз үлестерін қосқанына да назар аударады: «Қаламының желі бар қажы мен молдалардың халықты өнер-білімге насихаттауын, әрине қайшылыққа кездескенімен дүниеде болып жатқан өзгерістерге үн қатпақ болғандарын сөкеттеуге болмайды. Бұрынғыдай «алланы ауызға алдың, таза атеистік көзқарасты насихаттамадың» деп айыптау, сөйтіп олардың атқарып кеткен игі істерін көзге іліп алмау, мән бермеу енді әбестік болмақ» [1, 148]. Осыларды ескере келгенде, Т.Кәкішұлының XX ғасыр

басындағы діни-ағартушылық ағымның ішкі бағыттарын айқын ажырата білгенін, олардың өкілдерінің әдеби үдерістегі рөліне, зиянды және пайдалы жақтарына барынша объективті баға бергенін көреміз.

Қорыта келгенде, «Тұрсынбек Кәкішевтің есімі ХХ ғасырдың басындағы соны бетбұрыстың, қазақ әдебиеттануының қалыптасып, жарқын беттері жазыла бастаған кезеңінің алдыңғы сапында тұрады десек артық айтқандық болмас» [5, 52 б.], дегенін расқа шығаратындай қазақ әдебиеті тарихында мейлінше кемшін қарастырылған ХХ ғасыр басындағы діни-ағартушылық ағым туралы аз болса да, нақты және оның ең басты сипаттарын айқындайтын маңызды пікірлер айтқан ғалым екенін ескеруіміз қажет. Сондықтан бұл мәселені зерттеудің тарихнамасынан Т.Кәкішұлының сөз болған ой-пікірлері өз орнын алуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. Кәкішов Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы (Оқу құралы). – Алматы, «Санат», 1994. – 448 бет.
2. Самбетов Ж. Абай дүниетанымы мен діни көзқарасындағы жәдитшілдік пен қадимшілдік көріністері // <http://abai.kz/post/18645>
3. Тұрсынбек К. Сын сапары. Монография. Алматы, «Жазушы» баспасы. 1971 жыл. 176 бет.
4. Шәкәрім. Иманым. 2-басылымы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 322 бет.
5. Тұғыры биік, тұлғалы Тұрсынбек (мақалалар, пікірлер, арнаулар). – Көкшетау, 2007ж. – 95 б.

ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫНЫҢ ФОЛЬКЛОРТАНУШЫЛЫҚ ОЙЛАРЫ

*Айман Кдрғалиқызы Сұлтанова
5B02500 – «Филология: қазақ тілі» мамандығының
4 курс студенті
aiman.sultan@bk.ru*

*Ғылыми жетекші: Болат Сағынбекұлы Қорғанбеков, филология
ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
қазақ әдебиеті кафедрасының доценті.
Астана қаласы*

Аңдатпа. Т.Кәкішұлының қазақ фольклорына қатысты ғылыми ой-пікірлерін, көзқарастарын фольклортанушылық еңбек деп бағалауға лайық. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушылар және жекелеген фольклортанушылардың еңбектері мен шығармашылығының маңызы мен мәні Т.Кәкішұлы зерттеуінде көрініс табуы.

Түйін сөздер. Т.Кәкішұлы, фольклор, халық ауыз әдебиетін жинаушылар.

Тұрсынбек Кәкішұлы өзінің саналы ғұмырында қазақ әдеби сынының зерттеушісі, сәкентанудың сара жолын қалыптастырушы, өзіндік ғылыми мектебін жасаған ғалым ретінде танылды. Ғалым өзінтолықтай фольклор саласына бағыттамаса да, қазақ халық шығармашылығының жай-күйі жайлы

жан толғаныстарын дүркін-дүркін айтып отырды. Оның халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаушылар мен зерттеушілер, ұлттық мәдени мұраның жариялануы, таралуы, фольклор жанрлары және оларды жүйелеу туралы ой-пікірлері фольклортану ғылымы үшін аса құнды.

Т.Кәкішұлы өзінің «Сын сапары» монографиясының «Халықтық эстетика» тарауында халық ауыз әдебиеті, оның бізге үлгілері жайлы ой толғайды. Бұл еңбекте келешек ұрпақты тәрбиелеудің бірден-бірі құралы ауыз әдебиеті екендігін айтып, оның негізгі атқарар функцияларына, оқырманға әсер етушілік қырларына тоқталады [1, 16].

Ғалым фольклордың танымдық, тәрбиелік мәні мен эстетикалық қызметінде ерекше назар аударады. Халық эстетикасын зерттеген В.Е.Гусев, И.В. Гуторов, К.Талыбзада сынды белгілі ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, қазақ халық ауыз әдебиеті эстетикасының табиғатын ашуға тырысады. Фольклордың бұл қызметінің әсер етушілік қуатының күштілігіне көңіл бөледі.

Бұл еңбектің негізгі бағыты сын болғандықтан, мұнда ауыз әдебиетісінның бастау көзі ретінде танылып, халық шығармашылығында көрініс тапқан сыни ойларға ерекше мән берілгендігін байқауға болады. Әдебиеттанушы фольклорда әсемдікке, сөз өнерінің көркемдігіне қатысты сыни пікірлердің барлығын ескере отырып, бұл құбылыстың әдеби сынның қалыптасуында елеулі рөл атқарғанына ден қояды. Ол жөнінде: «Қазақ ауыз әдебиетінің тамаша үлгілерінде, әсіресе ақындар айтысында халықтың эстетикалық таным-түсінігін қалыптастыратын шұрайлы өрнектер мен ойлы критерийлер жиі кездеседі. Нақты дәлелдермен, жүйелі талдау-анализдермен тұжырымдала бермегенмен де халықтың сыншылдық ой-пікірінің, көзқарасының, эстетикалық таным-білігінің айшықты сілемдерін анық танытады»[1, 28], – дейді. Тұрмыс-салт, лиро-эпос жырларынан мысалдар келтіре отырып, сондағы талғампаз таныммен өрнектелген терең сыни мәні бар ойларын тарқатып айтады. Мәселен, келінге ел-жұртын таныстыруды мақсат ететін беташар салтының астарында тәрбиелік, дидактикалық сарын ғана емес, халықтың сыншылдық ой-пікірінің қазынасы жатқанын айтады. Себебі, «нені айтып, нені айтпаудың өзі творчестволық саралаудан өтіп барып, белгілі бір көзқарасты білдіреді»[1, 17], – дейді ғалым.

Т.Кәкішевтің талдауларында көпфункционалы фольклордың сөз өнері ретіндегі сипаты жайлы да сөз болады. Фольклорды өнер деп танытушы белгілерге, романтикалық әдіс, кейіпкерлерді суреттеу, бейнелеу тәсілдеріне, т.б мәселелеріне арнайы тоқталмаса да, кейбір халық шығармашылығынан көрініс тапқан теориялық жағдайларға шолу жасап өтеді. Бұл, әсіресе, «Қыз Жібек» лиро-эпостық жырындағы портрет, көркемдегіш құралдарды тілге тиек еткен кезде айқынырақ көрінеді.

Т.Кәкішевтің фольклортанушылық еңбегінің бір саласы – фольклор шығармаларының жиналуы, жүйеленуі, жариялануы, зерттелуі жайына арналған. Осы тұрғыда жазылған «Ауыз әдебиетінің үлгілерін жинау мен зерттеу мәселелері» атты проблемалық мақаласында қазақ баспасөзінің сол кезеңдегі жай-күйі, тарихы, жарияланым жағдайы, халық мұрасын жинаушылар және олардың еңбектерінің ерекшеліктеріне тоқталады. Бұл мақалада автордың

деректанушылық қыры да көрінеді. Айтылған көркемдік мәселелердің барлығын тарихи айғақтармен дәйектеп, мәселені әр қырынан қарастырады. Мәселен, ғалым «Қазақ әдебиеті тарихы» және өзге де еңбектердегі әдеби мұраны игеру, жинауға байланысты мәліметтерді негізге ала отырып, оны әрі қарай былайша саралапжүйелейді:

1. қазақ баспасөзінің тууына байланысты ұлттық әдеби мұраны жинау;
2. баспасөз өнімінен пайда түсірмек болған баспагерлер;
3. қазақтың бай ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаудағы орыс ориенталист ғалымдарының еңбегі [2, 368-69].

Зерттеуші өзі қозғаған тақырыптарды мейлінше тереңірек ашуға тырысады. Фольклор үлгілерінің жиналуы, зерттелуі, баспа бетіне жариялануының тарихи даму сипатын сөз етеді. Ел арасынан ауыз әдебиеті мұраларын жинақтаудың XX ғасырдың 20 жылдардың аяғынан 1937 жылға дейінгі аралық, жылымықтұсы және 1985 жылдан кейінгі негізгі үш кезеңінің тарихи-әлеуметтік жағдайлардан туған басты ерекшеліктерін тұжырымдап береді. Т.Кәкішевтің айтуынша, алғашқы кезеңде жинау процесі қарқынды түрде қолға алынған болса, жылымық уақытында «әдеби мұраларды дұрыс игерудің тың үлгілері көрінді», ал 1985 жылдан кейін «жариялылық заманына» сай тыйым салынған дүниелерге назар аударыла бастады [2, 369-70].

Соның ішінде ғалым халық мұрасын жинаушыларға баса назар аударады. Осы бағытта ол жекелеген фольклортанушылардың еңбектері мен шығармашылығына тоқталған. Оларды «қазақ халқына қызмет еткен ағайындар» және «қазақ зиялылары» деп бөліп, жеке-жеке қарастырып өтеді.

Жалпы халық әдебиет үлгілерін жинауға орыстың В.Радлов, И.Березин, А.Васильев, А.Алекторов, Г.Потанин, Н.Ильминский, П.Мелиоранский сынды көптеген орыс және шетел ғалымдары белсене араласқан еді. Профессор Т.Кәкішев Ресей зерттеушілерінің арасынан Әбубәкір Диваев пен Александр Затаевичті айрықша атап өтеді. Жай атап өтпейді, олардың нақты қалай еңбек жасағаны, мемлекетке қанша бет қолжазба тапсырғаны, қандай фольклор үлгілерін баспаға жариялағандары жайлы деректер келтіре отырып, қызықты талдаулар жасайды.

Ғалым Ә.Диваевтың «Түркістан жинағы», «Казахская устная поэзия», А.Затаевичтің «Қазақтың 1000 әніне» өз бағасын береді. Тіпті Ә.Диваев жайлы арнайы жазылған «Қазақ ауыз әдебиетінің үлкен досы» атты мақаласы да бар. Бұл мақалада «Түркістан жинағына» қазақ фольклорының түрлі жанрлары тұрмыс-салт, батырлар жырларынан бастап, Қожа Ахмет Ясауи мешітінің мүсіні мен мөрінің суреттеріне дейін енгендігі айтылады. Профессор Т.Кәкішев «(...) бұлардың бәрі өзінің идеялық жағынан бірдей емес, ондай талапты А.Диваевқа қою орынсыз да. Қорытып айтқанда, А.Диваевтың бұл еңбектері қазақ халқының тарихын, мәдениетін зертеуде ерекше маңызды болатын тарихи документтер» [3, 205], – деп түйіндейді.

Зерттеуші Т.Кәкішев халық шығармашылығын жинауға ат салысқан қазақ зиялыларының жасаған еңбектерін де ерекше бағалайды. Олар Кеңес саясатынан қысым, зәбір көре жүріп, қай-қайсысы да әдебиет, ұлт мұраты үшін мүмкіндігінше өз үлестерін қосты. М.Дулатовтың 1926 жылы басылған «Қазақ

тілінде басылған кітаптар көрсеткішінің» халық әдебиетіне арналған 8-тарауы, А.Байтұрсынұлының «Ер Сайын», «23 жоқтау» жинақтары, А.Сегізбаевтың «Халық һәм әдебиет», М.Әуезов «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» мақалалары, Х.Досмұхамедовтің «Қазақ халық әдебиеті» еңбегінің маңызына тоқталады. Олардың фольклортанушылық еңбектерінің ғылыми, мәдени, саяси мәнін ашады.

Профессор Т.Кәкішев А.Байтұрсынұлының «23 жоқтау» жинағының маңызына айрықша тоқталады. Ол бұл еңбектің дәйектілігін тиімді әдістер ретінде қарастырған. Жинаққа енген жоқтаулар дәйектілігінің туындының тарихи сипатын, танымдық, эстетикалық қырларын ашудағы атқарар қызметін айқындап берген. Ол жөнінде зерттеуші: «Қаз дауысты Қазыбектің қызы Қамқаның жоқтауын жариялағанда бидің туған (1661), өлген (1758) жылдарын 97 жасында қайтыс болыпты деген деректен шығаруы қызықты. Не болмаса Кеңгірбай би жоқтауына берген кішкене дәйектемесі қазақи таным-білікті ғылыми талдаумен қабыстырғанда қандай ұғынықты қорытынды шығатындығын көрсетеді» [2, 375] – дейді. А.Байтұрсынұлының тақырыптың мәні мен мазмұн ашу үшін жанама деректерді орнымен пайдалануын еңбектің негізгі ерекшеліктерінің бірі ретінде қарастырады.

Сәкентанушы ретінде ғалым С.Сейфуллиннің фольклорлық қызметіне де соғып өтеді. Сәкеннің фольклорға қатыстылығы жайлы ойлары 1972 жылы жарық көрген «Қазақ фольклористикасының» Сәкенге арналған тарауында, оның жинақтарына жазған алғысөз, түсініктемелерінде және кейбір мақалаларында көрініс тапқан.

С.Сейфуллиннің халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтап, сол негізде «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары», «Қазақ әдебиеті (билер дәуір әдебиеті)» оқулық-хрестоматиясын жазғаны белгілі. «Қазақтың ескі әдебиет нұсқаларының» кіріспесінде Сәкен «Бұл жинақтағы ескі әдебиет сөздерінің пікірлері – еңбекші тап мақсатына теріс келетін пікірлер. Ол жайды оқушылар есінен шығармауы тиіс» [4, 3], – деп айтса да, бұл еңбек халық игілігіне жұмсалып, көптеген рухани-тәжірибелік қажеттіліктерді өтеген еді. Әсіресе, оқулық, әрі хрестоматия қызметін атқарған «Қазақ әдебиеті» ауыз әдебиетін тек, түріне қарай жіктеген, халық өлеңдеріне классификация жасалған алғашқы еңбектердің бірі болды. Т.Кәкішев: «Бүкіл фольклорды тұтас алып, алғаш рет оқулық көлемінде зерттеген автордың жекелеген талас тудыратын мезеттері, қайшы пікірлері кездеспейді емес. Бұл кітапта көрсетілмеген жыр да, басқа жанр шығармалары да толып жатыр» [5, 145] – деп сыни көзқарасын да білдірген болатын. Ғалымның бұл сынына толықтай қосыламыз. С.Сейфуллиннің бұл оқу құралында халық дәстүріне жат көптеген ой-пікірлердің бары рас. Мәселен, «Ескіліктегі дін салтынан туған өлең-жырлар, тақпақтар» тарауында қазақтардың «аруақ-тәңірлерге» сыйынғандығы надандық деп көрсетеді; халықтың отқа май тамызу, тасаттық сынды салт-дәстүрлері ескі тәңіршілдіктің қалдығы, жабайылық екендігін айтады; дін тек байлар мен билердің елді басқару құралы ғана деген мағынасында айтылады. Осы тараушаға енгізілген бақсы, шақыру, арбау, байлау жырларына да сол кезең идеологиясының тұрғысынан баға береді. Бақсылар жыры жайлы «надан

адамның бойын шымырлатып, ойын түршіктіргендей болады» деп анайы түрде бағалайтын тұстар кездесіп отыратыны рас. Және сол бақсылардың атасы Қорқыт екендігін айтып, оны қараңғылықтың бастау көзі ретінде бейнелейді [6, 163]. Әрине, бұл тұста Сәкеннің кеңестік саясаттың ығына жығылуға мәжбүр болған халін де ескеруіміз керек. Дегенмен аталмыш екі еңбек те маркстік-лениндік методологияның негізінде жазылса да, фольклортану ғылымы үшін маңызды әдеби, тарихи мағлұматтар жинағы болып табылады.

Т.Кәкішұлының халық әдеби мұрасының қоғамдық қызметі, жанрлары мен поэтикасы туралы тұжырымдары, ауыз әдебиет үлгілерін жинаушылардың еңбектеріне берген бағалары мен сыни көзқарастары фольклортану ғылымының дамуына елеулі үлес болып қосылды деуге толық негіз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кәкішев Т. Сын сапары. Монография. – Алматы: Жазушы, 1971. – 176 бет.
2. Кәкішев Т. Қазақ әдебиет сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – 448 бет.
3. Кәкішев Т. Шығармалары. 1-том. – Алматы: «Ана тілі» ЖШС, 2007. – 335 бет.
4. С.Сейфуллин. Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары. – Қызылорда: 1931.
5. Кәкішұлы Т. Жанр жайлауы. 1-кітап. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 462 бет.
6. Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. 7-том. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 416 бет.

**Э.ХЕМИНГУЭЙДІҢ «ШАЛ МЕН ТЕҢІЗ» АУДАРМАСЫНЫҢ
КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ**

Еркебұлан Жанар Қайсарқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4 курс студенті

z_h_a_n_a_r_a@mail.ru

Ғылыми жетекші: Серғазы Лилия Аманбайқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының доценті,

филология ғылымдарының кандидаты

Астана

Аңдатпа. Біз бұл мақаламызда көркем аударманың өзекті мәселелері мен көркемдік ерекшелігін зерделедік. Қазіргі кезде әлемге белгілі классикалық шығармалар төл тілімізге көбінесе түпнұсқадан емес, орыс тілінен аударылып, оқырмандарға ұсынылатыны белгілі. Сондықтан біз «Шал мен теңіз» туындысының түпнұсқа мен қазақ тіліндегі аудармасының айырмашықтарына тоқталдық. Зерттеу барысында аударма сөздіктермен, түпнұсқа және аударма мәтіндерімен жұмыс жасадық.

Түйін сөздер. аударма, көркем аударма, түпнұсқа, аударма мәтін, мысал.

Жазушы Эрнест Хемингуэйдің әлем әдебиетіндегі орны ерекше. Қаламгердің танымал повесі - «Шал мен теңізге» зер салатын болсақ, бұл повесте басынан аяғына дейін шалдың теңіздегі өмірі, балық аулауы; теңіздегі тіршілік туралы баяндалғанымен, идеясы, айтар ойы астарлы ақиқатқа толы. Бұл шығармадағы балықты мақсат символына баладық. Адам мақсатқа жету

үшін қанша талпынып, көптеген қиындықтармен күресетін болса, Шал да өмір атты теңізде балыққа жету жолында сан түрлі кедергілермен арпалысады. Бұл керемет туындыны орыс тілінен аударып, қазақ оқырмандарына жеткізген аудармашы – Н. Ғабдуллин [1]. Повесті ағылшын тілінен орыс тіліне Е.Голышева мен Б.Изакова аударған [2]. Ендігі біздің мақсатымыз бұл туындының түп нұсқадан қандай айырмашылық бар екендігін айқындау. Эрнест Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесін таңдауымыздың себебі, бұл туынды барлық әлем әдебиетіне танымал шығарма. «Шал мен теңіз» аудармасы арқылы еліміздегі көркем аударманың даму сипатын, көркемдік ерекшелігін, ұлттық болмысын анықтауға болады. Бұған көз жеткізуіміз үшін төмедегі мысалдарға назар аударсақ:

Түпнұсқа мәтін:	Орыс тіліндегі аударма мәтін:	Қазақ тіліндегі аударма мәтін:
<i>He was an old man who fished alone in a skiff in the Gulf Stream and he had gone eighty-four days now without taking a fish. [3]</i>	<i>Старик рыбачил один на своей лодке в Гольфстриме. Вот уже восемьдесят четыре дня он ходил в море и не поймал ни одной рыбы.</i>	<i>Шал Гольфстримге қайығымен бір өзі ғана шығып жүрді. Міне, сексен төрт күн болды, теңізге күнде шығады, бірақ қармағына әлі де ештеңе іліккен жоқ.</i>

Байқағанымыздай, «Шал мен теңіз» шығармасы қазақ тіліне орыс тілінен аударылғаны мәлім. Өйткені түпнұсқада бұл үзінді бір сөйлем, ал орыс тілі мен қазақ тілінде екі сөйлеммен берілген. Орыс тіліндегі «вот уже..» деген сөз қазақ тіліне «міне,...» деп аударылып, шалдың көп уақыт бойы балық аулап жүргендігін эмоционалды түрде көрсетеді. Ал, ағылшын тілінде мұндай ерекшелік байқалмайды. Жоғарыда кестеде көрсетілген сөйлемдер арқылы шығарма басталады. Шығарманың басталуы өте құпия түрде келеді. Кейін шалдың теңізге шығып жүргеніне «сексен төрт күн» болғанын өте әсерлі баяндалады.

Келесі мысал:

Түпнұсқа мәтін:	Орыс тіліндегі аударма мәтін:	Қазақ тіліндегі аударма мәтін:
<i>In the first forty days a boy had been with him.</i>	<i>Первые сорок дней с ним был мальчик.</i>	<i>Бастапқы бір жарым айдай уақыт бойында бұған бір бала серік болған еді.</i>

Түпнұсқа мәтінінде «forty days» орыс тілінде «сорок дней» қазақ тілінде «бір жарым айдай» деп аударылған. Бұл берілген мысалдан түпнұсқадан да, орыс тілінен де тікелей аударылма жасалмағандығы анық көрініп тұр. Аудармашы неліктен нақтылап көрсетпеді екен? Әлде бұл тіркес арқылы сөйлемді ерекшелегісі келді ме? «Бір жарым айдай» орнына «Бастапқы қырық күн уақыт бойында бұған бір бала серік болған еді.» деп қолданса, аударманың стилі, мағынасы сақталған болар еді.

Келесі мысал:

Түпнұсқа мәтін:	Орыс тіліндегі аударма мәтін:	Қазақ тіліндегі аударма мәтін:
<i>But after forty days without a fish the boy's parents had told him that the old man was now definitely and finally salao, which is the worst form of unlucky, and the boy had gone at their orders in another boat which caught three good fish the first week.</i>	<i>Но день за днем не приносил улова, и родители сказали мальчику, что старик теперь уже явно salao, то есть «самый что ни на есть невезучий», и велели ходить в море на другой лодке, которая действительно привезла три хорошие рыбы в первую же неделю.</i>	<i>Күн өте берді, қолға балық түспеді, содан соң баланың ата-анасы күдер үзіп, бұл шалды "жолын қырсық шалған сорлы-бейбақ" десіп, балаға енді басқа қайыққа ауыс деп әміреткен-ді. Басқа қайыққа барғанда баланың жолы болып, серігі мен екеуі алғашқы аптаның ішінде-ақ үш ірі жайын ұстаған-ды</i>

Бұл келтірілген мысал бойынша қазақ тілінің көркем, бай тіл екендігіне көз жеткізуімізге болады. Ағылшын тілінде «the old man was now definitely and finally salao, which is the worst form of unlucky», орыс тілінде «что старик теперь уже явно salao, то есть «самый что ни на есть невезучий»», ал аудармышы «бұл шалды жолын қырсық шалған сорлы-бейбақ» десіп» әсерлеп, «сорлы-бейбақ» деген сөзді қосып, шалдың жағдайын одан сайын мүшкіл етті. Бірақ бұдан аударманың мағынасы, не шығарманың құрылысы өзгеріп кеткен жоқ. Керісінше сөйлем оқырман үшін әсерлі болып шықты десек қателеспейміз. Менің ойымша, Хемингуэйдегідей «сәтсіз адам» деп беруге болар еді: «Күн өте берді, қолға балық түспеді, содан соң баланың ата-анасы күдер үзіп, бұл шалды «сәтсіз адам» десіп,». Бірақ сөйлем жұтаң, әсерсіз, нәрсіз болып шығар еді. Қазақ нені айтса да ауызды толтырып, әсерлі айтады.

Шалдың портретін келесі жолдардан көруге болады. Мысалы,

Түпнұсқа мәтін:	Орыс тіліндегі аударма мәтін:	Қазақ тіліндегі аударма мәтін:
<i>The old man was thin and gaunt with deep wrinkles in the back of his neck. The brown blotches of the benevolent skin cancer the sun brings from its reflection on the tropic sea were on his cheeks.</i>	<i>Старик был худ и изможден, затылок его прорезали глубокие морщины, а щеки были покрыты коричневыми пятнами неопасного кожного рака, который вызывают солнечные лучи, отраженные гладью тропического моря.</i>	<i>Шал - титықтаған арық кісі еді; маңдайы, мойыны арса-арса; бетіне күрең-қоңыр дақтар түсіп, өңі шұбар тартқан, мұндай дақтар ыстық жақтардағы теңіз бетіне түскен күн сәулесінің адамның өңіне шағылысуынан пайда болады.</i>

Аудармашы «затылок» сөзін «маңдайы» деп аударған. Негізі «затылок» сөзінің аудармасы «желке не шүйде». Бірақ түпнұсқада да, орыс тіліндегі нұсқада да «маңдайы» туралы сөз болмаған. Ағылшын тілінде «deep wrinkles», орыс тілінде «глубокие морщины», ал қазақ тілінде «арса-арса» деген сөзбен берілген. Ағылшын тілінен орыс тіліне дәл аударған. Қазақ тіліндегі «арса-арса»

сөздің орнына «терең әжім» тіркесін қолданса, сөйлемнің стилі сақталған болар еді: «Шал - титықтаған арық кісі еді; желкесінде терең әжім...». «The brown blotches of the benevolent skin cancer the sun brings from its reflection on the tropic sea were on his cheeks», «а щеки были покрыты коричневыми пятнами неопасного кожного рака, который вызывают солнечные лучи, отраженные гладью тропического моря.» деген сөз тізбектерін «бетіне күрең-қоңыр дақтар түсіп, өңі шұбар тартқан, мұндай дақтар ыстық жақтардағы теңіз бетіне түскен күн сәулесінің адамның өңіне шағылысуынанпайда болады.»деген мағынаны дәл беретін сөздермен жіктеп, ұтымды келтірген. Бірақ «неопасного кожного рака» деген орыс тіліндегі аудармадағы тіркес қазақ тіліне аударылмай қалған. Егерде аударылған болса, «қатерсіз ісік» деп аударылған болар еді.

Келесі мысал;

Түпнұсқа мәтін:	Орыс тіліндегі аударма мәтін:	Қазақ тіліндегі аударма мәтін:
<i>Everything about him was old except his eyes and they were the same color as the sea and were cheerful and undefeated.</i>	<i>Все у него было старое, кроме глаз, а глаза были цветом похожи на море, веселые глаза человека, который не сдается.</i>	<i>Шалдың өңі де, киімі де - бәрі де тозған, көнерген, тек көзінде ғана ерекше бір нұр бар, теңіз суы түстес жанары қайсар адамның қалпын танытады.</i>

Бұл мысалда ағылшын тілнен дәлме-дәл аударылғаны анық көрініп тұр. Орыс тілінен қазақ тіліне жоғарыдағы мысалдар тәріздес дәл аударылмаған, бірақ мағынасы нақ берілген. Мысалы: «Everything about him was old» деген сөйлем орыс тілінде «Все у него было старое» деп берілген, ал қазақ тіліне осы сөйлем «Шалдың өңі де, киімі де - бәрі де тозған» деп аударылған. Қазақ тілінде шалдың өңіне байланысты кейіптеуді түпнұсқадан тыс автор өзі қосып, баяндап жазған. Түпнұсқада да, орыс тіліндегі аудармада да шалдың өңі туралы сөз қозғалмаған. Келесі, қазақ тіліндегі нұсқада «көзінде ерекше нұр бар» деп берілген. Мұндай тікес орыс тілінде кездеспейді. Тек қана «веселые глаза человека, который не сдается» сөйлемі «жанары қайсар адамның қалпын танытады» деп аударылған. «Қайсар» сөзінің орыс тіліндегі аудармасы «смелый», ал ағылшын тілінде «brave», бірақ бұл сөздер шығармада кездеспейді. Керісінше, «cheerful» сөзі «веселый» ал, қазақша «көңілді» емес, «қайсар» деп келтірілген. Меніңше мұнда бір нақтылық жетіспейді.

Қорытындылайтын болсақ, біріншіден, біз шығарманы бастан-аяқ талдаған жоқпыз. Аударманы түпнұсқамен басынан аяғына дейін салыстыратын болсақ, осы сияқты бірқатар жетістіктер мен айырмашылықтарды кездестіре аламыз. Екіншіден, қазақ тілінің бай, әрі көркем екендігіне көз жеткіздік. Ағылшын тілі мен орыс тілінде ой қысқа ғана қайырылса, төл тілімізде бұл әсерлі де, көркем жеткізілген. Повестің аудармасындағы кейбір үзінділерді түпнұсқамен салыстырғанда талдауда аудармашы автор стилін сақтаудан гөрі, жалпы мазмұнын беруге тырысқанын көреміз. Сондықтан да аударманы еркін аударма жасап, көркемдік жағына ерекше көңіл бөлген.. Болашақта әлемдік классикалық шығармалар түпнұсқадан аударылса деген ниет білдіреміз.

Аудармашы-зерттеуші Әбен Сатыбалдиев «Заманымыздың алып қарқынына сай қазақтың әдеби тілі жаңа ұғымды бойына мол сіңіріп, аударма мәдениеті өсіп жетілді. Сондықтан бүгінгі күннің талабы ол кездегі аудармаларға лайық келе бермейтіні де кәміл. Сол себепті, көркем аударманың ондай тамаша шыққан туындылары өз дәуірінің құнды ескерткіші болып қала береді де, әр мезгілде жаңа дәуір тұрғысынан жана аудармалар туып жатады» [4, 137] Осы пікірмен келісе отырып, Н.Ғабдуллин «Шал мен теңіз» повесін де өз заманына сай аударған, шоқтығы биік туынды деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Хемингуэй, Э. Шал мен теңіз: повестер / Эрнест Хемингуэй; аударғандар Н. Әбуталиев, Н. Ғабдуллин.- Астана: Аударма, 2002.- 362б.
2. Хемингуэй, Э. Старик и море/ Эрнест Хемингуэй; пер. Е.Голышевой, Б.Изакова.- Ленинград: Судостроение, 1980.- 64 с.
3. https://la.utexas.edu/users/jmciver/Honors/Fiction%202013/Hemmingway_The%20Old%20Man%20and%20the%20Sea_1952.pdf
4. Сатыбалдиев Ә. Сөз қазынасының кеніші. – Астана: Аударма, 2008. – 328 б.

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ ҚОРҚЫТ БЕЙНЕСІ

Шалғынбай Нұрбек Қайырғалиұлы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4 курс студенті
shalgynbai_nurbek@list.ru

Ғылыми жетекші: Серғазы Лилия Аманбайқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Астана

Аңдатпа. Мақалада аңыз желісіндегі Қорқыт пен «Қорқыт», «Қорқыттың көрі» поэмаларындағы бас кейіпкер бейнесі талданады. Туындыларына ел аузындағы аңызды арқау етіп алған ақындардың идеялақ ерекшеліктері көрсетіледі. Шығарма авторы мен оқырман арасындағы байланыста авторлық позиция мен оқырман талап-тілегі сараланады.

Түйін сөздер. Аңыз кейіпкері, поэма, лирикалық толғаныс, ұлт мұраты, оқырман.

Халық ауыз әдебиетіндегі аңыздарда Қорқыт өзінің желмаясына мініп, халыққа мәңгі жасайтын жерұйық іздеген, өмір бойы өлімге қарсы күресуші жан ретінде белгілі. Дегенмен ол өмірінің соңында мәңгілік тіршілік жоқ екендігіне көз жеткізіп, өзіндік пікір қалыптастырады. Сонымен, өлімнен құтылу үшін қобызымнан түрлі күй құйқылжытып, көз ілмейді.

«Аңыз – қазақ фольклорлық прозасының жанры, елдің, тайпа, рудың шыққан тегі, кешкен жолы жайындағы немесе тарихта болған әйгілі адамдар – хан, батырлар, би, шешендер жайындағы, сондай-ақ нақтылы бір жер-су сол жерде өткен оқиғалар жайындағы тарихи шындыққа негізделген, халықтың тарихи жадында сақталған, әйтсе де уақыт өте көркемдік сипат алған әңгіме» [1.46]. Халық жадында сақталған мұндай аңыздар ақын-жазушылардың шығармаларына да арқау бола отырып көркемдік сипатқа ие болған. Мысалы, Мағжан Жұмабаевтың «Қорқыт» және Иранбек Оразбаевтың «Қорқыттың көрі» поэмалары.

Мағжан Жұмабаев поэмасында Алтай тауын суреттей бастап, оқиғаның өткен жері етіп осы мекенді алады. Сондай-ақ аңыздық кейіпкер Қорқыт өмірін былай суреттейді:

«Қорқыт та ерте атанды пері соққан,
Қорқыттың жан болмады жанын ұққан.
Ой екен қандай ғана Қорқытты улап,
Айырған дос, туысқан, елден, жұрттан?» [2. 181]

Ал Иранбек Оразбаев оқиға орны ретінде Сыр бойын суреттеген және Қорқыттың ана құрсағында үш жыл жүруін, туыстардағы күнді қарағылық басып, ел қорқып, осы есімді алуын Қорқыттың өз аузынан диалог түрінде баяндайды. Қорқыттың күйі мен мінезін былайша ашады:

«Жоқ!
Айтқаным – Айтқан!
Айтқанымнан – Қайтпан!
Бұдан былай –
Өзіме – Өзім – Құдай!» [3. 15]

Тарихи деректерде және ел ауызындағы аңызда Қорқыт Сыр өлкесін қоныс еткен оғыз-қыпшақ тайпаларының ортасынан шыққандығы айтылады. «Қорқыт» поэмасында жан сақтау жұмбағын шеше алмаған шерлі Қорқыттың түс көріп, қобызды жаратқандығы айтылады, оқиғаға лирикалық үн қосады. Поэманың қорытынды бөлімінде өткен мен бүгін ажыратыла қаралып, лирикалық қаһарман көрінеді:

«Өмірде арманым жоқ – Қорқытқа ерсем,
Қорқыттай жанды жаспен жуа білсем.
Жас төгіп, сұм өмірде зарлап-сарнап,
Құшақтап қобызымды көрге кірсем!» [2. 189]

«Қорқыттың көрі» поэмасында оқиға аңыз мазмұнына сәйкес Сыр өңірінде суреттеліп, Қорқыттың оғыз және қыпшақ тайпаларынан шыққандығын айқындай түсіп, Қарақожа – оғыз ата және Қамқа – қыпшақ ана кейіпкерлері енгізілген, ажалға қарсы амал іздеуші бас кейіпкер тартыс үстінде суреттелген. Дегенмен поэмада аңыздық желіге сәйкессіздік көп. Мысалы, Нике – Қорқыттың көңілдесі және Рәпіл – бас кейіпкердің досы сияқты кейіпкерлер енгізілген. Сондай-ақ ажал айдап келуші қызыл қанат Өзірейіл кейіпкер де назар аудартады. Зерттеуші ғалым Немат Келімбетов Қорқыт жайындағы аңыздарды Тәңірлік дәуір әдебиетіне жатқызған. Өзірейіл сияқты кейіпкер немесе осыған орайлас ұғым-түсініктер аталған дәуірден кейінгі Ислам дәуірі әдебиетінде орын алған. Поэмада Өзірейілдің аузына мынадай сөздер салынған:

«Тәңір құлы –
Қара күштің иесімін!» [3. 57].

Тәңірлік дәуірде де, исламдық дәуірде де халық түсінігінде жаратушыдан болған ажалға ақ өлім деп қаралған. Тәңір құлына қара күш телінбеген. Поэмадағы Қорқыт өкінішіне назар аударсақ:

«Өттеген-ай
Мұны бұрын білсем-ші?!
Ұқсап бақпай болмасам,
Арты қысып жүрсем-ші...» [3. 57].

Бұл сөздер «мәңгілік өмірді күйлерден, ұлағатты ғибратты сөздерден, әрбір жолы мақал-мәтелге айналған өлең-жырларынан тапқан» [4. 139] Қорқыт ата өкінішіне ұқсамайды.

Поэмада баяндалуы бойынша ажалмен бетпе-бет келген Қорқыт өз жанының орнына беруге халқынан жан беруге ерікті іздейді және топ ішіндегі ата-анасы Қартқожа мен Қамқадан, көңілдесі Никеден, досы Рәпілден арнайы өтінеді. Бірақ одан бәрі, тіпті, ата-анасы да бас тартады. Бұл тұста аңызда және М.Жұмабаев поэмасында өз жанын жасымен жуған, өмірінен өрнек шығарып, кейінгі жұрты ұстаз көрген Қорқыт ата бейнесін жоғалтып аламыз. Қорқыт үшін жан беруге оның жары Сарын ару келісімін береді. Бірақ оның жүктілігі себепті бұл тілегі қабылданбайды. Қорқыт баласының атын Қазақ деп атайды және оған қобызды аманат етеді. Поэманың осы қорытынды бөлімінде автордың идеясы ашыла түседі. Автор енгізген соңғы кейіпкер біздің халық атауымен ғана сәйкестенбейді, халық тағдырымен де сәйкеседі. Қазақ танымы үшін ата орнын ұл басады. Ата мәңгіліктікті аңсады және қобызын балаға аманаттады. Бұл еліміздің алға қойған «мәңгілік ел» бағдарламасының әдеби көрінісі іспетті. Мұны шығарма бойында оқырманның көре алуы маңызды.

«Жазушы шығарманы тудырушы болса, оның қаншама ұзақ өмір сүретіні, әдебиетте қандай орын алатыны оқырманға байланысты» [1. 244]. Оқырман мұндай поэмалардың негізгі идеясын түсінуі үшін аңыз бен аңыздық желі негізіндегі шығарманы ажырата білуі керек. Мағжан Жұмабаевтың «Қорқыт» поэмасы оқиға орнынан басқасы аңыз желісімен баяндалып келеді де, соңынан оған мәндес қазіргі автор күйі жалғасады. Автор өткеннің ізіне өзін түсіріп, Қорқыт күйіне өз күйін балап аяқтайды. Бұл поэмада аңыздағы Қорқыт пен жаңадан жасалған Қорқыт бейнесін салыстыра қараудың, ажыратудың оқырман үшін қажеті жоқ. Автор сол аңыздық желіге өзінің лирикалық күйін жалғайды.

Иранбек Оразбаевтың «Қорқыттың көрі» поэмасын оқуда аңыз бен бұл авторлық туындыны ажырата қарау керек. Мұнда аңыздық желі емес авторлық позиция маңызды орын алады. Автор бас кейіпкерін тартыс үстінде ашу үшін қосымша кейіпкерлер енгізген. Қорқыт мұратын ұлт мұратына қарай бейімдеп, рухани жалғастықты әдеби үлгіде қалыптастырған. «Жазушы өз шығармашылығында болашақ оқырмандардың тілек-талаптарымен, ұғым-түсініктерімен қалайда санасады» [1. 244].

Біз білетін Қорқыт ата «жыр мен күйдің атасы, ел басқарған данышпан ғұлама бейнесінде XIII-IX ғасырларда-ақ аңыз кейіпкері болған жан» [4. 140]. Бұл орайда жалпы халыққа таныс аңыз желісін және аңыз кейіпкерін шығармасына арқау етіп алған екі ақын да лирикалық толғанысы мен ел мұратын жеткізе жырлауына ұтымды тәсілмен мақсаттарына жеткенін көріп тұрмыз. Өткенді әсершіл поэзия тілінде жырлап, оқырман санасында қайта жаңғыртуды да ұтымды әдіс ретінде қарай аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Алматы: Ана тілі, 1998. – 348 бет.
2. Жұмабаев М. Сүй, жан сәулем. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2002. – 256 бет.
3. Иран-ғайып. Қорқыттың көрі. Т. 6. – Алматы: 2006. – 437 бет.
4. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Паритет, 2011. – 432 бет.

ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИ СЫН ЖӘНЕ Т.КӘКІШҰЛЫ

Елтай Арайлым Нұрғалиқызы

5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3 курс студенті
arailym.yeltay@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: Р.Тұрысбек, филология ғылымдарының
докторы, профессор

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақ тілі мен әдебиет кафедрасы
Астана қаласы

Андатпа. Әдебиеттану ғылымында зерттелінбей келген әдеби сынды жеке-дара алып зерттеп, талай мұрағаттардың қоймаларын ақтарып, тарихына баса назар аударған Т.Кәкішұлының еңбегі ұшан теңіз.

Түйін сөздер. Т.Кәкішев, ұлттық әдеби сын.

Қазақ әдебиет сыны мен ғылымының өсіп-өркендеуіне өнімді еңбек еткен ғалымдарымыздың бірі – Тұрсынбек Кәкішов. Ғалым осы бағытта көп еңбек етіп, ұлттық сын жайлы көптеген ғылыми зерттеулер жазды. Ол жайлы замандастары, ұстаздары мен тұтастары маңызды ойлар айтқан. Атап айтқанда, ғалым туралы М.Әуезов: «Зерттеуден үнемі қалыспайтын, әр кезде совет шығармаларын зерттеген уақытта үлкен бір бөлімді меңгеріп жүрген, әлеуметтік-идеялық саяси мәні зор ең алғаш совет әдебиетінің пролетарлық бағытта, Ленин салған жол мен әдебиеттегі ұлтшылдықпен алысқан дәуірді зерттеу жұмысына көп араласқан Кәкішевтің сөздерін бағалы деп санаймын» деп пікірін білдіреді [1, 72].

Академик Ж.Дәдебаев болса: «Тұрсынбек Кәкішұлы қазақ әдеби сынының бастау-көздерін тапты, туу, қалыптасу заңдылықтарын ашты, даму жолдарын анықтады. Сынтану ғылымының негізін қалады. Әдеби сын тарихы бойынша қазақ әдебиеті тарихында алғаш рет арнаулы және жалпы теориялық лекциялық курстар дайындады, олардың оқу бағдарламалары мен оқулықтарын жазып, жарыққа шығарды, қилы замандарда халық үшін жанын қиған ақындар мен жазушылардың әдеби мұрасын жинап, баспадан бастырып, ел игілігіне ұсынды» [5, 11]. Ғалымның бұл бағасына толық қосыламыз. Т.Кәкішев қазақ халқының мұң-мүддесін жоқтаушы ретінде танылды. Ол көркем әдебиет сынының түп тамыры ретінде фольклорды көрсетіп, халық ауыз әдебиет үлгілерінде көрініс тапқан сыни ой-пікірлерді талдайды.

Әдебиет сыны әрқашан көркем әдебиетпен байланысты. Бұл оның қоғамдық өмірдегі тұрақсыз құбылыс емес, керісінше ғасырлар бойы даму барысындағы қалыптасқан өзіндік жүйесі, заңдылықтары бар екенін байқатады. Ғалым осы жөнінде «Сын-жазба әдебиетке тән және баспасөз арқылы жарық көретін жанр» [2, 45] десе, Д.Ысқақұлы «әдеби сын дегеніміз – көркем әдебиет, оның ғылымы мен қоғамдық ғылымдардың, журналистиканың тоғысында пайда болып, күнделікті әдеби өмірді зерттейтін, оның жетістіктері мен кемшіліктерін саралап, бағалап отыратын, әдеби үдерісте болып жатқан құбылыстарды оқырманның дұрыс түсінуіне көмектесетін, рухани әлем аясында

қызмет атқаратын әдеби,ғылыми,публицистикалық,әлеуметтік сыпатты шығармашылық түр; қоғамдық ғылыми сананың бір саласы; көркем әдебиет жайлы дәуір үні» [3,1] деп баға берген.

«Бұрын қазақ әдебиеттану ғылымында зерттелінбей келген оның құрамдас үш бөлігінің бірі әдеби сынды қолға алып, оның тың тарихына ғылымның төрін алғаш салған Т.Кәкішев екенін баса айтқан жөн. Ғалымның осы саладағы ізденістерінен үлкен ғылыми ерлікті көреміз. Әдеби сын әдебиеттанудың аса қиын да күрделі саласы. «Сыншы дарыны сирек дарын» (Белинский) болса сол сыншылардың еңбегін саралаудың да оңай шаруа емес екендігі аян.Түрсекең де бұл іске он шақты кітап шығарып,үлкен дайындықтармен келді» [1,121].Осыдан, ғалымдардың Т.Кәкішевтің сыншы ретіндегі қызметін жоғары бағалағанын көруімізге болады.

Т.Кәкішевтің сынтану ғылымы үшін маңызды еңбектерінің бірі ретінде «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» зерттеу еңбегін айта аламыз. Бұл еңбек негізінен «Қазақтың сыни ой-пікірлерінің оянуы және әдебиет сынының тууы» және «Қазақ сынының жанрлық қалыптасуы және әдебиеттануы» басты екі бөлімнен тұрады. Ғалым сын тарихын фольклордан бастап, жанр ретінде қалыптасқанға дейінгі кезеңді зерттеу нысанына алады. Бірінші бөлімде халық эстетикасына, қазақтың ағартушы-демократтарының сыни ой-пікірлеріне, әдеби мұраны игеру мәселелеріне тоқталса, екінші бөлімде сынның жанр ретіндегі сипаты, әдіс-тәсілдері сөз болады.

Т.Кәкішев әдеби сын арналарын 3-ке бөліп, оларды жеке-жеке қарастырған:

1. Халықтық эстетика;
2. Көне дәуірдегі сүбелі ойлар;
3. Қазақтың ұлы ағартушы-демократтарының сыни ойлары.

Халық ауыз әдебиетінің қай үлгісі болмасын ерлік пен ерлікті,адалдық пен опасыздықты,шынайы сұлулық пен табиғи әсемділікті танытып отырады. Халық ауыз әдебиетінің тамаша үлгісі «Қыз Жібек» жырында Төлегенді сипаттаған тұсынан көре аламыз:

*Айдың өткен нешесі
Ай қараңғы көшесі
Падишадан кем емес,
Ер Төлеген мүшесі....*

деп суреттейді. «Падишадан кем емес» деген сияқты бір ауыз сөзбен Төлегеннің көркін де, мүсінін де,сән-салтанатын да беріп отыр. Өйткені,сол кездегі қазақ арасында танылған ертегі аңыздар мен дастандарда патшалар мен ханзадалардың бейнесі ерекше берілген.

Ал, ғалым Т.Кәкішев: «Қыз Жібекті іздеп келе жатқан Төлегеннің талай көшке жетіп,қыз дидары мен қылығына көз салған тұстарында терең көркемдік таным жатқанын байқауға болады. Мәселен:

*Көш алдына қараса
Бір қыз кетіп барады,
Шытырма көйлек етінде,
Нұр сәулесі бетінде,
Бұралып кетіп барады
Перінің қызы секілді.*

Бұл сиппатаудағы әсем де ажарлы суреттер эстетикалық әсер туғызатыны даусыз» [4,9].

Әдеби сынның бастауы – халық шығармашылығы. Халық мұрасын эстетикалық құндылықтарға бай. Ауыз әдебиетінің қай туындысын алсақ та, үлгі-өнеге, тәрбие құралы. Қазақ халқының эстетикалық талғамының қалыптасуына өмір сүрген ортасы, шаруашылығы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі тікелей әсер етті. Халық жиналғанда, сөзге бейім адамдар шығып, сөз өнерін кәсіп қылды. Ауыз әдебиетінде батырлар мен арулар бейнесі, тұлпарлардың шабысы – көркемдік құбылыстың бірі. Ақындар айтысының импровизация өнері, сөз өнерінің жарысы барлығы – көркем эстетика. Сыр бойында оғыздар арасында туған кобызшы, ойшыл Қорқыттың мәңгілік өмірді өнерден табуы

Профессор Т. Кәкішов Қорқыттың қазақ жерін аралауы барсында айтқан сыни көзқарастарына, Әл-Фарабидің ғылым, білім жайлы пікірлеріне, «Құтты біліктегі» терең ойларға, М. Қашқаридың қанатты сөздерге, т.б. тоқталып, сыншылдық таным-білімнің басты көзі ретінде қарастырады.

Жинақтап айтқанда, Т. Кәкішев қазақ әдеби сынының тарихын зерттеу мен қалыптастыруда ерен еңбек етті. Соның ең бастысы, қазақ әдеби сынының тарихына арналған бағдарлама мен оқулық жазуында деп білеміз. Профессор Т. Кәкішевтің сын тарихындағы, қазақ руханиятындағы орны зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кәкішев Тұрсынбек. Өнегелі өмір. – Алматы: Қазақ университеті, 2012.
2. Тұрсынбек Кәкішев. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы «Қазығұрт» баспасы, 2013.
3. Дандай Ысқақұлы. Қазақ әдеби сынының тарихы. – Қазығұрт баспасы, 2011.
4. Тұрсынбек Кәкішов. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы, Санат 1994.
5. Қазақ әдебиеті, № 43 (3573) 20-26 қазан, 2017ж.

АЛАШ ЖӘНЕ Т.КӘКІШҰЛЫ

Таскалиева Жұлдыз Тлекқызы

5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3 курс студенті
taskalieva2016@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: Р.Тұрысбек

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақ тілі мен әдебиет кафедрасының ф.ғ.д, профессор
Астана қаласы

Аңдатпа. Қазақ елінің тарихында өзіндік орны, сан ғасырлық тарихы бар, өткеніміз бен келешек ғұмырымыздың темірқазағы іспеттес Алаш қозғалысы, Алаш автономиясын зерттеген Т.Кәкішевтің ғылым-зерттеуіне шолу

Түйін сөздер. Т.Кәкішев, Мағжан мен Сәкен, алыптар тобы

Алаш әлемі кең ұғым. Тарихымызда да, әдебиетімізде де Алашқа қатысты деректер, материалдар жиынтығы көптеп кездеседі. Оның ұлттық тарихымыз бен әдебиет әлемінде алар орнын ғылыми тұрғыда біршама қарастырған профессор Тұрсынбек Кәкішевтің зерттеу еңбектерінің айрықша мәні бар. Бұл ретте әдеби сынның тарихының бастап, «Садақ» журналы, ақтаңдақтар тарихына қатысты алуан ізденістері, көзқарастары көп жайларды аңғартады. Әсіресе, «Мағжан мен Сәкен» атты ғылыми эссесі белгілі ақындардың адами қарым-қатынасынан бастап ақындық өнері, өзіндік ой-тұжырымдары, ізденістері айрықша назар аударуды қажет етеді. Бұдан басқа ұлттық әдебиеттанудағы әдеби сын тарихын жүйелеудегі әдеби ағымдар мен көркемдік ізденістері ұлтқа қызмет етудің жаңаша, тамаша үлгісі.

Профессор Тұрсынбек Кәкішұлының Алаш әлемі мен оның даму тарихын, әр қилы кезеңдерін – «Мағжан мен Сәкен» атты ғылыми эссесінен айқын аңғарамыз. «Зиялы қауымсыз жүрер жолымыз даңғыл бола алмайды. Зиялысы келіспей ел оңбайды. Сондықтан бүгінгі қазақ зиялылары өзіне заман жүктеп отырған ұлы міндетті яғни елдің тәрбиешісі, ұрпақтың ағартушысы, ұлттың жоқшысы, қамқоры халықтың жетекшісі, келешектің барлаушысы парызын орындауы тиіс» [4,56] деп, қиын-қыстау замандағы ел жүгін алаш азаматтарына арқалатқанын көреміз.

Қазақ елінің тарихында өзіндік орны ғана емес, сан ғасырлық тарихы бар тағылымы зор, өткеніміз бен келешек ғұмырымыздың темірқазағы іспеттес Алаш қозғалысы, Алаш автономиясы әлі де сан қырынан талқылайтын тың тақырып.

Замана ыңғайы жұтаң уақыт қазақ ел бола ма, болмай ма деген сауал талқыға түскен жиырмасыншы ғасырдың басында елдің қызырындай болып дүниеге келген Алаш идеясын уағыздаушы әрі жүзеге асырушы қайраткерлердің ұлт ісіне ерте есейген есті сана, жалындап тұрған жастық жігермен кіріскендіктері алдыңғы кезекте көрініс береді... Басында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов сынды жол сілтер Алаш көсемдері тұрған алыптар шоғырына абыройлы ісіне тың серпін, жаңа тыныс берген жас шамасы жиырма – жиырма бес пен отыздың арғы-бергі жағы еді [2,20].

Профессор Тұрсынбек Кәкішұлының әдеби-ғылыми Һәм шығармашық ізденісі мен зерттеу еңбектерінің дені – Алаш мұраты мен мирастарын ардақтап, «Алыптар тобын» мадақ еткенін айқын аңғарар едік. Еңбек ері, көрнекті қаламгер Ғ.Мүсірепов: «*Алыптар тобы деп Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқановтар тобын санаймын. Осылар бір мезгілде әдебиет майданында шарықтап шыққан, қай жерде болса да, әрқайсысы революцияға үн қосқан, революциямен бірге көтерілген, сол кездегі ең алғашқы үлкен топ – атақты жазушылардың мен шәкіртімін*» [5,93] дегенін еске түсірсек, бұдан сөз жоқ XX ғасырдың тұтас табиғаты, ұлт руханиятының даму үдерістері алдымызға келеді. Әдебиет тарихындағы орындары, ұлт руханиятына қосқан сүбелі үлестері, аға ұрпақтың үлгі – өнеге алып, бірнеше буынның өсіп-өсеюі де еске түседі. Күрделі кезең көріністері мен қайраткер-қаламгерлері хақында профессор Т.Кәкішұлы көзқарастарының да негізі бары анық: – «Азаттықтың тұма бастауында Алашорда көсемдері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, тұраншыл тұлғалар Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышбайұлы тұр. Сонымен бірге түрікшіл, әлеуметшіл Тұрар Рысқұлов пен Сәкен Сейфуллиндер де аз еңбек сіңірген жоқ, бұл күрескерлердің барлығы да ұлт үшін Күлтегінше айтқанда «қара терін ағызғандар, қызыл қанын төккендер!» Бұл қайраткерлердің азаттық үшін арпалысқан соқпағы соқтықпалы, жолы бұралаң, асар асу тайғақ Һәм тар болды. Бірақ солардың сол секілді ірі қайраткерлердің сан ғасырлық күресінің арқасында азаттыққа даңғыл жол қаланды, тұманда адаспайтын тұрғы белгіленді, бүгінгі ұрпақ кешегі көрмек толқынның жемісін жеп, әлемнің геосаяси картасында Қазақстанның алып даласын қаламмен сызды, қыран рәмізделген көк туды бүтін жаһанға мәшһүр етті» [1.311].

Т.Кәкішұлының еңбектері арасында «Алыптар тобының» бел ортасында аталатын Сәкен Сейфуллин мен Сәбит Мұқановтың өмірі мен ортасы кезеңі мен қызметі шығармашылық мұрасы туралы айтып – жазғандары айрықша назар аударуды қажет етеді. Мәселен, Сәкен «Сейфуллин қазақтың мәдениетті, өркениетті елдер қатарына қосуды армандаған тұлға», «Шымырқанған шындық» сынды көлемді мақалалары Сәкен Сейфуллин мен Сәбит Мұқановтың адамдық-азаматтық тұлғаларын, қайраткерлік-қаламгерлік қырларын өмір, уақыт шындықтары тұрғысынан таразылап, ұлт руханиятындағы орнын көрсетіп, артық-кем тұстарын айқындап, ортақ мұрат жолындағы жанкешті еңбектерін, әрекет қимылдарын көзқарасын кең көлемде қарастырады.

С.Сейфуллиннің өмірі мен өнерпаздығының белесті тұстары, қазақ-орыс тіліндегі туындылары, әдеби-сын зерттеу еңбектері, негізгі және қосымша әдебиеттермен қоса берілген.

«Мағжан мен Сәкен» атты ғылыми эссе қазақ әдебиетінің танымал тұлғалары – Мағжан мен Сәкеннің қарым-қатынасына, адами-ақындық немесе пенделік көріністеріне құрылған. Алаш әлемі мен мұраты, кеңестік кезең құбылысы, қоғамдық әлеуметтік ахуал, мәдени рухани арналар, ұлттық сөз өнерінің жалпы мәселелері әдеби-тарихи Һәм мұрағаттық материалдар арқылы дәлелді деректермен баяндалады. [3,74]

Жинақтап айтқанда, профессор Тұрсынбек Кәкішевтің Алаш әлемі, тарихы мен тағылымы туралы ізденістері, әдеби ғылым бағытындағы еңбектері, қалыптасқан көзқарастары, іргелі ізденістерді айқын аңғартады. Ол әсіресе «Мағжан мен Сәкен» атты ғылыми эссесінен, басқа да монографиялық еңбектерінен орын алады. Бастысы Алаш мұраттары, тарихы мен тағылымы кең көлемде көрініс береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кәкішев Тұрсынбек Өнегелі өмір – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 369 б.
2. Болатбек Төлепберген Мәңгі жас – Алаш идеясы: Публистикалық зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: «Алматы баспа үйі», 2008. – 304 бет.
3. Кәкішев Тұрсынбек Мағжан-Сәкен: ғылыми эссе / Т.Кәкішұлы. – Астана: Фолиант, 2016. – 376 бет.
4. Тұғыры биік, тұлғалы Тұрсынбек (мақалалар, пікірлер, арнаулар). – Көкшетау, 2007ж. – 95б.
5. Қазақ әдебиеті, № 43 (3573) 20-26 қазан, 2017ж.

ПРОФЕССОР Т.КӘКІШҰЛЫ ЖӘНЕ «ТАР ЖОЛ ТАЙҒАҚ КЕШУДІҢ» ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАРИХЫ

Сейтмұрат Айгерім Мәлсқызы

5B020500 – «филология: қазақ тілі» мамандығының 3 курс студенті

Aigerim.seitmurat@mail.ru

Ғылыми жетекші: Р.С.Тұрысбек, ф.ғ.д., профессор, Еуразия ұлттық университеті, «қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасы, Астана қаласы

Аңдатпа: Профессор Т.Кәкішұлы еңбектерінің арасында шығармашылық үдеріске қатысты да туындылары көптеп саналады. Сондай еңбектердің қатарында «Тар жол, тайғақ кешу» зерттеуі де бар. Аталған еңбек әдебиет пен тарих беттерінде әртүрлі пікірлерге ие болды, бағаланды.

Түйін сөздер: тарих, тар жол тайғақ кешу, сын

Тарих төрінен орын алған Сәкен Сейфуллиннің ағынан жарылып «Тар жол тайғақ кешудің» бейнесін ашып, келер ұрпаққа өткен кезеңнің ащы шындығын жазып қалдыруы ұлы іс болса, ұлыларымыздың мұрасын ардақтап, оны зерттеп, тарих сахнасында жаңғыруына үлкен үлес қосқан Тұрсынбек Кәкішұлы сынды ғылым қайраткерінің орны бір бөлек. Сәкентанушы Тұрсынбек Кәкішұлының «Аңыз адам» журналының №10 санында берген сұхбатында: «1944 жылы Алматыда қазақтың үлкен әншісі Қосымжан Бабақовтың үйінде тұрдым. Сол кезде Қосымжан аға маған латын алфавитіндегі Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешуін» оқытқызған еді. Кітаптың не алғы беттері, не артқы беттері жоқ, авторыда белгісіз. Ол кезде Сәкеннің атын атауға болмайтын еді. Кейіннен Сәкен ақталғаннан кейін оның шығармашылығы туралы жазып, Сәкенге қатысты деректерді жинайтын экспедициялар ұйымдастырған Е.Ысмайыловтың шәкірті болып, сол экспедицияны басқардым. Сол жұмыс барысында-ақ, Сәкенді зерттеп, насихаттау керек деген ойға келіп, жұмысты бастап кеттім» - дейді.

Ғалымның Сәкен Сейфуллинді зерттеуіне түрткі болған «Тар жол, тайғақ кешу» тарихы деген ой келеді. Оған дәлел зерттеушінің берген сұхбатында «Тар жол тайғақ кешумен» танысқаннан кейін Сәкеннің өмірі мен шығармашылық жолын зерттеуге көшуі.

С.Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы тығыз байланысты. Шығармашылығындағы ірі еңбектерінің бірі – «Тар жол, тайғақ кешу». Бұл еңбектің құндылығы – оқырманға шындықты шынайы түрде жеткізуінде. «Қазақты қазақ дейік, қатені түзейік», - деген жазушының тар жол, тайғақ кешуінің тарихы мен тағдыры қалай болды?

Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссесінің алғашқы идеясы «Ғабдолда тірі екен» деген 1920 жылы жазылған мақаласынан бастау алып, 1922 жылғы «Октябрь төңкерісінің құрбандары» естелігімен жалғасты. Күншығыста партизан қатарында болған Абдолла Асылбековты, төңкеріс кезінде құрбан болған Шаймерден Әлжанұлы, Бәкен Серікбайұлы, Ысқақ Көбекұлы, Әділбек Майкөтұлы, Нұрғайын Бекмұхамбетұлы, Хәкім Маназарұлы, Нұрғали Қожанұлы, Амангелді Иманұлы, тағы басқаларды атай келіп, Бәкен Серікбайұлының Колчак түрмесінде хал үстінде жатып Сәкенге: «Біз өлсек те сен тірі қалсаң жақсы болар еді. Сен газетке, кітапқа жазып, біздің не үшін, кім үшін өлгенімізді айтар едің», — дегені есіне түскені және «Ардақты, естен кетпес жолдастар! Сендер өздерің өлсеңдер де қасиетті есімдерің өлмес! Қасиетті тілектерің өлмес! Ендігі тірі жүрген жолдастардың міндеті осы айтылған шаһиттердің есімдерін ұмытылмайтын қылу. Ол үшін Қазақстанда кейбір школаға, мектеп, медреселерге, оқуханаларға, көшелерге осы айтылған ерлердің есімдерін қою керек. Бұған күллі Қазақстандағы жолдастар кірісуі керек. Сөйтсек біздің мойнымыздағы борыш, жолдастық ақталады», — деп жазып, оны орындауға кіріскен болатын. 1923-24-26 жылдары «Қызыл Қазақстан» журналының бірнеше сандарында «Тар жол, тайғақ кешудің» үзінділері жарияланды. Қолға қару орнына қалам ұстауға мүмкіндік туғанда орындай бастаған алғашқы азаматтық парыздарының бірі, яғни роман-эссені жазуының бірінші себебі осы еді.

Жазушы «Тар жол тайғақ кешу» романының «Беташар» бөлімінде: «Бұл кітапқа «Қызыл Қазақстанда» жазылған мақалаларымның «Тар жол тайғақ кешу» деген атын қойдым. «Ұлы өзгеріс», «Ұлы өткел», «Ұлы асу» деген аттар ойыма келіп еді. Көзбен көргендерім кітапта көбірек айтылған соң, «Тар жол тайғақ кешу» деген атты лайықтырақ таптым. Бұл атты, жалпы, суретті мағынада алдым. Газеттерден мағлұматтар көп кірді. Бірақ «Бірлік туы», «Жас азаматтар», «Үш жүз», «Тіршілік» газеттерінің керекті номерлері қолыма түспеді. Өйткені мен бұл кітаптың көп жерлері тарихи мағлұмат болуға жарар деп білдім» - деген екен.

Алайда, бұл еңбек сынға ұшыраған болатын. «Еңбекші қазақ» газетінің 296-шы санында Төреқұлов Нәзірдің «Тар жол тайғақ кешу туралы бір-екі сөз» деген мақаласы басылды. Төреқұлов Қонақтарына су әкеп берген Қожанасырдың мысқылын менің алдыма тартады. «Бұл суға пәлен қосса, түген қосса, пәле қылса, түген қылса, сонда «дегенбай» палау болар еді деп айтқан екен Қожанасыр» - дейді. Сәкеннің «Тар жол тайғақ кешуі де сондай», - дейді. [1, 631-637]

Сәкен Сейфуллиннің өмір жолы мен қоғамдық-саяси қызметі, париялық наным-сенімі мен азаматтық көзқарасы хақында әркім әр түрлі пікірде. Алайда, бұндай сықылды пікірлер ештеңенің өлшемі емес, бастысы ақын шығармашылығын оқырманы біледі, оқиды, жыл сайын ардақталып жатады. Бірақ, бұл жердегі айтпағымыз – «Тар жол, тайғақ кешу» романының әр жылдары шыққан нұсқалары. Бұл романның тарихи шындығы жайында сәкентанушы ғалымдар Тұрсынбек Кәкішұлы мен Күләш Садыққызы көп ізденіп, арнайы еңбек жазды. Осы орайда профессор Т.Кәкішұлының мына пікірін мысалға алсақ: «XX ғасыр басындағы тарихи оқиғалардың энциклопедиялық анықтамасы болған роман-эссенің тарих пен әдебиеттің бел қайыстырар ауыр жүгін қосарлай арқалауы, құйынды да дауылды, шапағатты да қасіретті кезеңнің шежіресін жасап беруі Сәкен үшін ғана емес, бүкіл «әдебиетіміз үшін орасан олжа. Өйткені ұлтымыздың тағдыры тәлкекке түскен 1916 жыл зобалаңының, 1917 жыл елді қаңсыратқан төңкерістің басы қасында қазақтың ойы толғамды, тілі өткір қаламы жүйрік сөз зергерлері аз болған жоқ. Алайда солардың ішінен шынға шыққан шынардай тек Сәкеннің ғана «Тар жол тайғақ кешуді» жазуы, бірінші уақыт талабы болса, екінші автордың қаһарман батылдығын, ұрпақ алдындағы адалдығын, әлеуметтік парызын мықтап сезгенін аңғартатыны сөзсіз» дейді. Яғни, бұл сөзден шығар түйін мынау – Сәкеннің аталмыш романында «Алашорда» ұлттық-территориялық автономиясының құрылуы және оның бағыт-бағдары жайында жазылған тұңғыш тарихи дерек осы. Алашорда ісін қарастырар болсақ, бірінші болып Сәкеннің осы романын қолға аламыз. Себебі: Т.Кәкішұлының тәмсіліне салып айтсақ, роман – XX ғасырдың энциклопедиялық анықтамасы. Бүгінгі күні біз біле бермейтін көптеген Алаш қайраткерлерімен идеялас, ниеттес болған азаматтардың есімі мен бостандық жолындағы атқарған қызметін осы романнан кездестіруге болады. Өлі де болса алаш қозғалысындағы белгісіз оқиғалар мен қозғалысқа белсене атсалысқан азаматтар жайында тың мәліметті осы роман аясынан іздеуге болады.

Тар жол, тайғақ кешу Т.Кәкішұлы мен К.Садыққызы «Тар жол, тайғақ кешу» жайындағы «Тар жол, тайғақ кешудің» тағдыры» атты зерттеу еңбектерінде романның түпнұсқасы мен әр жылғы шығарылымы жайында және ондағы өзгешеліктер мәселесі туралы оң пікірлерін айтқан. Мәселен, К.Ахмет: «Өмірдің талай тар жол, тайғақ кешулерінде» Сәкен Сейфуллин «Алаш» азаматтарының ешқайсысында жамандыққа қиған емес. Сотына қатысқан емес. Бұған оның «Тар жол, тайғақ кешу» романы (1927), сәкентанушы ғалымдардың ғылыми-зерттеу еңбектері нақты дәлел бола алмақ. Қаншама жан түршігерлік азапты бастан өткерген Сәкен еш уақытта ешкімді ашық та, бұғып та көрсетпеген» деп зобалаң жылдардың ақиқатын айтады.[2]

Тарих әр қайраткерге өз бағасын береді дегенде әр кезеңде айтылған, жазылған ой-пікірлер ескерілетінін естен шығармайық. Әр пенденің көкейінде әр қилы пікір болғанымен, айтылар кезі, сәті және айтар адамы болмақ. Сол менмін деп өрекпу, әрине дұрыс емес, ал менен басқа біреу болуға тиіс дегенге сеніп қалу орынсыз. Хан айтқанды қара да айтады, бірақ аузының дуасы жоқ демей, өтпелі кезеңдегі аумалы төкпелі көңіл - күй тұсында ағынан жарылып айтқанның әбестігі жоқ [3,210]

Қорыта айтқанда, «Профессор Т.Кәкішұлы және «Тар жол, тайғақ кешудің» шығармашылық тарихына қатысты еңбектері ғылыми мәнімен, біліми тереңдігімен, деректік сипатымен құнды болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. - Алматы: Жазушы. - 1988, - 448 б.
2. Дереккөз: Qasym.kz
3. Кәкішов.Т. Көптомдық шығармалар жинағы.-Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2010.-464 б.

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ КЕЙІПКЕР СӨЗІ

Айдана Сәрсенқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

5B011700 - « Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3-курс студенті

aidana.munalbaeva@mail.ru

Ғылыми жетекші Серғазы: Лилия Аманбйқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының доценті,

филология ғылымдарының кандидаты

Астана

Аңдатпа: Көркем әдебиеттегі кейіпкер сөзі - көркем образ жасауда рөлі мен маңызы сөз өнеріндегі өзге тәсілдерден ерекше, қолданыс аясы тіптен бөлек, көтерер жүгі де аса ауыр көркемдік құралдың бірі. Шығарма құрылымы, автордың мақсаты мен стиліне байланысты кейіпкер сөзінің қызметі мен қолданылуы әр түрлі болып келеді. Мақалада жазушысы, ақын, драматург Бейімбет Майлиннің әңгімелеріндегі диалог түріндегі кейіпкер сөзі талданады. Бейімбет Майлин өз әңгімелерінде шындық өмірдің қыр-сырын танытуда диалог түрінде келетін кейіпкер сөзін бірде шығарма оқиғасын дамытуға қызмет ететін сюжеттік-композициялық тұрғыдан, енді бірде кейіпкер характерін ашу, образ сомдау, сондай-ақ жазушы идеясын, позициясын анықтау тәрізді т.б. авторлық мақсатты жүзеге асыру тұрғысынан ұтқыр пайдаланады. Аталған мәселеге қатысты жазушы шеберлігі мақалада нақты мысалдармен дәлелденеді.

Түйін сөздер: көркемдік тәсіл, диалог, кейіпкер, жазушы шеб

Көркем шығармадағы кейіпкер сөзі монолог немесе диалог түрінде көрініс табады. Бұл, негізінен, шығарма құрылымы, жазушының мақсаты мен жазу стиліне байланысты болады. Монолог пен диалогтың басты айырмашылығы мынада: монолог - «кейіпкердің өзімен-өзі сырласқандай, ойланып-толғанғандай болып айтатын сөзі» [1, 142], Монологта тыңдаушының жауап қайыруы талап етілмейді, ал диалог - екі не одан да көп адамның өзара қарым-қатынас, тілдесу құралы.

«Әдебиеттану терминдер сөздігінде» диалогқа төмендегідей анықтама берілген: «Диалог, сөйлестіру (грекше - dialogos) - әдеби шығармада екі кейіпкердің немесе бірнеше адамның сөйлесуі, оларды сөйлестіру тәсілі... Диалог кейіпкерді жай бірінен кейін бірін сөйлете беру емес, ол сөйлесетін адамдардың қарым-қатынасының қалай шиеленісіп, қалай өзгеріп, өрістеп отыратынына сәйкес беріледі. Және бір кейіпкердің айтқан сөзі екінші

кейіпкердің айтатын сөзіне түрткі болып, келесі сөйлеуші жауап қайыра сөйлейді. Әрбір мағынасы жағынан тиянақты диалог кейіпкердің мінез-құлқын тағы бір қырынан ашып көрсетіп, олардың қарым-қатынасының бұрынғы қалпынан өзгеріп, жаңа бір сатыға көтерілгенін танытады...» [1,79].

Бейімбет Майлиннің « Аштық құрбаны» әңгімесіндегі оқиға желісі қақаған қыс мезгілінің қарлы боранын суреттеуден және Қайрақбай мен оның бәйбішесі арасындағы диалогтан басталады.

«- Қатын-ай, үй құрғыр азынап кетті ғой, тағы бірдеңе тауып жағасың ба!.. - деді Қайрақбай...

- Қайтейін, байғұс, отқа жағатын не қалды дейсің, лапастың төбесін әлдеқашан жағып бітірдік. Қар астында қалған азын-аулақ саңылтырын Дәмеш екеуміз әлгіде қазып алып жақтық.

...Шырынкүл шын налыды.

- Құдай-ай, жоқшылықтың да шегі болмайды екен ғой! Қара судан басқа ішетін бір ұрттам тамақ жоқ. Екі күннен бері дым татпай, жүрек қарайып отырғаны мынау! Мұның ар жағында не болмақшы? Не қыламыз? Немен күн көреміз?

Көзінен бүртік-бүртік жасы ыршып шығып, бетін жуып сала берді» [3,151].

От көсеп отырған үй иесі әйелінің күйікке толы сөзінен осы үйдің жай-күйі білініп, жоғарыдағы анықтамада айтылғандай, әңгіменің әрі қарай не жайында өрбитіні де бірсыпыра белгілі болады. Бір үзім нанға зар боп отырған отбасының қыстық күн көрісі бәйбішенің екі ауыз сөзінен танылып, алдағы бар ауыр қайғының иесі жас Дәмештің де аты аталып өтеді. Бұл шығармада кейіпкер сөзі композициялық қызмет атқарады, яғни әңгіме сюжеті, негізінен, диалог арқылы өрістеп отырады.

«- Қалқам Дәмеш!

- Ау, әже!

- Сен білесің бе, бізге өлімнен құтылатын бір жол табылып отыр ғой...

- Әжетай айтшы! Қолдан келетін іс болса, құтылып бағайын. Тым болмаса зіміз құтыла алмасақ, Таңсықты құтқарайық!..

- Оны істесек бәріміз де өлімнен құтыламыз.

- Айтшы, әжетай, айтшы!» [3, 153].

Шығарма сюжетінің дамуы осы үзіндіден көрініс тапқан. Мұндағы әжесі сөз еткелі отырған «жалғыз жол» - былтыр күйеуі өлген қызы Дәмешті әменгерлікпен қайнағасына сату еді. Тағы да диалог сюжеттік байланыс элементі міндетін атқарып тұр: әжесі қызына «ортамыздан сені құрбан қылғалы отырмыз», «сені сатқалы отырмыз» дегенді өз аузымен айтып отыр. Енді сюжеттің шарықтау шегіне келейік. Сатылу жайына байланысты өз үйінің осынау бейшара, жүдеу кейпін көріп, ең болмаса бауырын аштық ажалынан алып қалуды армандаған жас қыздың жауабы мынадай болады:

«- Әжетай, мен шынымен пұл болам ба? Мен пұл болып, әжеттеріңе жарасам, сендерді өлімнен алып қалатын болсам, мың жаным болса да қидым, мен садаға?

- Рас айтасың ба, қалқам?!

- Рас айтам, әже, мен құрбандыққа әзір!

- Ендеше сені Тілеумағамбет тоқалдыққа сұрап отыр. Мал бермейді, үй ішімізді қыстан асырап қана шығады.

Дәмештің жүрегі мұздай боп, тұла бойы қалтырап қоя берді.

- *Тілеумағамбет!» [3, 153].*

Бастапқыда неге де болса құрбан болуға даяр Дәмештің өзін алғалы отырған кісінің есімін естігенде сонша таңырқап, атын үрке әрі шошына қайталағаны оқыс бір жайттан хабар береді. Әжесінің сөзінен аталмыш кісінің бір қыры танылып, сюжеттің шарықтау шегіне жеткен, оқырман көңіл-күйінің де ең бір ширыға түскен сәті осы болады. Үрімдей қызды тоқалдыққа ала отыра, оның үй-ішін бір қыстан асырап шығуды өз тарапынан орасан көмек деп сезінетін бұл кісі жасы алпысты алқымдаған кәрі шал еді. Әжесі қайтара сұрағанда Дәмештің бар айтқаны:

«- Көндім, әже, көндім! Сендер үшін, жас нәресте Таңсық үшін бір түгіл мың басым болса да, қидым... Мен-құрбан! Мен-аштықтың құрбаны!..» [3,154].

Сюжет шешімі осылай түйінделсе керек-ті. Бірақ әңгіме мұнымен бітіп қалмайды. Жазушы өз кейіпкеріне, оқырман үмітіне қиянат жасамайын дегендей, шығарма соңынан «Дәмеш хаты» деп, оқиғаның немен аяқталғанын бөлек монолог түрінде келтіреді.

Кейіпкер сөзінің тек компазициялық қызмет қана атқармай, ең әуелі, образ жасау, кейіпкер мінезін таныту қызметін де қатар алып тұрғанын айта кету керек. Бұл орайда Р.Сыздықованың берген анықтамасын келтіре кетсек: «Кейіпкерді жазушы әдетте өз заманының немесе өмір сүрген кезеңінің тілімен сөйлетеді, сондай-ақ кейіпкер өзінің мінезіне, алған тәрбиесіне, өскен ортасына сай сөйлеуі қажет... Кейіпкер сөзі оның бейнесін жасауға тікелей қызмет ететін көркемдік тәсілдердің бірі болып саналады» [2, 38].

Бейімбет Майлин «Желдібай Жындыбаев» атты әңгімесінде ел ішінде толып жатқан бастықсымақтардың типтік образы «Товарыш Жындыбаевтің» бейнесін дәлме-дәл, нанымды етіп көрсетеді.

«- Менің командировкаға шыққаным жалғыз бұл емес, талай тығыз науқадарды да дүрілдетіп орындап шыққан көкеңмін, нақа болмай бара жатса мәселені қабырғасынан қойып жіберуден де тайынбаймыз, - деп, Желдібай өкілдің қолын ұстап, қысып-қысып қойғанда, өкілдің қолын сындырып жібере жаздады...» [3, 179].

Оқиға басталмай жатып бірінші сөйлегенінен-ақ Желдібай Жындыбаевтің мақтансүйгіш әрі өзіне тым сенімді адам екендігін тани алғандаймыз. Өкілдің «серьезный» деп беріп тұрған тапсырмасы - науқан ісіне немқұрайлы қарағаны ма, әлде, расымен, қолынан талай іс келер ептілігінен бе, бір ауыз құрғақ сөзбен бәрін жайлап-жайғасытырып тастауға үлгерді. «Товарыш Жындыбаевтың» образы келесі бір диалог тұсында ашыла түсіп, шынайы бейнесі айқын көріне бастайды. Есіл-дерті қызда болып, құмартып отырғанда, оның әкесі атын бермей қойғанын ести сала соның үйіне жүгіре басып, жетіп барғанда айтқан сөзі.

«Екпінімен кірген Желдібайға үй иесі де, қыз да қарай қалды...»

- *Отағасы, атыңызды неге бермедіңіз? Менің кім екенімді білмедіңіз бе? Мен Жындыбаевпын! Мына мандатпен таныс болыңыз, - деп кенеп дорбадан бүктеулі қағазды суырып алып, үй иесі Ыбырай отағасының алдына тарта берді. Ыбырай сасып, дастарқаннан кейін шегініп кетті...*

- *Шырағым, нәлөк төлеу үшін қалаға апарып астық сатқалы отыр едім.*

- *Сөзді қой, нәлөгіңді артынан төлей жатарсың. Мен қызу науқанмен жүрмін, менің науқаным бөгеу істесең, пүртекездеп, «Темірқан шораға» айдауға да құдіретім келеді, - деп, үй иесі Ыбырайға Желдібай бүркітше түйлікті» [3, 181].*

Еңбектеген баладан белі иілген қарттарға дейін өзін тануын міндетті деп санайтын, көрінген жерде *«Мен Жындыбаевпын!»* деп шіреніп, қолына ұстаған ала қағаз, пүртәкөл дегендермен хат танымайтын қара халықты қорқытып, әмірін орындатуға құштар жан екен ол. Сонымен қоймай, асқа қомағай, өте жауапсыз, өзгені менсінбейтін кісі. Бұл мінезі келесі сөздерінен ашыла түседі:

«...жиылысқа барудың орнына Желдібай қонақасы іздеді.

- *Ауылнай дегендер епті келуші еді, сен нағыз бала екенсің. Үкімет жұмысын ашығып жүріп істесін деген заңды еш жерде көргеміз жоқ, түстеніп алып барсақ та болады, - деді...*

Желдібай бесін кезінде аттанды. Ауылнай алдына әкеліп атты ұстағанда, үзеңгіге аяғын сала беріп, Желдібай тәлтіректен құлап кете жаздады.

- *Әй, ауылнай, қымызды көп беріп жіберген екенсің, - деп өз-өзінен жырқылдап күлді» [3, 182].*

Сөйткен Желдібай ақыр соңы жолсыз істері үшін сотталып, түрмеге жабылыпты. «Товарыш Жындыбаев» «төренің» ел ішіндегі орны мен абыройсыз ісінің ақырын да жазушы көптің тіліне салып, шебер жеткізеді:

«Жұрт біріне-бірі қарап күңкілдесін:

- *«Жындыбаев» десе, Жындыбаев екен!, - десті...» [3, 183].*

Сонымен, көркем диалог дегеніміз - шығарма кейіпкерлерінің жай ғана өзара әңгімесі емес, шығарманың мазмұнын ашуға, автор идеясын жеткізуге, образ сомдауға тікелей қызмет ететін көркемдік құрал. Ал көркем әдебиеттің өзі шындық өмірдің қыр-сырын бейнелейтін туынды болғандықтан, көркем шығармада сол табиғи өмірдің тұрақты элементі - диалогтың кеңінен қолданылуы заңды құбылыс деп есептеуге болады.

Б.Майлин өз әңгімелерінің көркемдігі мен өміршендігін арттыру мақсатында, аталып өткендей, диалог түріндегі кейіпкер сөзін бірде сюжеттік-композициялық тұрғыдан, енді бірде кейіпкер характерін ашу, сондай-ақ жазушы идеясын, позициясын анықтау тәрізді авторлық мақсатты жүзеге асыру тұрғысынан ұтқыр пайдалана білген.

Пайдаланылған әдебиетер тізімі:

- 1.Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. - Алматы, 1996
- 2.Р.Сыздыкова. Сөз құдіреті. - Алматы, 2014.
- 3.Б.Майлин. Шұғаның белгісі. - Алматы, 2013.

ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫНЫҢ «МАҒЖАН-СӘКЕН» МОНОГРАФИЯСЫНДАҒЫ ТҰЛҒАТАНУ МӘСЕЛЕСІ

Ерназ Өмірбекұлы Дүриханов

5B020500 – «Филология: қазақ тілі» мамандығының 3-курс студенті

Ernaz_9707@mail.ru

Ғылыми жетекші: Дәулеткерей Кәпұлы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

Қазақ әдебиеті кафедрасының

аға оқытушысы

Астана қаласы

Андатпа: Бұл мақалада профессор Т.Кәкішұлының «Мағжан-Сәкен» монографиясындағы қарастылған мәселелер жөнінде айтылады. Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар С.Сейфуллин мен М.Жұмабаев туралы деректерді жинақтап, тұлғатану мәселесіне тоқталады.

Түйін сөздер: тарих, әдебиет, тұлғатану, шығарма, өмірбаян

Тарихтың қатпарлары біздің халықты қанша сынға салса да, мың өліп, мың тіріліп Тұранның заңды мұрагері екендігімізді дәлелдеп келеміз. Сонау ерте заманнан бастап сақ, ғұн, үйсін бері тартқанда Ұлы Түркі қағанаты, кейіннен Керей мен Жәнібек хандар құрған Қазақ хандығы міне енді алты құрлық танитын ел болып отырмыз. Еркіндік үшін күресіп сол бұралаң соқпақта халқының қамын жеп басын берген бөріктілеріміз көп. Сол тұлғалардың салған ізін, көрсеткен жолдарын тұлғатану ілімі барынша айқындап бермек. Кейде пендешілікпен біреуді алалап, біреуді мақтап жатамыз. Бірақ шындыққа тура қарау керек!

Қазіргі қазақ ғылымында тұлғатану мәселесі біраз қайшылыққа толы. Соның ішінде Алаш тұлғаларының келбетін анықтауда бір-біріне қарсы қоюшылық көп. Соның бір мысалы ғалымдар арасындағы Мағжан мен Сәкен айналасындағы дау. Ғалымдардың бір тобы Сәкенді жақтаса бір тобы Мағжанды даралап көрсетеді. Не десек те, Мағжан да, Сәкен де қазақтың биік тұлғалары. Осы арада сөзім айқын болу үшін Тұрсынбек Кәкішұлының «Мағжан-Сәкен» еңбегін алға тартқым келеді. Екі тұлға арасындағы қарым-қатынасты айқындап, екеуін де бізге анық көрсетіп берген үлкен еңбек. Ең әуелі ғалым монографиясын былай бастайды: «Жан-жаққа көз салсақ, мен әуелі Сәкенді ауызға алуға тиіспін ғой. Күні бүгінге дейін оған шаң жұқтырмауға талаптанып, тұмсықтыға шоқытпақ түгілі, ала көзбен қарамаса екен деген тілекпен келе жатқаным аруақ құдайға аян.

Ал осы жолы Мағжаннан бастауымның бірнеше себебі бар. Біріншіден, Мағжан Сәкеннен бір жас үлкен, ит көйлекті бұрын тоздырғанға жол беретін ата дәстүріміз. Екіншіден, өмір тауқыметін ақындар ішінде Мағжан көбірек тартты. Оның «Алқа» деген әдеби ұйым құрмақ болып, платформасын 16-данамен таратуы алаш азаматтарының контрреволюциялық бағдарламасы болып саналып, 1929-1936 аралығында жеті жылды Беломорканалды қазумен өткізгені аз азап емес. Рас, Сәкен атаман Анненковтың ажал вагонында екі,

Колчактың түрмесінде жеті, бар-жоғы тоғыз ай қорлық зорлықты көргенін жеті жылмен теңдестірмек емеспін. Ал, 1937 жылдың зұлматына қайтадан кездесіп, атылып кетулері бүкіл қазақ еліне келген қияметтің үлкені болғанына ешкім күдіктене қоймас.

Үшіншіден, мұны айтпасам менің кейінгі ой-пікірлеріме сенбес деген қауіппен емес, Сәкен кеңес әдебиетінің негізін салып, серкесініп, жүрген шағында өзінің жан досы Сәбит Мұқанов 1932 жылдың өзінде: «Мағжан, әрине, қазақтың күшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейінгі тіл өнегесінде Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ» (С. Мұқанұлы. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. I бөлім, ұлтшылдық, байшылық дәуір. – Қазақстан баспасы, 1932. – 283-бет) дегенін ешкім жоққа шығарған емес. Демек, Мағжанның ақындық жағынан да ағалығы бар». [1,7] Бұлай бастауының да өте үлкен мәні бар. Сәкенді осынша жақсы көріп, осынша жақтаған ғалымның Мағжаннан бастауы еңбектің тек екеуінің пенделік қарым-қатынасы ғана емес өнер жағынан да бәсекелестіктің алды Мағжандікі екендігін бағалауы. Бірақ, бұл Тұрсынбек атамыздың тек Мағжан ғана биікте тұр дегені емес. Онымен қатарлас Сәкеннің де барын айта отырып, екеуінің арасындағы тартыстың неден басталып немен аяқталғанын айтамын дегені. Соған орай Мағжанды зерттеген ғалымдарды көзге ілмей кету мүмкін емес. Кейде біреуді жақсы көрсек соны мақтау-мадақтаумен асыра сілтеп кетушілік байқалады. Соның бір мысалы Филология ғылымдарының докторы, профессор Шерияздан Елеукуновтің Мағжан жөніндегі жазғаны: «Қазақ әдебиетінің боз үйіне ол сәлем беріп кіріп келгенде, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанғандай, шексіз қуанышқа баттық. Сонда мардымсып жүрген әлдебіреулердің селк ете түскендері, қызарып-бозарғандары да болды. Солардың сойылын соғып, жыртысын жыртып жүрген жандайшап: «Байқас бол, ұлтшылдығын ұмытпа!» деп сұқ саусағын шошайтып, сақтандырғысы келді. Бірақ одан ештеңе өнген жоқ. Мағжанға ығысып, төргі орындардың бірін босатуға тура келді. Өйткені Мағжанмен бірге поэзиямыздың тұтас бір өлкесі көшіп келген жоқ па?».[2,5] Боз үйге Мағжан оралғанда барша әдебиетші, тіпті барша қазақ қауымының қуанышы шексіз болғаны анық. Оның тіпті бір өлкені емес Еуропаны көшіріп әкелді десек те болады.

Қазақ әдебиетінің алыбы Мұхтар атамыз «өлеңшілерді» бірнеше жікке бөледі. Олар: сыршыл (лирик) ақындар, халықшыл(народник) ақындар және ескі өлең, жыр, тақпақтарға еліктеушілер. Сыршыл ақындардың Еуропаға еліктегенін айқындауын сөзбе-сөз ұсынсам: «Алғашқы айтылған төрт ақынның ішінде Мағжан, Ахмет, Сұлтанмахмұт бөлек. Міржақып бір бөлек. Алғашқы үшеуінде орыс ақындарына еліктегіштік бар. Еліктегіштік ақындық жолында мін емес. Пушкин мен Лермонтов өлеңінің көбінде Байронға еліктеген деп айтылады; бірақ еліктеумен олардың ақындық дәрежесі кеміген жоқ, қайта орыста оларға жеткен әлі ақын жоқ».[3,69] Мағжан сыршылдық жағынан биік тұратыны сөзсіз. Оның тек «Сүй, жан сәулем» атты өлеңінің өзі-ақ Мағжанның айрықша қолтаңбасын білдірмей ме?!

Мағжанды бәрі мойындады дедік, Сәкеннің де мойындалғандығы өтірік емес. Ал, сонда екі арыстың арасында неге от туады? Бұл мінезден бе, әлде, сол қисық замандағы солақай саясаттан ба? Неде болса бір Құдайдың жазғаны. Менің мақсатым жазылайын деп тұрған жараны қайта тырнап қанату емес, қайта оның әрмен сауығуына аз да болсын қол ұшын беру ғана.

«Мағжан-Сәкен» монографиясында Мағжанға шаң жуытқысы келмейтін Шерияздан атамның аты аталады. Еңбекте былай делінеді «Филология ғылымдарының докторы, профессор Шерияздан Елеукуновтің «Мағжан» (1995) атты монографиясында Гүлшаһра мәселесінің шет-пұшпағы бар».[1,21] Осы орайда екі алыптың арасындағы даудың бірі қыздан басталғанын мойындау керек болады. Өйткені екі ғалымның монографиясында да осы мәселенің басы ашық айтылады. Енді анығырақ болу үшін Мағжан мен Сәкеннің бейнесін екі еңбекке сүйене отыра салыстырсақ.

		Тұрсынбек Кәкішұлы «Мағжан-Сәкен»	Шерияздан Елеукунов «Мағжан»
1	Мағжанның арғы тегі	Орта жүз, Арғын, Атығай ішіндегі Өтеміс тармағынан тараған момын Шонайдың ұрпағы Жұмабайдың баласы Бекеннен туған. Шешесі Гүлсім Әмір деген саудагердің қызы.	Мағжанның арғы аталары Шонай, Өтеген, Өтеміс болып келеді. Одан әрі Атығай, Арғын.
2	Сәкеннің арғы тегі	Орта жүз, Арғын, Қуандықтың Қаратоқа руынан Мырзамбет баласы Жәнібектің сүт кенжесі Оспанның Сейфолласынан туған. Шешесі Жамал Алтайдың Алсай руындағы Тынышбай деген кісінің қызы.	-

		Тұрсынбек Кәкішұлы «Мағжан-Сәкен»	Шерияздан Елеукунов «Мағжан»
	Мағжанның мінезі	Мағжанның Сәкеннен бір жас үлкендігінің үстіне өмірден көрген-білгені едәуір мол еді. Ең алдымен Уфа мен Қызылжар сияқты қалаларда оқып,... 1912 жылы Кәрімовтар баспасынан «Шолпан» атты өлеңдер жинағын шығарып келген семинаристің көңіл-күйі біркыдыру жоғары еді. Жастыққа, оның үстіне ақынға тән мінез-қылық Мағжанда байқалмай қалу мүмкін емес.	Мағжанда «Шолпан» жинағының шығуына байланысты менмендік күшейді, ол «орынсыз омыраулауды» шығарды, «бойын биіктете» түскісі келді деушілік жалпы бұл ақынның мінезіне үйлесе қоймайтындықтан, ауыр айып қиянат.
	Сәкеннің мінезі	Оқу тәмамдау, жинақ шығарудың үстіне жасының үлкендігі мен ақындық мінезі қосарланып, жора-жолдастар арасында бойын биіктете түскісі келгені жасырын мінез емес. Бұған білім алсам болды деп жүргендер көндіге қарағанмен, балағының биті барлар, оның ішінде ешкімнен кем болмаймын деп талпынып келе жатқан Сәкен «шыдай» бермеді.	-

Бұл салыстырулар арқылы Тұрсынбек Кәкішұлының жан-жақты (Мағжанды да, Сәкенді де жете) тани білгендігі айқын да, анық көрінеді. Ал, Шерияздан Елеукуеновтің тек Мағжанды бір жақты қарастырғандығы танылады. Мағжан мен Сәкен арасындағы қарым-қатынас екі еңбекке сүйенсек те, олардың Омбыда жүрген кездерінен-ақ басталады. Әңгіменің басы Гүлшаһрадан кейіннен «Бірлік» ұйымындағы пікір қайшылығына жалғасады. Бірақ, бұл Мағжан мен Сәкеннің бір-бірімен бет көріспейтіндей өкпеде болды деу емес, қайта пенделік пейілден басталған тартыс өнер жарысына ұласты дегенді білдіреді. Мысалы, «Бірлік» ұйымындағы талқылаулар, «Балапан» атты газеттің шығуы, Мағжанның қуғында жүргенде Сәкеннің қаржылай көмек көрсетуі бәрі-бәрі екі азаматтың жаулық пиғылда болмағанының айғағы.

Мағжан мен Сәкенді келешекте зерттеу барысында Тұрсынбек Кәкішұлының «Мағжан-Сәкен» монографиясын басты назарда ұстауды, бағдар беретін құрал ретінде пайдалануды ұсынар едім. Себебі, бұл монографияда жоғарыдағы салыстыруымыз көрсеткендей тұлғаның мінез-құлық, сырт келбеті бүге-шігесіне дейін берілген. Әрине Шерияздан Елеукуеновтің де еңбегі еш деуге, тіптен жоққа шығаруға болмайды. Шерияздан Елеукуенов Мағжанды, Тұрсынбек Кәкішұлы Сәкенді жеке дара алып шыққылары келгендігі анық. Бірақ кейіннен Тұрсынбек атамyzдың монографиясы екеуінің де пенделік сипатын көрсете отырып тұлғалардың барлық қырын ашты деген ойдамын.

Тұрсынбек Кәкішұлы жайлы мына бір пікірге толық қосыламын: «Филология ғылымдарының докторы Т.Кәкішевтің зерттеу, сын мақалаларын басқаның еңбегімен еш шатастырмайсыз. Оның ақыл-ойының сіріндісі саналатын туындылары аз сөзді, терең мағыналы, фактісі мол, тың тұжырымдар жасауымен тәнті етеді. Өйткені ол архив ақтарылып, бал арасындай барға қанағат тұтпай, елдің көзінен таса шұрайлы жол табады, оны айтудың, жазудың амалына жетік. Демек, Тұрсынбек ағамыз өз пікірі бар ғалым екенін танытумен бірге, көзі жоқ, сөзі өлмейтін ағаларының да пікірін бағалап, өзгеге насихаттайтын мәрттік мінезімен ерекшеленеді» [4, 166]. Шынында да Тұрсынбек Кәкішұлының монографиясы көпті танытқан еңбек.

«Екі арыстан біріксе дәуді өлтірер» демекші екі арыстан біріге алмады, бірігіп күш бола алмады. Екі арыстанды дәу жирмасыншы ғасырдың қанға боялған бас кезінде өлтірді. Бірақ, кейіннен сол арыстандардың рухы қайта тіріліп ұрпағымен қайта қауышты. Шерияздан атамyz айтпақшы төрдегі сайланған орындарын берді. Мағжан әдебиет аспанында шолпан болып жарқырап тұр, Сәкен қиық қанат сұңқар тәрізді биікте ұшып жүр. Енді екеуі де қазақ үшін биік, қайталанбас тұлғалар. Елдігімізді ұмыт қалдырып бірден біреуге күйе жағудан аулақ болып, біртұтас қазақтыққа жететін межеге келгендейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кәкішұлы.Т. Мағжан-Сәкен: ғылыми эссе. – Астана: Фолиант, 2016. – 376 бет.
2. Елеукуенов.Ш.Р. Мағжан.Өмірі мен шығармагерлігі. Оқу құралы. – Астана: «Астана-полиграфия, 2008 – 392 бет
3. Әуезов.М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: “Дәуір”, “Жібек жолы”, 2014
4. 1-том: Мақалалар, пьесалар. 1917 – 1920. – 464б.
5. Сыдықов.Т. Талант тағылымы. *Зерттеулер,портреттер*. Алматы, “Арыс” баспасы, 2005. – 248 бет.

Т.КӘКІШЕВ ЖӘНЕ «СӘКЕН АЯЛАҒАН АРУЛАР»

Мұратбаева Жансая Кенжебаевна

5B020500 – «Филология:қазақ тілі» мамандығының 3курс студенті

muratbayevazh@gmail.com

Ғылыми жетекші: Дәулеткерей Кәпұлы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

Қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы

Астана,Ақмола облысы

Аңдатпа: Т.Кәкішев ақиық ақын,атақты қоғам және мемлекет қайраткері, әдебиет зерттеушісі Сәкен Сейфуллиннің жарқын да қайғылы өмір жолын деректемелермен жазады.Сәкеннің аяулы арулары, ерлі-зайыптылық тіршілігінің тебіренерлік сырларын хаттар арқылы өрбіте отырып, соны деректер негізінде сол бір сұрқай кезеңнің көптеген беймәлім шындықтарын жайып салады.

Түйін сөздер: Т.Кәкішев, С.Сейфуллин, серілік,махаббат

Қазақ халқының тарихына, мәдениетіне, әдебиетіне, өнеріне, ән-күйіне, тұрмыс-тіршілігіндегі әрқилы машықтары мен тәлім-тәрбие саласындағы үлгі-өнегесіне, бір сөзбен айтқанда, рухани әлеміне жаңа заман биігінен қарап, салыстыра зерттеу, дәстүрдің озығы мен тозығын айқындап, өркениетіміздің бұрмаланбаған келбетін, лайланбаған кәусәр ойын сол қалпында жеткізу, жалғандыққа ұрынбаған шын табиғатын таныту мақсатын алға қойған Тұрсынбек Кәкішев.

Т.Кәкішев Сәкен Сейфуллиннің жарқын да қайғылы өмір жолын деректемелермен жазады: «С.Сейфуллин», «Сәкен Һәм еңбекші қазақ», «С.Сейфуллин қазақты мәдениетті елдер қатарына қосуды армандаған тұлға», «Ескірмейді естелік», «Сәкен және Гүлбаһрам», «Мені Сәкен рухына жетелеген Гүлбаһрам».

Жанды суреттермен өрнектелген әсерлі ықаялар Сәкеннің серілігін баян етеді.

Сал-сері – дәстүрлі қазақ қоғамында ерекше өнерпаздықпен байланысты ұғым. Сал, сері екеуі де өте ескі дәуірден сақталып келе жатқан халықтың тіршілігіне көп жаңалық кіргізген, әдебиетке, ой-санаға көп әсер еткен қазақ мәдениетінің бір жарқын белгілері. Олар күштіге табынбайды, кедейді мақтап жыр шығарады. (Жанақ ақын, Дәулеткерей, Сейтек). Олардың бар ынтасы махаббатқа бас иіп, оған бәйек болып түсу, ол үшін ел-елді қыдырып, өзіне ақылды, сұлу қыз іздеу, оған барлық жас өмірін сарп қылып, мал-мүлкін аямай соның жолына құрбан етіп салу. Бұл тек қана сал мен серілерде ғана болатын. Сал мен серіні мұндай ардақты дүниеге бағыттайтын оның жаратылыс ерекшелігі, оның дарынды ойы, ашық-жарқын мінезі, сыпайылығы, сұлулықты, ғажайып жаңалықты жақсы көретіні, әдемі дүниеден ләззат ала білуі [1.103-104 б.б.].

«Серілер таза, әдемі киіну, кербез пандық мінездерімен өз ортасынан оқ бойы озық тұрады, олар жомарттық, сақылық, білімдарлық қасиеттерімен айналасына өнеге шашатыны, тек өнер жолына беріліп, сауық құрып,

аңшылық саясатшылықпен айналысып жүрген. Сал-серілердің топтасып жүріп, ауыл-ауылды аралаған сәтте тұтас ансамбльді елестетеді...

Серілер бірдей ат мінуі, бірдей киім киюі, салдардың елден ерек, алабажақ киімі, басындағы үкісі де көшпелі дала артистеріндей әсер қалдырған...» [2.451 б.]

Сәкен серілігінің дәуірі сауық құрып, аңшылық-саятшылықпен айналысатын уақыттан өзгеше болды. Ол ел ісімен айналысты.

Ұлттық сипат – бір қалыптан өзгермейтін, қатып қалған нәрсе емес. Өмірдің ілгері басуына, қоғамның дамуына сәйкес ол да дамиды. [3.149 б.]

Сәкеннің серілігін «Сәкен сүйген сұлулардан» байқаймыз.

Т.Кәкішев Сәкеннің әшейінгі жастық желігі болмаса, жігітшілік құрғанына дәлел болардай дерек кездестіре алмағанымен, оның өлеңдеріндегі сезім көріністеріне мысал келтіреді: «Күйдім, жандым жалындай, қиын, қалқам, біздің хал».

Сал-сері әрі досы Шайбай Айманұлына арнаған өлеңінде:

«Ерінге ерін тиісіп,
Бал алып тілден, сүйісіп,
Жандырап жарың лебімен...
Қазақтың жазғы түнінің
Ләззатын өстіп татқанда.
Бірдеңені білгендей
Көздерін қысып күлгендей
Аспандағы жұлдыздар»—

деп шаттанған көңілмен қолға түседі. Жастықтың мастығының Сәкенге жат болуы қисынсыз. Бірақ аты-жөні бар аялаған аруын, оның өмірінде айрықша із қалдырғанын баяндау «Арман арулар» бөліміндегі Міржақыптың балдызы Гүлшаһра (Гүлия) Досымбековадан басталады. Олардың таныстығы Жақан тойы, «Бірлік» қоғамының құрылуымен байланыстырылады. Сол кезде Мағжанның да көңілі Гүлияда. «Мағжан пенделік өмірінде ойынан емес, бойынан қорлық көрген, бұл Гүлияның Сәкенге ауып кетуіне «шешуші» себептің бірі болған.» Бірақ Гүлия гимназия тәмамдауымен, Ахметсафа Юсуповқа тұрмысқа шығады.

Омбыдағы оқуын бітірген Сәкен мал санағын алатын комиссияны басқарып елге шықты. Енді орта бойлы, қап-қара көзді, қараторы Қабибаға көңілі ауды. «Әуілдек» әніне байланысты хикаяның ең сөлді де мәндә тарауын Сәкен «Тар жол тайғақ кешу» атты шығармасының ең тартымды, ең қызықты беті етіп жазған. Сәкен көңілінің тереңіндегі сырын «Әуілдек» әнінің сарынымен жазған өлеңі сездіріп қойғандай. Сәкен Омбыдан жалғыз оралады.

Ерулі күндердің бірінде Сәкен ірекетінде қандай құбылыстар болғанынан Ақмоладағы С.Сейфуллин мұражайының директоры Р.Асылбекованың «Сарыарқа» журналында (№3, 92) жарияланған қымбат қолтаңба атты мақала хабар береді:

Хат мәтінінде орыс тілінде адресатқа өлеңін соңына дейін оқып шығуын өтініп, адресантының кім екенін білмейтіндігінен ешкімге көрсетпеуін сұраған.

В саду Вы гуляли первого мая
Победу стяжали Вы этого края
Победы виновница Ваша краса.
А Ваши глаза – эти земли чудеса
Брови как атлас в блике сияют...
И встретил Ваши прекрасные глаза
Они сердце покорилимое младое,
Зажгли во мне первую пылкую любовь
Я признался себя сей любви не достоин,
Но сердце останется Вам другом всегда...

...Может быть я своим признанием оскорбил ваше сердце. Да, с своей стороны было нехорошо, не будучи с Вами знакомым, писать такое письмо. Ну что же поделаешь, как мы все люди – жалкие борцы своего чувства.

...Это мое первое и последнее к Вам послание. Прощайте. Будьте счастливы, а мое счастье впереди... (5.5.1917)»

Бұл өлең-хат *Нина Дмитриевна Мокинаға* арналған. Мокинаның ұзақ жылдар бойы жоғалтпай сақтап, кейін туыстарына қалдыруы – ақынға деген ілтипаты мен сүйіспеншілігін көрсетеді.

Мұнан кейінгі күндер ұлы өзгерістерге толы болғандықтан, Сәкеннің махаббатты жырлауға мұршасы болмай жүргенде Совдеп құлады. Оның белсенді мүшелері тұтқындалып, Сәкендер атаман Анненковтың «ажал вагонының» дәмін татты. Өмір мен өлім белдескен шақта кешегі сезіммен көңіл жылытатын сәттің өзі аз болады екен.

Рахима

1920 жылы мамырда Сәкен Ақмола елін аралауға шықты. Төтенше мандат бойынша басқару бөлімі бастығының көмекшісі Сейфуллинге барлық болыстық, селолық және ауылдық ревкомдардың жұмысын тексеруге, кемшілігі болса түзетуге, лауазымды адамдар тарапынан қылмыс істелгені анықталса, ол адамды орнынан алуға, тұтқындауға ерік берілді. Ал екі айдан соң Ақмола уездік атқару комитеті төрағасының орынбасары және Басқару бөлімінің бастығы болды.

Ендігі қауырт тіршілік, жаңа өмірді орнату кезеңінде Сәкеннің Арқада сирек кездесетін айдай ажары, күндей көркі бар аруға көзі түсті. Уәли қызы Рахиманың Европа мен қазақы киімдерді соншалықты жарастыра киюінің өзі ерекше назар аудартады. Жаңа үкімет бар дүние мүлікті ортаға алып жатқан уақытта Рахима мен Сәкеннің үйленуі Халфин Уәлиді «салық мені айналып өтеді» деген ойға қалдырды. Сәкен мен Рахиманың арасының сууына тек бұл ғана себеп болмады. Өйткені ол әйеліне кеңес тәртібін қайын ата болмақ түгілі құдай болса да бұза алмайтынын шорт кесіп айтқан еді.

Сәкен тәрбиесінде европалықтың ықпалы болғанымен де, қазақтың қонақжайлығын ұмытқан емес-тін. Ал орысша оқыған Рахима қабақ шытып болмашыдан-ақ сыр беріп алғаны бар. Шыны аяқты ұсынғанда ептеп тыжырынып та қоятын. Үшінші себеп, күйеуінің кеңсесіне келіп-кететін Рахима әуелінде еркелік танытса, кейін Сәкенге жанасқан әйел затынан қызғанған кезі көбейіп кетуі. Бұл сырт сұлулықтың ішкі инабатпен қабыспауы еді. Аз күн отасқан Рахимадан ың-шыңсыз айырылады.

Аңызы мен шындығы аралас оқиғалардың Сәкен басынан өткені рас. «Ақ жол» газеті арқылы Шегір «Сәкен Түркістанда Төлембек деген кісінің үшінші тоқалының басын айналдырып, алып қашады», - деген. Кәкішев бұны жесірді құтқарғысы келген Сәкеннің сөзімен теріске шығарады : «...Ауданның бәрі оның (Төлембектің) сөзін тастамайтыны рас Һәм әйелді босатуға біздің шамамыз келмей қалғаны рас. Мұны Созақтың бастықтары біледі» ***38

Күйелегіш қасиеті бар қауесеттің бірі әкесінің рұқсатынсыз Сәкеннің Сарбас байдың қызына үйленуі.

Сәкеннің екінші үйленгені – Көкеш.

Көкеш-Гүлнар

1985 жылы Көкеш оқиғасының шындығын Кәкішев Сәкеннің досы Қаскей Өтекиннен сұрайды. «Совнаркомның іс басқармасының бастығы, әрі жолдасы Әлкейдің де Сәкен сияқты сал-серілігі бар. Екеуінің мінезі, құлқы, өлең айтуы, салдық құруы да бірдей. Бұрынғы ескі дәуір болса, екеуі де серілікпен кететін жандар еді» Сол Әлкей ағай атастырылған жеріне барғысы келмей отырған дәулетті кісінің көркем қызы Көкешті айтқан соң, Сәкеннің соны көргісі келеді. 1924 жыл, Қойтас деген жерге барып, Көкештің келісімімен екеуі бірге қайтып кетеді. Арада уақыт өткен соң, «үйінді сағындың ғой, барып қайт» деп Ақмолаға қайтатын ноғай жігітіне хатымен қоса тапсырып жібереді. Хатта : «Мұхаметрахым ағай, біздің болашақ өміріміз жарасуға мүмкіндік болмай қалды. Ғафу етіңіз, балдызыңызды қайтарып отырмын». Сәкеннен кейін Көкеш ерге шықпапты...

Сәкен Күйеусай мен Қараөзектің ортасында болған соң,Әбікен Хасенов ауылына жетеді. Бұнда асу бермес өткелі – Топай деген болыс баласы. Гүлбадан соған атастырылып қойыпты. Қыздың уәдесін алып,түн қараңғысын жамылып кетіп бара жатқанда ,аңдушылар Гүлбаданды алып қалады. Сәкен «Лашын әңгімесін (түс)» жазады:

Бала лашын ұшуға
Оңтайланып қанатын.
Тектісінен сүйіскен
Болмады тіпті қалатын.
Шулаған жыртқыш жабылып,
Балапанды жылатты.
Ұшуға қанат жазғанда
Топшыға қағып құлатты.
Сонымен Гүлбадан оқиғасы сәтсіз аяқталады.

Гүлбаһрам

Бірде Сәкен Гүлбаһрамға туысқандарынан хат келгенін айтып, хабаршыны жібереді. Бұған дейін ақын Гүлбаһрамның туыстарының үйінде қонақта болған. Бірақ, жеке таныстығы жоқ еді. Міне, екеуі оңаша жүздесті. Амандық сұрасты. Сәкен Сейфуллин бойжеткеннің өзін-өзі ұстауынан ерекше батылдығын байқайды. Оның қарапайым қыз емес екендігіне көзін жеткізеді. Гүлбаһрам да көп бөгелмей, алғыс айтып, өз жолымен жүреді.

Ақын өзінің шығармашылық-әкімшілік сапарын жалғастыра береді. Алайда, ойынан Гүлбағрамды шығарған емес. Оның қара көздері, бұраң белі және бойжеткеннің көркін асырған қос білектей тығыз өрілген қос бұрымы елестейтін... Дәл осы бейнесі «Совпарттағы қарындасыма» атты танымал өлеңінің алғашқы жолдарын жазуға итермелеген еді...

Гүлбағрам күн сайын хат алып тұратын. Кімнен? Сәкен Сейфуллиннің өзінен. (Осы хаттардың біразы Астана қаласындағы Сәкен Сейфуллин мұражайының қорында сақтаулы.) Гүлбағрам жүрегіне ол хат арқылы жол салды...

Сәкен мен Гүлбағрамның көптен күткен тұңғыш қыздары – Лаура.

Сәкен оны еркелетіп «Дәрдана» деп атаған. Лаура 1929 жылы дүниеге келіп, бірақ ауруға шалдығып, 1932 жылы Қызылорда қаласында қайтыс болды. Дәл сол жылдары Сәкеннің жанында, жан арқауы Гүлбағрам еді. Ұлы Аян 1936 жылы қараша айында дүниеге келген. Аян деп Сәкеннің баласын Мұхтар Әуезов атаған. Сәкен Сейфуллиннің туған інісі Мәжиттің жары Әмина апайдың естеліктерінде ол «Аян дүниеге келгеннен кейін Сәкен Гүлбағрамды алақанға аялаған шынайы отбасылық бақыттың бейнесін жиі көруге болатынын» жазған.

Бірақ бұл бақытты сәттер көпке созылған жоқ...

1937 жылдың қыркүйегінде Сәкен Сейфуллин «халық жауы» атанып, тұтқынға алынады.

Гүлбағрам Батырбекқызы Сейфуллина қуғын-сүргін жылдарын басынан өткізіп, саналы өмірін Сәкен сынды азаматтың артында қалған мол мұрасын жинақтауға арнайды. Көптеген туысқандары мен замандастарының естеліктерінде Гүлбағрамды жарқын жүзді, қонақжай әйел ретінде еске алады. Бұл естеліктерден Гүлбағрам апайдың қазақ әйелдеріне тән қасиеттерді бір бойына жинағанын, нағыз қазақ әйелінің біртуары деп білеміз.

Сәкен өмір жолында іздеген жүрегінің бөлшегі, жақұт жарын тапты. Серілік құрғандардың барлығы сезімге, махаббатқа ынтық келеді.

Т.Кәкішевтің бұл еңбегі Сәкенді басқа қырынан ашты. Әдет-ғұрып, салт-дәстүрге сай өнердің даму сатысында серілердің өзіндік дүниетанымы, эстетикалық талғампаздығы, табиғи жаратылысындағы ерекше дарындылығы – өнердің бірнеше түрін меңгеруде. Олардың әрқайсысы халықтың рухани тұрмысында өнерді насихаттап қана қойған жоқ, әлеуметтік тұрғыда ой қозғап, қоғамдық проблемалар көтерді. Ұлт бірлігін, жерін сақтау, өнерді қастерлеу – ғасырдан ғасырға жеткен сал-серілер өнернамасының негізі болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абылханова Г.А., Сал-серілік дәстүрдің ұлттық сипаты/Хабаршы-Вестник, «Көркемөнерден білім беру» сериясы №2(39), Алматы, 2014
2. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, «Аруна», 2005
3. Мағауин М. Ғасырлар бедері: Әдеби зерттеулер. Алматы, Жазушы, 1991, 432 б.
4. Кәкішев Т. Сәкен аялаған арулар. – А., Атамұра, 200

КӨРКЕМ ТУЫНДЫЛАРДАҒЫ «КӨЗ» БЕЙНЕСІ

Қарлығаш Хавай

*Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3-курс студенті*

Karla_05_10@mail.ru

Ғылыми жетекші: Байтанасова Қ. М.

*Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры
Астана қаласы*

Аңдатпа. Өткен дәуірдің екінші жартысындағы қазақ әдебиеті тың бағыттармен, жаңа көркем бейнелермен толыға түсті. Солардың бірі әдебиеттегі «көз» образының тың үлгілері. Прозалық туындыларда көз образы негізінен кейіпкердің мінез болмысын тікелей мінездеу барысында қолданылып келсе, кейінгі көркем шығармаларда оны қолданудың әдіс-тәсілдері кеңейе түсті. Әдеби қаһарманның көзбен сөйлеуі адам санасының қатпарлы қалтарыстарын ашуға бағытталады. Мақалада дәйекті мысалдар арқылы «көз» бейнесінің берілу тәсілдері талданады.

Түйін сөздер: көз образы, дискурс, концепт, жазушы шеберлігі, кейіпкер, тұжырым.

Көзді тек көру үшін жаралған деу ұшқары пікір. Тіл жетпейтін нәрселерді тек көзбен ғана айтуға болады. Қандай ғажап сезімдер бар көзқараста? Көз жанары адамның жан дүниесінің ең терең түкпіріне бойлайтын лазер сәулесі іспетті. Тіпті музыкадан да мұндай ләззат ала алмайсыз. Ал мұнда бәрі ап-анық. Бәрін де жаныңмен қапысыз ұғасың. Джаконданың болар-болмас жымыған көзқарасына бүкіл жер бетіндегі халықтардың құмарта қарағанына қанша ғасыр? Ал мынандай үнсіз әңгімеде қаншама Джаконданың көзқарасы жатыр. Қай сөз, қай музыка қас қағымда жаныңның астаң-кестеңін шығара алады? Жоқ, көз көруден бұрын, ең алдымен сөйлесу үшін жаралған [1;600].

Бір-бірін сөзсіз ұғынып, жанарларымен жүздесіп, көздің күлімдеуі арқылы тілдескен талай жан жүрегінің жартысын тауып жүр. Адамдардың күнделікті өмірде сөйлесіп, ұғынысуының құралы – тіл болса, жүректердің ара-қатынасының тура құралы – көз. Ол адамның шынайы болмысын танып, әр адамның шынайы болмысы мен түсінік талғамын байқап, бағдарлауға болады.

Қаламгер Т.Әбдіктің шығармаларындағы көз бейнесінің орны ерекше. Автор бірегей туындыларында кейіпкерлерінің жан тебіренісі мен жүрек қылындағы жай-күйін көзқарас арқылы көрсетсе, енді бір шығармаларында тікелей көз арқылы тілдестіріп, тіл жеткізе алмайтын дүниелерді жанардың жарқылымен ұғындырады. Мәселен, «Аялдамадан аялдамаға дейін» әңгімесінде кейіпкерлердің жүздесуін былайша береді: «Кенет көздері мен көздері ұшыраса кетті. Бұл жолы қыз болар болмас жымығандай болды. Содан әрі көзқарас арқылы ұзақ әңгіме басталды. Сонымен әңгіме ұзаққа созылды. «Сіз маған ұнайсыз». «Сіз де ұнап тұрсыз». «Рас па?» Осы кездегі оның күлім қаққан жанарындағы сәуленің әсерін «Рас» немесе «Иә» деген түкке тұрмайтын сөздердің мағынасы бере алмайды. Ол әшейін проза. Ал көзқарастан тараған отты леп жаныңды шарпығанда бірінші сезерің – алып қапқан тағатсыз шаттық».[1;601]

XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінде орныққан тәсілдің бірі көркем мәтін құрылымына жан-жақты талдаудың берілуі. Осы кезеңде халық өміріндегі құбылыстар көркем әдебиетте терең суреттеліп, ұлтқа тән болмыс шебер сомдалды. Сөйлеу әрекетінің нәтижесі болып табылатын мәтінді әлеуметтік, мәдени және психолінгвистикалық ауқымды контексте қарастыру – дискурс мәнін ашуға көмектеседі, әрі маңызды ықпал етеді. «Дискурс» (франц. «сөйлеу») – экстралингвистикалық, прагматикалық, әлеуметтік, психологиялық және басқа да факторлармен бірлікте қарастырылатын өзара байланысты мәтін. Дискурс – өмірге терең бойлаған сөйлесім.[2; 20] Қазақ әдебиетіндегі көзбен тілдесу дискурстық сөйлеу стилінің озық үлгісі. Қаламгер Т.Әбдіктің *«Оң қол»* шығармасындағы аурудан әбден қажып, шаршаған Алмаға кездескен дәрігер жігіт қыздың жағдайы оңалып, тағдырдың тар жолында жылт еткен жарық сәуленің пайда болуына себепші еді. Өзін ерекше ұнатқан дәрігердің күн сайын жымыған көздерімен ұзақ қарап, жанарымен жылытып, жүрегіне шок түсіруші еді. *«Алма көзімен «Әлгі есінде ме?» дегендей, мойнын ішіне тығып жымып, күліп жібермес үшін қолымен аузын басты. Мен оның көзқарасынан ескен гажайып жылы ағынды жаныммен сезіп балқып тұрдым»* [3;328]. Жанын жабырқатқан қайғыдан аз уақытқа арылған Алмадәл сол сөздерді, сол сезім мен сол күйді ешқандай тілмен айтып жеткізе алмас еді. Осы тұста автор Алманың көңіл күйін көз арқылы бейнелейді.

Адам болмысы күрделі әрі қайшылықты. Өткен дәуірдің 70-80 жылдары адам тұлғасы өзінің ішкі жан дүниесінің қарама-қайшылығымен суреттелген қазақ хикаяттары аталмыш жанрдың лирикалық сипатын тереңдетті. Бұлорта жанрдың жанрлық-типологиялық белгілерін анықтайтын негізгі екі түрін: лирикалық және эпикалық бөліп алуға мүмкіндік берді. Жазушы Д.Исабековтың *«Қарғын»* романындағы бас кейіпкер Жасынның ерекше болмысы оның адамға қараған көзінен-ақ танылатындығын автор Бағила арқылы көрсетеді. *«Қысылмай, қымтырылмай тура қадалған жанар жас қыздың жүрегін жуалдыздай шанышты өтті. Сол шанышты бүкіл жаны мен тәнін тұтқындап, ерекше бір сиқырлы күштің құдыретімен оған айтпаспын деген сөздерін еріксіз тіл ұшына итерді»* [4;77]. Автор мәтін ішіндегі әрекет, диалогтарды кейіпкерлердің көз түйісулері арқылы жеткізіп отырады. Жалпы, әрбір автор шығарма идеясын мәтіндегі белгілі бір ұғымдар арқылы жинақтап береді. Бұл «концепт» арқылы анықталады. «**Концепт**» терминінің бірқатар дефинициялық анықтамасы бар (латынша - «conceptus» - өз бойына көптеген мазмұн «жинақтаған» сөзі). Концепт құбылысын дүниенің тілдік бейнесінен түзіліп жинақталған білім жүйесінің бір үзігі деп те ұғуға болады. [2; 36]. *«Оның көзі... сен ондай көзді көргенің бар ма? Тыныш жатқан, терең қара сулар болады ғой, соған ұқсас еді, тіпті теңеу таба алмаймын. Күлмейтін, үнемі бір қалыпта, тұңғыш, селт етпеген күйінде тұратын да қоятын. Мен кейде Короленконың соқыр музыкантының көзіне ұқсататынымын. Біздің қыздардың бірі оның көзін өлген адамның көзіндей деп еді. Рас, кейде жанарынан жылт еткен от көрініп қалатын. Онысы ерекше көңілденген кезінде болушы еді. Әйткенмен бұрынғы қалпына тез түсетін. Оның көзі неге сондай болды екен деп жиі ойлаймын, әлде бақытсыздығынан ба, әлде үнемі ой*

үстінде жүргендіктен бе...» [5;35]. Бұл қаламгер М.Мағауинның кейіпкері. Төлеген тағдырдың тар жолында талай тайғақты кезеңді басынан өткізгендіктен тұйық әрі мұңды. Автор Төлегеннің көзін сипаттау арқылы оның жалғыздығын, жабырқаулы бейнесін әрі таза сезімін аңдатады. Бұл тұста көз бейнесі белгілі бір **концепт**қызыметін атқарып тұр. Көз құдіретімен махаббатын білдіру, ғашығына құлай сүйетіндігін жеткізу қазақ ақындарынан, олардың жүрекжарды жырларынан да табылады. Өлшеулі ғұмырында өлшеусіз жыр қалдырған ақын *Жұматай Жақыпбаев*:

Ғажайып сәт неге қысқа сонша, әттең,Қарадық та қызығына тоймадық.Бір көргеннен жалт қарастық, сол сәттен,Қара көзбен сиқырлы ойын ойнадық.

Жаңа сінез – жастық егіп түнімен,Жарық таңда жан боп туып үлгілі.Шақырымнан қара көздің нұрымен,«Сенікімін» деп сөйлестік бір күні. Сол сәтті мен қаниама рет ойладым,Қаниама рет айттым оны отты үнмен?!Қара көзбен сиқырлы ойын ойнадым,Одан артық қызық көрген жоқпын мен. [6;174]

Көз образының құдыреттілігі сонша, оны сезінбеу мүмкін емес.Көз – адам көңілінің айнасы. Ендеше, қазақ прозасында кездесетін көз образының орны ерекше. Оныәр қилы тәсілдер арқылы жеткізген қаламгерлер туындыларының көркемдік болмысын тереңдете түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдікұлы Т. Парасат майданы. –Алматы, 2012
2. Мұратова Г. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. Астана, 2013
3. Әбдікұлы Т. Оң қол. –Алматы, 2002
4. Исабеков Д. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы,2003
5. Мағауин М. Он үш томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы,2002
6. Жақыпбаев Ж. Ләйла. Алматы, 2002.

СӘКЕН СҮЙГЕН АРУЛАР БЕЙНЕСІ

Құлпынай Умирбекова

5BO11700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2 курс студенті

Klybni4ka_mira@mail.ru

Ғылыми жетекші: Дәулеткерей Кәпұлы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазақ тілі және әдебиет кафедрасының

Аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі

Астана қаласы.

Андатпа: Т.Кәкішұлының «Сәкен сүйген арулар» еңбегіндегі арулар бейнесі. Соның ішінде Сәкеннің жары атанған арулардың болмысы. Нағыз адал жардың тірідей мүсіні. Сәкеннің махаббаты.

Түйін сөздер: Сәкен, Рабиға, Көкеш, Гулбаһрам.

Әдебиетте салған сара жолы да, жазып қалдырған ізі де қайталанбайтын, мәңгілік мұраның авторы, Қазақстан жазушылар одағының С.Сейфуллин атындағы сыйлығының иегері, аса көрнекті әдебиетші ғалым, «Әдебиеттанудың еңбекторысы» атанған Тұрсынбек Кәкішұлы Сәкен Сейфуллин, Мағжан Жұмабаев сынды алаш зиялыларының өмірін зерттеп, шығармашылығына шынайы қызығушылық танытқан, өткеннің мұраларын бүгінге жеткізушілердің бірі. Сәкентану ғылымының негізін қалаушы ретінде Сәкен Сейфуллинге қатысты ондаған еңбектер жазды. Атап айтар болсақ, «Сәкен Сейфуллин», «Қызыл сұңқар», «Сәкен және Гүлбаһрам», «Сәкеннің соты», «Сәкен Сейфуллин», «Тар жол, тайғақ кешудің тағдыры», «Сәкен сүйген сұлулар», «Мағжан-Сәкен», «Сәкен аялаған арулар». Осылардың ішінде шоқтығы биігі, «Сәкен сүйген аруларда» Сәкеннің серілік хикаялары, көңіл сырлары, махаббат сезімі аясында жалғыз жігітшілік қана суреттелмей, бүгінгі жастар ғибрат аларлық түйін-толғаулар жасалады. Саналыға сезім арқылы жетер үлгі-өнеге аз емес. Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығынан бөлек махаббатпен өрнектелген өмірі, елді, жерді сүю, халықтың рухани өрісін байыту, тіл мәртебесі үшін атқарған істері жайлы жазылған.

«Сәкендей сері сүйген ару кім, ол қандай болған?» - деген сауал оқырманға қызықты болары сөзсіз. Осы тұрасында Кәкішұлы Сәкен өміріне қатысты аруларлар бейнесін айрықша суреттейді. Ең алдымен, Сәкеннің алғашқы жары Рабиға жайында сөз қозғайды. Рабиға – ауқатты отбасынан шыққан, күйбең тірліктің қайнаған ортасын көре қоймаған, кереметтей сұлу қыз көрінеді. Оны Кәкішұлының сипаттауынша: «Бойында әлденеше халықтың қаны араласқан қараторының реңдісі, оттай жарқыраған жанар, кең маңдай, аққу мойын, тоқ балтыр, кербез аяқ алыс... Сирек кездесетін айдай ажары бар Арқа аруы». Алайда, Сәкенмен Арқа аруының отбасылық өмірі ұзаққа бармайды. Оның өзіндік себебі де жоқ емес. Рабиға уақыт өте келе өзінің тікбақайлығын танытады, мінез шығарып, үй шаруасына да олақтығын көрсетеді. Шаңырағына келгендерге жылы шырай таныта қоймайды. Сәкен деген сезімнің алауы болса керек, орынсыз жерде қызғаншақтығын да

байқатады. Өз бақытын отбасылық өмірден іздеген жазушы бір көріп ұнатқан аруының шайпау мінезінен көңілі қалып, өзі куә болған бұл көріністерінен қаймығып, Рабиғамен біржола ат құйрығын үзуге бел байлайды. Сәкеннің текті жерден тандап алған аруы - Рабиға сұлудың серіге лайық жар бола алмауы жазушының жары болу қиындығын толыққанды сезіне алмауынан, отбасылық өмірге жеңіл көзқараспен қарауынан болса керек-ті. Дегенмен, өмірдің сан соқпағы Рабиғаны басқа жармен жолықтырып, өмірін басқа арнаға бұрады. Ал, Сәкен үшін Рабиға сол баяғы бір көріп ұнатқан аяулы ару бейнесінде есте қалады.

Сәкеннің екінші жары елге «Көкеш» деген атпен белгілі қыпшақтың қызы Гүлнәр Мусина, үзеңгілес жолдасы Әлкейдің бір жас үлкен әпкесі. Сәкенмен жоспарлы түрде танысқан Көкеш Сәкендей жігітті көргенде оң мен солын ұмытып, құлап түскендей сезімді бастан кешіреді. Дегенмен, керемет өр мінез, намысқой қыз іш алдыра қоймай, Сәкеннің ер соңымнан деген тілегіне: «Біраз күн тосыңыз», - деп жауап қатады. Сәкен де талай арудың арманы болған сері ғой, сол мезетте-ақ Көкешті өзімен бірге кетуге көндіреді. Тұрмысқа шыққан соң, Көкеш жаңа өмірге, жаңа ортаға бірден үйренісе алмайды. Бүрмелі көйлек пен үкілі кәмшатқа малынып өскен қызға Орынборда Еуропалық стильде киіну қажеттілігі туады. Еуропалық тәртіпке сай жүру оған қиынға соғады. Оған ауылдың тәлім-тәрбиесінен бөлек, оқымаған, білімі жоқтығы да өз әсерін тигізбей қоймады. Тек бұл ғана емес, Көкеш те Сәкеннің қызметінің мәнін, өмірлік мүддесін түсінуі былай тұрсын, дегендей түртпектеп, түрлі күдікті көбейте бастайды. Әңгіме жараспаған соң іс оңа ма? Осындай жағдаймен, біртіндеп, екеуінің отаса алмайтыны түсінікті болады. Осылайша бұл шаңырақтың да шайқалуы тез болады. Бұл орайда Көкештің намысқойлығы да, көрегенді отбасының тәрбиесін көргені жұбайлық өмірлерін сақтап қалуға септігін тигізе алмады. Сәкенмен айырылысқаннан кейін біраз қиын күндерді басыннан өткерген Көкеш екінші рет жар атынып, тұрмыс құрмайды. Кейіннен оқу оқып, қоғамдық-өмірге араласып, түрлі қызметтер атқарады. Өмірден өзіне солай жұбаныш іздеген Көкеш Сәкенге деген махаббатын ешнәрсеге айрбастамаған көрінеді.

Ал, Сәкен өмірінің соңына дейін көзбен ғана емес, жүрегімен де сүйіп өткен жалғыз ару алғашында оған тек қана қарындас болады. Одан кейін Сәкеннің көңілін одан да басқа ізгі сезімдер толқыны шарпып өтеді. Бұл жайындағы Т.Кәкішұлы: «Әйтсе де, Сәкен Гүлбаһрамды алғаш көрген сәттен бастап- ақ ерекше жан туыстығын сезінсе керек. Сүйіріктей саусақтары майысқан арудың сауаттылығын, тазалығын байқайды. Ашық мінезін, батылдығын, бірбеткейлігін ұнатады. Серік болуға жарайтын адам екенін аңғарады» - деген сөздерін негізге ала аламыз. Отбасылық өмірден хабары бар адам болғандықтан, осы жолы жар тандауға келгенде салмақтырақ ойланады. Сері көңіл осы жолы қателеспесіне нық сенімді болады.

Бірақ бұл жолы да бәрі Сәкен ойлағандай болмайды. Олардың отбасылық өміріне араласып, екеуінің арасына түсушілер де табылады. Соған карамастан, олар бір – бірін өмірінің соңына дейін түсініп, сүйіп өтеді. Екі перзентінен де ерте айырылады, тағдырдың осыншама тауқыметін көрсе де, Гүлбаһрам Сәкенді қолдаудан жалыққан емес. Тіпті, мынадай жағдайлар бар...

Сәкеннің ақталуына Жазушылар одағының немесе басқа ұйымдардың ешқайсының, тіпті туған інісі Мәжиттің де жәрдемі тимеген. Сонда аяғы жеткен жерге дейін барып, сөзі жеткен жерге дейін жазып, ақыры, жан жарын жаладан арашалап алған Гүлбағрам еді. Сәкен ұсталғандардың – соңғысы, ақталғандардың біріншісі болды. Бұл - Гүлбағрамның табандылығының азаматтығының арқасы десек те болады.

Әйтсе де, Гүлбағрамды Сәкеннің юбилейлік комиссиясына кіргізбеу тарихымызда ұяттау болғаны фактілермен дәлелденген. Ең маңыздысы Гүлбағрам Сәкеннің совет заңы бойынша некелесіп қосылған әйелі, оның Сәкеннен туған, заң орындарында тіркелген екі перзенті болған. Ең қайғылысы Сәкен «халық жауы» саналған кезде, оның азабын осы Гүлбағрамнан артық тартқан кісі жоқ: «жаудың әйелі» деп абақтыға жабылған, айдауда, лагерьлерде жүрген, сол азап жолында екі баласы да өлген. Айдаудан қайтқаннан кейін, Алматы облысының бір колхозында есепші боп, адал еңбегімен күн көрген.

Сонымен қатар, кейбір жазушылардың әйелдері ерлерінің барлық мүлкінен айырылып қалғанда, Гүлбағрам Сәкеннің көп мүлкін тығу арқылы жиырма шақты фотокарточкасын, араб және латын әріпінде басылған барлық кітабын, бірнеше хатын, ыдыс – аяқтарын, киімдерінің көпшілігін сақтап қалған. Сәкен үшін жасаған осы еңбегі лайықты бағаланбағаны, әрине, көз қуантарлық жағдай емес.

Қорыта айтқанда, қазақ халқы қашанда болашақ жардың тектілігін алғашқы орынға қойған, Сәкен де осы ата салттан аттап өтпеді. Сәкен сүйген арулардың барлығы дерлік сұлу, барлығы дерлік текті отбасынан шыққан, қазақтың жұрт қызығатын қайсар қыздары болған. Рабиға солардың алғашқысы, асқан сұлулығымен жас жүректі жаулай білген, қайсар қыз.

Ал, Көкеш Сәкенді шын сүйгенімен ол Сәкенмен бақытты бола алмады. Бірақ, жүрек түпкірі, көкірек көмбесіндегі асыл сезімін ешуақыт жоғалтқан емес. Тағдыры тамырлас болмаса да, махаббатқа деген адал жүректің иесі ретінде өз биігінде қалды, одан да биікке өрледі. Өз-өзін жігерлендіріп, білімсіз адамнан көзі ашық адамға айнала білді.

Сәкен сүйген ару, Сәкен іздеген адал жар, қайраты мол, көрегенді ару, серінің жүрегін селт еткізген жалғыз ару - Гүлбағрам отызға толмай жесір қалса да, өмірінің соңына дейін адал жарын аза тұтады. Нағыз қазақ әйелінің бойынан табылу керек қасиеттің бәрі Гүлбағрамның бір бойынан табылады. Гүлбағрам қазақ қыздары үлі аларлықтай өнегелі өмір сүрген, мақтануға лайықты перзент, ерін төрге сүйреген аяулы жар. Кешегі Құртқа мен Ақжүністердің сара жолынан танбаған, дара ізін жалғаған жарқын бейне. Нағыз әйел бейнесі, Нағыз ару бейнесі, Нағыз сүйікті жар бейнесі!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Т.Кәкішұлы. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. I бөлім. -Алматы: Білім, 2003 [7,21]
2. Ысмайылов Е. Қазақ әдебиеті. Ойлар. - Алматы: Жазушы, 1968 [9,41]
3. Кәкішев Т. Сәкен сүйген арулар. Алматы: - Атамұра, 1997 [1,53]
4. Кәкішев Т. Сәкен және Гүлбағрам. Алматы: - Рауан,1994 [8,31]
5. Кәкішев Т. Сәкен аялаған арулар.Алматы: - Атамұра, 2003 [123,130]

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ МҰХТАРТАНУ ІЛІМІНІҢ ДАМУЫ

Гамзатова Шұға, 1-курс студенті

*Ғылыми жетекшісі: қазақ тілі және Қазақстан мәдениеті
кафедрасының оқытушысы, магистр Бажикеев К.К.
Қарағанды экономикалық университеті*

Аңдатпа. Мақалада қазақ әдебиеттану ғылымының аса бір маңызды саласы мұхтартану ілімінің тәуелсіздік жылдарындағы дамуы талданып, сараланады. Осы саладағы З.Ахметов, Т.Жұртбай, З.Қабдолов, Р.Нұрғали т.б. авторлардың еңбектеріне баға беріледі.

Түйін сөздер: М.Әуезов, мұхтартану, тәуелсіздік кезеңі, 100 жыл

Тәуелсіздік жылдары әдебиеттану ғылымындағы орталық мәселелердің бірі – Әуезов шығармашылығы зор қызығушылық тудырды. Әуезовтану ілімінің кең құлашты дамуына 1997 жылы М.Әуезовтың жүз жылдық мерейтойы ЮНЕСКО-ның шешімімен халықаралық көлемде өткізілуі де әсеретті. Бұл айтулы оқиға қарсаңында баспасөз бетінде көптеген материалдар жарияланып, ондаған зерттеу еңбектері, естелік-эсселер жарық көрді.

1997 жылдың аясында ғана М.Әуезовтың өмірі әдеби-ғылыми мұрасына қатысты оннан астам кітап дүниеге келді: «Әуезовтың өмірі мен шығармашылық шежіресі», Р.Бердібай «Мұхтар шыңы», Б.Жақып «М.Әуезов - публицист», З.Қабдолов «Әуезов», Б.Құндақбаев «М.Әуезов және театр», Ә.Молдаханов «М.Әуезов - фольклортанушы», «Мұхтар мұрасы» (ғылыми мақалалар мен зерттеулер), Р.Нұрғали «Әуезов және алаш», «Әуезов және Архив» (құр. З.Ижанова), «Әуезов әлемі» (құр. Ж.Аупбаев), К.Сыздықов «Мұхтартанудың беймәлім беттері: М.Әуезовтың ғылыми-сын зерттеу еңбектері» т.б. Бұған қоса Б.Майтановтың «Әуезов - суреткер» (1996), А.Тайжанұлы «Мұхтар Әуезов – ойшыл, ғалым, ұстаз», Ж.Дәдебаевтың «М.Әуезов» (1991), «Әуезов шығармаларындағы этномәдени дәстүрлер» (2004), т.б. Оның үстіне Әуезов оқулары, М.Әуезов және әлем әдебиеті сияқты халықаралық ғылыми-теориялық конференциялар да Мұхтартанудың биік белестерге көтерілуін қамтамасыз етті. Онда М.Әуезовтің қазақ әдебиетіне енгізген жаңалығы, М.Әуезовтен таралған дәстүр, М.Әуезовтің эстетикалық танымы мен суреткерлік шеберлігі, зерттеушілік қарымы мен ұстаздық ұлағаты қамтылады.

Соңғы он бес жылдың өзінде М.Әуезовтың шығармашылық мұрасы жайлы ондаған диссертациялық жұмыстар жазылды. Айталық, Т.Әкімов «Өскен өркен» романының творчестволық тарихы» (1992), А.Зекенова «М.Әуезовтың драмалық шығармалары тілі лексикасының квантитативтік-стильдік сипаты» (1992), Б.Жақыпов «М.Әуезов - публицист» (1994), А.Тайжанов «М.Әуезов шығармаларының дүниетанымдық өзектері» (1995), С.Тасымова «М.Әуезовтың әдеби-сын еңбектерінің тілі мен стилі» (1995), К.Сыздықов «М.Әуезов еңбектеріндегі әдебиеттану мәселелері» (1997), Т.Жолдасова «М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбай

бейнесі» (2000), Т.Жұртбай «М.О.Әуезовтың шығармашылық өмірі мен көркемдік әлемі» (2000), Р.Мұхажанова «М.О.Әуезов өмірі мен шығармашылығының Семей кезеңі» (2003), Л.Серғазы «М.Әуезовтың «Хан Кене» трагедиясының тарихилығы» (2004), А.Болсынбаева «М.Әуезовтың «Қараш-Қараш оқиғасы» повесі: шығармашылық тарихы мен текстологиясы» (2004), т.б. деген тақырыптарда диссертациялық жұмыстар қорғалды.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары «Мұхтар мұрасы – Наследие Мухтара» (1997) атты ұжымдық ғылыми жинақ дайындап шығарды. Мұнда ұлы суреткердің шығармашылық әлемі әр түрлі қырынан талданады.

Абай және Әуезов (З.Ахметов), Мағжан және Мұхтар (Ш.Елеуенов), Әуезов қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуші (С.Қирабаев), Әуезов қазақ халқының ауыз әдебиетін зерттеуші (Р.Бердібаев), Әуезов шығармаларының тілі (М.Серғалиев, Е.Жанпейісов), Әуезов шығармаларының ұлттық бедері (Ж.Ысмағұлов), Әуезов шығармаларындағы табиғат кестелері (Қ.Жүсіпов), Әуезов шығармаларының жанрлық ерекшеліктері (З.Бисенғали, Г.Елеуенова), Әуезов және ұлттық өнер (Б.Құндықбаева, Б.Нөгербек, М.Ордалиева, Р.Ерғалиева, т.б.) сияқты өзекті тақырыптар төңірегінде зерттеу мақалалары жазылды.

Мұхтар мұрасын ұлықтауда «М.Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының еңбегі зор. Осы ұжым қызметкерлерінің әзірлеуімен «М.О.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі», «Мұхтар Әуезов туралы естеліктер», «Мұхтар Әуезов әлемі» кітаптары жарық көрді.

Әсіресе көңіл аудартатыны - «М.О.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі» кітабының жазушының өз жазғандарын және мұрағаттық әдеби материалдардан алынған деректерге құрылып, соны сипатта жазылғандығы. Бұл еңбекте М.Әуезовтың өмір жолына, саяси қызметіне шығармашылық лабораториясына қатысты ресми, мұрағаттық деректер алғаш рет ғылыми айналымға түсіп оқырманға ұсынылады. Сонымен қатар қаламгердің шығармашылығы туралы кезінде әдеби сын білдірген әр түрлі пікірлердің, зерттеулердің түйінді тұстарының беріліп отыруы, замандастарының естеліктерінен үзінділердің келтірілуі еңбектің ғылыми деректілігін, публицистикалық сипатын арттыра түскен.

«Әуезов туралы естеліктер», «Әуезов әлемі» атты жинақтарда жазушы туралы естеліктер мен зерттеулер топтастырылған. Жазушымен араласып, ұстаздығын көрген тұстастары мен рухани інілері суреткерге деген сағыныш сезімдерін жүрекжарды лебіздері білдіреді.

Ірі әуезовтанушы ғалым З.Қабдоловтың «Әуезов» (1997), «Менің Әуезовым» (1997) атты еңбектері мұхтартанудаалатын орны ерекше. Әсіресе, роман-эссе түрінде жазылған соңғысында ұлы жазушының әрбір сөзіне, іс-әрекетіне, шығармасына ойлы көз жіберіп, сыр толғайды. «Абай жолының» қазақ әдебиетіндегі маңызына терең тоқталады.

Абай мен Әуезов тақырыбында толассыз еңбек еткен академик З.Ахметовтың бұл бағытта «М.Әуезовтың роман-эпопеясы» (1997) атты монографиясының мәні зор. Еңбекте жазушының роман-эпопеяға қатысты

шығармашылық ізденісі, тақырыпқа келу жолы, «Абай жолының» көркемдік-идеялық келбеті кеңінен сөз болады. Бұл мақсатта тарихи шындықтың көркемдік шындыққа айналуы, тарихи тұлғаның көркем бейнеде сомдалуы, халық өкілдерінің көрінуі, көркемдік қиял мен тарихи шындықтың арақатынасы, жазушы шеберлігі жан-жақты сөз болады. Ғалым «Абай жолы» романының поэтикасы жайлы аса құнды пікірлер білдіреді.

Әуезов пен алаш, Әуезов пен алаш зиялылары тақырыбын оның драмалық шығармаларының негізінде академик Р.Нұрғали «Әуезов және алаш» (1997) атты зерттеуінде кеңінен сөз етеді. Ғалым Әуезовты ұлт-азаттық идеяны ту еткен алаш ұранды әдебиеттің көрнекті өкілі ретінде оның өмірі мен қызметіндегі, мұрасындағы бірқатар ақтаңдақтардың сырына қанықтырады. Әуезовтың көркемдік әлемін жазушының өмір жолы, әлеуметтік ортасымен, дүниетанымымен, әр драмасының шығармашылық тарихымен байланыстыра отырып ашады.

Т.Жұртбайдың «Талқы» (1997), «Бесігінді түзе» (1997) роман-зерттеулерінде М.Әуезовтың өмір жолының тайғақты тұстары деректі құжаттар негізінде қызықты әңгімеленеді. Зерттеуші мұнда жазушының өмірінің көлеңке жақтарын, яғни қудаланған, сотталған кезеңдерін тергеу материалдарына сүйене отырып, көрсетеді.

Әуезов пен шығыс әдебиеті тақырыбын белгілі әдебиетші ғалым, қазақ-шығыс әдебиеті байланыстарын зерттеуші Ө.Күмісбаев назарынан тыс қалдыра алмаған. Бұл салада оның «Мұхтар Әуезов және әдебиет әлемі» (1997) атты кітабы жарық көрді. Абайдың ақындығын зерттеу барысында Әуезов те шығыстық поэзияның нәрінен сусындағандығын атап көрсетеді.

Т.Әкімовтың «Даналық мәйегі» (1997) атты зерттеуінде М.Әуезовтің шығармашылық лабораториясы әңгіме болады. Жазушының оқу, шығармашылық іздену, көркемдік кемелдікке жету жолы қамтылады. Жазушының жеке кітапханасы мен мұрағатындағы жазбалары, қолжазбалары, басқа да материалдар негізінде ой толғайды. Бұл еңбектің құндылығы да осы – шығармашылық лабораториясына тереңдей ден қоюында.

М.Әуезовтің абайтанушылық қызметін М.Мырзахметов «Әуезов және Абай» (1997) атты еңбегінде сөз етеді.

К.Сыздықовтың «Мұхтартанудың беймәлім беттері» (1997) атты еңбегінде ұлы жазушының публицистикалық, сыншылдық, суреткерлік ізденістері, фольклорлық және әдеби мұра жайлы зерттеулері, көркем әдебиет, әдеби процесс, туысқан халықтары әдебиеті, поэтика хақындағы пікірлері, ұстаздық, қоғамдық қызметі, жазушының мұражайында, түрлі мұрағаттарда, баспасөз беттерінде сақталған деректерге, соңғы зерттеулерге сүйене отырып, жүйелі түрде зерделеген. Бұл кітап та Әуезовтың ғалымдық қырын ұлықтауға арналған.

Әуезов пен халық ауыз әдебиеті тақырыбы да ғалымдар назарынан тыс қалмайды. Бұған Ә.Молдаханованың «Мұхтар Әуезов - фольклортанушы» (1997) атты кітабы дәлел. Зерттеуші Әуезовтың фольклор мұралары үлгілерін жинау, насихаттау, жариялау, зерттеу ісіндегі еңбегіне тоқталады.

Әуезов тұлғасы тек ғылыми еңбектердің ғана емес, сонымен қатар көркем шығармалардың өзегіне айналуда. Соңғы жылдары белгілі жазушы Д.Досжановтың «Мұхтарасуы» хикаяты, «Жаңғақ» әңгімесі, «Мұхтар жолы», «Алыптың азабы» романдары дүниеге келді.

Аталған еңбектердің маңыздылығы – жазушы еңбегі туралы бұрын көбіне социалистік реализм тұрғысынан берілген кейбір қасаң тұжырымдардың бүгінгі күннің жаңаша көзқарастары тұрғысынан қайта бағалануы. Олар - бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымының, оның ішінде Мұхтартану ғылымының биік өресін аңғартатын еңбектер.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахметов З. Роман-эпопея Мухтара Ауэзова. Алматы: Санат, 1997. – 288 с.
2. Нұрғали Р. Әуезов және Алаш. Алматы: Санат, 1997. – 432 б.
3. Жұртбаев Т. Бесігінді түзе! Алматы: Жазушы, 1997. – 554 б.
4. Сыздықов К. Мұхтартанудың беймәлім беттері. Алматы: Қазақстан, 1997. – 224б.
5. Әкімов Т. Даналық мәйегі: Мұхтар Әуезов туралы деректер. Алматы: Ана тілі, 1997. – 190 б.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ АБАЙТАНУ ІЛІМІНІҢ ДАМУЫ

Советова Толқынай, 1-курс студенті

*Ғылыми жетекшісі: қазақ тілі және Қазақстан мәдениеті
кафедрасының оқытушысы, магистр Бажикеев К.К.*

Қарағанды экономикалық университеті

Аңдатпа. Мақалада тәуелсіздік кезеңіндегі абайтану ілімі бойынша жүргізілген ізденістер мен зерттеулерге баға беріліп, талданады. Т.Жұртбай, М.Мырзахметов, Ж.Ысмағұлов, З.Ахметов т.б. абайтанушылар еңбектері қарастырылды.

Түйін сөздер. абайтану, 150 жыл, әдебиеттану, тәуелсіздік

Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы тамырын тереңге жайған, сала-сала бұтақтары тарамдалған алып бәйтерек іспетті. Әдебиеттің тарихы, сыны, теориясы әрқайсысы өз алдына дамып, бағытын айқындап, жетілу үстінде.

Сол сияқты бүгінде жалпы әдебиеттану ғылымының аясында әрқайсысы өз алдына жеке-жеке сала ретінде қалыптасып, дамып жатқан Абайтану, Әуезовтану, Сәкентану, Мағжантану, Шәкәрімтану, Жүсіпбектану, Бейімбеттану т.б. ілімдер де жаңа зерттеу, соны еңбектермен толығуда.

Әсіресе, бүгінгі Абайтану мен Әуезовтану ілімдерінің ахуалынан-ақ қазақ әдебиеттану ғылымының өсу өрісін аңғаруға болады. Елуінші жылдары «Абайдың ақындық мектебі бар» деген әдебиетшілердің басы үлкен дауға қалып, қуғынға ұшыраса, кейін Абайтану әдебиеттанудың ішіндегі іргелі салаға айналып, жоғарғы, орта мектептерде жеке пән ретінде оқытылатын болды.

1995 жылы Абайдың туғанына 150 жыл толуы ЮНЕСКО-ның шешімімен әлемдік деңгейде аталып өтті. Осы айтулы оқиғаға байланысты «Абай» (1995), «Абай елі» (1995) энциклопедияларымен қатар көптеген зерттеу мақалалары, кітаптар жарық көрді.

Тәуелсіздік тұсындағы Абайтануға жаңаша ғылыми сипат берген «Абай және қазіргі заман» (Өмірі мен әдеби мұраларының жаңа қырлары. 1994), «Абайды оқы, таңырқа...» (1993), «Абайдың ақын шәкірттері» (1993), З.Ахметовтың «Абайдың ақындық әлемі» (1995), Т.Әлімқұловтың «Жұмбақ жан» (1993), Т.Жұртбайдың «Күйесің, жүрек... сүйесің!..» (Абайдың жан бостандығы... немесе рухани тәуелсіздік. 2001), А.Машановтың «Әл-Фараби және Абай» (1994), М.Мырзахметұлының «Абай және Шығыс» (1994), «Абайдың адамгершілік мұраттары» (1993), «Абайтану тағлымы» (1993), «Әуезов және Абай» (1997), Қ.Өмірәлиевтің «Абай афоризмі» (1993), Р.Сыздықованың «Абайдың сөз өрнегі» (1995), Ж.Ысмағұловтың «Абай: ақындық тағлымы» (1994), А.Көбесовтің «Абайтану дәрістері» (2000), Б.Байғалиевтің «Абай өмірбаяны архив деректерінде» (2000), т.б. монографиялық зерттеу еңбектері соңғы жылдардағы қазақ әдебиеттану ғылымының татымды табыстары қатарынан саналады.

Абай даналығынан сусындау, оның тереңіне бойлау – ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса беретін міндет. Себебі, ұлтының тарихи дамуына, әр кезеңнің ұрпағына бағыт-бағдар беретін Абай ақиқаты – ескірмейтін ақиқат. Шындығында абайтану қазақ әдебиеттану ғылымында жеке сала болып қалыптасып, ең көп зерттелгендіктен, ұлы ақын мұрасының айтылмаған сыры, танылмаған қыры жоқ сияқты көрінуі мүмкін, алайда олай емес екен. Қайта Абай зерттелген сайын зейінді тарта түседі, танылған сайын тереңдей түседі.

Т.Жұртбайдың «Күйесің, жүрек... сүйесің» (Абай «Жан бостандығы...» немесе рухани бостандық) атты еңбегі осының айғағы. Зерттеуші Абайдың өзі өмір сүрген кезеңнің саяси-әлеуметтік, қоғамдық-мәдени өміріне қатынасын, оның азаматтық ұстанымын шығармалары негізінде аяқтандыруды көздейді. Ұлы ақынның отарлау саясатына, рухани бостандық, идеологиялық тәуелділік, дін мәселелеріне, миссионерлік әрекеттерге көзқарасын әр ойына, әр сөзінің астарына мән бере отырып зерделейді. Сондай-ақ ол Абай мұрасын әрбір өзгерген заманның ырқына ыңғайлап бұрмалап түсіндірудің «оның мұраларын түсіну тәмсілін мүлде жадағайлап жіберуі мүмкін» екендігін ескертеді [1, 52].

Зерттеуші Абайдың пәлсафалық толғаныстарына аса зор мән беріп, оның көне қытай, ислам, Монтень, Ницше философияларымен ой сабақтастығын саралайды. Еңбектің танымдық маңызды тұсының бірі – Абайдың миссионерлікке көзқарасы. Бартольд, Семенов-Тяньшанский, Щербина, Алекторов, Ильминский, Ядринцев сынды XIX ғасырда қазақ әдебиеті мен фольклорын жинақтап, зерттеу ісіне, яғни қазақ мәдениеті аясының кеңеюіне «мол үлес қосты» деп ғылым тарихында аттары құрметпен аталатын ғалым-миссионерлердің түпкі ойларын, ұлтсыздандыру, сөйтіп барып, орыстандыру саясатын қалың қазақ арасына сыналап таратушы негізгі тұлғалар екендігін нақты деректер, жазбалар мен олардың эпистолярлық мұралары негізінде қызықты әрі дәйекті жазады.

Ғалым Ж.Ысмағұловтың «Абай: ақындық тағлымы» аты зерттеуінде ақын мұрасын тың көзқараспен барлап, жаңа қырынан тануға, бұрын көлегейленіп келген соны сырларын ашуға талпыныс жасайды. Еңбектің ерекшелігі - өлеңдегі әрбір сөздің астарын ашуға, әр тіркестің мәнін айқындауға, әр

тармақтың бір-бірімен байланысын байыптауы. Кітаптағы негізгі желі – Абай шындығы. Оны зерттеуші «Болмыс шындығы», «Парасат шындығы», «Сезім шындығы», «Әсемдік шындығы», «Даналық шындығы» деп жеке-жеке тақырыптарға бөліп, қоғам мен табиғат құбылыстарынан, адам жанының ішкі иірімдерінен Абай таныған шындықты танытуға ден қояды.

Айталық, ғалым «Болмыс шындығы» атты тарауда «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Мәз болады болысың» т.б. өлеңдеріндегі ақын өмір сүрген кезеңнің әлеуметтік-қоғамдық сипатын ашып, қазақ халқының басына түскен жағдайды көрсетеді. Зерттеуші Абай өлеңдерінің түпкі мәніне, сөз астарында жататын мағынасына үңіледі. Сондай-ақ Абай өлеңдерін талдағанда зерттеуші оған дейін жасаған ақын-жыраулардың қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді арқау еткен шығармаларымен салыстыра талдап, осы тақырыптағы Абай сонылығының мәнін ашады [2, 44].

Адамгершілік мораль мен парасатқа жетелейтін өлеңдерін «Парасат шындығы» тарауында «Балам закон білді деп» қуанып отырған ата-анаға баласының шарифаттан шала болып қалмауын ескертеді. Бұл жерде де терең мағына жатыр Ақын оқыған баланың тек дін жолынан ғана кемшін қалу қаупін айтып отыр ма, әлде бүкіл ата дәстүрінен, ұлттық сана-сезімнен, ана тілінен қол үзіп, солардан жатырқап кетпеуін ескертіп отыр ма – оған ой көзімен үңіліңкірей қарау керек», - деп ғалым бүгінгі заманда ұрпақ тәрбиесінің өзекті мәселелерін Абай ұлағатымен ұштастырады [2, 95].

Кітаптағы «Сезім шындығы» атты тарауда ақынның лирикалық өлеңдеріндегі қазақ әдебиетінде Абайдың өзі ғана бейнелей алған сезім көріністерін әр сөзіне мән бере отырып талдаса, «Әсемдік шындығында» саз өнеріндегі Абай тағылымына ден қояды. Автор «Даналық тағылымында» ақынның адам мен табиғат, өмір мен өлім жайлы терең толғаныстарын дарынды суреткерлігімен ұштастырады [2, 166].

Абайдың шығыс мәдениетіне қатысын зерттеп, танып-білу бағытында жүргізіле бастаған ғылыми жұмыстар БК(б)П ОК 1949 жылы тарихи мұраларды зерттеуге байланысты қаулыларынан кейін мүлде тоқтап қалды. Абай шығармашылығының тарихи тамырын тану соңғы кезге дейін Абайдың нәр алған үш бұлағы туралы М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Бөкейхановтың ғасыр басында жазып қалдырған ойларын ескерместен, жалпылама тұрғыда сөз болса да тереңдей зерттелмей келді. Ал кейінгі жылдары, әсіресе тәуелсіздік алып, қазақ ұлттық мәдениетінің тамырын көне шығыс мәдениетімен, түркі өркениетімен байланыстыру белең алған сәтте, Абай мұрасын шығыс әдебиетімен байланыста зерттеу өзекті мәселе қатарына шықты. Осы бағытта 1994 жылы М.Мырзахметовтың «Абай және шығыс», А.Машановтың «Әл-Фараби және Абай» атты еңбектері жарық көрді.

Аталған еңбектің алғашқысында Абайдың шығыс әлеміне қарым-қатынасын, белгілі бір ғылыми жүйеге түсіре отырып, жана таным тұрғысынан қайта қарастырады. Абай лирикасындағы, әсіресе, махаббат лирикасындағы шығыстық сарындар, өлең құрылысындағы шығыстық белгілер, Абай дамытқан назирагөйлік дәстүр, Абай-Низами, Абай-Әл-Фараби мұралары арасындағы үндестік сараланады. Сондай-ақ Абайдың имандылыққа, мораль

философиясына қатысы сөз болса, екінші зерттеуде Абай мұрасы, әсіресе, философиялық ойының қалыптасуындағы ұлы ұстаздың ықпалы, Абай мен Әл-Фарабидің арасындағы рухани сабақтастық мәселесі жан-жақты талданады [3].

«Абайтану тарихы» атты М.Мырзахметовтың оқу құралында ұлы Абай мұрасы, оның зерттелуі туралы жазылған құнды деректер мен мұрағат қазыналары егжей-тегжейлі екшеліп, Абайтану тарихының қалыптасуын кезең-кезеңге бөліп қарастырылады. Енбекте Абайтанудың жүз жылдық тарихы, яғни Абайдың 1889 жылы жарық көрген «Семей уезі Шыңғыс елінің қазағы Ибраһим Құнанбаевтың Бақанас өзенінде Көпбейіт деген жерге қонып жатқандағы түрі» («Жаз») және «1888 жылғы май айында Ақшатау деген жерде Семей облысы мен Жетісу облысының төтенше съезі болғанда бір уездің ел билеушісінің түрі» («Болыс болдым мінеки») атты өлеңдеріне Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Дала уалаяты газетіндегі» (1989 ж.) білдірген сыни пікірінен басталып, Кәкітай, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, С.Торайғыров сияқты Абай мұрасын насихаттаушылар еңбегімен жалғасады және ақын мұрасына қатысты XX ғасырдың соңындағы ірі-ірі монографиялық еңбектерді (З.Ахметов «Абай и Лермонтов», С.Құспанов «Переводы Абая», Ә.Жиреншин «Абай және орыстың революционер-демократтары», М.Мырзахметов «Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары» т.б.) зерделеумен аяқталады [4].

Аталған еңбектерде Абайдың мұраларына бүгінгі тәуелсіз сана, еркін ой тұрғысынан тұжырым жасалып, әлемдік әдебиеттің контекстінде зерттеушілік байқалады. XX ғасырдың басында Алаш ардақтылары бастау салған Абайтану саласы XXI ғасырдың басында осындай құнды зерттеулермен толықты. Осының өзі Абай мұраларының қай кезеңде болса да өзектілігін жоғалтпайтын өміршеңдігін айқындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұртбай Т. Күйесің, жүрек... сүйесің (Абай «Жан бостандығы...» немесе рухани бостандық). - Астана: Санат, 2001. - 408 б.
2. Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағлымы. - Алматы: Ғылым, 1994. - 280 б.
3. Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс. - Алматы: Қазақстан, 1994. - 208 б.
4. Мырхаметұлы М. Абайтану тарихы. Алматы: Ана тілі, 1994. - 192б.

ТОРҒАЙ АҚЫНДАРЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АРАБ-ПАРСЫ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘСЕРІ

Батырлан Жұмабайұлы Сағынтаев
Арқалық қаласындағы Дала өлкесі тарихы облыстық мұражайы
Арқалық, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Торғай ақындық мектебі өкілдерінің шығармашылығындағы арап және парсы әдебиеттерінің ықпалы жайлы сөз қозғалады.

Түйін сөздер. ақын, арап-парсы әдебиеті, аңыз, «Тотынама».

Қазақ даласы мен араб-парсы елдері көне күндерден бері тығыз байланыс жасап, түрлі қарым-қатынаста болып келді. Қанша ғасырлар бойы қалыптасқан бұл байланыс осы халықтардың әдебиеті мен мәдениетіне де өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Қазақ ақындарының шығармаларындағы араб-парсы әдебиетінің сипаттары осы сөзіміздің дәлеліндей көрінеді.

Ерте заманда өмір сүрген Жүсіп Баласағұни, Ахмет Йассауи, Ахмет Иүгінеки, Рабғұзи, Сүлеймен Бақырғани т.б. ақындардың шығармаларында бұл сарын анық байқалады. Одан кейінгі кезеңдерде де қазақтың көптеген ақындары осы жолды жалғастырды. Бұған Шәкәрімнің, Жүсіпбек қожа Шайхисламовтың, Мәшһүр Жүсіптің, Тұрмағамбеттің бұдан да басқа ақындардың шығармалары тағы бар. Неге бұлай деуіміздің реті жоқ. «Оған Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген халықтардың ислам дініне енуі, там-тұмдап болса да мұсылманша(арапша) оқу-ағартудың орын алуы, орта ғасырлық түркі әдебиетінің қазақ қауымына да таныс болуы сияқты факторлар себеп болды»[1, 143б].

Торғай ақындық мектебінің өкілдерінің шығармаларында да араб-парсы әдебиеттерінің сипаттары молынан кездеседі. Мысалы осы ақындық мектептің өкілдерінің көпшілігі өз өлеңдерінде араб-парсы сөздерін жиі қолданады. Осы халықтардың аңыз-әңгімелеріндегі бейнелерде ақын шығармаларынан өз орынын тапқан. «Зиратын Мұхаммедтің көрген жан жоқ», «Ер Қызыр кем-кетіктің жолын күткен», «*Фатима* қолдасайшы әйел пірі», «*Хауаана Бибісара* бер балаңды», «*Баһауаддин* көзің сал мойын бұрып», «*Қырықшілтен, Ғайыперен* келші қоршап», «*Зарқұмның Салсал менен* соғысындай», (Уақ Жұмабай Шалабайұлы) [2] «Дүниеде *Тақ Сүлеймен* мұңсыз десең...», «*Ғалы* атты *Әбуталып* баласы бар...», «Ер көрмей бала тапты *Мария* анаң...», «Мал жимай *Ғазірет Ғалы* қалай өтті...», «*Мәлике* түсте көрген менен қашты...», «*Ұрымда Әмір* атты падиша болған...», «*Қызы* екен *Ұрым* шахының *Шаһбану...*» («Сейдахмет Бейсенұлы) [3] «Есепсіз бай болсаң да *Қарынбайдай*», «Патшадай *Әмір-темір* дінтүзетіп», «Сақи боп мал шашсаңда *Атымтайдай*» (Алтыбас Ақмолда) [4], «Жер тартқан рақымсыз *Қарынбайды*», «*Ибрагим* пайғамбарым малды болды», (Мәтібай Сарбасұлы) [5], «*Намрут Ибраһимды* отқа жағып», «*Жүсіпті* ағалары құл деп сатқан», «*Жақыптың* қандай болған балалары», «*Әйіпті* он сегіз жыл құрт жайлаған», «Атамыз *АдамХауадан*», (Қарпық Шолақұлы), «Болмаса *Сейітбаттал* патша *Зарқұм*», «*Мұса* зекет алыпты *Қарынбайдан*», «Дәулетің *Рүстемдей* ұлы *Залдың*», «Малғұн *Қоран* зекетін бермеген соң», «*МұхаммедХадишаны* неке оқылған» (Байжан Қожарұлы) т.б.

Жоғарыда келтірілген мысалдарда араб-парсы әдебиетінде жиі кездесетін бейнелер. Адам ата мен Хауа ана құранда айтылатынадамзаттың бастауы болса Мұхаммед – Сүлеймен (Соломон) - Ибрагим – Жүсіп – Жақып - Әйіп(Аюп – Иов) – Мұса (Мойсей) - Қызыр – құранда және шығыс аңыздарында есімдері аталатын пайғамбарлар, Мария – Ғайса пайғамбардың анасы, Фатима – Хадиша - Ғалы Әбуталып баласы - Ғазірет Ғалы – Мұхаммед пайғамбар заманында өмір сүрген тұлғалар, Қарынбай - Қоран – мұсылман мифологиясында қайырымсыз, сараңдығы үшін Құдайдың қаһарына ұшыраған Карун бейнесі, Шаһбану-Өмір-Мәлике «Тотынаманың», Рүстем-Зал «Шахнаманың», Салсал – Зарқұм – Сейітбаттал қазақ даласындағы көптеген қиссалардың кейіпкерлері, Баһауаддин – Бибісара - Ғайып ерен, қырық шілтен – шығыс елдеріндегі аңыз-әфсаналарындағы киелі адамдар ретінде көрініс тапқандар. Бұлардың басым көпшілігі сасан ирандықтарындағы «Худай – намада», ежелгі жазба ескерткіштер қатарына жататын «Талмуд» кітабында, «Библиядағы» хикаяларда, «Құран», «Тафсир», «Хадис» тағы басқа мұсылман кітаптарында кездесетін оқиғалардың желісінде кездеседі. Көпшілігі мұсылманша сауат ашқан Торғай ақындық мектебінің өкілдері де бұл жайынан хабардар болған. Бұл ретте зерттеуші Р.Сыздықованың: «Арап-парсы сөздерінің аз кем қолданылуы авторлардың сауатылылығына да байланысты. ...Мұсылманша хат таныған қазақ ақындарының шығармаларында дінге, шығыс тарихына, әдебиетіне қатысы бар жалқы есімдер де молырақ кездесе бастайды...»[1, 145б] деген пікірінің қисынды екені даусыз. Біз жоғарыда өлеңдерін мысалға келтірген ақындардың ішінде қолы хат білмеген тек Уақ Жұмабай ақын ғана. Бірақ бұл ақынның шығыс әдебиетінен хабарсыз болды дегенді білдірмесе керек. Оған ақын өлеңдерінде аталған кейіпкерлердің әр қайсысы өз орынында тұрғандығы дәлел. Өзге ақындарда да солай. Мысалы А.Қыраубаева өзінің «Ғасырлар мұрасы» еңбегінде: «Шығыс аңыз-әңгімелерінде Сүлеймен патша туралы да көп айтылады. ...Оларда Сүлейменнің жастығына қарамай ақылдылығы, білімділігі, әкесінің қате билігін түзеткені айтылады»[6, 35б] -деп жазады. Ақын Сейдахмет Бейсенұлының «Панисрайыл заманында» шығармасы да осы Сүлеймен патшаның әділдігі жайында. Ақынның бұл шығармасында бақшаны күзетіп жүрген екі шалдың сол бақшаға келіп жүрген әйелге айтқандарын орындату үшін жала жапқаны жайында сөз қозғалады. Әйелге айтқандарын орындата алмаған олар патшаға барып жалған сөйлеп, әйелді зор азапқа түсіреді. Осы шығарманы ақын белуардан жерге батып азап көрген әйелді он екі жасар Сүлейменнің құтқарып алуымен өрбітіп

Сүлеймен падиша боп дүниені алған,

Қалмаған көңілінде ешбір арман.

Куәдан жалғыз-жалғыз жауап алмақ,

Мирас боп кейінгіге содан қалған[3, 166б] - деп тамамдайды.

Бұл Сүлеймен патша жайында Қыраубаеваның жоғарыда келтірілген пікіріне дәлме-дәл келеді.

Сейдахмет өзінің тағы бір шығармасында:

Сөйле деп «Тотынама» мақұлдап тұр,

«Мені айт!» - деп бір уәзір қақылдап тұр [3, 127б] - деп кіріспе жасап, қазақ арасына араб-парсы әдебиетінен енген «өнерлі уәзір»

жайында айтады. Ақынның «Өнерлі уәзір» дастанының кейіпкерлері – хан мен уәзірі және екінші бір ханның қызы. Оқиға желісі бойынша Шын (Қытай) шаһарының падишасы түсінде көрген қызға ғашық болады. Ханның уәзірі падишаның айтуымен сол қыздың суретін салып биік мұнараға іліп қояды. Сырт елден келген бір жігіт бұл қыздың Ұрым (Рим) патшасының қызы Мәлике екендігін айтады. Өнерлі уәзір өз өнерінің арқасында Шын патшасының Мәликеге қосылуына себепші болады. Бұл «Тоты-намадағы» қырқыншы түнде айтылатын «Қытай патшасының үйленгені туралы» [7] әңгіме. Араб халықтарындағы «Мың бір түнде» де осы оқиға желінісін қайталайтын «Күйеуден жеріген қыздың күйеуге ынтыққаны»[8] жайлы әңгіме бар. Кезінде Г.Н.Потанин жазып алып, жариялаған «Уәзір»[9] атты ертегіде де жоғарыдағы сюжет қайталанады. Сейдахметтің «Әмір мен Мәлике қыз» атты хикаясында да «Өнерлі уәзірдегі» оқиғалар баяндалады. Мұндағы қыздың да аты Мәлике. Бағдат қаласын мекендеген сұлу қыз. Бұл да ер адамды опасыз деп таныған. «Өнерлі уәзірдегі» сияқты бұл хикаядағы падиша да Мәликені түсінде көріп ғашық болады. Падишаға тағы да уәзірі көмекке келеді. Ұқсастық бар ма? Бар. Тіпті хикая кейіпкерінің есімі де бірдей. Сонда қалай ақын бір оқиғаны қайта жырлаған ба? Әлде жеткізушілердің түрленткен нұсқасы ма? Екеуі де мүмкін. Қалай десекте Сейдахметтің бұл оқиға желісін араб-парсы әдебиетінен алғандығы анық.

Араб-парсы әдебиетіндегі бейнелердің тағы бір көрінісі Байжан Қожарұлының Ақмолдаға жазған хатындағы мына жолдардан айқын көрінеді.

...Малғұн Қоран зекетін бермеген соң,
Қақтағалам жұттырған жерді жарып.
Сол кеткеннен барады әлі тоқтамай,
Әлі жерді басқан жоқ тоқтап тұрып.
Мейман қонып, малыңнан зекет берме,
Жатарсың Қарынбаймен бірге барып.

Келтірілген өлең жолында аталатын Қоран мен Қарынбай бір тұлға. Қазақ әдебиетіне сырттан енсе де типтік образға айналған тұлға. Аңыз бойынша Мұса пайғамбар Қарынбайдан зекет алуға барғанда зекет бермеген қайырымсыз бай құдайдың қаһарына ұшырап, оны жер жұтқан екен дейді. Қарынбай бейнесі Құранда аты аталатын Карунге байланысты қалыптасқан.

Торғай ақындық мектебінің тағы бір өкілі Қарпық Шолақұлы өзінің «Ақтас-Байтұрсын» өлеңінде тұтқынға түскен ағайындарының көңілін серпілтпекке Құранда да, араб-парсы әдебиетінде де кездесетін жайларды мысал етеді:

Намрут Ибраһимді отқа жағып,
Оларда душар болған мүбіталаға.
Екінші жанған оттан саламат боп,
Жеткерген пайғамбарлық даражаға.

Олардың қабыл болған тәубалары,
Жүсіпке жапа берген ағалары.
Барыпты ақырында құл деп сатып,
Жақыптың қандай болған балалары.

Жүсіпті ағалары құл деп сатқан,
Орынсыз бірнеше жыл жапа тартқан.
Мысырға ақырында болып патша,
Осындай рахым күтті Жаббар Хақтан!

Жақсының болар дұшпан жақынында,
Болмаңыз тура діннің батылында.
Әйіпті он сегіз жыл құрт жайлаған,
Оны да сауықтырған ақырында.

Бұйрықтан кім қашады тәңір қосқан,
Су шығар әмір етсе қара тастан.
Алланың арыстаны хазіреті Ғали,
Табылған оларға да қанша дұшпан.

Қарпықтың ұзақ өлеңінің біз мысалға алған бес шумағынан-ақ бірнеше аңыз-әфсананың негізі байқалады. Намруттың Ибраһимды отқа жағуы, Жақып пайғамбардың балаларының арасындығы алауыздық, Жүсіп пайғамбардың Мысыр патшасы болуы жолындағы оқиғалар, Аюп пайғамбардың он сегіз жыл денесін құрт жайлағанда сабырлық етуі, Хазіреті Ғали жөніндегі әңгімелер – бұлардың барлығы араб-парсы халықтарында кеңінен таралған хикаяттардың желісі.

Осындай шығыс елдерінің әдеби мұраларымен жете таныс болып, өздері де содан үлгі алуы Торғай ақындық мектебінің өкілдерінің шығармаларындағы дидактикалық сарынды, үгіт –насихат әсерін де күшейте түскен. Олар ақыл тәлімін айтып, нақыл сөзбен тағылым береді. Дүниенің жалғанын айтады: «Шын жалған дүниенің бәрі бекер»(Қарпық), «Пәниден бақи қалған бір адам жоқ», «Еш ылаж таба алмайсың келсе ажалға»(Байжан), «Дүние жеткізбейді қос аттыға»(Есенжол)[10], «Тұтсаңда жеті ықылымның бәрін тегіс, Кіресің ақыр бір күн көрстанға»(Ақмолда).

Адам тағдырындағы барлық іс Құдайдың жазғанынан болатынын ескертеді: «Іс болса Тәңір қосқан не дүр шара», «Бұйрықтан кім қашады Тәңір қосқан»(Қарпық), «Хақтың берген, жамалдың қадірін біл»(Байжан), «Ұмытпа бай болдым деп бір құдайды»(Мәтібай), «Алла берер әркімдердің корегін, Жалынбағын адамзатқа қиылып»(Сақан).

Бос мақтаншылықтан сақтандырып, бірлікке үндейді, тер төгіп адал еңбек қыл дейді: «Тұрғанда садақа бер баста бағың»(Байжан), «Жақсынның болар дұшпан жақынында»(Қарпық), «Жер тартқан рақымсыз Қарынбайды», «Ағайын ала болса бірлік кетер, Дәулетің басыңдағы бір күн өтер», «Ерінбей еңбек жаса терің төгіп, Болуға жұрт қатарлы талап етіп»(Мәтібай), «Ертешіл пайда іледі, Дұрыспа ұйықтап жатқаның»(Есенжол), «Харекет аз да болса талап етсең, Себеп сол ерге дәулет құралатын»(Әбіқай)[11].

Біз мысал ретінде алып отырған өлең жолдары мол мұраның бір бөлігі ғана. Мұндай үгіт-насихат сарындары Сейдахмет Бейсенұлының, Құбаша Шалбайұлының, Әбіқай Нұртазаұлының, Файзолла Сатыбалдыұлының, Әлмағамбет Оспанұлының шығармаларында жиі кездесед.

Араб-парсы әдебиетінде кеңінен таралған дәстүрлердің бірі нәзира дәстүрі. Бұл бір ақынның жазған шығармасын екінші ақынның өзінше қайта жырлауы. Қазіргі күні бүкіл әлемді таңқалдырып жүрген Фирдауси, Рудаки, Хафиз, Сағди, Насри-Хисрау секілді көптеген шығыс ақындарының ең үздік деген туындылары осы нәзира дәстүрінің арқасында жазылған болатын. Бұл үрдіс Торғай ақындық мектебінің өкілдерінде де өзіндік орынын тапқан.

Торғай ақындарының нәзира үлгісінде жырлаған тақырыптарын бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады.

Алғашқысы араб-парсы әдебиеттерінен алынған оқиғалар желісі. Бұл топтағы шығармаларға Сейдахметтің «Мың бір түн» мен «Тотынамадан» алған «Өнерлі уәзір», Өмір мен Мәлике қыз» секілді шығармаларымен қоса Файзолланың «Мархумасы»[12], Нұрханның «Қамарлы Заманы» мен «Албан Жұпар ханым» [13]дастандары кіреді.

Екінші топтағы шығармаларға Торғай ақындарының осы өңірде болған оқиғалар жайында және жеке тұлғаларға арнап жазған туындыларын жатқызамыз. Бұған Файзолла жазған «Тоқымбет – Гүлайым» мен Нұрхан жырлаған «Есім Серінің», Омар Шипиннің «Масаты қыз» дастаны мен Бақыт Имановтың «Қанды тас» поэмаларының, Файзолла мен Бөжен Құсайынұлының «Шәкір – Жамал» дастандарының оқиғаларының бір екендігі дәлел. Сейітқасым – Өмбал оқиғасын әрісі Мәтібай, берісі Ғалы Базаровтың өлең қылуы немесе Байжан мен Файзолланың Әбдіғапар бейнесін жасаулары, Күдері Жолдыбайұлы, Омар Шипин, Сәт Есенбаев, Ақыш Аймағамбетов, Әбжан Құндызбаев, Нұрхан Ахметбековтардың Аманкелді батырдың ерлік істерін жарыса жырлауына да осы нәзира дәстүрі өз ықпалын тигізбей қоймағаны анық. Осы өңірден шыққан ақындардың Ақтас – Байтұрсын оқиғасы мен Ахметке арнаған өлең-жырлары да молынан кездеседі.

Нәзира дәстүрі өз әсерін тигізген үшінші топтағы шығармалар – өлеңмен жазылған шежірелер.

Ақын, Торғай ақындық мектебін зерттеуші Назарбек Бектемісов өзінің «Ахмет ұшқан алтын ұя» еңбегінде: «Абай қазақ шежіресін Шәкәрімге жаздырғанын және оның Орынбор қаласында 1000 дана болып шыққанын білеміз... Ал, Есенжолдың сол шежірені Адам – Атадан бері қарай өлеңмен жазуы неге тұрады. ...Жеті атадан әрірекке сілтеу білімділік»[7, 236] - деген пікір білдіреді. Бұл Есенжол Жанұзақұлының өлеңмен жазған шежіресі хақында айтылған пікір. Ал, енді осындай өлеңмен жазылған шежірелер Файзолла Сатыбалдұлы мен Әлмағамбет Оспанұлында, Бұзаубай Жайлыбайұлында т.б. ақындарда бар. Күдері Жолдыбайұлының Ахмет Бірімжановқа арнаған өлеңінде де қазақ шежіресі кеңінен таратылып айтылған. Тіпті бертінге дейін өмір сүрген Торғай өңіріндегі ақындар өз руларының болса да шежіресін өлеңмен жазып жүрді. Оған Аманкүл Жақыповтың Өтей руының, Жұмаділ Қалиевтің Ожан руының шежіресін өлеңмен өрбітуі айқын дәлел.

Араб – парсы әдебиетінің қазақ әдебиетіне әсері халықтың тіліне де ықпалын тигізгені анық. Мұны қазақ тілінде кездесетін арап-парсы сөздерінің едәуір мөлшерде кездесетінінен байқай аламыз. «Олардың бір тобын бұрынғысынша, абстракт ұғымдарды білдіретін, халықтың тіліне енген сөздер

құраса, келесі тобын ислам дініне қатысты ұғымдар мен ритуал атаулары және дін иелерінің аттары құрайды. Одан қалды, бұл қатарда мәдени-рухани дүниеге қатысы бар сөздер тұрады»[1, 144б].

Араб-парсы сөздері Торғай өңірінен шыққан ақындардың шығармаларында да көп мөлшерде жолығады: *бисмилла, Алла, құран, шаригат, мұсылман, қажы, имам, хазірет, шадияр, мүрид, хакім, молла, зекет, құшыр, садақа, мешіт, фатиха, хадис, аят, намаз, дәріс, салауат, мінәжат, зиярат, пенде, фәни, бақи, шәйіт, лақат, сират, жұмақ, хор, зина, тамұқ, ғарасат, ахирет, мақшар, фақыр, мүскін, ғаріп, бей-бақ, бей-шара, бей-құт, хикая, нәсіп, рақым, сақи, шаһизада, шаһина-лық, т.бұ*

Жоғарыда келтірілген мысалдардың барлығы да Торғай ақындық мектебінің өкілдерінің араб және парсы әдебиетін терең меңгеріп, оларды өз шығармашылығында қолданғанын дәлелдей түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сыздыкова Р. ХҮІІІ-ХІХ ғ.ғ. қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы: Мектеп, 1984. -248 б.
2. Қалиев А. Киелі сөздің ат байлары // Қостанай таңы. 2014, 28 наурыз
3. Сейдахмет. Ғибрат. – Астана: Фолиант, 2010. – 232 б.
4. Байтұрсынов А. Ақжол. – Алматы: Жалын, 1991.- 464 б.
5. Өлмағамбет Б. Торғайдың топжарғандары. – Алматы: 2005. – 240 б.
6. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988.
7. Зийа-ад-дин Нахшаби. Книга попугая. (Тути-наме). М., 1979, с.253-258.
8. Мың бір түн: 4 томдық. Алматы, 1962, 3-т., - 505 б.
9. Казахский фольклор в собрании Г.Н.Потанина. Алма-ата, 1972, с. 145-147.
10. Бектемісұлы Н. Ахмет ұшқан алтын ұя. Астана:Елорда, 2001. -200 б.
11. Нұртазаұлы Ө., Әбіқайұлы А. Дүлдүл. – Алматы: 2012. – 108 б.
12. Сатыбалдыұлы Ф. Шерлі жылдар, шерулі жылдар. – Қостанай: Баспа үйі, 2004. – 470 б.
13. Торғай елі. Энциклопедия / Құрастыр. Т.Рсаев. – Алматы: Арыс, 2013. – 456 б.

ЖЫРАУЛЫҚ ПОЭЗИЯДАҒЫ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТІҢ АҚЫНДЫҚ ӨНЕРМЕН ҰШТАСУЫ

Серікқызы Әсем Қошан

5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4 курс студенті

Ғылыми жетекші: Базар Анасовна Рахметова

БІ.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының

Профессоры, ф.ғ. кандидаты,

Арқалық, Қостанай облысы

Андатпа: жыраулық поэзиядағы тілдік ерекшеліктер мен бейнелік әдістер жайлы баяндалады.

Кілт сөздер: жырау, поэзиялық туындылар, ажарлау әдістері, қайталау әдісі.

Кез-келген жыраулар поэзиясына берілген анықтамаларға көз жіберер болсақ, олардың басты белгілерінің бірі – бейнелілігі екендігі аталып көрсетілген.

Жыраулар поэзиясы тек ұйқасқа құралып қоймайды, сонымен қатар әдеби көркемдеу тәсілдерін де барынша пайдаланады. Бұл жыраулар поэзиясындағы шешендік үлгілерінде де көрініс тапқан. Осы тұрғыдан келгенде жыраулар поэзиясында ең мол қолданылатын ажарлау тәсілі – аллитерация мен ассонанс. Мәселен, Бұқар жыраудың төмендегі нақылдарына назар аударайық:

Арту-арту бел келсе,
Атан тартар бүгіліп.
Алыстан қара көрінсе,
Арғымақ шабар тігіліп.
Алыстан жанжал сөз келсе,
Азулы сөйлер жүгініп [1,101].

деген сөздерінде «о» дыбысы қайталанып келіп, ерекше үйлесімін тауып, үндестік құрған. Демек, дауысты дыбыстардың үндесуі ақын, жырауларға тән көтеріңкі пафосты дәл танытады.

Сондай-ақ, Шалкиіздің 45 жолдан тұратын «Мен көремін» толғауының 41 жолы «а»-дан, 4 жолы «о»-дан басталады.

Сол сияқты дауыссыз дыбыстар да жыраулар поэзиясындағы шешендік сөздерді айрықша ажарлылық сипатқа ие ете алады. Мысалы, Шалкиіз жыраудың бір туындысынан мысал келтірейік:

Жағаға жақын қонғанда,
Жайылып сулар алмас па?
Жаманға дос болғанда,
Жазымда басым қалмас па?
Жат туғанды өзі еткен
Жақсының ғұмыры аз-ақ болмас па? [1,446].

Жалпы, бұл ұяң дауыссыз дыбыстардың үндесуі эмоционалдық бір көңіл-күйді білдіріп тұр.

Сонымен қатар, шешендік сөздерде ең көп қолданылатын көркемдеу тәсілі, ажарлаудың бір түрі – теңеу. Теңеуде «суреткер заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді. [3, 126]. Мысалға, Жиёмбет жыраудың Есім ханға айтқан арнауынан үзінді келтірейік:

Менің ерлігімді сұрасаң,
Жолбарыс пенен аюдай.
Өрлігімді сұрасаң,
Жылқыдағы асау тайындай.
Зорлығымды сұрасаң,
Бекіре менен жайындай.
Беріктігімді сұрасаң,

Қарағай менен қайындай [1, 536], - деп, теңеудің әдемі де сұлу үлгілерін алға тартқан. Өзінің ерлігі мен өрлігін, зорлығы мен беріктігін табиғаттың тамаша туындыларына теңеп, сол арқылы мықтылығын суреттейді.

Жыраулар поэзиясындағы шешендік үлгілерінде эпитет (айқындау) те өзіндік орын алған. Мысалы Асан қайғыда:

Таңдайға біткен қызыл тіл,
Тірлікте не шайнасаң жұтар ол.
Шалкиіз жырауда:
Қара сия, ақ қағаз,
Дестірге өнер төктірдің[2, 1876] .

Осы мысалдардағы қара сия, ақ қағаз, қызыл тіл сияқты сөз тіркестері ауыз әдебиетінен, әрісі түркі тіл халықтар әдебиетінен етене таныс болуы мүмкін. Бұл екі жағдайды аңғартады. Біріншіден, Ежелгі поэзиямыздың күні бүгінге дейін әрқилы орайда қолданылып келе жатқан бұл тіркестер – дәстүрлі жалғастықтың куәсі. Екіншіден, сан ғасыр ұғымға орнығып қалыптасқан тұрақты айқындаулар.

Жырауларда бір сөз жол аяғында екі-үш рет қана емес, бірнеше рет, тіпті бүкіл шумақ бойында қайталаулар болады. Қайталаулардың бірнеше түрі қарастырылған.

1. Жыраулар басты назар аударған нәрсенің не болмыстың, яки оның басты қасиетінің өлең жолы аяғында бірнеше рет қайталанып келуі, мәселен Асан қайғыда:

Тақырлауға қонған қаз-тырна,
Таң маңынан ұшар ол.
Тауық неше шақырса,
Таң болжалдан атар ол.
Қызыл изен, боз жусан,
Сарыарқаға бітер ол.
Таңдайға батқан қызыл тіл,
Жаққа біткен отыз тіс,
Тірлікте не шайнасаң жұтар ол [2, 2186].

Өлеңнің алғашқы тармақтарынан , яғни тармақтағы сөз тіркестерінен жырау нысанға алған негізгі объекті айқын танылады. Бірақ жырау басты

әрекеті мен қимыл, қасиетін «ол» деген сілтеу есімдігін қайталау арқылы жинақтай көрсетеді.

2. Есімшенің «ар», «ер» жұрнақтары арқылы жасалған болжамды келер жақ түріндегі сөздердің қайталанып келуі, мысалы, Шалкиіз жыраудың толғауынан үзінді келтірейік:

Шағырмақ бұлт жай тастар,
Ағытқан қойды жол бастар.
Ақ желкенді жел бастар,
Ғаділ төре ел бастар...
Бір жақсымен дос болсаң,
Азбас-тозбас мүлкі етер.
Бір жаманмен дос болсаң,
Күндердің күні болғанда,
Жүмле ғаламға күлкі етер [2, 220б].

3. Риторикалық сұраумен келетін қайталаулар. Мысалы Ақтамберді жыраудың шығармасынан мысал келтірейік:

Мінезді болса алғаның,
Одан артық жар бар ма?!
Екі жаман қосылса,
Күнде жанжал, күнде шу,
Ұяларлық ар бар ма?! [2, 223б].

Осылайша көптеген жыраулардың шығармаларында эпикалық қайталау сұрау түрінде келіп, жыраулардың замана халін, өмір сырын білдірер негізгі ойын айқын танытуға қызмет етеді.

4. Бұйрық рай түрінде келетін эпифоралық қайталаулар, мысалы Шалкиізде:

Алып, алып, ал сақын,
Аңдып жүрген дұспаныңнан мың сақын.
Күле кіре күңіреніп
Шыққан достан мың сақын[2, 223б].

5. Істің, заттың, құбылыстың, оқиғаның себеп-салдарын, мақсаты мен шартын білдіретін эпифоралық қайталаулар, мәселен Асан қайғыда:

Әділдіктің белгісі-
Біле тұра бұрмаса,
Ақылдының белгісі-
Өткен істі қумаса [2, 224б].

Жырау «белгісі» сөзін қайталап, өмірдегі жақсылық, жамандық түрін ашық түсіндіре суреттейді.

Шешендік сөздерде ауыстыру (метафора) мол қолданылады. Ауыстыру алынып отырған заттың не құбылыстың мағыналас, мәндес басқа ұғымдардың орнында пайдаланып, ойды ықшамды, суретті, айқын, қысқа жеткізуге негізделеді. Қажым Жұмалиев «Абай поэзиясының тілі» атты еңбегінде құбылысы жағынан алғанда Абайға дейінгі поэзиясында метафораның 5 түрін ажыратқан [3, 216б].

Мысалы Ақтамберді жыраудан үзінді келтірейік:

Сыртым - құрыш, жүзім – болат,
Тасқа салсаң майырылман [2, 1936].

Бұл мысалда бір нәрсені екінші нәрсеге балау арқылы жасалынған метафораның жалғаусыз, жұрнақсыз жай түрі.

–мын, –бын, –пын, –сын жіктік жалғаулары, не -м, -ң, -ы, (-сы) тәуелдік жалғауларының көмегімен жасалған метафоралар кездеседі. Мысалы, Бұқарда:

Сен бұзау терісі шөншіксің,
Мен өгіз терісі талыспын [1, 1946].

Бұқар жырау жырларындағы ауыстырулардың тағы бір түрі, «едің» көмекші етістігі арқылы жасалады. Мысалы:

Отыз бес жасқа келгенде,
Қара судың бетінде,
Сығылып аққан сен едің.
Қырық жасқа келгенде,
Алтынды тонның жеңі едің [2, 1946].

«Едім» көмекші етістігі көмегімен жасалатын ауыстырулар жыраулардың өз аттарынан айтылатын толғау, теңеулерде, лирикалық герой атынан берілетін монологтерде, «едің» көмекші етістігі көмегімен жасалатын ауыстырулар, әсіресе, арнау өлеңдерде көп ұшырасады.

Жыраулар поэзиясында шендестіруде молынан қолданылады. Мысалы:

Жаманнан туған жақсы бар,
Адам айтса нанғысыз.
Жақсыдан туған жаман бар,
Күндердің күні болғанда
Бір аяқ асқа алғысыз [1, 446] , - деп жаман мен жақсыны

шендестірген.

Толғауларда, арнауларда құбылтудың ауыстырудан өзге кездесетін түрлерінің бірі – шендестіру. Мысалы, Бұқар жыраудың:

Күлдір - күлдір кісінетіп,
Күреңді мінген жиырма бес.
Күрек тісің қасқайтып,

Сұлуды құшқан жиырма бес [2, 2026], бұл жырда күрең – сайгүлік, сұлу – ару, қыз деген мағынада қолданылып тұр.

Жыраулар суреттеген құбылыстарға ерекше рең, ажар беріп, айтпақ ойларын аша түсуге мейлінше елеулі ықпал ететін көркемдік тәсілдердің бірі - меңзеу(синекдоха). Ақтамберді жыраудың шығармасынан мысал:

Білімдіге бағынсаң,

Халық жүдеп іші азбас [2, 2046], адамның бір ғана мүшесі – ішті меңзеу арқылы білімдіге бағынған елдің бірлік, берекесі нығайып, ортасы олқы түспес, «іші азбас» деген ойлы пікір толғайды.

Түйіндеп айтқанда, шешендік сөздерде қолданылатын бейнелеу тәсілдерінің барлығы да жыраулар шығармашылығында да болатындығына көз жеткіздік, ол өз кезегінде ақындық поэзияға да терең әсер еткен. Жоғарыда келтірілген мысалдардың өздерінен – ақ бейнелеу тәсілдерінің жыраулар поэзиясындағы шешендік сөздердің қуаттылығын арттыруда, әсемдік, әуезділік дарытуда қаншалықты маңызды екендігін аңғаруға болады деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары, //Құрас.: Мағауин М., Байділдаев М. Екі томдық. Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.
2. Алдаспан. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ ақын, жырауларының шығармалар жинағы, //Құрас.: Мағауин М, Алматы: Жазушы, 1971. -278 б.
3. Әдебиеттану терминдер сөздігі. /Құрас.: З.Ахметов, Т.Шаңбаев/ Семей-Новосибирск: Талер-Пресс, 2006. -398 б.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ МОГИКАНЫ

Екпін Рәна

5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4 курс студенті
rana_97.kz@mail.ru

Ғылыми жетекші: Ауезова Шынар Серікқызы
Ы.Алтынсарин атындағы Арқылық мемлекеттік
педагогикалық институты

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының
аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі
Арқалық, Қостанай облысы

Аңдатпа: Тұрсынбек Кәкішевтің өмірі мен шығармашылығы тұрғысында. Жазушының әдебиет сынының зерттелу хақында. Зерттеушінің Сәкен Сейфуллиннің ізденістері, халық хамын ойлаған ұлағатты ойлары турасында жазылған

Түйін сөздер: Тұрсынбек Кәкішев, сыни еңбектер, ғылыми-зерттеушілік ізденіс,

Тұрсынбек Кәкішев – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, қазақ әдебиеттануы мен сынының таудай жүгін арқалап, бұлыңғыр тағдырдың бұралаң жолдарында алға қойған арман-мақсатынан адаспай, қазақ әдебиетіндегі ғылыми-зерттеушілік, сыншылдық-эстетикалық ой-пікірдің дамуына үлкен үлес қосқан әдебиетші ғалым. Әдебиет ардың ісі дегендей, әдеби сын тұрғынындағы келелі ой-пікірлер жазып, әдебиеттану ғылымының дамуына сүбелі үлес қосқан әдебиеттанушы ғалымдардың бірі. Өзілхан Нұршайықовтың Тұрсынбек Кәкішұлының 80 жыл толуына байланысты Көкшетауда өткен жиналысында : «Сыртынан қарағанда бұл бауырларыңыз жалпақ жауырынды жалғыз кісі сияқты көрінеді. Шын мәнінде бұл кісі біреу ғана емес, бірнешеу. Атап айтқанда: азамат Тұрсынбек, сыншы Тұрсынбек, әдебиет зерттеуші Тұрсынбек, жазушы Тұрсынбек, журналист Тұрсынбек, публицист Тұрсынбек, ұстаз Тұрсынбек, ғылымға еңбегі сіңген қайраткер Тұрсынбек». Осындай жан-жақты тұлғаның артына қалдырған қыруар мол қазынасы бар. Атап айтсақ: «Қазақ әдебиеті сынының тарихы», «Сын сапары», «Октябрь өркені», «Дәуір суреттері», «Оңаша отау», «Дала дауылпазы», «Мағжан-Сәкен», «Сәкен сүйген арулар», «Сәкен Сейфуллин», «Қызыл сұңқар» сынды әр туындысының орны бір-бір төбе. Бір ғана Сәкен Сейфуллиннің өмір жолы мен шығармашылығы тұрғысында оннан астам кітап шығарғанының өзі талмас талаптың, қажымас қайраттың жемісі.

Тұрсынбек Кәкішұлы әсіресе сын тұрғысынан жазған еңбектері ауыз толтырып айтарлықтай. Бір сұхбатында «Сыншы болу үшін адамда қандай қасиет болу керек?» деген сауалға, «адалдық болу керек» дей отырып, сыншы-адалдықтың күзетшісі екенін айтқан. Осы адалдықтың ақ туын көтеріп отырып, қазақ әдеби сынының тууы мен қалыптасу, даму тұрғысында аянбай еңбек етіп, өзінің ғылыми мектебін қалыптастырды. Бұған қоса, жоғарғы оқу орындарында білікті маман дайындап, ұлт болашағына қосқан үлесі ерен.

Тұрсынбек Кәкішұлы, өз туындыларын асықпай, жауаппен қарап, талғампаз жаны өзіне қатал талап қоя отырып әр шығарманы анық деректерге, архивтерден, ел-елді, жер-жерді аралап жүріп, халық арасынан тынбай ізденіп барып жазады. Көрнекті екі томдық «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» атты еңбегі соның дәлелі. Бұл кітаптың барлық тарауларында тың ой-пікірлер, бұрын соңды кездесе бермейтін деректер көп кездеседі.

Еңбекте сынның алғашқы нұсқалары Жарнама-сыннан, шығарманың мазмұнын қысқаша баяндайтын аннотациядан басталатынын, оқушы мен жазушы арасындағы дәнекер рецензия екенін атап айтылған. Сын жанрының «физиономиялық» ерекшелігін ашып көрсететін публицистикалық сын, проблемалық мақалалармен кеңіп, әдебиеттануда ауқымды рөлге ие деп зерттеу мақала мен хрестоматия құрастыру, әдіснамалық нұсқауларды көрсетті. Осылайша, Қазан төңкерісіне дейін қазақ сыны дүниеге келгенін атап айтты. «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» еңбегінде әдеби сынның алғашқы толқындары деп 1921-1925 жылды аралығын көрсеткен. Әсіресе, Сәкен, Мағжан, Мұхтарлар жазған еңбектерге сыни мақалалар көптеп жазылды. Бірақ бұл басқа тақырыптар қамтылмады деген сөз емес. Сынның буынын бекітіп, қанатын жаюға әсіресе сыни айтыс-тартыстар үлкен рөл атқарған. Бұған әдебиет тарихы мен теориясы қолтығынан демеп нық тұрып кетуге үлкен үлес қосқандығы жазылған. Қазақ сынының шуақты кезеңі деп 1932-1937 жылдар аралығы атап көрсетілген. Ал, 1937 жылы Қазақстан Жазушылар одағының І пленумында М.Қаратаев «Қазақ әдебиетіндегі сынның міндеттері» атты баяндамасын жасап, ой додасына салынуы сының жеке отау болып қалыптасқандығының дәлелі деп көрсетілген. Тұрсынбек Кәкішев сынның ең негізгі міндеті деп әдемілікті, сұлулықты, жарастықты, парасаттылықты, көркемдікті қастерлеу, жақсыға қуану, жаманға қамығу, гүлденер өнерге қолғабыс тигізу, теріс жолдан сақтандырып, дұрыс жолға салу, бағыт-бағдар беру деп, сынның сынау құралы деп түсінудің үлкен қателік екенін баса айтады.

Тұрсынбек Кәкішевтің тағы бір құлашын кеңге жайып, қалам сермеген тақырыбы Сәкен Сейфулин хақында. Бір ғана Сәкен өмір жолы мен шығармашылығы тұрғысында көптеген кітап шығарғанының өзі талмас талаптың, қажымас қайраттың жемісі. «Қызыл сұңқар», «Сәкен Сейфуллин. Өнегелі өмір», «Сәкен және Гүлбахрам», «Сәкеннің соты», «Сәкен Сейфуллин», «Мағжан және Сәкен», «Сәкен сүйген арулар» сынды еңбектер соның дәлелі. Сәкен туралы зерттеу 1957 жылы Жазушылар одағы Сәкен Сейфулиннің ақталуынан кейін еске алу кешін ұйымдастырған. Сол кештегі алған үлкен әсерінен басталған зерттеушілік жолы Е.Ысмайловпен үш адамдық

экспедициядан бастау алды. Алдымен Жаңаарқаға, Қарағандыға, Ақмола, Көкшетау, Петропавлға барып Сәкенді танытын ағайын-туыстарымен, дос-жарандарымен сөйлесіп, суреттерін алып, көп мағлұмат жиналып Сәкен Сейфулиннің 70 жылдығына арнап екі томдық кітабы құрастырылған. Тұрсынбек Кәкішев Сәкеннің бар болмысын, өмірі мен шығармашылығын тереңнен зерттеді. Көптеген ғылым кандидаттары, докторлар өз диссертацияларын Сәкен Сейфулин шығармашылығына арнаған. Дегенмен, олар осы тар шеңберден аса алмады. Бірақ, Тұрсынбек Кәкішев Сәкенді тек қазақ оқырмандарына ғана емес әлем жұртшылығына таратты. Сәкен туралы жазған еңбектер көптеген тілдерге аударылып, баспа бетін көргенін атап айта аламыз.

Жазушы Сәкеннің тек поэзиямен ғана емес прозамен де ерте бастан шұғылданғанын айта келіп, очерктері мен повестеріне де үлкен ыждағаттылықпен ден қоя қарастырды. Жазушы «Тар жол, тайғақ кешуді» қазақ халқының тарихында әлеуметтік мәні зор келелі мәселелерді көркемдік жинақтау принципімен шешуге талаптанған шығарма деп атады. Әрі, Сәкен туралы бір-біріне кереғар, алып-қашты сөздер көп, тіпті бір жағынан «Тар жол, тайғақ кешуде» есімі аталғандардың ұрпақтары, кейбірі билік басына жеткен балалары Сәкен есімін естісе тыжырына қалары хақ. Т.Кәкішевтің айтуынша «Тар жол, тайғақ кешу» романының 1927 жылы алғаш рет басылымының ерекшелігі: ұлтшыл, алашордашыларды құрту, байшыл дегендерді құрту деген сөздер жоқтың қасы. Бұны оқыған Алашордалықтардың өзі ештеңе айтпаған. Алайда 1936 жылғы басылымында Сәкен айтты ма әлде баспа редакторы ма, байшыл, ұлтшыл, алашордашыл деген терминдер көп қолданылған. Себебі Сәкен алдыңғы буын ағаларға ілтипатпен қарап отырғанын айтқан. Әрине, «Тар жол тайғақ кешу» маңайында таусылмас даудамайлар көп. Себебі, қол жеткізгісіз ақпараттар архивтерде жатыр. Деректерге қарағанда Сәкен репрессияның құрбаны болып, тұтқындалып, үйін тінткенде 58 дана кітап, 14 бума қолжазба, 4 бума жеке хаттары, фотоальбомдар, 25 жазу дәптері тәркіленген еді. Осыған орай Тұрсынбек Кәкішов «Сәкен соты» деген кітабы шығар алдында архивке барып, құжаттар іздестірген. Бірақ ештеңені көшіріп алмасын деп жанына бір аға лейтенантты қосып жіберген. Кейіннен КГБ-ның басығынан неге бұлай деген сұрағына «сен бізді қинамда, бар болса да бермейтін құжаттар болады», - деп қысқа қайырған. Міне, бүгінде сол архивтегі құнды мағлұматтар халық игілігіне жарамай жатқанына күйініп, болашақ зерттеушілерге осы мәселеге назар аударса деген тілегін айтып кетті. Бұған қоса, архивтерде Сәкеннің сыртынан дерек берген адамдардың есімдері де бар. Бір қызығы бұның арасында Сәбит жоқ. Бір деректерде «Сәкенді ұстап берген Сәбит» деп жатады. Бұл мәселенің ақ қарасы әлі анықталмай келеді. Сәкен туралы жазылған еңбектен жазылмағаны әлі көп. Бұл-қазақ филологиясындағы шешуі табылмаған түйткілдердің бір парасы ғана.

Қортындылай келгенде әдебиетші, ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішев өзінің бүкіл саналы ғұмырын әдебиеттану ғылымына арнады. Тарихтың тұманды пердесін ашудағы табанды күресі, ар алдындағы қызметін адал атқарып шықты. Осы арқылы халықтың қалаулы, елінің елеулі азаматы бола білді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кәкішев Тұрсынбек «Қазақ әдебиеті сынының тарихы»- Алматы, «Санат», 1994
2. Тұрсынбек Кәкішев Оңаша Отау –Алматы, Жазушы баспасы, 1982
3. Тұрсынбек Кәкішев Өнегелі өмір –Алматы 2012

ҚАЗАҚ ЭПОСТАРЫНЫҢ ТАРИХИЛЫҒЫ

Камильқызы Еркежан

5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Гүлжан Кенжекееевна Айдарова

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік

педагогикалық институты

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Аңдатпа: Эпостық жырларымыздың бірі- батырлар жыры жайында баяндалады.

Кілт сөздер: Батырлық жыр, эпостық жырлар, тарихи дереккөз, эпостың тарихилығы қызылбастар, қалмақтар.

Ауыз әдебиетінің бағы заманнан ескірмей ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырған күрделі салаларының бірі- батырлар жыры. Батырлардың халыққа қамқоршы болу арманы, іс-әрекеті жырлануы арқылы оның өз үй ішіне, өз руына деген сүйіспеншілігі де айқындалады.

Эпостық жырлардан біз қазақ халқының тағдыр-талайын, тарихи және көркем ойлау ерекшеліктерін, сонымен қатар рухани - интеллектуалдық деңгейін де байқаймыз. Эпостық мұрамыздың жиналып, жарияланып зерттелуі Ш.Уәлиханов, Э.Диваев, Г.Потанин, В.Радлов, Ә.Бөкейханов, М.Әуезов еңбектерінен бастау алып, түрлі танымдық белестерге көтеріліп келеді. Эпостық жырлардың тарихилығын зерттеу, оларды тарихи дереккөз ретінде бағалау Т.А. Гуриев, В.Я. Евсеев, А.М. Линевский, И.Б. Молдобаев, Ж.Ш. Хошаниязов еңбектерінен анық байқауымызға болады [1,107б.]. Эпостың тарихилығы қаһармандық жырлардың өмірде болған оқиғаларға қатысы сабақтасып жатады.

Осындай шығармалар қатарына қазақ халқының ертеден келе жатқан мұралары Қара Қыпшақ Қобыланды батыр, Алпамыс батыр, Ер Тарғын, Едіге, Қамбар батыр жырларын жатқызамыз. Осы жырлардағы қазақ тарихының кейбір мәселелерін қарастырып ашу бүгінде кезек күттірмес мәселелердің бірі болып табылады. Бұл шығармалар қазақ әдебиеті саласында көркемдік ерекшеліктерімен қандай құнды болса, тарих үшін де айрықша мәнді болып табылады.

Батырлар жыры көбінесе Отанын сыртқы жаулардан қорғау, өз елін басқаларға тәуелді етпеу тілегін камтиды. Қазақ эпостары- ның қай-қайсысын алсақ та, қыпшақ, ноғайлы қазақтары қызылбастарға, қалмақтарға қарсы күреседі. Бұл жырлардың көпшілігінде ноғайлының жерін қалмақтың жаулап алмақшы болуына байланысты үлкен оқиғалар көрініс тапқан.

«Қобыланды батыр» жырындағы оқиғаларға тоқталсақ. Жырда қыпшақтар мен қызылбастар, қалмақтар арасында болды [2,78 б.]. Эпостағы жер аттары, қыпшақ елі, бәрі де тарихи деректер болып саналады. Демек, бұл

жағынан жыр мен тарих арасында ешқандай қарама қайшылық жоқ. Бұл жырда аталған оқиғалар шындыққа сәйкес келеді. Мысалы: «Қобыланды батыр» жырының Марабай, Мергенбай, Біржан, Досжан жырлаған нұсқалары қыпшақтар мен қызылбастардың арасында көп заманға созылған қарым-қатынастарды, талас-тартыстарды көрсетеді. Қыпшақтардың Қобыланды бастаған батырларының шетелдік жау қызылбастарға қарсы жүргізген ерлік күресі суреттеледі. Сонда қыпшақ еліне бірінші болып ұрынатын қызылбастың Қазан ханы болады.

Эпос ноғайлы, қыпшақ, қырғыздар бір ел болып жүрген кездері туған деген ғалым халықтық топонимияға сүйеніп, Қобыландыны тарихта болған адам деп біледі. Жалпы қазақ эпосындағы батырлар тұлғасына келгенде М.Әуезов олардың бәрі «Ертеде туғандары да, кейінірек шығарылғандары да анық тарихи оқиғаларға негізделген. Ал басты кейіпкерлері тарихта болған адамдар» [3,426б].

Қазақ эпосының тарихилығына қатысты ой «Қамбар батыр» жыры тұсындағы Н.С.Смирнова пікірлерінен де кездеседі. Ғалымның жырдың тарихи арқауы ноғайлы, өзбек ұлысына енген тайпалар ортасынан іздеуі соны байқатады [4,253б].

Жырдың барлық нұсқаларында да қалмақ ханы Назымды алам деп ноғайлы еліне шабуыл жасап, оларды бүліншілікке ұшыратып отырады. Ал, Қамбар ноғайлы жұртын қорғайды. Қалмақ ханының әскерімен соғысып, оларды жеңеді. Жырда жағымды образдардан: Қамбар, Назым, Алшыораз. Ал жағымсыз кейіпкерлердің бірі қалмақтың ханы Мақтым жырланады. [5,86 б]

Қазақ халқының эпикалық шығармаларының ішіндегі жақсы үлгілерінің бірі келесі жыр-Алпамыс туралы жыр қазақ, өзбек, қарақалпақ, татар, башқұрт, алтай халықтарында бар.

«Алпамыс» жырының қазақша нұсқаларында XVI-XVIII ғасырлардағы азаттық идеясы-қалмақ хандарымен күресу, олардың шабуылынан қорғану идеясы пайда болады. Бұл кезеңде шыққан жырды ру басының өз жерлестеріне, туған халқына зорлық-зомбылық жасауына, олардың бейбіт елді жаулап алуына қарсылық күшейе түседі. «Алпамыс» жырында Қоңырат руының билігін қолына алған Ұлтан мен Алпамыс арасындағы тартыс тақырыбы терең суреттеледі. Бұл дәуірде ислам дінінің халық санасына ықпалын тигізу нәтижесінде жырда діншілдік идеялар көріне бастайды.

Басқа жырларға қарағанда, «Ер Тарғын» жырының нұсқалары көп емес. Ел аузында айтылып жүрген «Тарғын» жырының оқиғасы жағынан ең толығы да, мазмұны, көркемдігі жағынан ең құндысы да Н.И.Ильминский ұсынған нұсқа.

Сонымен, қорытындылай келе батырлар жыры тек әдебиеттік мұра емес, қазақ халқының өткендегі тұрмысынан, экономикасынан, қоғамдық-тарихтық болмысынан бағалы деректер бере алатын құнды материал деп білеміз. Әрине, тарихи мәліметтерге ел-қиялы қосқан қоспа жайларда араласады. Шындық өмір елесімен қатар ертегілік әсерлеу де басым болады. Соған қарамастан, қазақ тарихының кейбір мәселелері жайлы құнды деректер алуға болады.

Бүгінгі күннің талабы халқымыздың осы мол мұрасын өткен тарихымызды зерттеуде дерек ретінде пайдалануға бола ма, болса қалай пайдаланамыз деген мәселелерді алдымызға қоюда. Бұл деректердің артықшылығы оларды халықтың өзі қалдырғандығында.

Бұл реттен белгілі эпостанушы Ш.Ыбраевтың: «Эпостың негізі - тарихи шындық. Әсіресе, ол эпосты тудырған ортаға, халықтың жер-су атауларына тікелей қатысы бар» - деген пікірінің маңызы зор.

Қазақ эпостары - қазақ тарихының келелі кезеңдері оқиғаларынан хабар, дерек бере алатын рухани қазына.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гуриев Т.А. Исторические основы некоторых антропонимов в осетинском нартовском эпосе // Фольклор и историческая этнография. - Москва. 1983. 107 с. Хошаниязов Ж.Ш. Историко-фольклорная характеристика каракалпакской версии эпоса «Алпамыш» Т. 1978.
2. Қобыланды батыр. Казахский героический эпос. Москва: Наука, 1975. - 78 с.
3. М.Әуезов. Әдебиет және уақыт. Алматы. 1962. - 426 б.
4. Смирнова М.С. Основные версии «Камбара». Алматы. 1959. -253 б.
5. Батырлар жыры «Қамбар батыр» Алматы. 1986. - 186 бет

СӘКЕН ЖҮНІСОВТЫҢ «АҚАН СЕРІ» РОМАНЫНДАҒЫ ЖАТСЫНУ МӘСЕЛЕСІ

Қайырбек Мерейлім Төлеутайқызы

5B011700- Қазақтілі мен әдебиеті» мамандығының 4-курс студенті

Kayirbek.mereylim@mail.ru

Ғылыми жетекші: Таутина Бақытгүл Ағзамқызы

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы

Аңдатпа: Бұл мақалада Сәкен Жүнісовтың «Ақан сері» романындағы басты кейіпкер Ақанның қоғамнан шеттетіліп, өнері бағаланбай жалғыздық күйін кешкен ауыр тағдыры қарастырылған. Көркем прозада кездесетін жатсыну мәселесі жан-жақты талданған.

Түйін сөздер: Өнер, ақын, жалғыздық, жатсыну

«Тұсында сері болсын, пері болсын,
Ұнайды өмірімен Ақан маған.
Керексіз кісі болған ол заманға,
Қайткенмен бір жұмбақ сыр бар Ақанда.
Тегінде тегін бе екен Ақан сері,
Бұл да бір емес пе екен елдің ері?
Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе,

Ел тегі алсын қайдан кемеңгерді» - деп Ілияс ақын жырлағандай Ақанның өмірі қандай қиын болса, сондай бізге беймәлім сыр жатыр. Ақан сері қазақтың бағына біткен асыл перзенті. Атығай-қарауылға, бүкіл Көкшетау өңіріне аты жайылған аңшы, саятшы сері жігіт, өз жанынан шығарып айтатын әнші, суырыпсалма ақын барша жұрттың еркесі Қорамсаның Ақаны.

Ақан дегенде Көкше өңірі, Арқа жері көз алдымызға елестейді. Өзінің әсем әнімен, тамаша дауысымен, керемет ақындық өнерімен бар жанды өзіне баурап алатын серіні қазақ даласының қай баласы болмасын сүйсіне тыңдайтын. «Ақан қайда?» «Мына дауыс Ақандыкі ғой», «Біз тамақ іше келді дейсің бе?» дескен ауыл жастары болсын қариялары болсын осылай Ақанды іздейтін. Ақан қай ауылда болмасын - Ақан. Еңкейген кәріден, еңбектеген балаға дейін біледі. «Ақан келді ауылға» дегенді жұрт естігенде көрінген той-томалаққа еліге бермейтін кәрі құртаңдарға дейін жалғыз атына міне салып асыға келіп жататын [4,53]. Әсіресе, Құлагермен Ақан келе жатыр дегенді естіген бүкіл жұрт шулап жолын тосып, үлкен сүйіспеншілікпен күтіп алатын. Ақан ел аралап, серілік құрып, үнемі достарын ертіп, жұртты шаттыққа бөлейтін. Сегіз қырлы бір сырлы жігіт Ақан мен деген мықты, өнерлі жігіттерді ертіп, жолға сапарға шығатын. Серімен оның жолдастарының мінген аттарына дейін жүйрік, киген киімдері жинақы, әсем, жүріс-тұрыстарының өзі жұрт қызығарлық болатын. Сұлу киім, жүйрік ат, алғыр бүркіт Ақанда болады. Біріне бедеу мінгізіп, біріне бұлде кигізіп дегендей, 15-20 жігітті өзі тәрбиелеп, нөкер қылып алады. Жүргенде сол жігіттердің алдында қолбасындай оқшау отырады. Біресе боз атқа мініп, ақ киінген. Біресе қара атқа мініп, қара киген. Басында- бұлғақтаған үкі, қолында – домбыра, аузында – ән... Жігіттердің бәрі балуан, бәрі әнші. Бірақ Ақанның әні өзгеше. Даланы күңіrentіп, Ақан ән шырқаса, би билігін, кемпір өрнегін, сұлу кестесін қойып, аңырып тыңдай қалады. Қалың қарауылдың қара көздері «Ақанның әні-ай!» деп деп күрсінеді. Сүймесе сері дер ме еді, қалың қарауыл Ақанға сері деп лақап ат береді. Ақан сері-ойын-сауықтың, той-думанның гүлі. Әрі шешен, әрі тапқыр, әрі кесіп айтатын турашыл сері жігіт-қасиетті, таза, сап мөлдір махаббаттың, шынай әсемдіктің, бұла сезімнің жыршысы. Сырты оюлы, іші оюлы, нәзік әшекейлер мен сипаттауларға негізделегенірім-толқындары ерекше нақышты, кестелі толғауларды шығарушы [2,195].

Сері өзінің жанына ең жақын, адал достарын ертеді. Соның бірі Ақанның қасынан бір елі қалмайтын, қалжыңқой досы- Шәкей еді. «Шәкей шынында да әнші, әсіресе домбырашы жігіт. Ақанға еріп, ел аралағаннан бері әнге де, күйге де бұрынғыдай салғырт қарамай, жанға қорек, елге керек өнер деп ұға бастаған» [4,54].

Иә, әлбетте солай болмақ. Ақан сері өзінің серіктеріне өнердің қадірлі, қасиетті екенін, ән шығарып айтқан соң, ол елге жайылып таралған соң, оны қалай болса солай айтпау керек оны нақышына келтіріп, бар жан-дүниесімен беріліп, орындау керектігін үнемі достарына ұғындырып, ескертіп отыратын. Міне, сондықтанда Шәкей өзінің орындап жүрген ән мен күйіне басқаша бір көзқараспен қарайтын. Шәкей қандай отырыста болмасын, жұртты күлдіріп, көңілді, қылжақбас мінезімен барлығын баурап алатын. Қандай ән айтса да жеңіл, күлдіргі әндер айтып, өзіне жараса кететін. Бір отырыста «Ақанның «Қыз сипаты» деген өлеңін маңындағы қыздардықабағымен, иегімен ымдай отырып, айтып біразына тидіріп, одан соң «Ағаш аяққа» басты. «Ала жаздай нәр татпай іздегенім қыз болды ойбай, қыз болды-ай!» деп ойбайын салып, өтірік жылап, көзіне жас алғанда үйдің ішін қыран-топан күлкі кернеп кетті. Енді бір кезде «Өлеңді жатып та айтам, тұрып та айтам, тым еріліп, есіріп алғанымда жорғалап құйрықпенен жүріп те айтам» деп құлағын, құйқасын

қимылдатып, отырғандардың ара-арасымен босағаға қарай жорғалағанда қыздар, кемпірлер тырақайлап қашып, жастар ішек-сілелері қатып, күлкіге батты» [1,54]. Шәкей серінің досы ғана емес, сонымен жанашыры, қандай жағдай болмасын Серіні үнемі қолдап-қолпаштайтын жанның бірі. Ақан Ұрқияны алып қашып кеткенде, оған көмектесіп, бар жақсылығын жасайды. Оны біз мына жерінен байқаймыз. Ақан Ұрқияны алып жігіттерімен үңгірге қашады, сол сәтте Шәкей серінің анасына барып, ел жұртта не жаңалық болып жатыр екен деп білуге кетеді. Жағдайды барлап қайтқан Шәкейден Сері және жігіттері суық хабар әкеледі-ау деп күтеді. Ал, Шәкей болса «Өйдөйт дерсің, өздерің тіпті жұмақтың төрінде отырғандайсыңдар ғой, түф дүниенің рахаты осында ғой» - деп, үңгірге көңілді кіріп, елден суық хабар әкелгенін мүлдем білдірмейді. Сөйтіп Ұрқияға «- Оу, Ұрқия, көтер кәне басыңды, өз қолыңмен жай қане дастарханды асыңды», - таппақтап, қоржын ішінен мол базарлық шығарады [4,185]. Мол олжамен келген Шәкей дорбасынан неше түрлі тағамдарды шығарып, көңілсіз отырған Ұрқия мен Ақанды көңілдерін көтеріп тастайды. Ақан досының мінезін аңғарып, қияметтің қыл көпірінен де бірге өтуге даяр адал серігінің сөзі мен ақжарқын мінезін сырттай қызықтап отырады. Ақтоқтыны қимай жүрген Ақанның мінезін байқаған жолдасы серіге сырттай қарындасы Ұрқияны лайықтайды. Міне енді жарасымды жұп екенін сезген Шәкей алып қашуға көмектеседі. Шәкей қандай жағдай болмасын кез-келген жолмен қыбын тауып шығып кететін.

Ақанның Шәкей сияқты домбырашы әнді орындағанда сазына келтіріп, керемет орындайтын әнші жолдасы - Сұлтамұрат еді. Ақанның «Майда қоңыр», «Жігіттің падишасы Әмір Темірді» ширатып, толқытып айтқанда саңқылдаған ұранды дауысыағаш үйді жаңғыртып жіберетін» [4,49]. Бұрын Сұлтамұраттың атын естігенмен, өзін көрмеген, дауысын естімегендер бағана «Ақанның қасында жүретін әнші жігіт дегенде, қазанның түп күйесіндей қара жігітті қорашсынып, осы ма мақтап жүргендері деп іштей мысқылдай қараған, сырты қара болса да іші толған өнер екенін қайдан білсін. Сұлтамұраттың әніне риза болған Ақан бірде: Шіркін-ай, тосын көрген баласының, жүрек қабы жарылатын жүзінді теріс қаратып қойып, бал татыған әніңді тыңдай берер ме еді» деп еркелете күліпті. Ақан етінің қаралығын кетірем деп Сұлтамұратты Сарыкөлге апарып, үш иіс сабынмен жуыпты деген құрдасының да қалжыңы елге аңыз боп тараған. Ақан бар жолдастарын өзіне жақын тартқанымен, Сұлтамұратқа деген пейілі ерекше болатын. Ол да Ақан сияқты атақты серіге еріп, ел аралап, жұрт танып жүрген еді. Бірақ анасының мезгілсіз қайтыс болуы, жып-жылы ұясын суық азынаған үйге айналдырып жібереді. Ақан достарымен сауық құрып жүрсе де Сұлтамұраттың үйленбей жүргенін ойлайтын. Бұдан төрт-бес жыл бұрын Ақан Бәтжанмен Ожымбайды Құлагердің бәйгесінен қалың беріп, үйлендірген. Ал Сұлтамұрат ше анасы қайтқалы бері, күн көріс үшін ел аралап, ән айтып жүргенін естіп Серінің жаны ашып, Сұлтамұратты іздей береді. Алайда, Сұлтамұрат Қадишамен көңіл қосады. Әрине бұл Ақан үшін және жолдастары үшін тосын жаңалық болғанымен барлығы қуанып, жақын достары бақыт тілеген. Ақанның ең асыл жанашыр достары – Шәкей, Сұлтамұрат болса, осылардың қатарына Қадиша да бар еді. «Қадиша-Тастанның кіші тоқалы жасы жиырмаларға жаңа келген жас келіншек. Осы үйдегі Ақтоқтыдан кейінгі әйел жынысының көріктісі. Басына

тартқан жеңіл ақ жібек шалысы болмаса, ауыл үй қыздарының бірі деп ойлайтындай. Әлі уылжыған жас, үлбіреп тұр» [3,47]. Қадиша Сері екеуінің арасында болған жастық албырттық сезімге қарамастан, Ақанға Ақтоқтымен кездесуге көмектеседі. Қадиша талай жыл Тастан байдың тоқалы емес, күндей болып, отымен кіріп, күлімен шығады. Бейшара әйелді отырса опақ тұрса сопақ етіп жер жебіріне жетіп, күн көрсетпейді. Осындай қорлықтар көрген Қадиша ойламаған жерден Сұлтамұратқа жолығады. Ақан серіге Сұлтамұратпен Қадишаның көңіл қосқандары әрине таңқалдыртты, дейтұрғанмен Сері екеуі үшін қатты қуанышты еді.

Ақан серінің жанашыр достарынан бөлек осы шығармада барлығының өсегін елге жеткізіп, жұртты жаңалықпен, әзіл-қалжыңға қарық қылатын кейіпкер ол- Су Құсайын. Құсайын жасынан әке-шешеден жетім қалып, жоқшылық тауқыметін тартқан жетім бала байлардың қойын бағып, қозысын жайып, күнелткен. Жігіт болып есейгенше осы кәсібін талшық етіп, мінезі момын қойшының бойындағы бір қасиеті аса ертегішіл. Ертегінің неше атасын біледі. Келе-келе өзі де жанынан шығарып, әңгіме де айтуға дағдылана бастаған. Әңгімесі әрі қызық, әрі шылғи өтірік. Қызық өтірік айтатын тазша бала құсап, қисынын келтіріп соғатын Құсайынды жұрт аузын ашып, көзін жұмып тыңдайды. Ел содан бері, бұрын да өтірік әңгімелер айтатын Құсайынды «Су Құсайын» деп атап кеткен. Су Құсайынды Ақан Ақтоқтыға алып қашатынын айтып, оған ескертсін деп жібереді. Су Құсайын болса, Ақтоқтының жездесімен апасының үйіне келіп, бүкіл елдің жаңалығын айтып, жұртты қызықтырып қояды. Артынан жездесі Еркімбай Ақтоқтыны таң атпай еліне жеткізіп, беруді ойлайды осыны естісімен Құсайын Ақанға естіртемін депалып-ұша жөнеледі « Ойбай, жеген етке, ұйқыға мәз болып, аузымды ашып, бетімен жатыр екем ғой, енді қалай үлгердім » деген Су Құсайын оянғандай жалма-жан атып тұрады. Ақан серіге көмектесемін деп, Жалмұқанның тұсағына түсіп қалады. Әрине бұлай болар деп ойламаған еді. Шығармада фольклорлық дәстүрде бейнеленген қу тілді, жалғыз аяқ жарлы Су Құсайын тамаша жарасқан траги-комедиялық образ болып шыққан. Су Құсайынның характері осы тәрізді образ қазақ топырағына баяғы бір мал баққан көне заманнан бермен қараай бауыр басып, ұлт бойына етене сіңген типтік бейне екенін аңғару қиын емес. Автордың ұтқаны- әрбір қылығы кісі көңілін қытықтап күлкі шақырып тұратын осы бір тумысынан берекесізтраги-комедиялық бейнені шынайы бере білгенінде [1,590].Ақан қоғамнан шеттетіліп, туыс-туғандарынан айрылып, тіпті бауырларымен де жүз шайысқан кезде сақау баласы Ыбанды алып әкесінен қалған қыстауда өмір сүреді. Сол кезде осы Су Құсайын екі аптадай қастарында болады. Бірақ, үнемі ауыл аралап, ел үстінен күн көріп үйренген ол Ақанмен қоштасып кетіп қалады.

Қай кейіпкерді алып қарасақта серіге жанашыр, үнемі көмек қолын созуға даяр тұратындарын, өнер десе ішкен асын жерге қоятын жандар екенін байқаймыз. Кейіпкерлердің драмалық, психологиялық күйлері мен әрекет – амалдарының философиялық иірімдері үндесе келіп, , Ақан серінің тұлғасын көтере түскен. Туындыда қатыгез уақытта ғұмыр кешкен қазақ қауымының дәулеті шалқыған мырзалары, зиялы азаматтары, ақын, әншілерінің қиын-қыстау тағдыры жан-жақты ашылады. Осындай қым-қиғаш оқиғалар желісінде Ақан достарынан ажырап, жалғыз қалады.

Қорыта келгенде, жазушының Сері образын жасауда көп ізденгені байқалады. Данышпан Абай айтқандай, мыңмен жалғыз алысқан көкірегі ояу, зерделі азаматтың ұрпақтан-ұрпаққа аңыз боп тараған кесек бейнесін ойлағандағыдай сомдап шығару оңай іс емес екені түсінікті. Жазушы болса, бұл шартты абыройлы орындаған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Негимов С. Шығармалар жинағы. Астана, 2015.
2. Жүнісов С. Ақан сері, 1- том. Алматы,1981.
3. Жүнісов С. Ақан сері, 2- том. Алматы,1981.

ҰЛТ ЖАНАШЫРЫН ТОЛҒАНДЫРҒАН ӘДЕБИЕТ

Нұрдана Дәуренбекқызы Тұрысбек
5B011700- «Қазақ тілі мен әдебиеті»мамандығының 2 курс студенті
nurdana.turysbek@mail.ru

Ғылыми жетекші: Гүлжан Кенжекейқызы Айдарова
БІ.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Қазақ тілі мен әдебиет кафедрасының
аға оқытушы,педагогика ғылымдарының магистрі
Арқалық,Қостанай облысы

Аңдатпа. Мақалада көркем ойдың тарихи маңызын терең ұғынып, оны ғылыми зерделеген Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың әдебиетке қосқан тың жаңалықтары жан-жақты қамтылады.

Тірек сөздер. поэзия,эпос,айтыс.

Сындарлы тарихтың бетінде өзіндік қолтаңбасын қалдыра білген қазақтың ғұлама ғалымы Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов аз ғана ғұмырында аса құнды академиялық еңбектер жазып, артына мол ғылыми мұра қалдырған дарынды Алаш азаматы. Шоқан Шыңғысұлының көп салалы, әр қырлы бай мұрасы, оның дүниетанымы, қоғамдық, философиялық, ағартушылық, демократтық көзқарастары биік деңгейде болғанын танытады.Жомарт табиғат Шоқанды дарын мен таланттан кенде қылмаған.Ағартушының әр еңбегі ұлт тарихында өз алдына бір төбе,тотықпайтын,тозбайтын асыл мұра, ғажап туынды. Заманында дүниежүзілік ғылымға елеулі үлес қосқан Ш.Уәлихановтың терең мазмұнды еңбектері, өзінің асыл тұлғасы мен жарқын бейнесі тарихтың әр кезеңінде жоғары бағаланды. Ол туралы замандастары жан тебіренерлік жылы лебіздер қалдырды. Әсіресе дүние жүзі мәдениеті ордаларының бірінен саналатын Петербургты дүр сілкіндіріп,«Ғажап ғалым», «Жас данышпан» атанған Шоқанға берілген бағалар биік, өте асқақ еді. Ұлт жанашырын ғылымның ұшар биігіне көтеріп,шалқар дариясына қондырған екі қайнар көзді байқауға болады.Бірі –қазақтың өз топырағына біткен ойшылдық,ақындық қасиет еді де,екіншісі Шоқан оқып біліп алған мектеп пен орыс достары[1,289]

Географиялық көптеген кітаптардың авторы, жазушы С.Н.Марков Орта Азияның атакты зерттеушісі Ш.Уәлиханов туралы баяндайтын «Шыңдарға бет алғандар» («Идущие к вершинам») деген тарихи-географиялық повесті. Повесте ХІХ ғасырда Орта Азияны мекендеген халықтар мен тайпалардың өмірі мен тұрмысы, салт-дәстүр, әдет-ғұрпы жазылған және Верный қаласына ерекше тоқталып, оның болашағының үлкен екендігі туралы әңгімелейді. С.Марков өзінің жас ғалым-қазаққа деген сүйіспеншілігін мына өлең жолдарымен білдіреді [2, 164 б.]:

*Чужая жизнь безжалостней моей Зовёт меня... И что мне делать с ней?
Ведь можно лишь рукою Великана*

*В лазоревой высокогорной мгле Куском нефрита выбить на скале
Рассказ о гордом подвиге Чокана.*

Өлеңнің қазақша мазмұны [3]:

*Қыршын кеткен басқа жанның өмірі
Шақырады мені өзіне...
Не істесем екен енді мен жай табу үшін көңілі?
Тек Алыптың қолымен ғана
Жартасына жақұт таудың шыңы асқақ
Шоқанның ерен ерлігі жайлы әңгімені
Асыл тастармен ғана жазуға болады оны растап.*

Тумысынан жыр-күйге әуес Шоқан-қазақ халқының әдебиетіне кең талдау жасап, жеке жанрларына анықтама берген тұңғыш әдебиет зерттеушісі. Жазушы қаламынан туған: «Қазақтың халық поэзиясының формалары жөнінде», «Тәңірі», «Оңтүстік Сібір тайпалары тарихынан», «Жоңғария очерктері», «Қазақ арасындағы шамандықтың қалдықтары», «Қырғыз жайында», «Профессор И.Н.Березинге хат», «Профессор И.Н.Березиннің «Хан жарлықтары» атты кітабын оқығанда», «Жамиғат-тауарихтан», «Тарихи-Рашидидден», «ХҮІІІ ғасырдың батырлары жайындағы тарихи аңыздар», «Ұлы жүз қазақтарының аңызы» деп аталатын мақала – зерттеулерінен ғалымның әдебиет үлесіндегі биік талғамын, терең білімін аңғаруға болады. Шоқан өз халқының тарихын мәдениеті ерте танылған елдермен сабақтастыра сипаттайды: «Біздің халықтың бай және поэзиялық құны жоғары, реалистік әдебиеті бар. Ол шығыстың эпосына емес, индогермандық эпосқа ұқсайды», [4] - деп ой түйіндей келе, қазақтардың рухани байлығын цивилизациясы аса бай ірі елдермен жақындастыра қарастырады. Енді бір еңбегінде ол былай деп жазады: «Түрік тектес халықтардың ішінде поэтикалық қабілеті жағынан қазақ бірінші орын алды деуге болады. Шығысты зерттеуші ғалымдарымыздың арабтар туралы айтқан сөзі қазақтарға дәл келеді. Қазақтар да бәдәуилер сияқты жаратылысынан өлеңші және ақын». [5, 156-б.] Ұлттық психика-менталитет өнер саласында ерекше көрінеді, өйткені өнер адамдардың өз айналасын көркем түрде қабылдап алу ерекшеліктерін, біртіндеп қалыптасатын халықтың эстетикалық талғамдарын көрсететін қоғамдық сананың бір формасы. Ш.Уәлиханов этникалық мәдениет ескерткіштері тек көркем шығарма ретінде ғана емес, сондай-ақ тарихи алынған көркем ақпарат ретінде олар халықтың ақыл-ойының дәлелі болып табылады деп көрсетеді.

Шоқан рухани мұраның аса бай көріністерінен саналатын халық поэзиясы,эпикалық өнер үлгісі – жыр жайында өте құнды тұжырым жасаған. Шоқтығы биік шығармалардың ішінде халық ауыз әдебиетінің нұсқасы «Манас» зерттеуінің орны бөлек. Қырғыздың «Манас» эпосының Көкетай ханның өлімі мен асы деген бөлімін хатқа түсіріп алған. Қазіргі уақытта «Манас» эпосы әлемдік мәдениетке қосылған зор үлес ретінде бағаланады. Фольклорлық материалдар Шоқанға қазақ халқының рухани-мәдени байлығын терең зерттеп білуге негіз болды

Атақты ғалым ауызша халық шығармашылығын екі түрге бөліп қарайды: ертегі мен халықтың шығу тегі туралы аңыздар және халықтың тарихи тұлғалары (ру басшылары, батырлар туралы) аңыз-әңгімелер, шежірелер. Эпоста және халықтық өзіндік танымның басқа формаларында ата-бабаны пір тұту көтеріледі. Ата-баба рухына сыйынудан ежелден келе жатқан әлеуметтік құндылықтар- отбасында ата-ананы, жасы үлкендерді сыйлау, қоғамдағы ел басқарушыларды құрметтеу салты келіп шығады. Ата-бабалар қауымдастық үшін әлеуметтік және өнегелілік идеалдар, яғни, мәдени құндылықтарды жасаушылар және қорғаушылар, соған ұқсауға тырысу мен мақтау-мадақтау үшін үлгі тұту болды. Адамның өмірлік циклы ата-баларымен кездесуге дайындық ретінде қарастырылды, сондықтанда қазіргі пір тұтуларға қарағанда ол кездегі ажалға деген көзқарас мүлдем басқаша болды. Ажал онша қорқынышты емес, керісінше сонша құрметті саналды, қартаю ата-бабаларына жақындау, бастапқыға, мәңгілікке жақындау ретінде қарастырылды.[6,15]

Ұлт жанашыры осы зерттеу еңбегінде поэзияның формаларын; жыр, жылау (жоқтау), қайым өлең, қара өлең, өлең деп бес түрге бөліп, әрқайсысына жеке анықтама берген.

Қазақ халқы тудырған сөз өнерінің биік сапасын,өзіндік қасиет ерекшеліктерін халық әдебиетінің аса бай, арналы саласы – айтыс жанрынан байқауға болады. Айтыс- халқымыздың ежелден бері ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып жалғасып келе жатқан рухани қазынасы. Осы тұста кемеңгер жазушы М.О.Әуезовтің айтыс туралы: «Ауызша әдебиет ішінде айтыстан көп кездесетін өлең жоқ.... Бұл өлеңдер өте көп, көптігі жұрттың бәріне мәлім. Мәлім болмай жүргені де толып жатыр. Бұдан айтыс сөз қазақ ескілігінде өте жанды, өте қызулы, бағалы сөз болғанында дау жоқ», - [7;135] деген ұлағатты сөзі ойға оралады. Күні бүгінге дейін халқымыздың ұлттық әдебиетінде, дәстүрлі өнерінде елеулі орын алып келе жатқан айтыс өнері, адамның құйылдыра жырлау, суырып салма ақындығы сияқты ой қабілетінің үлкен тапқырлығын, қиыннан қиыстырар хас шеберлігін ерекше қажет етеді. Мұндағы түйдек-түйдегімен айтылатын сөз нәсері, бұлтаруға ырық бермейтін ащы шындық, ұтымды дәлел, әзіл-шыны аралас өткір сөзбен қарсыласының қапысын тауып, оны кенеттен мүдіртіп тастау, беталды мақсатсыз айтылған пікір-таласының орын алмауы, әр сөзінің мірдің оғындай болуы – Шоқан айтқандай қазақтардың шешендік өнерге қабілетті өлең мен жырға икем келетіндігінің айқын айғағы.

Шоқан жалпы көшпелі халықтардың әрқайсысына да осындай қасиеттің тән екендігін атап көрсетеді: «Көшпелі елдердің қай-қайсысының болсын бір өзгешелігі – олар өлең, жырға бай, шебер келеді. Бәдәуилердің ақын келетіндігі

Еуропа халықтарына әбден мәлім. Араб даласын кезгендердің бәрі де далада жалаңаш жүрген жас баланың өзіне берілген сұраулардың бәріне қисынды, ұйқасты өлеңмен жауап қайтарарын айтып ауыздарының суы құриды. Моңғол, түрік тектес рулар да дәл осындай қасиетке бейім» [8].

Халықтың ерекше дарынға ие болу себебін Шоқан былайша түсіндірді: «Мұндай қасиеттің болуына көшпелілердің алаңсыз өмірі әсер етті ме, болмаса ұшы-қиыры жоқ жасыл дала мен моншақтай тізілген жұлдызы көп ашық аспанды сұлу табиғат әсер етті ме, - ол әзір бізге мәлімсіз» [8]. Қазақ халқының ұлы перзенті осындай қабілеттің пайда болуының көзі жазира даладағы көшпелі өмірдің, не әсем табиғаттың әсерінде жатқан болуы керек деп топшылайды. Көшпенді ата-бабаларымыздың психологиясы туралы Шоқан тағы бір еңбегінде тағы да былай деп жазды: «Тарихи жағынан алғанда қазақ халқының поэзиялық рухы тамаша, біріншіден, ақындарының еске тұту жайы барынша ғажап болғандықтан ... өз батырлары туралы деректерді бұл күнге дейін бұрмалаусыз сақтап келген, екіншіден, қазақтың өткен замандағы аңыздары мен сенім-нанымдарын соншалық бағзы қалпында сақтауы таңырқарлық. Ақындарының эпикалық жырлары кең даланың қай қиыр түкпірлерінде айтылмасын, бір ғана қолжазбадан көшірілгендей ауыздан-ауызға сөзбе-сөз ауысып отыруы. Сауатсыз көшпелі орданың (қазақтың) ауызша тарихының осыншалық ақылға сиымсыз дәлдігі таңырқарлықтай, сөйтсе де бұл күдік келтіруге болмайтын ақиқат факт».[8]

Шоқанның шығармашылық мұрасы – бүтіндей бір дәуірдің шежіресі. Ұлт жанашырының ғылыми еңбегін зерделеу, зерттеу отандық мәдени – рухани өміріміздегі ұлы да парасатты парызымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. М.Жолдасбеков «Асыл арналар»1990.
2. *Марғұлан Ә.* Шоқан және Манас. — Алматы: Жазушы, 1971.
3. *Марков С.Н.* Идущие к вершинам: Историко-биографическая повесть. — Алма-Ата: Жазушы, 1981. — С.
4. Уәлиханов Ш. Шығармалары. (5 томдық.) 1-том. Алматы: Ғылым.- 1984/85.
5. Әуезов М. Шығармалары. 16-том. Алматы: Жазушы.- 1985. (17-том.)
6. Валиханова Г.Ш. Роль Ч.Валиханова в исследовании художественной и нравственной культуры тюркских народов. Алматы: Қазақ университеті, 2001. 15-с.
7. Әуезов М.О. Халық әдебиеті туралы //Кітапта: Жиырма томдық шығарма. жинағы. 15-т. Алматы:Жазушы, 1984. – 135 б.
8. Уәлиханов Ш. Шығармалары. (5 томдық.) 1-том. Алматы: Ғылым.- 1984/85.

КӘКІШҰЛЫ ТҰРСЫНБЕК – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ СЫНШЫСЫ

Карбоз Қолғанат Инабатұлы

5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1 курс студенті
inabatuly@bk.ru

Ғылыми жетекші: Ауезова Шынар Серікқызы

Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқылық мемлекеттік педагогикалық институты

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының
аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі
Арқалық, Қостанай облысы

Андатпа: Қазақ әдебиеттануы мен сынның ауыр жүгін көтерген халықтық мүддеге сай өркен жаюына еңбек еткен сыншы, ғалым Тұрсынбек Кәкішұлының сыни зерттеулері хақында. Әрі, Жазушының шығармашылығы мен өмір жолы туралы жазылды. Жазушының зеріттеу еңбектері туралы мәлімет беріледі

Түйін сөздер: Сын, алаш, Сәкен Сейфуллин, әдебиет, ғылым.

Тұрсынбек Кәкішев 1927 жылы 15 тамызда Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Берлі аулында дүниеге келген. 1950 жылы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін, 1960 жылы Қазақ КСР ҒА Тіл және әдебиет институтының аспирантурасын тәмамдаған. Әдебиетші ғалым, сыншы.. Филология ғылымының докторы (1972), профессор (1973), Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1979), академик. 1944-1945 жылдары Ақмола облыстық Қазақ драма театрының актері, «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетінде бөлім меңгеруші, 1950-1958 жылдары Партия тарихы институтында кіші ғылыми қызметкер, 1960-1968 жылдары Қазақ КСР ҒА-ның М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер. 1968 жылдан КазМУ-де аға оқытушы, доцент, профессор, филологияның сырттай (1978-1985), күндізгі (1985-1986) факультеттерінің деканы, көп жыл осы университеттің филология факультетінде «Қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны» кафедрасының меңгерушісі болған.

Қазақ әдеби сынының даму жолдары, жиыrmасыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің, оның көрнекті өкілдерінің шығармашылықтары хақында ғылыми ізденістер жасап, өнімді еңбек етіп келеді. «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ совет әдебиетінің тарихы» (1970, Мәскеу, орыс тілінде), т.б. іргелі еңбектерді даярлап, жазысуға қатысты. С.Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізді: «Сәкен Сейфуллин» (1967), «Қызыл сұңқар» (1968), «Сәкен Сейфуллин» (Мәскеу, ЖЗЛ, 1972, орыс тілінде), «Сәкен Сейфуллин» (1976), «Сәкен және Гүлбаһрам» (1994), «Сәкеннің соты» (1994), «Сәкен Сейфуллин» (1997), «Тар жол, тайғақ кешудің тағдыры» (К.Ахметовамен бірге, 1997), «Сәкен сүйген сұлулар» (1997), «Мағжан-Сәкен» (2000), «Сәкен аялаған арулар» (2003) деген он шақты кітап жазды.

Қазақ әдебиеті сынының тарихын зерттеп, «Сын сапары» (1971), «Оңаша отау» (1982), «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» монографияларын жазды. Соңғы еңбегі жоғары оқу орындарында оқулық ретінде қолданылып келеді. «Үштасқан үш өзенмен» (1978), «Жол үстінде 80 күн» (1983), «Садақ» (1986), «Жасампаз өлке» (1989), «Сандалбай «садақ» (2002) сияқты ғылыми-көпшілік

кітаптары қазақ халқының әдеби-мәдени мұраларын іздестіру барысында өмірге келді. «Санадағы жаралар» (1992), «Ескірмейді естелік» (1994), «Кер заманның кереғар ойлары» (1995) жинақтары, «Мағжан-Сәкен» ғылыми эссесі (1999), «Сәбең әлемі» (2000), «Сайыс» (2001), «Мерей» (2002) кітаптары жарық көрген. Сәкен шығармаларының көп томдығының құрастырушысы (10 томы шықты).

Қазақстан Жазушылар одағының С.Сейфуллин атындағы сыйлығының иегері. Халықаралық жоғары мектеп ғылым академиясының құрметті академигі, Халықаралық Айтматов академиясының академигі. «Парасат» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

Қазақ әдебиеттануы мен сынының ауыр жүгін көтерген, халықтық мүддеге сай өркен жаюына еңбек еткен, кер замандағы кереғар қағидалардың таяғын жей жүрсе де ұлттық ғылыми-зерттеушілік және сыншылдық-эстетикалық ой-пікірдің дамуына мол үлес қосқан әдебиетші-ғалымдар аз емес. Солардың бірі – Халықаралық жоғарғы мектептер ғылым академиясының құрметті академигі, Еларалық қоғамдық Ш.Айтматов академиясының академигі, Қазақстан жазушылар одағының С.Сейфуллин атындағы сыйлықтың иегері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, зерттеуші, сыншы - Т.Кәкішев.

Т.Кәкішевтің ғалымдық-өнерпаздық ерекшелігі - өзінің зерттеу еңбектерінде аңызына түрен түспеген тың салаларды нақты деректер негізінде індете зерттеуге құмарлығы. Міне, сондықтан оның қаламынан туған дүниелерге ғылыми қауым да, шәкірттер әлемі де, әдебиетті қызықтаушылар да құлақ түріп отырады. Соның нақты бір дәлелі – «Қазақ әдебиеті сынының туу және қалыптасу жолдары» атты 1971 жылы қорғаған докторлық диссертациясы. Ондаған жыл тірнектей зерттеген мағыналы еңбегі қазақ әдебиет сынының Октябрь революциясына дейін туғандығын, Ұлы Отан соғысына дейін жанрлық жағынан әбден қалыптасып, оңаша отау тіккендігін дәлелдеп беріп отыр. Оның алғашқы бөлімі 1971 жылы «Сын сапары» атты монография болып жарияланды. Екінші бөлімі – «Оңаша отау» 1982 жылы басылды. Қазақ әдебиеті сыны саласындағы еңбегі қазір республика жоғары оқу орындарының негізгі оқу құралына айналып, оның алғашқы бағдарламасын 1982 жылы жасап, 1994 жылы 25 баспа табак көлемінде оқулығын шығарды. Қазақ совет әдебиетінің 1920 жылдарын түбегейлі зерттеген, қазақ совет әдебиетінің негізін қалаған Сәкен Сейфуллиннің шығармашылық-әлеуметтік өмірбаянын жасаған профессор Т.Кәкішев қазақ әдебиеті сынының тарихы саласындағы еңбегі қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған зор үлес болып, ғылыми мектеп жасап отыр.

Қазақ әдебиеттану ғылымында ұлы төңкеріске дейін сын болған жоқ деген қағиданы жоққа шығарып, қазақ әдебиет сынының тарихына зор үлес қосты. «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» оқулығында халықтық сыншылдық эстетикалық көзқарасынан бастау алып жатқан халық ауыз әдеби мұраларынан басталып, қазақтың тұңғыш газет-журналдары - «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты», «Айқап», «Қазақ» сынды баспа сөздердің сыни ой-пікірдің тууына игі әсерін жан-жақты талдап, зерттеумен қатар әр кезеңдегі әдебиеттің партиялығы, әдебиеттің таптығы тұрғысынан баға беру және әр түрлі әдеби ағымдар «тұрпайы социологизм», «бірыңғай ағым теориясы», «пролеткультшылдық»-тардың арасындағы айтыс-тартыстар мен өрістес келіп

жатқан ой-пікірлердің ақ-қарасын айқындаумен құнды. Көркем табиғаттың аясында сұлулықпен сұғарылып өскен қазақ халқының эстетикалық талғамы да сол өзін қоршаған ортаның, сұлулықтан сомдаған биік талғамдарына сай, әлемдік әдебиеттің небір озық үлгілерімен қатар тұра алатын тамаша ауыз әдебиетін жасады. Халық бар жерде сол халықтың рухани қажеттілігінен туындайтын әдебиеті де болады. Өнер мен әдебиет адамдардың сұлулыққа, әсемдікке, әдемілікке, көркемдікке құштар табиғатына сай қалыптасып, белгілі бір талап-талғамдарға жауап бере отырып дамиды. Яғни, сөз өнері мен сын өнері бірге пайда болып, қатар қанат жаяды. Бірінсіз бірі жоқ. Демек, әдебиет сынының түп-төркіні өнер атаулыны тудырған, оны сұлулықтың сырлы бесігіне бөлеп әлдилеген, өркендеткен халықтық эстетикада жатыр. Қазақ әдеби сынының тарихы әріден, түп-тамырынан бастап зерттеген «Сын сапарында» халықтық эстетика жеке тарауда арнайы қарастырылған. Әдеби сынның дамуы көркем әдебиеттің дамуымен тікелей байланысты. XX ғасырдың басында дами бастаған қазақтың профессионалды жазба әдебиеті сыни ой-пікірлердің жандана түсуіне объективті алғышарттар жасады. Басылып шығып жатқан жаңа кітаптар жайлы пікір білдірген материалдар баспасөз бетінде жиілей түсті. Зерттеуші оларды құрылымдық, мазмұндық, мақсаттық ерекшеліктеріне қарай дәйектеме сын, жарнама сын, аннотация, оқушы хаты, рецензия, айтыс мақала, публицистикалық сын, проблемалық мақала, шолу, ғұмырнама, баяндама, сын мақала, зерттеу мақала сияқты жанрлық-формалық түрлерге жіктеді.

Т.Кәкішев қазақтың жазба әдебиет сынының түп-төркінін көне замандағы түрлі ескерткіштерінен, орта ғасырлық жазбалардан, қазақ хандығы тұсындағы би-шешендерден, ақын-жыраулардан, қазақ жерінен шыққан ғұламалардың еңбектерінен көреді. Қорқыттың қазақ жерін аралап, әр өңірге берген бағаларына, Әл-Фарабидің өнер жайлы пікірлеріне, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігіндегі» терең ойларға, Махмуд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түркідегі» қанатты сөздерге, Қожа Ахмет Иассаuidің «Хикметіндегі» көркем толғаныстарға т.б. тоқталып, сыншылдық таным-білімнің қайнар көздері ретінде қарастырады. Сонымен қатар ғылыми, ағартушылық, эстетикалық талғамның қалыптасуында орны айрықша үш ғұламаларымыз – Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтың еңбектерін айрықша атап өтеді. Соның ішінде ұлы Абайдың сыншылдық ойының аса ірі құбылыс екенін дәлелдеп көрсетеді. Әдеби сынның дамуы баспасөздің дамуымен тікелей байланыстылығын және жоғарыда аталған газет-журнал беттеріндегі әдеби ой-пікірлерді саралап көрсетеді. 1917 жылы Қазан төңкерісі қазақ жерінде де көп өзгерістер әкелді. Ұлы дүрбелеңі мол жаңа замандағы жаңа талап та өз дегенін істей бастады. Қоғамдық өмірдегі бар мәселе таптық тұрғыдан шешілген тұстарда әдебиет майданында сынға партиялық бағыт басшылық жасап, әдеби сын компартияның идеологиялық құралына айналып кете барды. Міне осының нәтижесінде көркем әдебиеттің құндылығын тек партия мүддесіне сай келе ме, жоқ па деген тұрғыда бағалағандықтан әдеби сында асыра сілтеулер орын алды. Бұл кезде сын әдебиеттің дамуына пайдасын тигізбек түгілі, кері әсерін тигізді. Бір жағынан жер-жерлерде мектептер ашылып, жоғары оқу орындары, театрлар т.б. мәдени ошақтары ашылып, елді жаппай сауаттандыру жүріліп жатса, екінші жағынан, ұлттық сана-сезімінің оянуына құрсау салынып,

халықты идеологиялық «жазалаудан» өткізуді міндет етіп қойды. Міне, осындай қарама-қайшылығы мол қилы кезеңде әдеби сынның жай-күйін сараптауға арналған зерттеуші Т.Кәкішевтің «Оңаша отау» еңбегі 1982 жылы жарық көрді. Бұл еңбек нақты шындықтарды саралап көрсеткендіктен, заман талабына сай келмей, ұзақ жылдар бойы баспадан шықпады. Автор «идеологиялық талаптарға» сай келмейтін мәселелермен санасуға мәжбүр болды, соның салдарынан кейбір пікірлерін таптық сипатқа бұрмалады. Бұл еңбек саясат салқынына ұрынып, бірақ кемшіліктерге бой алдырғанмен де, 1980 жылдардағы қазақ әдебиеттану ғылымы үшін 1920-30 жылдардағы әдеби-саяси өмірдің көп шындығын ашып берді. Ал, автор бұл мәселеге 1994 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиет сынының тарихында» қайта оралып, мүлде жаңаша көзқараспен жазды. Онда алғашқы кітапта айтуға мүмкіндік болмаған қазақ халқының ұлттық мүддесі үшін алысып өткен алашшылдар жайлы шындықтар ашылып, олардың қазақ әдеби сынының тарихындағы сыншылдық ой-пікірлердің маңызды орны, лайықты бағаланды. Аумалы-төкпелі заманда тұсаулы ғұмыр кешкен әдебиет сыншыларының қызметіндегі артық-кем түсіп жатқан тұстарында жасырмай жайып салды. Әсіресе, ақиық ақын Мағжанның төңірегінде болған әдеби айтыс туралы жолдар көп шындыққа көз жеткізді. «Кер заманның кереғар ойлары» кітабының «Дарындар – сын додасында» атты тарауында қазақ поэзия әлемінің қос жұлдызы Мағжан мен Сәкен тағдырларын желіге ала отырып, оларға тағылған сындардың сырын ашады. Т.Кәкішевтің көптеген публицистік мақалалары, ірі-ірі айтулы еңбектері «Санадағы жаралардан» арылып, арыстарымызды қатарға қосу, кейінгі ұрпақтарға танытуға арналды. Бұл бағыттағы айтулы еңбектері «Октябрь өркені» (1962), «Дәуір суреттері» (1967), «Сәкен Сейфуллин» (1976), «Сын сапары» (1971), «Оңаша отау» (1982) сияқты қазақ әдебиет сынының туу және қалыптасу жағдайларына қатысты қомақтылығымен лайықты бағасын алды.

Сөзімді түйіндей келе, зерттеуші Т.Кәкішевтің бүкіл саналы ғұмырын сарп еткен ғылым жолындағы қыруар еңбектері арқылы қазақ әдебиеттану ғылымына сіңірген айрықша еңбегін көреміз. Өзінің осынау баға жетпес еңбектерінің арқасында ғылым жолындағы дара тұлғалардың бірі болумен қатар, зерттеушінің ұлы азаматтығы, болашақ ұрпақ үшін, тарих үшін «ақтаңдақтар ақиқатын» ашудағы табанды күрескерлігі, сыншылдығы үшін халқының қалаулы азаматтарының бірі, білім-ғылым жолындағы беделді, биік тұлға ретінде көріне білді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мүслім Базарбаев, Тұрсынбек Кәкішев Классикалық зерттеулер –Алматы, 2013
2. Тұрсынбек Кәкішев Оңаша отау –Алматы, Жазушы баспасы, 1982

II СЕКЦИЯ

ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ДӘСТҮРЛІ БАҒЫТТАР МЕН ЖАҢА ҮРДІСТЕР

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДЫҚ ӘДІСТЕМЕСІ

Аманбай Думан Мұратбекұлы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

6M011900 - «Шетел тілі: екі шет тілі» мамандығының 2-курс магистранты

dumantoi@mail.ru

Астана

Аңдатпа: Рухани интеграция дәуірлеген бүгінгі таңда ағылшын тілі - ғаламдық феноменге айналды. Мемлекетаралық байланыстарды нығайту елдердің экономикалық қарқынына ғана емес, ол руханиятқа, соның ішінде, тілге де тәуелді. Оқыту саласына түбегейлі өзгеріс жүріп жатқан, оқыту әдістері мен оның мазмұны қайта қарастырылып жатқан қазіргі таңда шетел тілдерін оқытудың тарихи тәсілдері мен оның негізгі тенденцияларын жетілдіру жүйесіне орала кету орынды.

Түйін сөздер: шетел тілі, әдістеме, интеграция, оқыту жүйесі

Қазір шетел тілін оқыту методикасы ғылым болып қалыптасып келе жатқанына ешкім күмән келтіре қоймас. 1930 жылы Е. М. Рыт методикаға алғаш анықтама берген. Ол: «Шетел тілін оқыту методикасы салыстырмалы тіл білімінің тәжірибелік айқындауышы», - деп баға берген болатын.

Қолданбалы тіл білімі секілді әдістемеге де түрлі көзқарастардың туындауы 1930 жылдардағы шетел тілін пән ретінде оқыту жүйесінің жеткілікті деңгейде анықталмауымен тікелей байланысты болатын. Сол кезеңдерде зерттеу әдістерінің жүйесі де әзірленбеген еді.

Әдістеменің ғылым ретінде сипат алуындағы алғашқы бағыттар Б.В.Беляевтің есімімен ұштасады. Ол әдістемені қолданбалы психология саласына тиесілді. Алайда, аудитория жұмысына сай іс әдістерін қолданудағы айырмашылықтар, материалдарды сараптау - методиканың басты мәселесі болған. Сондықтан әдістеменің бұл анықтамасы кең жайылған жоқ.

1930 жылдардың аяғы мен 1940 жылдардың басында педагогикалық ғылым ретіндегі методика анықтауыш бағыты ресімделді. Педагогика мен методика үйретуде бір ғана нысанға ие. Ол – оқыту процесстері, тәрбиелеу, оқытудың мақсат-міндеттері, сабақтың мазмұны. Мұның ішінде біртұтас болып қалған педагогикалық ғылым ретіндегі әдістемеге берілген анықтама. Методика-өз алдына ғылым. Оның зерттеу әдістері мен өзіне тән заңдылықтары бар. Оған берілген нақты анықтама мынадай: «Оқыту методикасы – оқыту жүйесін, тәсілдерін, заңдылықтарын, мақсаты мен мазмұнын зерттейтін, сондай-ақ шетел тілі материалы арқылы оқу-тәрбие үрдістерін үйрететін ғылым».

XX ғасырдың басында бір мәселе өткір тұрды. Ол - әдістеме мәселесі. Бұл - заңды құбылыс. Өйткені, Қазан төңкерісінен кейінгі «жаңа» мектептер жаңа әдістердің болуын тіледі. Сол кезеңдерде тікелей (натуралды) әдіс

насихатталды. Ол тәсіл пәнді ағылшын сөздерімен байланыстыратын – тура принцип негізінде пайда болды. Бұл ағылшын тілін үйренудің еркін (ассоциативті) әдісі еді.

Батыста аралас әдістеме идеясы туындап жатқан шақта, неліктен мұнда тікелей әдіс насихатталды? Алдымен, патшаға бағынышты оқу орындарында жай жаттауға негізделген мәтіндік аударма мен грамматикалық аударма әдістері үстемдік етті. Осыған жататын тікелей әдіс барынша озық сипатта болды.

Екіншіден, сол уақыттағы тікелей әдіс қарым-қатынасқа тәлімдеуді көздеді.

Үшіншіден, І дүниежүзілік соғыстан кейінгі Батыста бастау алған өзге тәсілдерде қарастырылған ұсынымдармен біздің педагог-әдіскер ғалымдар таныс емес еді.

Бұдан бөлек, көптеген методисттер мен мұғалімдер үшін тікелей әдіс жаңа, еліктіргіш болып саналды. Олар оның тиімділігіне шынайылықпен иланды.

Заман ағымына қарай тікелей әдіске енгізілген өзгерістер педагогикада туындаған прогрессивті идеялармен терең байланысты.

Көп ұзамай шетел тілдерін оқытудың салыстырмалы әдісі қалыптасты. Бұл әдіс бойынша шетел тілін үйрету ана тілімен салыстыру негізінде жүргізіледі. Осы тәсілдің негізін қалаған - педагог ғалым Л. В. Щербу.

Мұның ізін ала тікелей және салыстырмалы әдістерді қиыстыру арқылы аралас әдіс пайда болды.

Бара-бара шетел тілін оқытудың мақсаттары мен оны меңгертуге деген талап өзгерді. Сөйтіп шетел тілін оқыту жүйесі күйзеліске ұшырады.

Дағдарыс жағдаяты әрдайым түбегейлі өзгерісті талап етеді. Осындай, озық идеялардың жеткіліксіздігі жағдайында коммуникативті оқыту тәсілі жетілдірілді. Дағдарыс нәтижесінде әдістемелік іздестіру жандандырылып, шетел тілін оқытудың заманауи әдістемелік тұжырымдамасы дами түсті. Олар: коммуникативті, интенсивті, іс-әрекеттік және басқалар.

Қазіргі таңда байланыс пен шығармашылық оқытуға негізделген коммуникативті-бағдарлау әдістемесінің орны бөлек.

Шетел тілін оқыту әдістемесі әрдайым толықтырылуы, дамытылуы тиіс деп, Ел президентінің 2011 жылғы жолдауында көрсетілгендей қазіргі шәкірттеріміз ертеңгі күн әлем кеңістігіне еркін ену үшін білім беру жүйесі халықаралық деңгейге көтерілуі керек. Осы мәселені жүзеге асыру мақсатында республикамызда білім берудің жана жүйесі жасалып және әлемдік білім берудің кеңістігіне бағыт алып, 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу қолға алынуда. Мектептерде «2 сыныптан ағылшын тілін үйрету» эксперимент-сынақтар өткізілуде. Сондықтан да ағылшын тілі мұғалімдеріне қойылатын талаптар ауқымы үлкен. Болашақ шетел тілі мұғалімінің І курстан бастап даярлығын қамтамасыз етудің негізі – болашақ маманның зиялы, интеллект ретінде және сезімтал жан болуы үшін, оның шығармашылық қабілеттерінің дамуына көмектесу болып табылады.

Болашақ бастауыш сыныптың шетел тілі мұғалімінің әрбір сабағы басынан аяғына дейін балаға деген мейірімге толы болуы керек. Осы бағытта Ш.А.Амонашвили : «Мектептегі әрбір күн, әрбір сабақ мұғалім тарапынан

оқушыға сыйлық болуы керек. Әрбір оқушының мұғалімнен тілдесуі бала бойына қуаныш пен өмірге деген құлшыныс беру керек» деген екен. Сондықтан да әрбір ағылшын тілі сабақтары қызығушылықты ояту, ой ашардан басталады. Яғни мұғалім кішкене балаларға жымысып, оқушылармен жылы амандасып, халжағдайларын сұраумен басталып, өз иелігіндегі 45 минуттық құзіреттілігін өзі сезініп, балаларды да өзіне тарта білуі керек.

Мемлекеттік білім стандартының басты мәселесінің бірі: тіл пәндерін оқытудың регуметивтік, танымдық, этиктік, бағалау бағдары. Оқушылардың тіл аралық түрлі елдің мәдениетін, әдебиетін, экономикасын, саясатын т.б. үйрене отырып, халқының, өз елінің тілін, мәдениетін, әдебиетін терең сезініп білуге, дамытуға дағдыланады, үйренеді.

Шетел тілі – үлкен тәрбиелік диапазон. Ол оқушылардың жан дүниесін байытады, ой - өрісін кеңейтеді, көркемдік талғамын кеңейтеді, көркемдік талғамын тәрбиелейді, халықаралық достыққа, мәдениетке тәрбиелейді. Оқудың алғашқы кезінде оқушы тілдік материалды жеңіл меңгеріп кетуі мүмкін, ол бара-бара материалдың күрделенуіне байланысты оқушы әртүрлі қиыншылықтарға кездеседі. Ал бұған мұғалімдер кезінде көмек жасай алмайды. Демек оқушы тілдің түрлі құбылыстарын меңгеру өте қиын деген ойға келеді. Мұндай қиыншылықтан тек сабақта ойын түрлерін пайдалану арқылы шығып кетуге болады. Ол үшін мұғаліммен бірге, оқушыда ойынның шартын, ережесін меңгеруі тиіс. Ойын үрлерін мақсатсыз қолдана беруге болмайды. Ойын түрлерін дұрыс қолданып өткізілген сабақта оқушының шетел тілін үйренуге деген ықыласы, сол тілде сөйлеп үйренуге деген ықыласы артып тілді жақсы меңгеруге қызығады.

Зерттеу жұмыстарына қарағанда, оқушының білім алуға деген ықыласы белгілі бір дағдылар мен қабілеттілікті қажет етеді. Сондықтан сабақ процесінде белгілі бір дағды мен қабілет қалыптастыру арқылы танымдық қызығушылық пайда болады. Бастауыш кезең оқушыларында заттың сыртқы түріне қызығушылық басым келеді.


Ағылшын тілін оқыту технологияларын қолдану арқылы студенттер білімінің сапасын көтеру үдерісі - оқыту технологияларының сапасын, студенттердің сол технология бойынша ағылшын тілінен алған білімінің сапасын, ағылшын тілін үйретуші оқытушылардың шығармашылық жұмысының сапасын, ағылшын тілін үйрету әдістерінің сапасын танытатын, анықтайтын ерекше дидактикалық үдеріс. Ағылшын тілін оқыту технологиясының сапасы оның қол жеткізілетін түпкі нәтижесі арқылы өлшенеді. Студенттер тәжірибе жинақтау барысында кәсіби санасы жетіліп, елжандылық рухы, сана-сезімі жетіліп, даралық қабілеттері де даму үстінде болады. Ағылшын тілін оқыту технологиясының сапасы оның қол жеткізілетін түпкі нәтижесі арқылы өлшенеді. Педагогикалық технологиялар арқылы ағылшын тілі пәнін меңгертуде мынадай түйінді мәселелер өз шешімін табады:

– ағылшын тілін үйренуші студенттің тілді тереңірек танып-білуіне, өз ойын ағылшын тілінде еркін білдіруге қажетті дағдыларды игеруіне оң ықпал етеді;

– ағылшын тілінің практикалық бағытына басымдылық берілетіндіктен, студенттің білімді өмірде қолданудың маңызы жайында түсінігі дамиды;

- студенттің танымдық қабілеті мен ақпараттық мәдениеті қалыптасады;
- студенттер проблемаларды ынтымақтастықта шешу қажеттілігін түсінеді

Қазіргі кезде ағылшын тілі мұғалімнің тапсырмасы балаларды ағылшын тілін меңгертіп қана қоймай, оларды өздігінен жұмыс істеуіне, тілге деген қызығушылықтарын дамыту болып табылады. Сондықтан қазіргі 12 жылдық білім беруде ағылшын тілі екінші сыныптан өтіліп жатыр. Балаларды тілге үйретуде сабақ жеңіл, қарапайым және қызықты болуы қажет, ол үшін оқытудың әдістері мен тәсілдерін дұрыс пайдалана білу керек. Бастапқы кезде хормен, жұппен, топпен жұмыс істеп, сонымен бірге ойын, жарыс ұйымдастырып, көрнекі құралдарды пайдалану қажет. 2-сынып оқушыларына магнитофон тыңдатып, оған еліктеуге үйрету қажет.



Көрнекті педагог Ш.Амонашвилидің тілдерінде бастауыш кезеңде оқушылардың қатесін үнемі көрсете бермей, қайта олардың өзіндік дара қабілеттерін дамыту керек. Демек ол кісі бастауыш кезең оқушыларын қызықтыру үшін әртүрлі әдіс – тәсілдерді ұсынады.

Сабақ үстінде түрлі ойын түрлері арқылы осы әдіс – тәсілдердің іске асуы қажет деп санайды. Әрине сабақ үстінде ойындар қолдану арқылы жақсы жетістіктерге жетуге болады. Ойын балалардың назарын алып, сабақты жандандырады, тілге деген қызығушылықты арттырады, оларды еңбекке баулып, бірігіп жұмыс атқаруға үйретеді. Ойын тілді дұрыс, дәл меңгеруіне көмектеседі. Мысалы, мұғалім бір сөздің дыбысталуын қате дыбыстайды ал оқушылар оны түзейді. Оқушыларға творчестволық мәндегі, мақсатты тапсырмалар орындаттырудың маңызы да зор.

Мысалы: белгілі бір текстті ұсынып, оның негізгі идеясы мен мазмұнын айтқызу. Текстті мәнерлеп оқытуға дағды беру, тексттің мазмұнын саналы түсініп оқу, тексттен ең қажетті мәліметтерді таңдап ала білу сияқты жұмыс түрлері оқушыларды творчестволық жұмыс істеуге бағыт береді. Бұл жұмыс түрін мынадай екі түрлі жолмен ұйымдастыруға болады:

Текст құрмындағы сөздердің мағынасын дұрыс түсіне білу, оны байланыстырып жүйелі айта білу.

Тексттің мазмұнын толық түсіну үшін ғылыми әрі практикалық жағынан ой өрісі тереңірек болуы қажет.

Оқулықтағы текстпен осылайша жұмыс істеу проблема қойып оқытудың қарапайым әдістерінің бір түрі болып саналады. Сондықтан да өздігінен орындайтын жұмыстарға проблемалық тапсырмалар орындату да кіреді. Бұл орайда оқулықта берілген текстпен жұмыс орындаудың маңызы зор. Жоғары кезеңде сұрақты мұғалім өзі дайындайды.

Топтық жұмыс тобын құру тілдік тұлғаның шығармашылық белсенділігін тудыруға және топ мүшелерінің өзара ынтымақтастықта жұмыс істеуіне мүмкіндік береді, проблемалық тақырыптың мазмұнын ашу, пікірталасқа түсу, өзіндік ойларын дәлелдеуде мұндай оқу ынтымақтастығын тудыратын топтық жұмыстардың мүмкіндіктері мен тиімділігі мол. Атап айтқанда:

Бір мезгілде бірлікте жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Бір мезгілде бірлікте және жеке даралық жұмыс істеуге бағыттайды.

Пікірталас тудыратын қарым-қатынасқа түсу мүмкіндіктеріне ие болады

Топта жұмыс істеп дағдыланған оқушы өзін - өзі тексеруге мүмкіншілігі болады. Өз бетімен атқаратын жұмыс түрлері арқылы оқушыларды бір-бірінің жетістіктері мен кемшіліктерін байқау, салыстыру, қорытындылау дағдыларына, бірте- бірте ойын жүйелі айта білуге, өз қатесін тексеріп байқауға, оқу құралдары мен сөздіктер қолдана білуге дағдыланады.

Сабақтың ұқыпты, айқын, дұрыс ұйымдастырылуы, оқушылар алдындағы тақырыптың дұрыс таңдап алынуы білімдік және тәрбиелік мақсаттармен қатар сабақтың нақты тапсырмаларын ұтымды жүргізіп пайдалануына әсер етеді. Бұл талаптар сабақ жоспары мен тақырыптық жоспардың жүйелі жасалынуына байланысты. Әрине оқу-тәрбие жұмысындағы нәтижеліктің басты белгілері мұғалімнің жеке басының білімділігі, шеберлігі, өмір танымы, өз пәніне шәкірттерін иландырып қызықтыра білуінде. Ал студенттің тұлғалық мәдениетінің бір арнасын олардың тілді білу деңгейі құрайтындықтан, бұл пәнді оқытуда инновациялық технологияларды тиімді қолданудың жолдарын айқындау мәселесін шешу айрықша мәнге ие. Кез келген технология білім берудің мақсатынан бастап оның түпкі нәтижесіне дейінгі аралықтағы оқытудың әдістемелік жүйесіне енетін барлық компоненттің біртұтас ортақ мүддеге бірлесе қызмет етуінің тиянақталған жолы болып саналады.

Қорыта келгенде, жаңа өмір талабы кез келген адамды алаңдатады. Шетел тілі қазіргі заман талабына сай көптеген мектептерде 2-сыныптан бастап жүргізілуде. Бұл оқушы бойында ертеден бастап ұлтаралық, мәдениетаралық бірлестікке дайындықтың қалыптасуына ықпал етеді. Шетел тілін бастауыш мектептен бастап оқытудың артықшылығы әрбір баланың психологиялық ойлауына, шет тілі сөзіне көңіл аударуына, түсінуіне оң әсер ететіндігі, сонан соң негізгі мектепте білімін берік нығайтып, білім сапасын арттырып, шетел тілінде қарым-қатынасқа түсіп ерте мәдениетаралық коммуникацияға мүмкіндік береді.

Түйін сөз: Ағылшын тілінде сөйлеуді қалыптастырудың маңызы Тіл – қарым-қатынас құралы. Тіл сөйлеу арқылы жүзеге асады, сөйлеу арқылы ғана дамып, өмір сүреді. Біз шет тілін оқыту туралы айтқанда, оны ең алдымен қатынас құралы ретінде оқимыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. И.П. Иванова «Теоретическая грамматика современного английского языка», Москва, 1988 г. стр. 232-337.
2. Л.С. Бархударов «Грамматика английского языка», Москва, 1986 г., стр. 310.
3. Иманқұлова С. «Жаңаша оқыту әдістемесі», Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің хабаршысы, Филология сериясы, 97-98 беттер, №1, 2006 ж.
4. М.С. Сақтағанова, Н. Қ. Алиева, Н. Қ. Айтбаева «Ағылшын тілін оқытудың әдістері», Білім, 43-бет, №3, 2006 ж..
5. Г.Ботағарина, «Ағылшын тілін оқытудағы бүгінгі белес», Білім, 70-бет, №3, 2006 ж..
6. Г.Шамшырақова «Ағылшын тілін оқытудың құрылымы», 12-бет, Кәсіптік мектеп, №3, 2007 ж..
7. Гүлмира Жұмайқызы, «Ағылшын және қазақ тілдеріндегі салыстырмалы ерекшеліктер», Білімдегі жаңалықтар №3, 53-54 беттер, 2006 ж..
8. Ж.А. Жақыпов «Аударматануды аңдату», Астана, Аударма баспасы - 2004, 234-236 беттер.
9. М.Новщкан, Н.Д. Кучин «Практическая грамматика английского языка», Москва, Изд. «Высшая школа», 1978 г. стр. 350-358.
10. Қазақ грамматикасы, Алматы «Жазушы», 1990 ж. 681-717 беттер.
11. К.Н. Качалова, Е.Е. Израилевич «Практическая грамматика английского языка» Москва, «Лист Нью» 2003 г. стр. 444, 485.

ТІЛ БІЛІМІ САЛАСЫНДАҒЫ ТЕРМИНОЛОГИЯ

Айзада Талғатқызы Жанжігітова
5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының» 4 курс студенті
aizadajan_96@mail.ru

Ғылыми жетекші: Гүлжан Кенжекейқызы Айдарова
Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік
педагогикалық институты
Қазақ тілі және әдебиет кафедрасының
аға оқытушысы, педогогика ғылымдарының магистрі
Арқалық, Қостанай облысы

Аңдатпа: Бұл мақалада қазақ тілі терминологиясының мәселелері жан-жақты қамтылған. Қазақ терминологиясының қалыптасу кезеңдері, орыс, араб тілдерінің қазіргі тілімізде қолданылуымен қарама-қайшылығы, өзектілік мәселелері қарастырылды.

Түйін сөздер: Термин сөзжасам, интернационалдық терминдер, интертерминдер

Жазба әдеби тіл нормаларының ең бір өзекті тұсы терминология мәселелері. Қазақ тілінің терминология мәселесі - XX ғасырдың жемісі мен сұранысы. Бұл мәселе ана тіліміздің XX ғасырдың 20 - ншы жылдарынан бермен қарайғы даму кезеңдерінің қай - қайсысында өзектілігін жоғалтқан емес, керісінше, күні бүгінге дейін пікірсайыстар, қиыншылықтар ешбір толастамаған.

Термин дегенді экстралингвистикалық факторлар туғызады, яғни қоғамның саяси - әлеуметтік жағдайы, оқу-ағарту ісі мен жалпы мәдениетінің дамуы, шаруашылық-экономикалық құрылысының даму дәрежесі, дүниежүзілік ғылыми-техникалық төңкерістерге ілесіп отыру, ғылым салаларының пайда болуы, ол салаларды оқыту мен зерттеу жұмыстарының қолға алынуы - осылардың баршасы лексикалық қазынананың термин деп аталатын ерекше қорын дүниеге келтіреді.

Қазақ лингвистика терминденуінің алғашқы кезеңін XIX ғасырдың екінші жартысынан бастаудың себептері алғашқы қазақ газеттерінің, қазақ тіліндегі оқулықтардың, ғылыми еңбектердің жарық көріп, ғылым саларының саралана бастауымен байланысты.

Қазан төңкерісінен кейінгі мерзімді баспасөз беттерінде орыс терминдері мен интернационалдық сөздердің үлес салмағы көп болғаны зерттеушілер еңбектерінде көрсетілген. Олардың көбі саяси - әлеуметтік өмірге, мәдениетке, оқу - ағарту ісіне, экономикаға, ғылым техникаға байланысты терминдер болған.

Сөйтіп, *табиб* деген терминді *доктор* деген орыс сөз, *әкімді начальник* секілді сөздер алмастырылды. Еліміздің тәуелсіздігін жеңіп алғанға дейінгі жетпіс жылдың ішінде орыс сөздері мен интернационалдық терминдер қатарының көбейді. Қазіргі қолданыстағы сөз байлығымыздың 70 - 80 пайызын қамтыды.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін қазақ тілінің тарихында да үлкен маңызды өзгерістер, оқиғалар, жаңалықтар болды. Бұл кезеңге тән ерекшеліктер бірі араб тілінен енген сөздердің қайтадан жанданып, терминдік қасиетке ие болды. [2,164б]

Қазан төңкерісіне дейін қолданыста болып, кейін орыс сөздеріне ығысып орын берген шығыс элементтері қайтадан оралып, тілден орын ала бастады. Оның мысалы ретінде қазіргі қазақ терминдерінің жүйесіндегі мынадай жаңарған терминдерді келтірейік: *класс - сынып, процент - пайыз, аудитория - дәрісхана, лектор - дәріскер, текст - мәтін, архив - мұрағат, виза - рұхсатнама, информация - ақпарат, алфавит - әліпби, коллектив - ұжым, компетенция - құзыр, конфискация - тәркілеу, шкала - шәкіл және т.б.*

Ұмыт бола бастаған ислам құндылықтарына оралу арқылы академик Р.Сыздықов сөзімен айтсақ, «осы діннің жаны болып табылатын араб сөздерін» қайтаруға бет бұрды. [2, 156б]

Араб, парсы сөздерінің қазақ әдеби тіліне енуінің, орнығуының лингвистикалық себептері де айқындалды. Біріншіден, бұл арабша, парсыша оқыған, мұсылманша оқыған қаламгерлер тілінің әсері.

Шығыс әдебиетіне сусындаған оқыған азаматтар тіліне сол тілдің әсері болатына белгілі. Қазақ әдебиетіндегі Ақылбек Сабалұлы, Жүсіпбек Шайхұсаламұлы, Ахат Үлімжіұлы, Шәді төре секілді «кітаби ақындар» деген атпен белгілі болған ақындар тобы өз шығармалары - қисса - дастандар арқылы қазақ тіліне араб, парсы, сөздерін енгізген.

Екіншіден, Шығыстан келген жаңа ұғымдар мен заттармен бірге олардың сол тілдегі атаулары енді. Шығыс елдері мен араб, парсы халықтарының арасындағы байланыс олардың қоян-қолтық араласудың негізінде емес, жазбаша туындылыр, кітаптар негізінде болды.

Термин жасауда байырғы төл сөздерге үстеме мағына артуы, жұрнақ жалғану арқылы жаңа жасанды тұлға ұсынуы, өзге тілдерден сөз алу үрдісі, қазіргі кезде туып жатқан ғылым мен техникаға қатыста жаңа зат, жаңа ұғым атауларын интернационалдық қорданалуы көптеп кездеседі. Бүгінгі қазақ жазба әдеби тілінің терминологиялық қазынасын толықтыру процесі - тек соңғы бес - он жылда басталып отырған жоқ, ұлттық әдеби тілдің қалыпты даму заңдылықтарын көрінісі ретінде жүріп келе жатқан үрдіс.

Бұл үрдістің соңғы жылдарда жүру қарқыны күшейе түсті бұған қоғамның әлеуметтік күштері белсенді араласа бастады. Бүгінгі әдеби тілімізде кейбір сөздерді орысша - қазақша жарастыра қолдану көзге түседі, яғни лексикалық варианттар қатары өсті, олардың нормалану процесі қоса жүре бастады: көбіне қазақшасы бұқаралық ақпарат құралдарында, тіпті оқу - ағарту әдебиетінде жиі қолданылып, әдеби норма ретінде қалыптасуға бет алды. Мысалы, *бағдарлама- програма, әдістеме - методика, мәтін- текст, шығармашылық - творчестволық, жекешелендіру- приватизация, құжат - документ* сияқты сөздердің орысша сыңарлары қолданыстан ығыстырылды.

Орыс тілінен алынып жұмсалып келген сөздердің қазақша баламасын тауып атау үрдісі - қазақ тілі тәжірибесінде бұрыннан бар үрдіс болатын, әңгіме - олардың қазақша баламаларын көпке дейін ізделінбей келгендігінде,

орысшасын қолдана салу қалың көпшілікке түсінікті болды. Әсіресе, тұрмыстық сөздердің күнделікті ауызекі сөйлеу тәжірибесінде қазақшасын іздеп жатпай - ақ орысшасын айта салу жеңіл болды.

Термин сөзжасам теориясы бойынша техника саласына жататын *мәшине, аппарат, құрал-жабдық*, олардың бөлшектері сияқты нақты зат атауларының дені аударуға келмейтін, түбірі көптеген мәдениетті елдерге ортақ, түсінікті сөздер болады, оларды қай тілден енсе де сол қалпында пайдаланған жөн, ал нақты зат емес, дерексіз ұғым атауларын қай тілде де сөздерімен білдіру мүмкіндігі зор болады.

Дегенмен оның ішінде де нternационалдық қор сөздерінің қалыптасып кеткен фактілері аз емес. Мысалы, қазақ тілінде *айсберг, альманах, альбом, аппарат, аспирант. студент, асфальт, бак, валюта, велосипед, вирус, витамин, газет, газ, галстук, гараж, гимназия, гормон*, жүздеген нақты атаулары қолданылып келеді.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесінен бастап, лексикалық қорымызға, сөйлем құрылымызға, мәтін деңгейіне дейін орыс тілінің ықпалы күшті. Оны сөйлеу тілімізден де, жазба тілімізден де анық байқауға болады. Күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын заттар мен ұғымдардың қазақша атауларын айтпай орысша атайтындар көптеп кездеседі. Мәселен, *дүкен, монша, аялдама, қалам, емхана* сөздерінің орнына *магазин, баня, остановка, ручка, поликлиника* сөздерін жиі қолданылады.

Қазақ тілінде род категориясы жоқ. Алайда роды бар орыс тілінің біздің тілге әсері *азаматша, мұғалима, мейірбике, төрайым* сияқты сөздердің қолданысынан байқалды.

Қазіргі сөздік құрамдағы жаңа сөздер көбінесе білім-ғылым саласына жататын терминдер болып келеді. Олардың ішінде нақты зат, құбылыс атаулары да, дерексіз ұғым атаулары бар. Нақты зат атаулары, көбінесе, бұрын орыс сөздерімен айтылып келген тұрмыстық лексика бірліктері, екінші топта мектеп пен жоғары оқу орындары оқулықтары және өзге әдебиет үлгілеріндегі терминдер, олардың қазақша баламалары мен адамзар өміріне енді келе бастаған ғылым мен техника жаңалықтарын атайтын интертерминдер болып келді. (*лазер, компьютер, интернет, сайт, монитор, файл, флешка т.б.*)

Соңғы он-он бес жылдың көлемінде тілімізге енген жаңа сөздердің қазақшалары да, интертерминдер де экономикаға, финанс қатынастарына жататын тақырыптық топ құрайды. (*бюджет, тендер, холдинг, маркетинг, менеджер, фирма, депозит, биржа, акция, компания т.б.*)

Сондай-ақ газет беттерінде *әулетесім (фамилия), үнқағаз (газет), үналғы (микрофон), төлқұжат (паспорт), жеңіскер (чемпион)* деген сөздер қолданылып келді. Әрине мағынасы келіп жатса, бұл салада қазақша баламасы ұсынылған сөздер аз емес. Мысалы, *финанс- қаржы, финансист- қаржыгер, съезд/сиез- құрал, резеденция- тұғыр, проблема- тауқымет, догманы - сіреспе, гардероб- адалбақан, тіпті дивизия, полк, офицер* сияқты әскери атауларда қазақтың байырғы әскери лексикасымен ауыстыру туралы ұсыныстар білдірілді.[9]

Тілдің өзі де, оны пайдаланушылар да тым талғампаз: басы артық элементтерді де, уәсжіз қосамжарлықты да, семантикалық кереғарлықты да көтермейді. Тіл де өзінің ішкі табиғи заңдылықтарын бұзбауға күш салды. Мысалы, гуманитарлық пәндер дегенде «ізгілік пәндері» немесе «қайырымдылық пәндері» деген ұсыныстар болғанымен, ол гуманитарлық пәндер деп қалдырылды. Дипломатиялық қарым-қатынас дегенді «мәмлегерлік қарым-қатынастар» деп аударып, қазақшалау дұрыс емес.

Сонымен, қазақ тіліндегі термин сөздерді жаңа аудармада енгізіп, қазақша еркін қолдануымыз үшін, біз ғылымның әр саласында шығарылған сөздіктерді оқып күнделікті өмірде қолдануымыз керек. Сонда ғана мемлекеттік тіліміздің қазығын қағып, тез өсіп өркендеуіне ықпалымызды тигізеріміз сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері Алматы. «Абзал-ай»2014ж
2. Оңдасынов Н.Парсыша - қазақша түсіндірме сөздік. Алматы. 1974ж
3. Балақаев М., Сыздықов Р., Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы мәселелері. Алматы. 1974.
4. Сауранбаев Н.Т. Қазақ тіл білімінің проблемалары. Алматы. «Ғылым» баспасы. 1982ж

ШЕТ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ ӘДІСТЕМЕСІ

Айгерм Қынабекқызы Қадырқұл

5B011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 4 курс студенті

aigerim.kadyrkul.97@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: Елтай Хакимович Анапин

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік

педагогикалық институты

Шетел тілдері, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, аға оқытушысы

Арқалық, Қостанай облысы

Андатпа: Бұл мақалада шет тілі сабағында оқушылардың сөйлеу қабілетін дамыту әдістемесі қарастырылған. Шет тілі сабағында ойындар, жаттығулар арқылы оқушылардың сөйлеу қабілеттерін дамытудың жолдары көрсетілген. Сөйлеу адамзаттың ойлауымен және де басқа психикалық процестермен тығыз байланысты екендігі қарастырылған.

Түйін сөздер: лингвистика, сөйлеу, монолог, диалог

Бастауыш сынып табалдырығында оқушының оқу дағдысын қалыптастыруды жалпы жазба тілімен ауыз екі сөйлеу тілі тікелей байланысты. Оқушыларды шығармашылықпен ойлауға тәрбиелеу мұғалімнің міндеті. Сондықтан бұл жұмыс түріне ерекше талап қою керек. Мәтінді мазмұндауға үйрету жазбаша сұрақтарға жауап беруге үйрету, жоспар құруға, белгілі бір суретке тақырып қоя білуге, сол суретке қарап сөйлем құрауға мұғалімнің көмегімен өздерінің ойларын, қызықты іс әрекеттерін әңгімелеуге үйрету.

Лингвистикалық негізгі объектісі – сөйлеу, адамзаттың сөйлеу тілі. Сөйлеу – адамзаттың іс-әрекетінің ерекше формасы. Сөйлеу адамзаттың ойлауымен және басқа да психикалық процестерімен тығыз байланысты. Сондықтан адамзаттың сөйлеу іс-әрекетін тексеру бір ғана тілі білімінің үлесі емес, бұл басқа да ғылымның мәселен, психологияның, физиологияның, логопедияның т.б зерттеп қарастыратын облыс тілі.

Сөйлеу екі түрлі формада – ішкі және сыртқы формада жүзеге асырады. Ішкі сөйлеу формасы – ойлау процесі үшін осы қажет нәрсе, ал сыртқы форма арқылы адам өз ойын басқаларға жеткізеді, белгілі бір информатика береді.

Сөйлеудің екі жағы бар: сөйлеу процесінің нақ өзі және сол сөйлеу іс – әрекеті процесінде жасалынған нәтиже яғни сөйлемдер, мәтіндер т. б.

Адамның өмірінде сөйлеудің маңызы өте зор. Ол сөйлеу арқылы өз ойын айтып жеткізеді және біреудің ойын ұсынады. Ауызша сөйлеу адам арасындағы қарым-қатынасты атқарады.

Біреудің дыбыстауынан құлағымызға жеткен сөз ауызша сөйлеу деп аталады. Ауызша сөйлеуде кеңістік және уақытқа байланысты біреу шектеулер болады. Әдетте, әңгімелесушілер бірін-бірі көріп тұрады немесе дауыс жететіндеу алшақтығы болуы мүмкін. Сөйлеуге үйрету манолог және диалог түрінде іске асырылады. Манолог және диалог түрінде сөйлеу іскерлігі, біліктілігі қарым – қатынас әрекетінің, ақпараттық, регулятивтік, әдептік және сезімдік – бақылау сияқты атқаратын қызметіне байланысты анықталады.

Сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін, оқыған үзінділері бойынша негізгі кейіпкерлерге сипаттама беру, роман, эсселердің тақырыбын, идеясын талқылау, пікірсайыс, дебат барысында өз ойын әдеби тілде еркін жеткізе білуге дағдыландыру басты мақсат болып табылады.

Төмендегі мәтінді мысал ретінде алуға болады

My friend Bill is a geologist. He does not stay in town in spring and summer. He goes on expeditions. There he lives in a tent and cooks his own meals. He thinks he is a very good cook and when he comes back to town he tries to teach his wife and mother in law the art of cooking. He tells everybody that canned meat and porridge are the best dishes. His wife in his opinion spends too much time on cooking. So he does not let her stay in the kitchen. Neither his wife nor his mother in law contradicts him, for he never stays long at home. When he lives his children are sorry to part with him but they are glad that grandmother will cook their meals again.

Ойын арқылы ауызша сөйлеу қабілетін дамыту:

«What's in the bag?» «Сумкада не бар?» ойыны.

Мұғалім алдымен балаларға бір сумка алып келеді. Балалардан сұрайды: Балалар, сумкада не бар? Балалар ішінде дәптер, қалам, кітап бар деп айта бастайды. Мұғалім бұл ойынды сабақ соңында қолдануына болады. Әсіресе жаңа сөздерді еске түсіру үшін қолданған тиімді. Мұғалім сумканың ішіндегі заттармен таныстырады. Сумкада не бар? Мұғалім оқушылардан What's this? сұрағы арқылы затты көрсету арқылы сұрайды. Мысалы: pen, copybook, pencil, ruler, rubber деп көрсетеді. Содан соң оқушыларға жеке-жеке қайталатады. Сөздерді ұмытпау керек. Оқушыларға сумка ішіндегі заттарды таратып беріп, оқушылардан осы заттарды былай сұрауға да болады. Мысалы: Who has a pencil?

Who has a ruler? жауап бергенде оқушылар кімде екенін табу керек. Оқушылар тапса Janatbek has a pencil деп табу керек. Бұл ойын оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, сөздік қорын молайтады, сондай-ақ оқушылардың есте сақтау қабілеті арта түседі.

Қорыта айтқанда, қазақ мектептеріндегі 5–6-сынып оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін тиімді әдістерді пайдаланып, әр түрлі жаттығулар орындатудың маңызы зор екендігін байқадық. Тілді үйретуде «қарапайымнан күрделіге қарай» принципін ұстану қажеттігін түсіндік. Адамдар тілді қолданғанда «Нені?», «Қалай?», «Қайтіп?» деген сұрақтарға жауап беру үшін пайдаланады. Енді осыны үйрету мақсатында қолданса, үйретуші мен үйренуші үшін екеуара тиімді тәсіл болары даусыз. Үйретуші толып жатқан тілдік құбылыстардың қайсысын бірінші, қайсысын кейінірек оқытуда құрылым және мағына бойынша басымдыққа ие бола алса, үйренуші де дәл солай таңдау мүмкіндігіне ие бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шетел тілін оқыту әдістемесі №3/17 2007ж 21 бет
2. Қазақстан мемлекеті №3 2007ж 59 бет
3. Шетел тілін оқыту әдістемесі №2 2003ж 21 бет
4. <https://sabaq.kz/3965/ағылшын-тілін-оқытудың-бастапқы-саты>
5. <https://articlekz.com/kk/article/16132>

**ШЕТ ТІЛІН ОҚИТУДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚИТУ
ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ
ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ**

Эльмира Бекмұратқызы Айтмырзаева

*5B011900 – «Шетел тілі : екі шетел тілі» мамандығының 4 курс студенті
a.elmira_9606@mail.ru*

Ғылыми жетекші Шолпан Суенишова Бағитжанова

*БІ.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Шетел тілдері, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы
Арқалық, Қостанай облысы*

Аңдатпа: Бұл мақалада интербелсенді оқыту технологиясының әдіс – тәсілдерін шетел тілі сабағында қолдану қарастырылады. Интербелсенді оқыту технологиясы арқылы оқушылардың өзіндік пікірін қалыптастыру және интербелсенді тәсілдерді ойын түрінде тиімді пайдалану арқылы танымдық шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдары көрсетілген.

Түйін сөздер: технология, интербелсенді оқыту, бірлескен іс-әрекет, ойын технологиясы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым және практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық

коммуникациялық желілерге шығу» - деп атап көрсетілген.[1]Қазіргі кезде ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім беру саясатының ажырамас бөлігі болып табылады. Ақпараттық технологияларды ағылшын тілін оқыту үдерісінде пайдалану оқушылардың жан-жақты білім алуына жол ашып, мемлекетіміздің үш тұғырлы тіл саясатына сай жақсы, жан-жақты дамыған оқушы иесі ретінде танылуларына негіз бола алады. Қазіргі таңда жаңа педагогикалық технологиялар түрлерін, шет тілі сабағында қолдану мұғалім шеберлігіне байланысты. Қоғам талабына сай шетел тілдерін оқытуда қойылып отырған ортақ міндет – тілді коммуникативтік бағытта оқыту. Ондағы мақсат оқушылардың өз ойларын жеткізумен шектеліп қана қоймай, өзара тіл табысып, пікір алмасуға үйрету, өз жұмысына, топтағы немесе жұптасқан оқушының жұмысына, жауабына сыни тұрғыдан ойлап талдау жасай алу, өз ойын қорытындылай білу, интерактивті жұмыс жүргізу[4]. «Интерактив» деген сөз ағылшынның «interact» («inter» - «өзара», «act» - әрекет ету) деген сөзінен шыққан. Бұл сөз «ортақ белсенділік» деген мағынаны білдіреді. Интербелсенді оқыту шетел тілін үйренуде өте тиімді. Педагогикада, әсіресе шет тілдерін оқытудың бірнеше моделін атап көрсетуге болады:

- пассивті – оқушы оқытудың «объектісі» ролін атқарады (тыңдау және көру)
- активті /белсенді/ оқушы оқытудың «субъектісі» болып шығады (өзіндік жұмыс, шығармашылық жұмыс, лабораториялық-практикалық жұмыс)
- интерактивті – inter (өзара), akt (әрекеттесу). Оқыту үдерісі барлық оқушылардың тұрақты белсенді өзара қарым-қатынасы арқылы жүзеге асырылады. Оқушы мен мұғалім оқытудың тең құқылы субъектісі болып табылады. Шет тілін үйренуде интербелсенді оқыту моделін пайдалану - өмірлік ситуацияларды моделдеуді, рольдік ойындарды қолдануды, мәселені бірлесіп шешуді қарастырады.

Интербелсенді оқыту технологиясы – бұл коллективтік, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу процесіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту процесін ұйымдастыру. [3]

Интербелсенді оқыту технологиясына жатады: жұптасып жұмыс істеу, ротациялық (ауыспалы) үштік, шағын топтармен жұмыс, аяқталмаған сөйлем, есептеу ағашы, өз атынын сот, азаматтық тыңдау, рөлдік (іскерлік) ойын, өз позицияңды ұстан ,дискуссия, дебаттар.

Бұл оқыту техноллогиясы - ең алдымен оқытушы мен оқушы арасындағы өзара әрекетті жүзеге асыратын диалогтық оқыту, танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың арнайы формасы. Интербелсенді оқытудың мақсаты- оқу процесінің барлық сатысында бірлескен әрекетке жағдай жасау. Әр оқушыны жеке тапсырмамен жұмыс жасата отырып, топ мүддесін ойлауға үйрету. Әрқайсысын өз міндетін жауапкершілікпен атқаруға жетелеп, ортақ нәтижеге қол жеткізуге ұмтылдыру. Интербелсенді әдістерді шет тілі сабағында пайдалану кезінде оқушылар түсіну процесінде толық қатысушылар болады, оның тәжірибесі оқу танымының негізгі қайнар көзі қызметін атқарады. Оқытушы дайын білімді бермейді, бірақ оқушыларға бастама бере отырып, өз бетімен ізденуге үйретеді. Интербелсенді тәсіл сабақты пысықтап,

қорытындылауға бірден - бір көмегін тигізетін тәсілдердің бірі. Бұл әдіс арқылы оқушылар өз білімін өздері бағалайды да, мұғалім білім, білік, дағдылары бойынша бағалайды. Әсіресе өзін –өзі бақылау, топтық өзара бақылау кезендері сабақты бекітуге септігін тигізеді.[2;44] Ағылшын тілі сабағында білім сапасын арттыру үшін интербелсенді оқыту аясында ойын технологиясын пайдалану тиімді. Себебі, ойын - оқушылардың негізгі әрекеті. Сабақ кең көлемді ойын және интербелсенді оқыту тәсілдерін негізге ала отырып, оқушылардың жеке, топтық, ұжымдық дамуының ерекшеліктерін ескере, жүзеге асырылуы керек. Ойындар арқылы оқушылардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамытуға, сөйлеу мәнерін қалыптастыруға болады. Сондықтан да сабақта немесе сабақтан тыс жұмыстарда интербелсенді оқыту тәсілдерін пайдаланудың әдістемелік маңызы зор.

Ағылшын тілі сабағында интербелсенді оқыту тәсілдерін қолдана отырып, оқушылар орындайтын бірнеше тапсырма түрлері:

«Сөйлемді аяқта...»

Тақырып: «English meals»

Бұл жаттығуды ағылшын тілі сабағында қолдануға болады. Оқушылар екі топқа бөлінеді. «А» және «В» тобы. Өткен тақырып бойынша бір топқа сөйлемнің басы, екінші топқа сөйлемнің аяқталуы беріледі, олар сынып бөлмесінде еркін жүріп өз сыңарларын табу керек.

«А» тобына :

The traditional English breakfast consists of....

The traditional English...

The English usually have 4 meals a day...

«В» тобына:

... of eggs, bacon, sausages, fried bread, baked beans and cornflakes.

... is called Full English

... breakfast, lunch, tea (5 o'clock), and dinner.

“Compare them” ойыны.

1. Жануарлардың суреттерін дайындалады;

2. Оқушыларды жұпқа бөлінеді де, әр жұпқа 2 - суреттен беріледі;

3. Тақтаға бірнеше сөздерді жазылады;

Мысалы:

Bad short tasty

Beautiful long small

Good young big

Nice old sweet

4. Оқушылар суреттердегі жануарларды салыстырып, неғұрлым көп сөйлем жазуы керек. [6]

Интербелсенді оқыту бір мезгілде бірнеше мәселелерді шешеді:

- коммуникативтік дағдыларды дамытады, оқушылар арасында эмоционалдық байланыстар орнатуға көмектеседі;

- ақпараттық мәселелерді шешеді, өйткені ол тыңдаушыларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді, онсыз бірлескен қызметті жүзеге асыруға болмайды;

- оқушылар проблемаларды ынтымақтастықта шешу қажеттілігін түсінеді;

- жалпы білім беру дағдыларын дамытады (талдау, синтездеу, мақсаттарды қою және т.б.);

Қорытынды ретінде, интербелсенді оқыту - оқушылардың өзара әрекеттесуіне негізделген білім, оқытудың тәжірибесі үшін білім беру ортасы. Шет тілдеріндегі интербелсенді оқыту бірлескен қарым-қатынастарды ұйымдастыру мен дамытуды қамтиды. Бұл өзара түсіністікке, өзара әрекеттесуге, ортақ шешімге келуге негізделген. Оқушы оқу процесінде толық қатысушы болып, оның тәжірибесі білім берудің негізгі білім көзі болып табылады. Мұғалім дайын білім бермейді, бірақ оқушыларды тәуелсіз ізденуге шақырады. Интербелсенді оқыту технологиясы арқылы оқушылардың өзіндік пікірін қалыптастыруға, интербелсенді тәсілдерді ойын түрінде тиімді пайдалану арқылы танымдық шығармашылық қабілеттерін дамытуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы;
2. Ж.М.Ақынова Шет тілін оқытуда интерактивті әдістерді қолдану арқылы студенттердің білім сапасын арттыру «Шетел тілі оқыту әдістемесі» 2 (58) 2014 446;
3. А.Әлімов Интербелсенді әдістер .Оқу құралы;- Алматы,2009 328 б;
4. <https://infourok.ru/doklad-na-temu-ailshin-tili-sabainda-interbelsendi-dis-tsilder-oldanuarili-oushilaridi-tanim-iziushilii-men-bilimbilik-dadilarin-579585.html>;
5. <http://ustazbol.kz/main/3202-aylshyn-tl-sabaynda-interaktivt-oytu-tehnologiyasyn-damytu.html>;
6. <http://tarbie.org/load/kos>.

**ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҒЫНДА ДЕҢГЕЙЛЕП-САРАЛАП ОҚЫТУ
ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.**

Джурабой Замира Мирзобекқызы

5B011900 – «Шетел тілі:екі шетел тілі» мамандығының 4 курс студенті
zami.zhorabay@mail.ru

Ғылыми жетекші: Шолпан Суенишиовна Бағитжанова

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Шетел тілдері, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы
Арқалық, Қостанай облысы

Аңдатпа: Бұл мақалада деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын шет тілі сабақтарында тиімді қолдану ерекшеліктері қарастырылады. Осы технологияны қолдану барысында оқушыларға деңгейлік тапсырмалар беру арқылы оқушылардың білімге деген қызығушылықтарын арттырып, танымдық қабілеттерін дамытудың жолдары көрсетілген.

Түйін сөздер: деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы, деңгейлік тапсырмалар, рейтинг-ұпай-балл жинау әдісі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз» деген сөзі ұстаз қауымына үлкен жауапкершілік жүктеп отыр. Еліміздің болашағының көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік

білім беру кеңістігіне ену мақсатында көптеген жаңалықтар енгізілуде. Дәстүрлі білім беруден ерекшеленіп, замана өзгерісіне қарай, мектеп қабырғаларында жаңа оқыту технологиялары негізінде білім беру кең өрістеніп келе жатыр. Қазақстан Республикасы «Білім туралы заңында» оқытудың жаңа технологияларын ендіру, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу міндеті айқын көрсетілген. Осы бағытта мұғалімдер алдында оқытудың және тәрбиелеудің жаңа технологияларын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына қолайлы жағдай туғызу қажеттілігі тұр.

Қоғамның дамуы, мәдениеттің өркендеуі тіл деңгейімен таразыланады [1,22]. Шет тілін үйрету – заман талабы. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың “Қазақстан - 2030” стратегиялық даму бағдарламасында айқындалған ана тілімен қатар шетел тілінің бірін меңгеру талаптарын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңын жүзеге асыру мақсатында барлық білім беру жүйелерінде шетел тілдері оқытылады [2, 11]. Соңғы уақытта көптеген еуропалық елдерде шетел тілдерін оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында қолданылып жүрген технологиялар қатарында деңгейлеп саралап оқыту технологиясының маңызы зор. Саралап, деңгейлеп оқыту технологиясы – оқушылардың білім сапасын арттырудың негізгі кепілі болып табылады. Саралап, деңгейлеп оқыту технологиясы 1998 оқу жылынан бастап мектептің барлық сатысына, көптеген пәндерге еніп, оқу үрдісін жандандыруға үлкен үлес қосып келеді. Ж. Қараев және Б. Кобдиқованың еңбектерінен деңгейлік оқыту әдістемесі туралы көптеген мәліметтер кездестіруге болады. Бүгінгі таңда Ж. Қараевтің оқытуды дербестендіру мен деңгейлік дифференциалдау технологиясы оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыратын технология ретінде танылған [3]. Ж. Қараев технологиясының жемісі, ол оқушыны күштеп оқудан аулақтатып, өз бетімен оқуына, ақпаратты өз бетімен өңдеуге, ешкімнің көмегіне өз бетінше ойланып шешім қабылдауға дағдыландырады. Бұл технология әсіресе, тілді оқыту барысында оқушыны өз ойын тұжырымды жинақтап, шешен сөйлей білуге қалыптастырады. Деңгейлеп, саралап оқыту технологиясы тиімді нәтиже беру үшін:

- а) жеке тұлға ерекшеліктеріне;
- б) психологиялық даму ерекшеліктеріне;
- с) пән бойынша білімді игеру деңгейіне көңіл бөліп отыру керек[4, 47].

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын пайдалану барысында жұмыс міндетті үш деңгейлік тапсырмалардан тұрады. Олар: бастауыш (қарапайым), аралық (орта), жоғары. Бұл технологияның ең басты мақсаты – сынып оқушыларын «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлінуін болдырмау. Сабакта қандай оқушы болмасын, жақсы оқитынына қарамастан жұмысты І деңгейден бастап орындайды. І деңгей тапсырмаларын орындау мемлекеттік білім стандарты талаптарының орындалуына кепілдік береді. І деңгейді орындаған оқушы «3» деген бағамен, бағаланады. Әрбір оқушы І деңгейдегі тапсырмаларды орындауға міндетті және одан жоғары деңгейдегі тапсырмаларды да орындауға құқылы. Осы тұрғыдан алғанда «үлгерімі төмен» оқушылар жақсы оқитын оқушылар қатарына ілесе алмай жатса не істеуге болады? – деген сұрақ туындайды. І деңгейден аса алмай жатқан оқушыларға

орындап үлгере алмай қалған тапсырмаларын үйде орындауға беру керек. Деңгейлеп, саралап оқыту технологиясының екінші бір тиімді жағы – оқушылардың дүниежүзілік білім жүйесінде қолданылатын рейтинг – ұпай-балл жинау әдісіне баулу. Деңгейлік тапсырмалар рейтинг, ұпай-балл жинау әдісімен бағаланатынын ескерсек, оқушылардың сабақ өткенне кейін де сол тапсырмаларда жіберген қателіктеріне, тапсырмаларды орындау барысында қолданған тәсілдеріне анализ жасап, қателіктері мен кемшіліктерін анықтай білуге мүмкіндік береді. Келесі тапсырмаларды орындауда оқушы неғұрлым көбірек ұпай жинау үшін ізденіп мұғалімнен, сыныптастарынан, қосымша материалдардан білім жинайды[1, 23].

Деңгейлеп, саралап оқыту технологиясының мақсаты – оқушыларды қабілеттеріне, өзіндік ерекшеліктеріне, мүмкіндіктеріне қарай топтастырып оқыту. Берілген тапсырманың саралануы[4].

Деңгейлік әдістің маңыздылығы – оқушының шығармашылықпен белсенді жұмыс істеуін дамытады, әр оқушыны өздігінен білім алуға баулиды, өткен грамматикалық, лексикалық тақырыптарды жүйелі игеруге дағдыландырады, ой еңбегімен айналысуға жетелейді, яғни оқу-танымдық құзыреттілігі қалыптасады. Бұл технологияда оқушылардың білімді өздігінен саналы түрде меңгеруіне ерекше мән берілген. Оқу іс-әрекеттің негізгі түрі оқушылардың өздігінен орындайтын жұмысы болып табылады[1, 23].

Деңгейлеп оқытудың басты ерекшелігі – білім беру, оқыту процесін топтап, жіктеп бөледі, әрбір деңгейдің өзінің лексикалық-грамматикалық минимумы болады, оқушы әрбір деңгейдегі білімін өзі бақылайды, оқу материалдары бір деңгейден екінші деңгейге қарай күрделеніп, яғни қарапайымнан күрделіге қарай өтіп отырады [2, 12].

Әдетте әрбір сыныпта үлгерімі жақсы, ізденімпаз оқушылар сыныптың 30-40% құрайды. Олар тапсырманы белгіленген уақыт ішінде жүйелі түрде орындап шығады, ал үлгерімі орташа немесе төмен оқушыларға берілген тапсырманы уақытылы орындап шығу қиынға соғады. Оқушылар тапсырманың негізгі бөлігін белгіленген уақытта орындап шығуы үшін тапсырманың саны мен күрделілігін мұқият іріктеп алу қажет. Профессор Ж.Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы оқушылардың өздігінен білім алып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технология бойынша бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылады. Ж.Қараев оқушылардың оқу материалын меңгеру деңгейін төрт түрге бөледі.

1.Репродуктивті деңгей. Жалпыға бірдей стандартты білім беру негізіндегі тапсырмалар. Мұнда тапсырмалар оқушылардың алдыңғы сабақтарда алған білімдеріне және оқулықта бар мәселелерге байланысты құрылады.

2. Алгоритмдік деңгей. Мұнда оқушы мұғалімнің түсіндіруімен қабылдаған жаңа ақпаратты пайдалана отырып, тапсырманы орындайды.

3. Эвристикалық деңгей. Оқушы берілген тапсырмаларды өзі ізденіп, қосымша әдебиеттерді пайдалана отырып, жауап береді. Бұл тапсырмаларды орындауда оқушының ой белсенділігі негізгі қызмет атқарады.

4. Шығармашылық деңгей. Бұл деңгейдегі тапсырмаларды орындау барысында оқушы таза өзіндік дағдысын, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді [1, 24].

Деңгейлік тапсырмаларды құрастыруға төмендегідей талаптар қойылады.

Бірінші деңгейдегі тапсырмаларға:

- жаттап алуға лайықталған болуы керек;
- алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілген білімнің өзін өзгертпей қайталап, пысықтауына мүмкіндік беруі тиіс;
- тапсырмалар жаңа тақырып үшін тиімді және өмірмен байланысты болуы керек.

Екінші деңгейдегі тапсырмалар: өтіп кеткен материалдарды қайталауға және жүйелеуге берілген тапсырмалар. Бұлар өзгертілген жағдайлардағы тапсырмалар, яғни бұрынғы тапсырмаларға ұқсас, бірақ оларды орындау үшін алғашқы алған білімдерін пайдалану қажет болады. Бұл деңгейдегі тапсырмалар оқушылардың ойлау қабілеттерін жетілдіруге бағытталған болуы қажет. Бұл жағдайда ребустар мен сөзжұмбақтарды пайдалануға болады.

Үшінші эвристикалық деңгейдегі тапсырмалар түрлері.

1. Танымдық іздену (эвристикалық) түріндегі тапсырмаларды орындау барысында оқушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімдерін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, жаңа білімді меңгеріп,өзі үшін жаңалық ашуы тиіс.

2. Өртүрлі әдіс-тәсілдермен шешілетін тапсырмалар.

3. Өздігімен мысалдар, тапсырмалар құрастыру және оны өздігінен шешімін табу. Диаграмма, сызбалар салу, көрнекті құралдар дайындауға берілетін тапсырмалар.

Төртінші шығармашылық деңгей тапсырмалары:

- оқушыларың жинаған өмірлік тәжірибесі мен белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жаңаша, бұған дейін болмаған, белгілі бір дәрежеде олардың жеке басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына негізделген.
- олимпиадалық тапсырмалар.
- берілген тақырыптарға өз бетінше реферат, баяндамалар, ғылыми жобалар дайындау[5].

Қазіргі таңда шетел тілін оқыту процесінде жаңа технологиялардың ішінде маңыздысы деңгейлеп, саралап оқыту технологиясы. Барлық оқушы тапсырманы ең төменгі деңгейден бастап, келесі деңгейге өту үшін өз білімін, қабілетін біртіндеп толықтырап, жетілдіріп отырады. Бұл оқушылар арасында бәсекелестік туғызады және оқушы өз қабілетіне сәйкес жоғары деңгейге көтеріліп отырады.

Қорыта айтқанда, Ж.Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы оқушылардың білім сапасын арттырудың негізгі кепілі болып табылады. Бұл технология бойынша әр оқушының жеке қабілеттері ескеріліп, оқушыға қабілеті жететін саласынан дарынын ашуға мүмкіндік береді. Оқушыларға өз бетінше білімін жетілдіруге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. М.М.Атажанова. Ағылшын тілі сабағында саралап, деңгейлеп оқыту әдісінің ерекшелігі.// Шетел тілін оқыту әдістемесі – 2015.- №1(63)
2. И.М.Нурмолдина. Шетел тілін деңгейлеп оқытудың теориялық және әдіснамалық негіздері.// Шетел тілін оқыту әдістемесі – 2017.- №3(77)
3. Монахов В.М. Проектирование и внедрение новых технологий обучения // Советская педагогика. – 1990. – № 7. – С. 17-23.
4. Ғ.М.Сапарова. Ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы ағылшын тілін саралап-деңгейлеп оқыту.// Ағылшын тілін оқыту әдістемелігі мектепте, колледжде және ЖОО-да – 2016.-№5-6
5. Коменский Я.А. Великая дидактика. Избр. Пед. соч. в 2-х томах. -М.:Педагогика, 1982.

ФАКТОРЫ ПОВЫШЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В УЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Дурдона Гафуржон кизи Тойматова
студент 4 курса специальности 5В011900 «Иностранный язык: два
иностраннных языка»
toimatovad@mail.ru

Научный руководитель: Байдалина Жанар Жумановна
старший преподаватель кафедры иностранных языков и
русского языка и литературы
Аркалыкский государственный педагогический
институт имени Ы.Алтынсарина
Аркалык, Костанайская

Аннотация: В статье рассматриваются факторы, влияющие на эффективность обучения английского языка. Методы и приемы использования коммуникативных навыков обучающихся во время урока. Соответствовать государственному стандарту и быть способным воспринимать любые изменения.

Ключевые слова: коммуникативные навыки, приемы преподавания, стандарт образования, эффективность урока, методическая концепция.

Леонардо да Винчи: «Жалок тот ученик, который не превосходит своего учителя».

В настоящее время английский язык это один из распространенных языков в мире. А владение английским языком становится ключевой общекультурной компетенцией и условием формирования логической мышлений и знаний школьников. Школьники этого века должны уметь свободно разговаривать на английском и иметь коммуникативных навыков, чтобы осуществлять социализацию, обладать навыками перевода. Уровень их развития коммуникативных навыков и технологии зависит и оказывает воздействия на методику преподавания иностранного языка, а именно английского языка в школе [1].

Важнейшей проблемой волнующей всех учителей является повышения эффективности урока, так как урок был и остается основным звеном учебно-воспитательного процесса. Именно на уроке учащиеся получают основную часть знаний, домашнему заданию отводится немаловажная, однако

второстепенная роль.[2] На сегодняшний день преподаватели английского языка находят новые возможности и методы, и в то же время сталкиваются с новыми проблемами, касающимися организации преподавания и контроля обучения в условиях глобальной информатизации общества. Актуальность этой работы определяется необходимостью идти в ногу со временем при обучении школьников. Уроки, проводимые преподавателем, должны соответствовать современным стандартам образования. В последние годы в этих стандартах были внесены значительные изменения. Методика это педагогическая наука, которая разрабатывает вопросы содержания принципов и методов обучения конкретному предмету, поэтому все вопросы изменения стандартов будут отнесены именно к ней [3].

Главными вопросами в современной методике являются формирование интереса к иностранному языку и совершенствование самой методики. Умелая организация взаимодействия обучающихся на основе учебного материала становится мощным фактором повышения эффективности учебной деятельности в целом. Актуальность вышеперечисленного определяется не только социальным заказом, но и потребностями человека к самоопределению и самовыражению в условиях современного, информационного общества. От умения учителя общаться с учениками на уроке зависит морально- психологический климат в классе, усвоения учащимися духовных ценностей и нравственных норм, увлеченность предметом, настроения учителя и учащихся, их психическое здоровье, уровень индивидуально-творческого развития. Под общением психологи понимают сложный, многоплановый процесс, установления развития контактов между людьми, порождаемый потребностями в совместной деятельности и включающий в себе обмен информацией, выработку единой стратегии воздействия, восприятия и понимание этого человека. Для того чтобы эффективно общаться с учащимися, надо постоянно общаться с ними. Никакие тренинги не заменит живого общения с учениками, они могут лишь служит вспомогательным средством развития коммуникативных умений. Учитель должен стимулировать активность, вдохновлять их, добиваться, чтобы они не только понимали, чего от них хотят, но принимали позицию педагога, соглашались с ней или высказывали противоположную точку зрения, могли самостоятельно выдвигать идеи, отстаивать свое мнение и выступать полноправными партнерами по общению. Положительно изменить многое в отношении учащихся к мнению может творческий подход учителя к подготовке проведению урока иностранного языка. Выбранная мною тема является весьма актуальной на сегодняшний день, ведь возможности и средства обучения современной школы стали куда разнообразней, а значит, стало тяжелее ответить вопрос, как же добиться максимальной эффективности урока, какой прием, метод или подход лучше всего использовать данной конкретной ситуации. К каждому ученику необходимо найти подход, заинтересовать его, нужно объединить группу, создать коллектив, воспитать в каждом ученике личность, не забывая при этом прививать детям любовь к иностранному языку. И существует большое количество средств, с помощью которых все это легко осуществить. В своей статье я расскажу о наиболее популярных и эффективных приемах работы на уроке [4].

На сегодняшний день требования к предъявляемому уроку иностранного языка представляет собой сложный комплекс учебных задач, которые как учитель, так и ученик решают, исходя из конкретной, сугубо индивидуальной ситуации, условий работы группы или отдельного ученика. У каждого учителя со временем вырабатывается свой стиль, свои любимые приемы работы. Что хорошо для одного учителя, то не всегда может быть приемлемо для другого. Но что объединяют все хорошие уроки, так это грамотная методическая концепция. Без четкой методической концепции урок может превратиться в хаос, в беспорядочный набор случайных упражнений и заданий. Я постараюсь перечислить основные положения, которые определяют особенности урока, его структуру, логику, и приемы работы. Индивидуализация заключается в учете и использование резервов личности обучаемых, их жизненного опыта, мировоззрения, контекста деятельности, и интересов, эмоций и чувств, статуса личности в коллективе. У каждого может быть свое отношение к обсуждаемой теме. Хорошо, если учитель знает жизненные обстоятельства своих учеников и их учесть при определении круга обсуждаемых проблем. Значит ли это, что надо «подстраиваться» под мировоззрение учеников, зачастую очень незрелое и ошибочное? Отнюдь нет. Обучение иностранному языку, как и обучение в целом, прежде всего, призвано развивать социальную зрелость человека, готовить его к жизни в обществе, правильно понимать динамику его развития и нормы человеческого общения. Учитывая сложившиеся стереотипы своих учеников, учитель может повлиять на их преодоление, способствовать большей социальной зрелости, умения принять иную точку зрения, стать терпимее или, наоборот, активнее и критичнее. При планировании темы надо отобрать проблемы, которые наиболее актуальны для данной группы, для контекста их деятельности, соответствуют уровню понимания и знаний учащихся [5].

Урок иностранного языка является многофункциональной единицей образовательного процесса, где сосредотачиваются и реализуется все педагогические воздействия, происходит интерактивное общение, направленное не только на активизацию познавательной деятельности, но и духовно-нравственное развитие личности [6].

Список использованной литературы:

1. https://knowledge.allbest.ru/pedagogics/3c0a65635a2bc79a5d43b89421216d36_0.html
2. Учебник современного английского языка. А.Н. Комаров
3. <http://www.dissercat.com/content/sotsiokulturnyi-komponent-kak-sredstvo-povysheniya-effektivnosti-uchebnogo-protsessa-pri-izu>
4. <https://elibrary.ru/item.asp?id=24107237>
5. <https://elibrary.ru/item.asp?id=23082591>
6. <http://aneks.spb.ru/metodicheskie-razrabotki-i-posobiia-po-inostr-iazyku/puti-povysheniia-effektivnosti-uroka-inostrannogo-iazyka.html>

РОЛЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ РЕФЛЕКСИИ В ИЗУЧЕНИИ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Адылбекова Салтанат Адылбекқызы

*Студент 4 курса по специальности 5В011900 – «Иностранный язык: два
иностранных языка»*

salta_17.97@mail.ru

*Научный руководитель: Байдалина Жанар Жумановна
Старший преподаватель кафедры иностранных языков,
русского языка и литературы*

*Аркалыкский государственный педагогический институт им. Б.Алтынсарина
Аркалык, Костанайская область*

Аннотация: Современный урок иностранного языка характеризуется большой интенсивностью и требует от учеников концентрации внимания и напряжения сил, поэтому внимание ученых, методистов и учителей направлено на поиск резервов для совершенствования урока иностранного языка, на повышение его эффективности, действенности. Осознание, критический анализ и определение путей конструктивного совершенствования деятельности педагога осуществляется с помощью педагогической рефлексии.

Проблема рефлексии в педагогической деятельности выступает особенно ярко потому, что, рассмотрев структуру, специфику и другие ее особенности, мы можем более обоснованно подходить к проблеме произвольности всех психических процессов учащегося. Соответственно, осмыслив и исследовав роль рефлексии в этом вопросе, мы можем работать над повышением сознательности и произвольности всех процессов, входящих в изучение английского языка.

Ключевые слова: рефлексия, самоанализ, иностранный язык.

Понятие рефлексия возникло в рамках философии как принцип человеческого мышления, направляющий его на осмысление и осознание собственных форм и предпосылок; предметное рассмотрение самого знания, критический анализ его содержания и методов познания; деятельность самопознания, раскрывающая внутреннее строение и специфику духовного мира человека [1].

Объем и полифункциональность психологического содержания рефлексии, ее богатый спектр признаков и свойств свидетельствуют о важности и уникальности места и роли рефлексии в формировании личности человека. Рефлексивные процессы выделяются практически во всех сферах психологической действительности. Развитие рефлексивной психологии связано с именем А.Буземана, который впервые выделил ее в качестве самостоятельной дисциплины в начале 20-го века. Само слово «рефлексия» происходит от позднелатинского «reflexio», что буквально означает «обращение назад, отражение».

В личностной сфере человека рефлексия охватывает как коммуникативные процессы, так и процессы самоосмысления, самосознания:

✓ рефлексия является гарантом позитивных межличностных контактов, определяя такие партнерские личностные качества, как проницательность,

отзывчивость, терпимость, безоценочное принятие и понимание другого человека и др. (С.В.Кондратьева, В.А.Кривошеев, Б.Ф.Ломов);

✓ рефлексия обеспечивает взаимопонимание и согласованность действий партнеров в условиях совместной деятельности, кооперации (В.А.Лефевр, Г.П.Щедровицкий);

✓ рефлексия как способность человека к самоанализу, самоосмыслению и переосмыслению стимулирует процессы самосознания, обогащает "Я-концепцию" человека, является важнейшим фактором личностного самосовершенствования (А.Г.Асмолов, Р.Бернс, В.П.Зинченко);

✓ рефлексия способствует целостности и динамизму внутренней жизни человека, помогает стабилизировать и гармонизировать свой эмоциональный мир, мобилизовать волевой потенциал, гибко управлять им (В.В.Столин, К.Роджерс).

Педагогическая рефлексия – приложение всех вышеуказанных характеристик применительно к педагогической деятельности. В педагогику понятие рефлексии особенно активно вошло лишь в последние десятилетия.

Представляется важным отметить несколько моментов, которые акцентируют роль рефлексии в профессиональной деятельности:

1. Рефлексия необходима при освоении профессиональной деятельности;
2. На ее основании осуществляется контроль и управление процессом усвоения;
3. Рефлексия необходима при изменении условий профессионально-образовательной деятельности;
4. Она является одним из основных механизмов развития самой деятельности.

Следовательно, *роль* рефлексии в творческой, мыслительной деятельности состоит в целеполагании, установлении и регулировании адекватных требований к себе на основе соотнесения предъявляемых извне требований, ситуационной специфики самого субъекта. Поскольку главным в педагогическом процессе на сегодняшний момент определяется развитие личности субъектов процесса, а развитие является процессом внутренним и судить о его прохождении доступно, прежде всего, самому субъекту, то оценку такого развития и позволяет совершить рефлексия, как акт самонаблюдения, самоанализа, саморазмышления. В педагогическом процессе рефлексивные умения позволяют его субъектам организовывать и фиксировать результат состояния развития, саморазвития, а также причин положительной либо отрицательной динамики такого процесса.

Предметом педагогической рефлексии должны выступать все стороны педагогической деятельности учителя. Педагогическую рефлексию необходимо целенаправленно формировать в сознании будущего учителя [2].

Рефлексирующий учитель – это думающий, анализирующий, исследующий свой опыт педагог. Это, как сказал Д.Дьюи, «вечный ученик своей профессии» с неутолимой потребностью к саморазвитию и самосовершенствованию.

Таким образом, именно педагогическая рефлексия помогает выйти учителю из поглощения самой профессией, посмотреть на нее с позиции другого человека: педагог, организуя деятельность учащихся, стремится смотреть на себя и свои действия глазами своих подопечных, учитывать их точку зрения, взгляды, представления и желания, пытается понять их эмоциональное состояние.

Перечень задач и компетенций современного учителя иностранных языков более широк и глобален, чем это имело место прежде. Как свидетельствуют современные теории, концепции, практика подготовки учителей иностранных языков должна включать такие области: как многоязычие, двуязычие, обучение в самоорганизованной среде, новое понимание учителя как консультанта по освоению иностранного языка и иноязычной культуры, межкультурное воспитание, автономное обучение, определённый уровень развития рефлексии.

Изучение иностранных языков, считает *Н.Б. Крылова*, входит в обязательную гуманитарную подготовку, которое дает «не только специальные знания и навыки разговорной речи, но и понимание особенностей национальной культуры, государственности, общественных отношений, норм международного делового и культурного общения».

Наибольшую ценность в определении профессионально значимых умений представляет подход *Н.Д. Гальсковой*, считающей профессионально значимыми умениями учителя иностранных языков **«... умения педагогически, психологически и методически правильно осуществлять свою профессиональную деятельность, направленную на развитие у учащихся черт вторичной языковой личности»** [3].

В.Даль говорил: «язык не пойдет в ногу с образованием, не будет отвечать современным потребностям, если не дадут ему выработаться из своего сока и корня, перебродить на своих дрожжах». Исходя из этого, одна из главных задач обучения иностранному языку в пединституте – выработать у студентов умение пользоваться им как средством общения в сфере своей будущей профессиональной деятельности.

Если есть возможность овладеть еще одним языком, то значительно увеличатся профессиональные возможности будущего педагога в его сфере профессиональной деятельности.

В качестве основной категории успешности обучения иностранному языку рассматривается коммуникативность. И.Л. Зимняя, раскрывая специфику учебной дисциплины «иностраный язык», определила коммуникативность обучения как личностная значимость предмета общения – удовлетворенность ученика ситуацией общения, рефлексивность обучаемого, которая позволяет ему адекватно оценивать свою деятельность, позитивное переживание учеником успеха общения, выступающего в качестве подкрепления достигнутого, отсутствие у ученика сдерживающих его общение социальных барьеров [4].

Немаловажно мнение Е.И. Пассова, который считает, что через иностранный язык «человек лучше понимает особенности родного языка, глубже осознает способы выражения мысли на родном языке», что также способствует повышению его коммуникативного уровня [5].

Для того, чтобы эффективно использовать в своей работе действующие учебники, уметь реализовывать заложенный в них авторский замысел, привлекать дополнительные источники учебной, лингвострановедческой информации, учителю иностранного языка недостаточно опираться только на свою языковую подготовку, на знания психолого-педагогических закономерностей развития личности учащихся. Одновременно необходимо развивать в себе профессионально-коммуникативные, то есть специфические качества, умения, позволяющие управлять внутренними резервами интенсификации учебной деятельности учащихся, а также обеспечить овладение учащимися иностранным языком на коммуникативно достаточном уровне. В обоих случаях психолого-педагогические задачи кроются в умении общаться, использовать иностранный язык как средство иноязычного межличностного общения.

Ряд учёных *Б.В. Беляев, Ю.А. Веденяпин, М.К. Кабардов, М.Г. Каспарова, Г. Г. Сабурова и др.* считают, что для успешного владения иностранным языком и использования его как средства межличностного иноязычного общения необходимо учитывать иноязычные способности учащихся.

К определению иноязычных способностей авторы подходят с трёх позиций:

- выявление способностей к различным аспектам языка и речевым умениям;
- определения особенностей психических процессов - восприятия, мышления и воспроизведения;
- личностных особенностей человека – воли, эмоций, экстраверсии, интроверсии при обучении иностранному языку.

В ходе обучения иностранному языку важно использовать диалогический метод диагностирования. Особенностью этого метода является то, что учитель и ученик вступают в равноправные отношения с целью совместного осмысления того или иного учебного предмета.

Иностранный язык становится действенным фактором – экономического, научно-технического и общекультурного прогресса нашего общества. Следовательно, в настоящее время функции иностранного языка как общеобразовательного учебного предмета состоят в том, чтобы учащиеся овладели им как средством общения для установления взаимопонимания с народом, говорящими на этом языке; как средством воспитания, образования и всестороннего развития личности.

Мы разделяем точку зрения ученых, что иностранный язык формирует основы иноязычной речевой деятельности, расширяет кругозор обучаемых, углубляет знания о структуре родного языка, о природе и способах речевого общения, об этике и эстетике в сфере культуры страны изучаемого языка. На современном этапе развития изучения иностранного языка большое внимание акцентируется на приобщение иной культуры, овладение новым социокультурным содержанием, а не на формирование знаний, умений и навыков.

В заключении хочется отметить, что только целенаправленно и добросовестно формируемые в стенах института и других педагогических образовательных учреждениях умения и навыки позволят будущему учителю-педагогу иностранного языка правильно и эффективно организовывать процесс обучения.

Список использованной литературы:

1. Философский энциклопедический словарь. – М., 1983
2. Кашлев, С.С. Интерактивные методы обучения педагогике. 2004
3. Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранным языкам. - М.: АРКТИ, 2003. - 192 с.]
4. Зимняя И.А. Педагогическая психология. Учебник для вузов. 2000
5. Е.И. Пассов. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. 1991.

СПЕЦИФИКА ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПРОЕКТНОЙ МЕТОДИКИ НА УРОКАХ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Асель Нысанбаевна Бектибаева
студент 4 курса специальности 5В11900 «Иностранный язык: «два
иностраннных языка»
a_bektibayeva@mail.ru

Научный руководитель: Байдалина Жанар Жумановна
старший преподаватель кафедры иностранных языков,
русского языка и литературы

Аркалыкский государственный педагогический институт имени Ы.Алтынсарина
Аркалык, Костанайская область

Аннотация. Ориентиры образования, новые ценности, субъект-субъектные отношения учителя и учеников и индивидуально-личностный подход в обучении и т.д., а также современные достижения науки и техники во многом определяют выбор методов обучения, в котором педагоги на данном этапе развития образования все чаще отдают предпочтение активным и интерактивным педагогическим технологиям. Ярким примером может служить проектная методика. Метод проектов как современная педагогическая технология представляет собой способ организации педагогического процесса, основанного на взаимодействии педагога и воспитанников в ходе поэтапной практической деятельности по достижению намеченных целей и характеризуется самостоятельностью учеников, опорой на личностные потребности, особенности и опыт учеников, а также наличием конкретных практических результатов. Основной темой в этой статье является использование метода проектов в обучении иностранному языку предполагающий учет специфики этого учебного предмета напрямую влияющую на организацию проектной деятельности, а именно: предполагает по большей части групповую проектную работу с акцентированием коммуникативной стороны процесса, дополнительную работу по отбору языкового материала и важность представления результатов.

Ключевые слова: формирование коммуникативной компетенции, средство межкультурного взаимодействия, уровень лингвистической компетенции, продуктивная методика, мини-проекты, ситуативная обусловленность.

В обучении иностранному языку метод проектов стал особенно активно применяться в конце 80-х годов XX века. Начиная с этого времени, ведущие издательства США и Европы выпускают методические пособия по использованию проектов в преподавании иностранных языков. В отечественной практике преподавания иностранных языков метод проектов начал активно использоваться с конца 90-х годов прошлого века, и сейчас получает все большее распространение. [1]

Сейчас на современном этапе развития образования проектная методика тщательно исследуется как зарубежными, так и отечественными авторами: Е.С. Полат, И.Л. Бим, Сахаровой, И.А. Зимней, Т.Е. О.М. Моисеевой, И.Чечель, D.Philips, L.Fried-Both, T.Hautchinson, и др.

Использование проектной методики в обучении иностранного языка требует грамотного подхода и детальной подготовки, как со стороны учащихся, так и со стороны педагога.

В настоящее время целью обучения учащихся иностранным языкам является формирование у них коммуникативной компетенции. Обучение школьников иностранному языку направлено на формирование и развитие личности, способной и желающей участвовать в общении на иностранном языке. Но эти цели будут достигнуты, если будут созданы необходимые условия, стимулирующие учащихся проявлять познавательную активность и испытывать желание реально пользоваться приобретенными знаниями и сформированными речевыми навыками и умениями.[3]

Довольно подробно изучением использования метода проектов в обучении иностранному языку занимается Е.С. Полат. В своей работе «Метод проектов на уроках иностранного языка» она подчеркивает первостепенность обучения способам речевой деятельности в процессе обучения иностранному языку, который выступает средством межкультурного взаимодействия. Е.С. Полат говорит о посреднической роли языка, как средства для «формирования и формулирования мысли», выдвигая следующие выводы:

- Необходимость активной устной практики для каждого ученика с целью формирования умений и навыков речевой деятельности и необходимого уровня лингвистической компетенции.

- Важность предоставления ученикам возможности мыслить, рассуждать над возможными путями решения проблем с тем, чтобы в центре внимания была мысль, а язык выступал в своей прямой функции - формирования и формулирования этих мыслей».

- Необходимость включения учащихся в активный диалог культур, чтобы язык воспринимался «как средство межкультурного взаимодействия».

Данный подход к обучению, по мнению исследователя, предполагает перенос акцента «со всякого рода упражнений на активную мыслительную деятельность учащихся». Для чего, безусловно, подходит проектная деятельность [5].

Исходя из приведенной сущностной характеристики метода проектов с учетом иностранного языка как учебного предмета, нужно отметить, что проектная методика намного лучше подходит к продуктивным методикам

обучения иностранного языка, иноязычной культуре и межкультурной коммуникации, основная суть которой – развивающее, личностно-ориентированное обучение.

Н. Кочетунова выделяет следующие отличительные особенности проектов, предназначенных для обучения языку:

- использование языка в ситуациях, максимально приближенных к условиям реального общения;
- акцент на самостоятельной работе учащихся (индивидуальной и групповой);
- выбор темы, вызывающей большой интерес для учащихся и непосредственно связанной с условиями, в которых выполняется проект;
- отбор языкового материала, видов заданий и последовательности работы в соответствии с темой и целью проекта;
- наглядное представление результата. [1]

Судя по этим словам можно сделать вывод, что метод проектов является большим стимулом в работе для учащихся, приводит к активному освоению иностранного языка, применению своих знаний в каждой конкретной ситуации. В курсе иностранных языков метод проектов может использоваться в рамках программного материала практически по любой теме. Проектная технология сочетается с любым учебником и другими учебными средствами и может быть включена в различные формы общей системы работы над изучаемым языком на этапе речевой практики и развития коммуникативных умений иноязычного речевого общения как вид работы по поддержке достигнутого уровня, совершенствованию и углублению подготовки учащегося.

На уроках иностранного языка более распространены учебные проекты. На их разработку требуется меньшее количество времени и они небольшие по объему. Данные проекты предназначены для использования на конкретном уроке и имеют определенные цели. Проекты такого типа актуальны для использования на обобщающих и итоговых уроках по темам курса. Задача учителя: правильно сформулировать темы проектов, определить круг необходимых вопросов, направленных на реализацию целей и задач конкретного урока. Из практики преподавания можно привести примерную тематику учебных проектов: «My favorite book», «My favorite film», «My holidays», «My friend», «Celebrations», «My family», «Journey», «Music», «Cinema», «Animals», «New Year», «My favorite town » и другие. А также большое значение в обучении иностранному языку играют *мини-проекты*. Учащиеся выполняют их дома при подготовке домашнего задания или непосредственно на уроке. Проекты могут быть выполнены не только в письменной форме, но и в устной. Основные формы мини-проектов: монологические и диалогические высказывания, таблицы, рисунки. Задача учителя: добиваться выполнения передачи точного конкретного содержания проекта. Тематика мини-проектов зависит от конкретных целей и тем текущих уроков, разрабатывается учителем и обсуждается с учащимися

Ведущими *принципами*, реализуемыми в ходе обучения иностранным языкам с помощью проектной методики, являются:

- ✓ принцип коммуникативности;
- ✓ принцип ситуативной обусловленности;
- ✓ принцип проблемности;
- ✓ принцип соизучения языка и культуры;
- ✓ принцип автономности. [4:9]

В контексте этих учений проектное обучение предполагает формирование также и умений осознавать собственные потребности, выбирать адекватные способы и средства их реализации, оценивать результаты своего труда.

По мнению Е.С. Полат, «чтобы сформировать коммуникативную компетенцию вне языкового окружения, недостаточно насытить урок условно-коммуникативными или коммуникативными упражнениями, позволяющими решать коммуникативные задачи. Важно предоставить учащимся возможность мыслить, решать какие-либо проблемы, которые порождают мысли, рассуждать над возможными путями решения этих проблем с тем, чтобы дети акцентировали внимание на содержании своего высказывания, чтобы в центре внимания была мысль, а язык выступал в своей прямой функции - формирования и формулирования этих мыслей» [2].

Этими словами мы считаем, что при организации проектной деятельности на уроках иностранного языка важно учитывать основные черты метода проектов и требования к использованию проектов: наличие проблемы, практическая направленность, самостоятельная деятельность учащихся на уроке или во внеурочное время, структурирование содержательной части проекта, использование исследовательских методов. Проектная методика, как современная педагогическая технология обеспечивает успешное формирование всех компонентов иноязычной коммуникативной компетенции, а следовательно, и развитие вторичной языковой личности.

В заключении очень важно еще раз подчеркнуть эффективность использования проектной методики в формировании и совершенствовании основных умений и навыков учащихся в различных видах речевой деятельности.

Список использованной литературы:

1. Кочетурова Н. Метод проектов в обучении языку: теория и практика [Электронный ресурс] // <http://orus.slavica.org/node/235>
2. Полат, Е.С. Метод проектов на уроках иностранного языка/ [Электронный ресурс] // <http://distant.ioso.ru/library/publication/iaproj.htm>
3. Абышева Н.Ю. Эффективность применения метода проектов на уроках иностранного языка в общеобразовательной школе. [Электронный ресурс] // ftp://lib.herzen.spb.ru/text/abysheva_102_116_121.pdf
4. Зимняя, И.А. Проектная методика обучения английскому языку / И.А. Зимняя, Т.Е. Сахарова // ИЯШ. – 1991. – № 3 С. 9
5. Полат Е.С. Метод проектов на уроках иностранного языка / Е.С. Полат // Иностр. языки в школе. – 2000. – № 2. – С. 3-10.

ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ЗАМАНАУИ CLIL ӘДІСІНІҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУ

Исахова Салтанат Сейділлақызы

5B011900 - «Шет тілі:екі шетел тілі» мамандығының 4 курс студенті.

sandy...96@mail.ru

Ғылыми жетекші: Оскина Мақпал Сабитовна

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Шетел тілдері, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы

Арқалық, Қостанай облысы

Аңдатпа: Оқу үдерісіндегі заманауи CLIL әдісі. Кіріктіре оқыту арқылы тек оқушылардың академиялық білімдерін ғана дамытпай тілдік мақсаттарына жетуіне де көмектесу. Кіріктірілген оқытуда ағылшын тілінің маңыздылығын арттырып, тілге деген қызығушылығын арттыру.

Түйін сөздер: CLIL әдісі, кіріктірілген білім беру, Кіріктірілген сабақтар, Үштілді білім беру.

Көптілділік біздің қоғам үшін Елбасының «үш тұғырлы тіл» тұжырымдамасынан бастау алғаны мәлім. Тәуелсіз елімізде негізгі үш тілді дамытуға басымдық беріле отырып, мемлекетімізде өмір сүріп жатқан басқа халықтардың тілдері де назардан тыс қалған жоқ. Өйткені, мәдениет мен тілдердің сан алуандығы – бұл Қазақстанның ұлттық байлығы. Яғни, еліміздегі кез-келген этностың өкілі қай тілде білім алатынын ерікті түрде тандай алады. Қоғамымызда барлық этностардың мәдениеті мен тілін дамытудың бірегей формуласы жасалып отыр оны Қазақстан халықтарының Ассамблеясынан көруге болады. [1,26].

Білім беру жүйесінің түпкілікті модернизациялану үрдісінде шетел тілдері де алдыңғы қатарлы рөл атқарады. Үштілді білім беруге ұмтылу Еуропалық кеңес елдер тенденцияларына толыққанды сәйкес келеді. «Көптілділік» кез келген тұлғаның қалыптасуына және болашақта Қазақстан Республикасының жан – жақты дамуына әсер етуі үшін қажетті құралдардың бірі, сонымен қатар, «модернизациялану», «жаһандану» үрдістерін қабылдаудың бірден-бір құралы болып табылады. Көптілділікті жеке тұлға қылаптастырудың негізі ретінде қарастырып, зияткер тұлға қалыптастыруды заманауи халықаралық деңгейде білім беру кеңістігіне шығатын дара жолдың зерттеу нысаны есебінде санау қажет. Педагогикалық тәжірибенің мақсаты: ағылшын тілін жаратылыстану бағытындағы пәндермен кіріктіріп оқыту арқылы оқушылардың білім алуға қызығушылықтарын арттыру, олардың ағылшын тілінде сауатты түрде «Үштілділік» ұлттық жоба аясында білім алып, дамуға бейімдеу. [2, 37].

Еліміз өркениетті елдер қатарына қосыламыз деп қарыштап қадам басып жатқан тұста, білім жүйесіне де тың өзгерістер енуде. Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және жалпы адамзаттық мәдени құндылықтар негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасау» делінген. [2, 25]. Осы бағытта жұмыстану үшін білім сапасын арттыру ісіне ерекше мән беру қажеттілігі артады. Сапалы білім беру педагогтардың шеберлігі мен іскерлігіне

байланысты. Қазіргі таңда білім беру сапасын арттыруда көптеген бағдарламалар жасалуда. Солардың бірі Кіріккен оқыту бағдарламасы.

Кіріктірілу – бұл бір оқу мазмұнының әр түрлі саладағы жан-жақты білімдермен тоғысуы, бір-бірімен араласып кетуі. Кіріктірілген сабақтар оқушыға әлем туралы, заттар мен құбылыстардың өзара байланыстары туралы біртұтас мағлұмат береді, олар құрылысы бойынша белгілі қалыпқа сыймайды, сондай-ақ, оқу сағаттарын барынша үнемді пайдалануға мүмкіндік береді. Осы тектес сабақтарда оқушылардың бейнелі ой-өрісі дамып, пәннің жалпы мазмұнын өмірмен байланыстыру арқылы шығармашылық мүмкіндіктері ашылады. [3]. Кіріктірілген сабақтардың құрылымы нақтылығымен, сыйымдылығымен, орамдылығымен, сабақтың әр сатысындағы оқу материалының логикалық өзара келісімімен, материалдың зор ақпараттық мүмкіндігімен ерекшеленеді. [1,26].

Назарбаев Зияткерлік мектебі Кембридж университетімен бірге жаңа білім бағдарламасын жасап шығарды. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» дербес білім беру ұйымының басқарма төрағасы Күләш Шәмшидинова хабарлағанындай, әлемде және Қазақстанда бар ең озық бағдарламаларды енгізіп, оның апробациясын өткізетін Назарбаев Зияткерлік мектебі болады. Кейін бұл тәжірибе Елбасы Н.Назарбаевтың тапсырмасы бойынша, еліміздің өзге мектептеріне де таратылатын болады. «Біздің түпкі мақсатымыз жобаны шетелдің үздік университеттерінен білім беру бағдарламаларын көшіру болған жоқ. Біз отандық мамандардың әлеуетін қолданып, өзімізге сай бағдарламаны жасап шығаруға тырыстық», - деді мектеп басшысы. Иә, біз өзімізге сай бағдарламаны жасап шығардық. Бірақ бұл өз кезегінде оқушыларды емес ең әуелі мұғалімдерді оқыту қажет екендігін көрсетіп отыр. Әрине, бұл оңай шаруа емес. [4].

Р.Декарттың «Барлық ғылымдардың байланыстылығы сондай,олардың бәрін бірден оқыту – олардың біреуін басқасынан бөліп оқытудан оңай» деген пікірін еске алсақ, пәнаралық байланыс білімберудің кіріктірілген технологиясының құрамына енеді. Оның ұғымының ауқымы кең. [5, 47].

Философиялық – педагогикалық ұстаным жағынан бұл технология – жеке тұлғаның ойлау дәрежесі мен бүкіл адамзат қауымы санасының сан ғасырлық даму дәрежесін ретке келтіруші, үйлестіруші қозғаушы күш.

Кіріктіру ұстанымының басты қағидасы – ғылыми-жаратылыстану және қоғамдық гуманитарлық білімдерді жеке білім аймағында шартты түрде қарастыра отырып, оқушыларға әлемнің біртұтастығы жайлы ғылыми-синтездік білім беру болып табылады. [5, 48].

Оқу пәндерінің бірігуі төмендегі шарттарға байланысты:

- зерттеу нысандарына сәйкес келуі немесе өзара жақын болуы;
- кіріктірілген оқу пәндерінде зерттеу әдістерінің бірегейлігі немесе ұқсастығы;
- кіріктірілген оқу пәндерінің жалпы заңдылық, жалпы теориялық тұжырым негізінде құрылуы.

Кіріктірілген сабақтарды өтуде төмендегідей артықшылықтар мен кемшіліктер кездеседі.

Артықшылықтар:

– ұстаз үлкен ізденіс жұмыстарын жүргізеді (түрлі ақпарат көздерінен, интернеттен, т.с.с.);

– оқушылардың сабаққа, пәнге қызығуы;

– басқа пәндердің қажеттілігін оқушылардың түсінуі;

– сабақ барысында барлық мүмкіндікті пайдалану (компьютер, ОТҚ – ЫІ, т.б)

Кемшіліктер:

– сабақты тек белгілі бір шектеумен түсіндіруге мәжбүрсің;

– әр мұғалім өзінің сөзін айтады, бірақ байланыстың жоқтығынан оқушылар тек белгілі байланыстармен шектеліп қояды;

– нәтиже күтпейміз. Сабақ сол сыныпта ғана өткізіледі.

Қандай жұмыстар атқарылуы тиіс:

– кері байланысты орнату, үнемі байланыста болу;

– кластер түзу, орнату;

– мамандық пәндеріне күнтізбелік жоспарларын жасау, пән мұғалімдерімен бірге жұмыстар атқару. Өзімізге қажетті тақырыптарға кең көлемде тоқталу;

– нәтижелерді өңдеу, түзету, дамыту. [6].

Ағылшын тілі - әлемдік бизнес тілі, мемлекеттік тіл – ұлт тілі. Мемлекеттік тілде сөйлеу - әрбір Қазақстан азаматының борышы. Ағылшын тілі қазақ тілін үйренуге ешқандай кедергі жасамайды. Тек соны түсіне білу керек. Әлемдік ғаламдандырудың өткізгіші, ғаламдандыру тілі болып танылған ағылшын тілін білу - ағылшын тілді елдермен тиімді байланысқа түскен әлемдік деңгейде өз орнын ойып тұрып ала бастаған Қазақстан үшін қажеттілік. Ал ағылшын тілі пәндік-тілдік кіріктірілген оқытуда маңызды орын алады. [7].

Әбу Насыр әл-Фараби атамыз өз заманында жетпіс тілді жетік меңгерген дейді. Біз сол үшін өзіміздің ұлы тұлғаларымыздан үлгі алуымыз керек. Тарихқа үңілетін болсақ біз заманында қауырлы елдердің әлсіз елдерді басып алып өзінің саясатын жүргізіп сол елге білімі мен тілін үйреткенін байқадық, кейбір елдер өз тілін ұмытып жоғалтып алса, кейбіреуі көзінің қарашығындай сақтап қалды. Қолдағы бар алтынның қадірі жоқ демекші, біз өзімізге қазіргі уақытта маңызды құндылықтарымызды бағалай алуымыз және оны ары қарай дамытуымыз ертеңгі ел болашағына зор үлес қосу деп санаймын. Болашақ жастар көп тіл білгеннен ұтылмайды керісінше көп нәрсені талдау, саралау кезінде ұтымды көзқарас жасай алады. Қазақстанды шет елге танытуға да көп көмегін береді.

Сонымен, екінші және үшінші тілдеріндегі оқытылатын пәндер үшін пән-тілдік кіріктірілген оқыту әдістемесін қолдануға қолайлы. Ол тек оқушылардың тілдік мақсаттарына жетуді көздемей, онымен қоса академиялық білімдерін, яғни пәндік мақсаттарына жетуіне көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. И.М.Нурмолдина. Шетел тілін деңгейлеп оқытудың теориялық және әдіснамалық негіздері.// Шетел тілін оқыту әдістемесі – 2017.- №3(77)
2. Послание Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана "Стратегия «Казахстан - 2050»: новый политический курс состоявшегося государства» :материалы мероприятий, посвященных обсуждению Послания Главы государства../Отв. ред. Б. Султанов.-Алматы:КИСИ,2013.

3. <https://multiurok.ru/files/ok-u-urdisindieghi-kiriktirilghien-sabak-tyntiimdilighi.html>
4. Үлестірме материал, 3 апта
5. Ахметова М.С. Предметно-языковое интегрированное обучение Истории Казахстана// http://cyberleninka.ru/viewer_images/15684311/f/1.png
6. Нуракаева Л.Т.,Шегенова З.К. Методические рекомендации учителям по использованию метода предметно-интегрированного обучения (CLIL).-Астана. - 2013.-С.8-10
7. Шет тілін оқыту әдістемесі 1 (63) 2015

РЕФЛЕКСИЯЛЫҚ ОҚЫТУДЫҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ ӨЗЕКТІЛІГІ

Бнтымақ Кәусар

5B011900 – «Шетел тілі:екі шетел тілі» мамандығының 4 курс студенті
kausar_jan.zn@mail.ru

Ғылыми жетекші: Оскина Макпал Сабитовна

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Шетел тілдері, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы
Арқалық, Қостанай облысы

Аңдатпа: Оқыту үрдісіндегі рефлексия. Сабақ барысында рефлексияны пайдалана отырып, оқушының бойында тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру. Өзін-өзі дамытып, бағалау, саралауына бағыт-бағдар берудің маңыздылығы мен жолдары көрсетілген.

Түйін сөздер: Рефлексияның мәні, білім дағдысы, рефлексияның түрлері, өзіндік қорту.

Күннен күнге қарыштап дамып келе жатқан бұл ғасыр, бәсекеге қабілетті, жаңашыл, білімді жастар дәуірі.Осы орайда қазір дамыта оқыту идеясының оқыту үрдісіне енуіне, жаңашылдықтың артуына байланысты рефлексияның педагогикадағы алатын орнының мәні арта түсіп, адамды, білімді дамытудың шарттарының бірі болып отыр. Рефлексияның мәні – адамның өзінің білімін, білімінің негізін, оларды меңгерудің жолдарын анықтау.

Рефлексия сөзі латын тілінен кірген *reflexio* - кейінге айналым мағынасын білдіреді. Бұл терминге Джон Локи 17 ғасырда анықтама берген. «Рефлексия – адамның өз істерінің мәнін түсіну, олар туралы ойлану барысында өзіне өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі немесе өзі әрекет барысында басшылыққа алған ережелер мен кестелерді мойындауы не жоққа шығаруы», - деген. Өзінің оқу тәсілдерін, таным мен ойлау механизмдерін түсінбейінше оқушылардың қол жеткізген білім нәтижесін толық ұғынуы мүмкін емес [7].

Рефлексиялық танымдық дағдылар субъектілердің өзіндік басқару қабілеттерін дамытуға, өз әрекеттерінің (танымдық, білімдік, қарым-қатынастық) нәтижелі болуына, олардың өз жауапкершілігін арттыруға бағытталады. Оның мазмұны баланың өз іс-әрекеттерінің субъектісі ретіндегі өз көзқарасын қалыптастыру: өзіндік тұжырым жасай алу, өзін-өзі бағалау, өзіне сенім қалыптастыру арқылы өзіндік таным, өзіндік қажеттіліктерді айқындау,

өз мүмкіндіктерін пайдалану әрекеттерінде жүзеге асырылады. Көрнекті ғалымдар Ш.А. Амонашвили, В.И. Загвязинский т.б. педагогикалық рефлексияны жаңаша ойлау стиліне жатқызады. В.А. Кан-Калик, А.В. Мурдик, т.б. маманның педагогикалық әрекетке дайындығының құрамына даралық, шығармашылық, авторлық ізденістер мен қатар жетілген педагогикалық рефлексияны да жатқызады [3].

Оқушылардың білім, іскерлік, дағдыларын меңгеруін жетілдіру, ой-өрісін кеңейту, мәдени деңгейін көтеру, танымдық қабілеттерін дамыту, оқу процесін ізгілендіру, демократияландыру, ұлттық және аймақтық ерекшеліктерді ескеру, даралап және саралап оқыту сияқты қағидаларды жетекші орынға шығарды. Бұл оқушыларға өз әрекетінің барысын, нәтижесін тексеру әдіс- тәсілдерін меңгертуді талап етеді. Оқу әрекетінің құрамына оқушылардың өзін-өзі қадағалап, тексеріп, бағалап отыруы кіретіндіктен оқу әрекетіне деген рефлексивті қарым қатынасын қалыптастыру ең басты мәселелердің бірі болады [1, 2].

Рефлексивтік іс-әрекет оқушыға өзіндік талдау кезінде ғана байқалатын өзіндік жеке дара ерекшеліктерін тануына мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар, білімді саналы түрде өзіндік қорыту, яғни рефлексия нәтижесінде ғана жүзеге асады. Рефлексия нәтижесі дегеніміз – міндеттерді шешу тәсілдерін түсіну. Рефлексияның қай түрі болмасын мақсатпен тікелей байланысты.

Рефлексияның төмендегідей түрлері бар:

І. Мақсатына қарай:

- эмоциалық көңіл күйі
- әрекеттік
- оқумәліметмағынасы

1. Эмоциалық көңіл күйі

Көңілкүйдің рефлексиясы сабақтың басында немесе аяғында топпен эмоционалдық байланыс орнату үшін қолдану тиімді. Адамның көңіл – күйі бейнеленген карточкалар, көңіл – күйдің түстін бейнелері, эмоционалдық суреттер әсімдерін қолдануға болады. Сабақтың басында және аяғында.

2. Әрекеттік

Әрекеттік рефлексия оқу мәліметтерінің әдіс – тәсілдерін ұғыну ықтималдарын береді. Оны үй тапсырмасын сұраукезінде қолдану тиімді. Сабақтың аяқталған кезінде әрекеттік тәсілі арқылы барлық сабақтың барысында әр оқушының белсенділігін бағалау мүмкіншілігін береді.

3. Оқу мәліметінің мағынасы

Оқу мәліметінің мағынасының оқыту субъектінің өз іс-әрекетін саналы түрде ой елегінен өткізіп, оларды білуге, өзіндік дұрыс сезінуге көмектеседі. Іс-әрекет компоненттерін еске түсіру, санадан өткізу, оның мәнін, түрін, өзекті мәселелерін белгілеу, шешу жолдарын анықтау.

II. Мазмұнына қарай:

- Ауызша;
- Жазбаша

III. Тұлғалық:

- физикалық: үлгердім-үлгермедім;
- сенсорлы: қызық-қызықсыз;
- рухани: жақсы сезіндім—жаман сезіндім (тек жазбаша түрде)
- интеллектуалдық: түсіндім-түсінбедім

IV. Сабақтың түріне қарай:

- ББД қалыптасуынан кейін
- Аралық рефлексия
- Бақылау рефлексиясы
- Қорытынды рефлексия

V. Өту әдісіне қарай:

- Анкета
- Сұрақ
- Кесте
- Жағдаят
- Сурет
- Символ

VI. Іс-әрекетіне байланысты:

- Фронталды
- Жеке
- Топтық
- Ұжымдық

Үйрету кезеңдері:

I. Өз көңіл-күйін жетістіктерін талдау.

II. Сыныптастарының жұмысын талдау.

III. Топ мүшелерінің жұмысын талдау.

Тиімділігін атап көрсетер болсақ, оқушы үшін:

оқушыны өз-өзіне есеп беруге баулиды;

- қажеттілігін біле аламыз;
- оқушының өзіндік көзқарасы қалыптасады
- білім беру барысының сапасын жақсартуға болады
- Өз-өзіне баға бере алады
- Білім алуға деген қызығушылық жоғарылайды;

Мұғалім үшін:

- Ақпаратпен күнделікті жұмыс;
- Шығармашылыққа деген ынта-жігері;
- Әрбір оқушының пікіріне құлақ түру;
- Пәндік білім сапасының артуы;
- Өзіндік сынның қалыптасуы;
- Сыни ойлауға жетелеу; [6, 4].

Қазіргі білімдік мақсаттарға сай білім алушыны рефлексия жасауға дағдыландыру мұғалімнің басты міндеттерінің бірі болғандықтан, ол – сабақтың да негізгі компоненттерінің бірі болуы тиіс. Рефлексивтік іс-әрекет оқушыға өзіндік талдау кезінде ғана байқалатын өзіндік жеке дара

ерекшеліктерін тануына мүмкіндік туғызады. Білімді саналы түрде өзіндік қорыту, яғни оның нәтижесінде ғана жүзеге асады. Рефлексия нәтижесі дегеніміз – міндеттерді шешу тәсілдерін түсіну. Сонымен рефлексия – көп қырлы, кіріккен әрекет. Бұл әрекет психологиялық тұрғыда адамның психикалық қызметінің өзгеруіне ықпал етсе, педагогикада мұғалімнің кәсіби әрекетін жоғары шығармашылық деңгейде жүргізуіне негіз болады [5].

Мұғалім оны оқыту үрдісінде, қолданған әдіс-тәсілдерінің барысында және іс-әрекетінің нәтижесінде байқатуы мүмкін. Оқу барысында оқушы оны бойына сіңіреді. Егер оқушыда жақсы мінез-құлық болса, ол онда өзінің оқудағы жетістігін тұрақты ұстап тұра алады және өзін-өзі жетілдіреді. Яғни, оқушы өзімен жете жұмыс жүргізуінің жемісі, жеке тұлға болып қалыптасқан терең, нақты білім иесі деп айта аламыз.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. И.Н.Д.Хмель. «Жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық процесс.» Алматы, «Ғылым», 2002.
2. Б.З. Вульф, В.И.Харькин. Педагогика рефлексии. М., «Наука», 1997.
3. А.А. Деркач. М., Воронеж, 2004.
4. «Акмеологические основы развития профессионализма».
5. Ұстаздық шығармашылық – Б.А. Тұрғынбаева Алматы, 2007
6. К.С.Құдайбергенова, «Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары», Алматы, 2007
7. 6.Бастауыш мектеп журналдары, 2013 жыл.
8. <https://kk.wikipedia.org>

ҮШ ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІ – ТІЛ БІЛІМІНІҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

Хасимова Ұлжихан

5B011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 4курс студенті
ulzhikhan7@mail.ru

Ғылыми жетекші: Макпал Сабитовна Оскина

БІ.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Шетел тілдері және орыс тілі мен әдебиеті кафедрасы

Аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі

Арқалық, Қостанай облысы

Аңдатпа: Үш тілді білім беру қазіргі таңда маңызды тақырыптардың бірі болып отыр. Елбасы Жолдауларында көрсетілгендей үштілділікке көшу мемлекет үшін де, соның ішінде білім беру саласына да маңызды. Тіл білімінде үштілділікті қолдану теориялық және практикалық жағынан өзекті.

Түйін сөз: тіл білімі, үш тілділік, тілдердің маңыздылығы

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, білім алу, білім беру және оны дамыту бүгінгі күннің басты талаптарының бірі болып отыр. Ф. Бэкон айтқандай: «Білім дегеніміз - күш». Яғни, білім адамзат өмірінде көп күшті талап ететін күрделі процесс болып табылады. Заманға сай, жарқын болашақты қалайтын әрбір адам бойында білімнің болуы маңызды

болып табылады. Қазіргі таңда білім алу процесінде көптеген жаңа бағыттарды, жаңа үрдістерді байқап келеміз. Бұл дегеніміз білім алудың жаңаша жолдары болып отыр. Жаңа бағыттардың бірі ретінде үш тілді білім алу жүйесін атап өтуімізге болады [1].

Тілдің адам өмірінде шешуші маңызды рөл атқаратынын білеміз. Ол түсінудің, дамудың құралы. Ал, көп тілді білу ол дамушы тұлғаның белгісі. 2006 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан халқы ассамблеясының 12 сессиясында «Қазақстандықтардың жаңа ұрпағы ең болмағанда үш тілді болуы тиіс, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде еркін сөйлей алуы керек» деп, Европа елінің студенттері мен оқушыларының бірнеше тілді меңгеріп, сол тілдерде еркін қарым-қатынас жасай алатындығын атап өтті. Сондықтан үш тілді меңгеру – заман талабы. Жәнеде үш тілді білім беру тіл біліміндегі жаңа бағыттардың бірі ретінде көрсетіліп келеді.

Үштілділік біздің еліміз үшін 2006 жылығы Елбасының «Тілдердің үштұғырлылығы» тұжырымдамасынан басталған болатын. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Үш тілді меңгеру – біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады. Қазақстанды әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек», - деген болатын [3]. Ендеше, Қазақстанның білім беру жүйесінде үштілді оқыту мәселелерінің көтерулі заман талабынан туындап отырғанын байқай аламыз. Осы идея негізінде Елбасы мынадай анықтама беріп кеткен болатын: «Қазақ тілі мемлекеттік дәрежесінде мемлекет өмірінің бар саласында «бүкіл қоғамымызды біріктіруші» қызметін атқарса, орыс тілі ұлттар арасындағы қарым-қатынастарға қызмет етеді, ал ағылшын тілі әлемдік экономикаға, әлемдік қауымдастыққа кірігуімізге қызмет етеді». Байқап қарайтын болсақ үш тілді меңгеру мемлекеттіміздің дамуында маңызды болып келеді. Қазіргі таңда білім беру жүйесі осы идеяларды негізге ала отырып, әрбір білім алушы буындарға арналған мүмкіндіктер жасап отыр. Сол берілген барлық мүмкіндіктерді ұтымды қолдана алып, білім беруде жүзеге асыра алатын педагог кадрларды дайындау маңызды процесс болып отыр. Яғни, қазіргі уақытта мамандардың үштілді меңгеруі маңызды.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев 2014 жылғы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. 2020 жылға қарай Қазақстандағы 3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен 100 пайыз қамту жоспарлануда. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» деген болатын [2]. Елбасымыздың бұл жолдауында атап көрсетілгендей, яғни мектеп бітірген түлек мектеп табалдырығынан бастап үш тілді меңгерген тұлға ретінде

қалыптасып аяқтауы қажет. Бұл үшін білім беру процесінде 1 сыныптан бастап үш тілді меңгеру жобасы жүзеге асып отыр. Оқулықтар, білім беру жүйесінің барлығы осы бағытқа негізделіп дайындалып отыр. Бастауыш буындағы оқушыларды үш тілде білім берудің алғашқы, дайындық сатысы қолданылады. Ал орта буында білім алушылар үш тілдің негізгі сатысына тоқтала алады. Бұл негізгі сатыда тіл біліміне негізделген соның ішінде, жаңа үрдіс ретінде қарастырылып отырған үш тілдің басты процесі жүзеге асады. Осы буын арқылы үштілділікке қалыптасу жүзеге асады десекте болады.

Тіл біліміндегі үштілділік бағыты білім беру процесін ғана емес, сонымен қатар тіл білімінде дамытады. Себебі қазақ тілімен қоса орыс, ағылшын тілін меңгеру, үйрену тіл білімінің дамуына жан-жақты дамуға деген күш болып табылады. Үш тілді білім алумен бірге меңгеру ол біздің әлемге деген жолымыздың ашық екенін көрсетеді. Себебі, қазіргі таңда кеңістікке енуде білім алумен қатар тіл білу соның ішінде ағылшын тілін білу маңызды десек қателеспейміз. « Үштілділік - нақты тұлға, ұжым, халықтың белгілі бір қоғамда қарым-қатынас үдерісінде қажет болған жағдайда үш түрлі тілді алма-кезек қолдану құбылысы», - Б.Хасанұлы анықтама бергендей, бүгінде оны қолдануға жан-жақты күш салынуда. Сол күштің бірі тіл білімінде үштілділікті дамыту.

Осы орайда құрылған «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» басты мақсаты:

- Қазақ тілінің мәртебесін көтеру;
- мемлекеттік мекемелерде іс-қағаздарды қазақ тілінде жүргізу;
- ағылшын тілін меңгерту;
- орыс тілін жетік білу;
- әр ұлттың тілдерін дамыту, оларды сақтап қалуға мүмкіндік жасау;
- тілдер гармониясының бірлігіне жол ашу [4].

Осы мақсаттарды негізге ала отырып, үштілділік жүзеге асып қана қоймай, тіл білімінің бір бағыты негізінде қалыптасып келеді. Себебі, тілдердің бір бірімен тығыз қарым қатынаста дамуы үлкен бір процес болып табылады. Ол тілдердің бірге жүзеге асуы. Олардың тіл ретінде дамуына септігін тигізеді. Мысалы, қазақ тілімен қатар орыс тілін немесе ағылшын тілін тіл білімінде қолдану үлкен күшті қажет етеді. Әрбір тілдің өзіндік қыр сырын, оның грамматикалық жағында дұрыс меңгеру маңызды болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстандық осы мәселені зерттеушілердің көрсетуі бойынша еліміздегі үштілді білім берудің қазіргі жағдайының нәтижелері көрсеткендей, осы салада біршама жетістіктерге қарамастан, орта және жоғарғы мектеп оқушыларының үштілді білім деңгейі қазіргі заманғы қоғамдық тапсырысқа толық қанды сәйкес келмейді. Көптеген оқу орындарында үштілді білім беру мәдениет аралық және практикалық құзыреттілікті қалыптастыруын есепке алмай, тек лингвистикалық үрдіс ретінде қаралуда. Қазақстан мен шетелдерде тілді оқыту әдістемесінің айырмашылығы көп екенін ескеру керек. Тілді оқытудың кембридждік және оксфордтық әдістемелерін біріктіретіні ол, тілді үйрену курстарының негізінде ағылшын тілінің коммуникативті әдістемесі кейбір дәстүрлі әдістемелер мен оқыту элементтері бірігіп жатыр. Мұндай бірігудің

басты мақсаты студенттерді барынша тілдік үрдіске енгізу, ал бұл мақсатқа жету оқушыларды ана тіліне жүгінуін минимумға жеткізу арқылы жасалынады [5,66]. Кез келген шет тілі сол елдің мәдени ерекшеліктерімен тығыз байланысқан, сондықтан да, тіл меңгеруде сөзсіз елтанымдық аспект енгізілуі керек. Республикамыздың білім беру саласында жоғары тілдік және мәдениетаралық күзіретті, бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау үшін үштілді білім беру жүйесі кеңкөлемде енгізілуде. Бұл зерттеуденде көріп отырғанымыздай, үш тілділік жүйесі мамандардың дайындығына да маңызды болып отыр.

Қорытындылай келе, тіл білімінің жаңа үрдісі ретінде алынып отырған үштілде білім беру жүйесі тіл білімін дамытып қана қоймай ол тұлғаны полимәдениеттілікке қалыптастырады. Яғни, тілді меңгере отырып, ол тілдің мәдениетін, салт-дәстүрімен таныса отырып, тұлғалық қасиетті дамыта аламыз. Сол себепті заман талабы тудырып отырған үштілділік жобасын білім беру саласында оның ішінде тіл білімі негізінде дамытуымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://sc0028.zerenda.akmoedu.kz/news/view/3BB22F8AADDA91B6.html>
2. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы
3. Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Астана, 2007
4. Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері, А, 2008ж.
5. Языки триединства (казахский, русский и иностранный язык). ГОСО РК 6.08.085-2010 - Алматы, КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2010

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН АНЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН АУЫЗША ТЕСТІЛЕУ

Мұхамбетқали Меруерт

5B011900 – «Шетел тілі:екі шетел тілі» мамандығының 4 курс студенті
pkkriya@mail.ru

Ғылыми жетекші: Оскина Макпал Сабитовна

БІ.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Шетел тілдері, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы
Арқалық, Қостанай облысы

Аңдатпа: бұл мақалада шетел тілі пәнін оқытуда оқушының коммуникативтік құзіреттіліктерін дамыту туралы қарастырылады. Коммуникативті оқытуда білім беру – оқушының өзін ауызша (тыңдап түсіну, сөйлеу) және коммуникацияға (оқу және жазбаша) тарту, яғни, оқылып жатқан тілде бүкіл курс бойынша қарым-қатынасын қалыптастыру. Сын тұрғысынан ойлау – ол алдымен оқытудың оқушыға бағытталған орталықталынған түрі, ол оқушының дамуына, соның ішінде сыны көзқарасы бар жеке тұлғаның дамуы қарастырылған.

Түйін сөз: коммуникативтік құзіреттілік, оқушының негізгі құзыреттілігі, ауызша тестілеу

Қазіргі таңда білім беру саласында тұлғаның дамуына коммуникативтік құзыреттілікке баса назар аударылып отыр. Жоғары сынып оқушылардың өздерін қоршаған ортада басқа адамдармен, топпен қарым-қатынас орнатуға, жалпы нәтижеге қол жеткізуде өзіндік пікірін білдіруге мүмкіндік беретін коммуникативтік құзыреттілік негізінен ана тілі пәнін оқыту үрдісінде қалыптасады. «Коммуникативтік құзыреттілік» (латынның «competere» — қол жеткізу, сәйкес келу сөзінен шыққан) – оқушылар және қоғам үшін күнделікті оқуда, қатысымдық міндеттердің тіл арқылы шеше білу қабілеттілігі; қатысымдық мақсатты іске асыруда оқушының тіл және сөз құралдарын пайдалана алуы. Ғалым Ф.Ш.Оразбаева «коммуникация» термині туралы былай тұжырымдайды: «коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдік әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді [1,56].

Коммуникативті оқытуда білім беру – оқушының өзін ауызша (тыңдап түсіну, сөйлеу) және коммуникацияға (оқу және жазбаша) тарту, яғни, оқылып жатқан тілде бүкіл курс бойынша қарым-қатынасын қалыптастыру деген сөз. Бұл бағыт ағылшын тілін оқытуда қазіргі шыққан әдістемелік кешендерде, оқулықтарда, қосымша құралдарда кеңінен қолданылып жүр. Осы коммуникативтік әдіс шетел тілін оқытудағы оқу-тәрбие үрдісінің барлық мақсат-міндеттерін қамтиды. Шындығында, тілді әлеуметтік құбылыс деп қарау оқытудың коммуникативтік бағытын алға шығарады. Тіл арқылы сөйлесіп үйрену, яғни, дыбыстық ауыз екі сөйлесу мен графикалық код, яғни, сөйлесудің жазбаша формасын жүзеге асырады. Осы коммуникативтік оқытуда мынадай ережелерді ұстанған дұрыс деп есептейміз. Оны мына төмендегі кестеден көруге болады.

Міне, осы коммуникативтік бағытты іске асыру үшін сабақтарда сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының стратегияларын қолданамын. Сын тұрғысынан ойлау, өз алдына мәселе қойып, әркез соған өз бетімен шешім іздеу, баламалар ұсыну, өз көзқарасын қорғай білу болып табылады.

Сын тұрғысынан ойлау – ол алдымен оқытудың оқушыға бағытталған орталықталынған түрі, ол оқушының дамуына, соның ішінде сыны көзқарасы бар жеке тұлғаның дамуына, зерттеуші-оқушының дамуына, оның өзіндік “менің” жүзеге асыруға, оқушының шығармашылық мүмкіндігін ашуға, яғни, бір сөзбен айтқанда, коммуникативті қатынасқа үйрететін бағдарлама.

Өз сабағымда сын тұрғысынан ойлау стратегияларын пайдаланғанда, мен оқушылардың білімді өз бетімен тауып, зерттеп, бірлесе отырып жаңа идеялар мен тұжырымдарды әр түрлі жолдармен ұсынатындарын, жаңа білімді белсенді түрде талдап, жинақтап, оларды күнделікті өмірдегі жағдаяттармен байланыстыратындарын, бір-біріне деген сенімділіктері мен түсінушіліктерінің дамитынын байқадым.

Ал топтық жұмыстар арқылы оқушылар бойында жауапкершілік, сыйластық достық қасиеттерін қалыптастыруға мүмкіндіктің мол екенін білеміз. Өйткені, әр сабақтың соңында практикалық нәтижесі, яғни, қай оқушының материалды қалай меңгергені көрінеді.

Енді сабақтарда жиі қолданатын стратегияларға тоқталып өтейін. Мысалы, “ассоциация”. Бұл оқушыларды еркін және ашық ойлауға жаттықтырады. Жұмыстың бұл түрін мен, көбінесе, өткенді еске түсіруге, жаңа сабаққа кіріспе кезінде пайдаланамын. Бұл әдіс маған өте маңызды, себебі, ол оқушылардың белгілі бір тақырып бойынша лексикалық сөздік қорын, грамматикалық түсінігін, коммуникативті қызметін дамытады.

Оқушылардың біліміне, тәжірибесіне сүйене отырып, оқушылар үнемі лексикалық бірліктер мен модалдық бірліктер іздестіреді, сөздердің мағыналарын ашады. Барлық оқушылар ойлау үрдісімен белсенді айналысады. Оқушылар еркін және қызығушылықпен жұмыс істейді.

Сонымен қатар жаңа лексиканы енгізу барысында, мәтінмен жұмыс алдында, сөздік жұмысы барысында көпшілік жағдайда “Лонгман” баспасының электронды сөздігін пайдалана отырып, жаңа лексиканың дефинициясын яғни, мағынасын түсіндіру арқылы жүргізуге болады. Мысалы, “Отбасы” тақырыбы бойынша былайша құрылады:

to look like – to seem, to be especially by having a particular appearance

to take after- to behave like an old relative

Сөздік жұмысынан кейін мәтінмен жұмыс барысында Венн диаграммасын пайдалана отырып, мәтіндегі кейіпкерлердің немесе сюжеттердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын оқушылармен бірлесе отырып анықтаймыз. Әр топ Венн диаграммасын құрастырғаннан кейін галереяны шарлау стратегиясын өткіземін. Бұл кезде оқушылар өз сыныптастарының құрастырған диаграммаларымен танысып, өз ойларын бөлек қағазға жазып жапсырады.

Phrase

1. Finally, one succeeds in understanding his profession.
- 2.1 learn more from critics who honestly criticize my pictures than from those who are devout. And they influence me. They help me change things.

Commentary

- 1.1 think so when you understand your profession and you do what you have tried, you will succeed step by step.
- 2.1 think it is natural that we'll see our mistakes when somebody criticize you then we'll correct our mistakes.

Шетел тілінде дұрыс сөйлеу мәдениеті тек қана лексикамен, мәтінмен жұмыс арқылы жүзеге аспайды, сонымен қатар оқушыларды сергіту, қызығын арттыру мақсатында әнмен жұмыс түрлерін пайдаланамын. Әндер арқылы оқушылардың білімін өмірмен байланыстырып, үйреніп жатқан тілде сөйлейтін елдердің өнерімен, мәдениетімен танысады және өнер жұлдыздары туралы өз білімдерін молайтады. Әнмен жүргізілетін жұмыс түрлеріне мыналарды жатқызуға болады: әндік диктант, ән мазмұны бойынша әңгіме жазу, әнді оқи отырып таныс грамматикалық жүйелерге талдау жасау, т.б. Әнмен жұмыс үш кезеңнен тұрады.

1. Тыңдау алдындағы тапсырма.
2. Тыңдау кезіндегі тапсырма.
3. Тыңдағаннан кейінгі тапсырма.

Мысалы, «Битлз» тобының танымал «Yesterday» әні бойынша мынадай жұмыс түрлері жүргізілді. Алғашқы жұмыс түрі бойынша бірінші «Битлз» тобының мүшелерін атау, екінші берілген топтамадағы сөздерден сөйлемдер құрап, олардан өлең шумақтарын құрастыру. Келесі жұмыстың түрі бойынша әнді тыңдап отырып, ән шумақтарының кезегін белгілеу. Үшінші кезеңде сұрақтарға жауап беріледі, ауыспалы өткен шаққа байланысты тапсырмаларды орындалды және ән мазмұнына сай сөздермен диктантты толықтырып жазады.

Осылайша өткен материалдар арқылы оқушылардың тілдік қарым-қатынасын қалыптастыру үшін олардың тыңдауға, сөйлеуге, оқуға, жазуға деген ықыласын қамтамасыз ету керек. Тек осы жағдайда шетел тілін коммуникативті оқыту өз деңгейінде жүзеге аспақ.

Қорыта келгенде, шетел тілін үйретуде коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру - заман талабы. Сондықтан оқушыларымыз жаңа заман талабына сай білімді, жан-жақты, шетел тілінде өзіндік ой-толғамын жеткізе алатын, кез келген адаммен тілдік қарым-қатынасқа түсе алатын, коммуникабельді, мәдениетті, өмірге икемделген тұлға болуы қажет.

Ал жоғарыда аталып кеткен коммуникативті үлгідегі сабақтар оқушылардың оқу-танымдықынтасын, белсендендіру міндеттерін шығармашылықпен шешуге, өз көзқарастарын қалыптастыруға, ойлауға, тұжырым жасай алуға, білімдерін жүйелі түрде толықтыруға, тереңдетуге, ағылшын тілінде қатесіз еркін сөйлеу дағдыларын дамытуға жағдай туғызады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оразбаева, Ф. Ш. Тілдік қатынас: теория және әдіс-емесі Алматы : РБК, 2000.
2. «Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері» №3 – 4, 2006 ж.
3. Пассов Е.И. «Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению» М, 1991
4. 12 жылдық білім беру бойынша мемлекеттік стандарт жобасы
5. К.Құдайбергенова «Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі» (ғылыми – практикалық конференция материалдары) Алматы – 2008

ШЕТЕЛ ТІЛІ ФОНЕТИКАСЫНЫҢ РӨЛІ

Бекеш Сандугаш

*5B011900- "Шетел тілі:екі шетел тілі мамандығының 4-курс студенті
sandugash.bekesh@mail.ru*

Ғылыми жетекші: Штатбаева Гүлмира Серікбаевна

*Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Шетел тілдері, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы
Арқалық, Қостанай облысы*

Аңдатпа: Шетел тілін үйрену ең алдымен дыбыстық жүйені меңгеруден басталады. Егер дыбыстарды дұрыс айтуды үйренсек, ол ойды анық жеткізе алуға көмектеседі.

Түйін сөздер: шетел тілі фонетикасының алатын орны жайлы

Фонетика-лингвистика ғылымының тіл дыбыстарын зерттейтін бөлімі. Фонетика сөзі грек тілінен аударғанда «дыбыс» деген мағынаны береді. Фонетика ғылымының өркендеп дамуы атақты лингвист, профессор Бодуэн де Куртене және шәкірті әрі лингвист, «Фонема»сөзінің ұғымын алғаш болып ұсынған ғалым Л.В. Щербаның атымен тікелей байланысты. Л.В. Щерба «фонема» туралы өз сөзінде былай деді:Сөйлеу кезінде біз дыбыстардың көп түрін пайдаланамыз. Әр дыбыс және оның баламасы белгілі бір топтарға бірігеді, олар бізге сөздер мен олардың формаларын айтуға мүмкіндік береді. Осы дыбыстық типтер тілдің жеке дыбыстарын құрайды. Біз оларды фонемалар деп атаймыз». Дыбысты айтқан кезде әрбір дыбыс жеке және таза түрінде емес, жалпы сөйлеу барысында айтылады және дыбыстар бір- біріне әсер етіп, айтылуын өзгертеді.

Шет тілін үйрену ең алдымен дыбыстық жүйені меңгеруден басталады. Егер дыбыстарды дұрыс айтуды үйренсек, ол ойды анық жеткізе алуға, ұғына алуға көмектеседі. Басқа тілді меңгеру кезінде, оның дыбыстық жүйесін ана тіліміздің жүйесімен салыстырамыз. Мәселен, ана тілімізде ағылшын тіліндегі секілді дыбыстардың қысқа немесе ұзақ түрлері болмайды. Дыбыстар белгілі бір дыбыс мүшелерінің негізінде қалыптасады. Дыбысты жеткізіп айтудағы дыбыс мүшелерінің орны мен қозғалысы оның артикуляциясы (articulation), әуенінің өзгеруі мен құбылуы интонация (intonation) деп айтылады. Сөзді дыбыстық жүйенің белгілері арқылы жазу транскрипция (transcription) деп аталады. Транскрипциялық нұсқаулар, негізінде, тік жақшаға алынады. Кез келген тілде дыбыстау мүшелерінің айрықша құрылымы мен қозғалыстары болады және де әр тілдің тек өзіне қатысты тыныстық режимі мен кернеулері де болады. Жоғарыда айтылған ерекшеліктертілдің артикуляциялық базасы болып табылады (articulatory basis of the language). Дыбыстар өкпеден шыққан ауа ағынының дыбыстау мүшелерін алуан түрлі негізге салып, құбылуынан пайда болады. Дыбыс шығару әрекеті ауа ағынын жасау, дыбыс шымылдығында діріл мен жаңғырықтың болуы, ауа ағынының жолында тосқауылдың пайда болуы секілді іс-қимылдардан тұрады. Ауа ағынын жасау кезінде тыныс алу мүшелері:өкпе,қолқа,кеңірдек жұмыс жасайды және де тыныс алудың 2 түрі

бар. Олар: 1) биологиялық тыныстау; 2) фонациялық-дыбысты шығару үшін дыбыстау. Дауыс шымылдығынан ауа ағыны өткен кезде діріл пайда болады. Дауыс шымылдығының вибрациясы сөйлегенде дауыс болып шығады. Осыдан кейін дауыс шымылдығының вибрациясынан ашық, ұяң дауысты дыбыстар пайда болады.

Тыныс алған кезде шығатын ауа ағыны, ауыз, мұрын, жұтқыншақ қуысында жаңғырықты тербеліс туғызады. Тіл, ерін, тістер, альвеолалар ауа жолына кедергі болады. Ағылшын тілін зерттеуші американ, ағылшын, орыс лингвистері дауысты дыбыстардың жіктелуін істеуге ұмтылды. Әр классификация әр түрлі болды, олардың негізінде алуан түрлі ережелер алынды: ерін мен тілдің орны, ұзақтық пен қысқалық, жай және күрделі құрылым, т.б. Дауысты дыбыстардың құрылымы мен ұзақтығын ескеретін болсақ, олар былай бөлінеді:

- *қысқа монофтонгтар (short monophthongs)

- *ұзақ монофтонгтар (long monophthongs)

- *дифтонгоидтар (diphthongoids)

- *дифтонгтар (diphthongs)

Айтылған кезде сөйлеу мүшелерін бірқалыпты сақтап, өзгермейтін дыбыстарды монофтонгтар деп айтылады. Құрылымдас бөліктердің айтылуы ұқсас болатын дауысты дыбыстар дифтонгоидтар – бұлар монофтонг пен дифтонг арасындағы дыбыстар. Дифтонгтар-екі дыбыстан құралған дауысты дыбыстар. Оларды айтқанда дыбыс органдары бірінші дыбысты айтудан екінші дыбысты айтуға өзгеріп отырады, бшрақ бұлар бір фонема болып саналады. Ағылшын тілінде барлығы 20 дауысты дыбыс: 10 монофтонг, 2 дифтонгоид және 8 дифтонг бар.

Фонетикада дауысты дыбыстардың позициялық ұзақтығы деген ұғым бар (positional length of Vowels). Бір дауысты дыбыс сөздің ішіндегі орынға, екпінге, буын санына байланысты алуан түрлі ұзақтыққа ие болады. Соңғы ашық екпінді буында ұзақ дауыстылар мен дифтонгтар өте ұзақ айтылса, сонанттың алдындағы қысқарақ айтылады, ұяң дауыссыздар мен қатаң дауыссыздар алдында өте қысқа айтылады: {lei-lem-leid-leit}. Сонымен қатар, екпінсіз дауыстылар екпінділерге қарағанда қысқарақ айтылады: {bi'gin-limit} дыбысы дауысты дыбыстар арасында өзгеше орын алады. Британ фонетист ғалымдары осы дыбысты ең ұзақ айтылатын дыбыс деп санайды.

Ағылшын тілі дауыстыларына қатысты қазақ, орыс тілдерінде болмайтын құбылыс-дауыстылардың кедергіге ұшырау құбылысы (checked). Бұлар-жабық, екпінді, қатаң дауыссызға аяқталатын қысқа дауыстылар. Мәселен: {bit}, {tik}, {tɪp}. Бұл құбылыста дауыстының артикуляциясы әлсіремейді, күші азаймайды, бірден келесі қатаң дауыссызбен кесіледі.

Фонетика тіл дыбыстары және дыбыс заңдарымен ғана тоқталмайды. Фонетикада тіл дыбыстары, құрамы, ондағы дыбыстардың өзгеру заңдылықтары турасындағы жағдайлар маңызды орын алады. Тіл дыбыстары жайлы проблеманың фонетикада маңызды орын алуы фонетиканың өзге де маңызды объектілерінің болуын теріске шығармайды. Дыбыстарды зерттеу мен дыбыстық тілдің басқа да проблемаларын, мәселен, интонация, екпін және буын мәселелерін

іздігіру өзара бір-бірімен тығыз байланыста. Сондай-ақ, фонетиканың зерттейтін мәселелері – тілдің барлық жағдайында және қызметтерінде байқалатын дыбыстық құрамдары мен әдістері және дыбысталу түрі мен жазба түрінің арасындағы байланыстар. Дыбыстың жалпы алғанда теориясын физиканың акустика саласы зерттейді. Акустикалық тұрғыдан қарастырғанда, дыбыс қандай да болсын бір дененің белгілі бір жағдайда айналып қозғалуының барысында пайда болады да, құлаққа естіледі.

Ағылшын тілінің дауыссыз дыбыстары (**the consonants of English**). Айтылған кездегі ауыз қуысындағы ауа кедергіге ұшырап, бұзылу арқылы айтылса, мұндай дыбыстар дауыссыздар деп аталынады. Бұлардың басты айырмашылығы-дыбыстың сөйлеу аппаратының алуан түрлі бөліктерінде кездепкенде шығаратын шудың болуы. Дауыс шымылдығының атқаратын жұмысына байланысты барлық дауыссыздар ұяң және қатаң болып екіге бөлінеді. Қатаң дауыссыздарды дауыстап айтқан кезде ауа ағыны күшті болады, сол себепті оларды сипаттағанда “fortis”- “күшті”деген латын термині қолданылады. Мысалы, {t}-{d}, {m}, {n}, {l}, {w},{r},{j},{h} дауыссыздарының жұбы жоқ. Ұяң дауыссыздарды айтқан кезде ауа ағыны әлсіздеу болады, сол себепті оны “lenis”-“әлсіз, жұмсақ ”деген сөзбен айқындайды. Белсенді сөйлеу органдарының орнына байланысты дауыссыздар еріндік (labial), тілдік (lingual), және фарингальды (glottal) деп бөлінеді. Еріндік дауыссыздар еріндік-еріндік (bilabial),еріндік-тістік (labio-dental) болып бөлінеді. Тілдік дауыссыздар алдыңғы қатардың (fore lingual), ортаңғы (mediolingual), соңғы қатардың (backlingual) дыбыстары бойынша бөлінеді. Алдыңғы қатарлы дауыссыздарды айтқанда кедергі тілдің ұшы мен алдыңғы бөлігі арқылы жасалынады. Кедергінің жасалу орнына қарай дауыссыздар: тісаралық (interdental), альвеолярлық (alveolar), альвеола артылық (post-alveolar), палатальды-альвеолярлық (palato-alveolar).

Академик әрі лингвист ғалым Л.В. Щерба тіл орнын латын сөздерімен белгілеуді ұсынды. Тілдің негізгі үш орны мыналар:

а) Апикальды орналасу (“apex” - “шың”) деген мағынада айтылады, тілдің ұшы жоғарыға қарап бағытталады.

б) Какуминальды орналасу (“camen” - “ойық”),тілдің ұшы альвеола артында,тілдің ортасы түсіңкі.

с) Дорсальды орналасу (“dorsum” - “арқа”), тілдің ұшы тіске тақалады, тілдің ортасы қатты тандайға қарай жоғарылайды.

Бір фонеманы айту 3 кезеңнен тұрады:экскурсия немесе кіріспе (excursion or on-glide), мұнда сөйлеу мүшелері алғашқы артикуляциялық күйге енеді; ұстау (retention), бұл жерде сөйлеу органдары артикуляциялық позаны ұстап тұрады, рекурсия немесе қайту (recursion or off-glide), мұнда сөйлеу органдары баяғы қалпына келеді. Сөйлеу кезінде бірінен соң бірі келіп бір фонеманың рекурсиясы соңғы фонеманың экскурсиясына айналып кетеді. Фонемаларды тез айтқанда олардың артикуляциясы да, дыбыстардың сапасы да тез өзгереді. Мұндай кезде олардың ассимиляциясы, адаптациясы, элизиясы орын алады.

Ассимиляция (assimilation)- сөйлеу кезінде бір дауыссыз дыбыстың келесі дауыссыз дыбыстың артикуляциясына өзгеріс жасауы. Ассимиляция жартылай

болуы да мүмкін, сол кезде фонеманың әр түрлі нұсқалары пайда болады. Толық ассимиляция құбылысында артикуляция толығымен өзгереді. Ассимиляцияның бірнеше түрі болады:

- 1) Бағыты бойынша (affecting the direction)
- 2) Кедергінің пайда болу орнына (affecting the place of articulation)
- 3) Еріннің жұмысына қарай (affecting the position of lips)
- 4) Дауыс шымылдығының жұмысына (affecting the work of the vocal cords)
- 5) Шудың пайда болу түріне қатысты (affecting the manner of voice production)

Дауыссыз дыбыстың дауысты дыбысқа керісінше әсер етуі адаптация (adaptation) деп айтылады. Асығыс айтқанда дыбыстың артикуляциясының толық орындалмауы элизия (elision) деп аталады.

Адаптация құбылысы «дауыссыз - дауысты» «дауысты- дауыссыз» тіркесіне тән. Бұл тіркестердегі дыбыстар бірге айтылады. Ағылшын тілінде палатализация (palatalization) құбылысы жоқ. Палатализация- тілдің алдыңғы бөлігін қатты таңдайға көтергенде дауыссыздардың ұяндану өзгерісі. Сол себепті дауыссыздарды палатализациясыз айтуға назар аудару қажет. Элизия құбылысы да тілде көп кездесетін құбылыстардың бірі. Элизия ауызекі тілмен сөйлегенде анық білінеді, яғни бір дыбыстың артикуляциясының орындалмауы орын алады. Мысалы: last year {la:st je} {last ji} деп аталады. Көбінде келесі дауыссыз дыбыстар элизияға ұшырайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Е.Е. Кузнецова, «Основы фонетики английского языка» 20006, 13 стр.
2. Н. Ешмұханова, Ә. Мұхсинова «Практикалық фонетика» Астана 20086 34-35 б.б
3. Б.Д. Қисықова «Ағылшын тілі фонетикасының курсы» Алматы 2007, 7-8 б.б

НЕМІС ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНІҢ ГРАММАТИКАСЫН САЛЫСТЫРУ

Жансұлу Мирамтайқызы Үсенбай

5B011900 – «Шетел тілі:екі шетел тілі» мамандығының 4 курс студенті

zhansulu.usenbay@mail.ru

Ғылыми жетекші: Анар Серікбаевна Шонгалова

БІ.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Шетел тілдері,орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы

Арқалық, Қостанай облысы

Аңдатпа: Шетел тілін үйренуде неміс-қазақ тілдерінің грамматикалық жүйесінде ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар. Яғни, шет тілін үйренуші тілдің барлық компоненттерін, атап айтқанда, грамматикасын білу міндетті. Шет тілін сауатты меңгергісі келетіндерге ең маңызды білім-грамматиканы саналы түрде игеру болып табылады.

Түйін сөздер:грамматика, грамматикалық минимум, интерференция.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте»-деген даналық сөзді ала отырып, қазіргі таңда шетел тілдерін білу маңызды болып табылады. Тіл білу-байлық. Қазіргі өркениетті дамыған заманда көптілді игеру негізгі басшылыққа алынып отыр. «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі сонымен бірдейлік дағдысына кіреді» деген ұлы ақын Абай атамыз. Қазақстан Республикасының білім туралы Заңы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында жастарды азаматтық пен елжандылыққа баулу, және де мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгеру міндеттері жөнінде нақты айтылған. Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Қазақстанда білім саласында қазақ, орыс, ағылшын тілдері оқу тілі ретінде де қолданылады. Неміс, француз, қытай, корей, парсы, араб, т.б. тілдері негізінен пән ретінде қолданылады. Қазақ мектебінің балалары білімді ана тілі – мемлекеттік тілде алса, сонымен қатар орыс, ағылшын, неміс тілдерін де сол деңгейде меңгеруде. Қазіргі таңда шет тілдерін меңгеру өзекті мәселе.

Кез келген шет тілін жаңадан үйрене бастаған әрбір адам ең алдымен сол тілдің тек өзіне ғана тән фонетикалық жүйесімен, яғни оның дыбыстарының жасалу, айтылу ерекшеліктерімен, айтылу мақсатына қарай ерекше ырғақты талап ететін сөйлем түрлерінің интонациясымен танысып қана қоймай, сондай-ақ оларды игеруге міндетті. Осыдан кейін ғана тіл үйренуші тілдің жаны мен тәнін түзеп тұрған оның сөздік құрамымен, сол сөздік қорды рет- ретімен қиюластырып, тілге айналдырып қалап тұрған грамматикалық түрлі ұғымдар мен құрылымдарға ден қоюына болады. Демек шет тілін үйренуші тілдің барлық компоненттерін, атап айтқанда оның фонетикасын, лексикасын және оның грамматикасын білуге тиісті.

Оқушыларға неміс тілінен ұзақ жылдар бойы білім беру барысында байқалған тұжырым – тілге қатысты аталған компоненттердің барлығы бір – бірін толықтырып тұрғанымен, шет тілін сауатты меңгергісі келгендер үшін

осылардың ішіндегі ең маңызды білім - грамматиканы саналы түрде игеру білімі деуге болады. Тіпті тілді оқу барысында грамматикалық материалдың ең қарапайым сатысын игерген тіл үйренушілердің өзі өз дәрежесінде сапалы білім көрсете алады. Сондықтан да екінші тіл еншілеген аз ғана сағатты қысқа мерзімде сабақ бере жүріп, оқыту пәнінің бағдарламасын қалыптасқан жағдайға сай оңтайлауға тура келетінін айта кеткен жөн. Пән мұғалімдері оқушыларға неміс тілін екінші тіл ретінде үйреткенде, тілдің фонетикасындағы дыбыстар жүйесін, олардың айтылу ерекшеліктерін бұзбай айтуды, сөздердің, түрлі сөйлемдердің өзіне сай интонациясын ескеруді қадағалауға көп уақыт бөле алмайды. Осы тұрғыдан қарағанда сабақтың кезінде оқытушы грамматика пәніне көбірек көңіл бөлуге тырысуы әбден құптарлық деуге тұрады. Себебі грамматиканы жақсы білу дегеніміз үйреніп жүрген тілдің құрылымын, сөйлем түзуші кез келген сөйлем мүшесінің екінші бір сөйлем мүшесімен байланысу заңдылықтарын меңгеру, яғни тілді жақсы білу деген сөз. Олай болса, неміс тілін оқып жатқан оқушыларға тілді үйрету үшін ең алдымен неміс тілінің грамматикалық минимумын дайындап алу қажет.

Неміс тілі мен қазақ тілі генетикалық жағынан да, типологиялық жағынан да бөлек топтарға жататын тілдер екені бізге белгілі. Генетикалық тұрғыдан неміс тілі үнді-еуропа тілдері тобына жатса, ал қазақ тілі түркі тілдері тобына жатады. Типологиялық жағынан алып қарасақ неміс тілі аналитикалық-флективті тілдерге, қазақ тілі жалғамалы (агглютинативтік) тілдерге жатады. Неміс тілі мен қазақ тілінің арасында ешқандай туыстық қатынас жоқ екенін көруге болады. Сонымен қатар екі тілдің де грамматикалық тиімді әсерін қарастыруға болады. Сондықтан бұл екі тіл арасында ұқсастықтан гөрі ерекшеліктер де көп. Демек, неміс тілі мен қазақ тілінің даму тарихында ешқандай байланыс болмағандықтан, екі тілдің арасында ұқсастықтардан гөрі өзгешеліктер бар. Яғни, бұл екі тіл арасында типологиялық тұрғыдан жақындық жоқ. Алайда екі тіл арасында мүлде ұқсастық та жоқ емес. Грамматика саласында ең басты ұқсастық – екі тілде де сөз таптары толық мағыналы сөздер (зат есім, етістік, сан есім, сын есім, үстеу, есімдік) мен шылау сөздерден тұрады. Сонымен қатар синтаксистік саласында да ұқсастықтар да бар, сөйлемдегі сөздер бір-бірімен меңгеру, жанасу, қиысу сияқты тәсілдер арқылы тіркеседі. Неміс тілінің грамматикасын меңгеруде оқушылардың ана тілінің тиімді және тиімсіз ықпалын анықтау үшін екі тілдің грамматикалық жүйелерін салыстыра отырып, олардың арасындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді анықтау керек. Жекелеген сөз таптарын салыстыру арқылы да екі тілде белгілі ұқсастықтар мен өзгешеліктер барын анықтауға болады. Грамматикасына келетін болсақ, морфология саласында неміс тілінде де, қазақ тілінде де зат есім септеледі, көптеледі. Ал қазақ тілінде болса, барлық зат есімдер біркелкі септелсе, неміс тілінде үш түрлі септеледі: әлді септеу, әлсіз септеу және женский род зат есімдерінің септелуі. Яғни, бұлар оқушыларға қиын түседі. Сондықтан да олар қазақ тіліндегі сияқты неміс тілінде де зат есімдерді біркелкі септеуге тырысады. Оның үстіне неміс тілінде небәрі төрт-ақ септік бар, ал қазақ тілінде – жеті септік бар. Ал қазақ тіліндегі кейбір септіктердің мағынасы неміс тілінде зат есімнің предлогтармен тіркесуі арқылы беріледі. Қазақ тілінде зат есімнің көптелуі де бірыңғай, барлық зат есімдер лар, лер, дар, -дер, -тар, -тер

жалғаулары арқылы көптеледі. Ал неміс тілінде зат есімнің көпше түрін жасаудың төрт амалы бар. Осы аталған ерешеліктерден басқа неміс тілінде род категориясы бар, ал қазақ тілінде ондай жоқ. Сондықтан да оқушыларға неміс тіліндегі зат есімдердің родын есте сақтау қиынға түседі. Неміс тілінде зат есімнің родын, жекеше, көпше түрін, оның септігін білдіріп тұратын екі түрлі артикль бар: белгілілік және белгісіздік артиклі. Қазақ тілінде артикль деген ұғым мүлде жоқ. Белгілілік және белгісіздік категориялары грамматикалық тәсілмен емес, лексикалық тәсілмен беріледі. Бұл неміс тіліндегі артикльді меңгеру оқушыларға қиындық келтіреді.

Сонымен қатар сын есімнің де ұқсастықтары мен ерекшеліктерін көруге болады. Неміс тілінде де, қазақ тілінде де үш шырайы бар, олар жұрнақ, жалғау арқылы жасалады. Сондай-ақ күрделі есім баяндауыштың қызметін атқарып тұрғанда, неміс тілінде сын есім септелмейді. Бұл екі тілдің ұқсастығы осында. Ерекшеліктері мынада: қазақ тілінде сын есім шырайланғанда, жай шырайға жұрнақтар жалғау арқылы салыстырмалы және күшейтпелі шырай жасалады. Екі тілдегі сын есімдердің тағы бір ерекшелігі – неміс тілінде анықтауыш қызметін атқарып тұрған сын есім септеледі, қазақ тілінде сын есім септелмейді (тек зат есім қызметін атқарғанда ғана сын есім септеледі: «Жақсының жақсылығын айт»). Неміс тілінде сын есімнің үш түрлі септеуі бар: әлді септеу (артикльсіз қолданылғанда), әлсіз септеу (белгілілік артиклімен, сілтеу есімдігімен қолданылғанда) және аралас септеу (белгісіздік артиклімен, *kein* болымсыздық есімдігімен және тәуелдеу есімдіктерімен қолданылғанда). Сын есімді әр түрлі септеу тәсілімен септеу, оларды бір-бірімен шатастырмай, дұрыс септеу оқушыларға мүлде қиынға соғады.

Сонымен қатар екі тілде де етістіктің жақ, шақ, сан категориялары бар, яғни екі тілде де етістік жіктеледі, жекеше, көпше түрлері бар және іс-әрекеттің шағын білдіреді. Бұл ұқсастықтар нәтижесінде оқушылар неміс тіліндегі осы категорияларды оңай меңгеріп алады. Алайда етістіктің де неміс тілі мен қазақ тілінің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін көптеп кездестіруге болады. Етістіктердің жіктелуіндегі ерекшелік мынада: қазақ тілінде үшінші жақтың жекеше және көпше түрлеріндегі жіктік жалғауы бірдей: ол оқиды, олар оқиды.

Екі тілде де етістік үш шақты білдіреді: осы шақ, өткен шақ және келер шақ. Бірақ осы үш шақты білдіру үшін екі тілде де әртүрлі шақ формалары қолданылады. Бұл жерде ерекшеліктер бар. Осы шақты білдіру үшін қазақ тілінде екі шақ формасы қолданылады: нақ осы шақ және ауыспалы осы шақ. Неміс тілінде осы шақты білдіретін бір ғана шақ формасы бар – *Präsens*. Бұл екеуінің мағынасы да мына жағдайда бірдей: істің, құбылыстың дағдылы түрде болып тұратындығын, не ілгеріде болатындығын көрсеткенде қазақ тілінде ауыспалы осы шақ, неміс тілінде *Präsens* қолданылады. Оқушыларға белгілі мөлшерде қиын тиетін құбылыс – етіс категориясы. Қазақ тілінде грамматикалық тәсілмен берілетін өзгелік етіс неміс тілінде лексикалық тәсілмен беріледі. Мұнда *fallen* (құлау) – *fällen* (құлату), *trinken* (ішу) – *tränken* (ішкізу, суғару) сияқты сөздер өте сирек кездеседі. Сол сияқты ортақ етіс категориясы да қазақ тілінде грамматикалық тәсілмен берілсе, неміс тілінде лексикалық тәсілмен ғана беріледі. Бұл да қазақ оқушылары үшін қиын екендігі белгілі.

Сонымен грамматика пәнінің тіл үйретудегі ең басты мақсаты– оқушылардың айтар ойын, ауызша да, жазбаша да қатесіз білдіруге үйрету, сондай біліктілікке ие болу үшін оларға бірінші кезекте грамматикалық дағдыларды игеру маңызды екеніне көздерін жеткізу болып табылады. Екінші шет тілі ретінде оқытылатын неміс тілінің грамматикалық минимумы осы пәнге арналған оқу бағдарламасында көрсетілген морфология мен синтаксиске қатысты тақырыптарды қамтиды. Неміс тілінің грамматикасына бет бұрғанда, оқушының санасына мықтап еніп үлгірген ана тілінің, орыс тілінің, әсіресе бірінші шет тілінің тигізетін тиімді немесе кері ықпалын ешуақытта естен шығаруға болмайды. Жоғарыда сөз еткендей, бірінші кезекте меңгерілген тілдің үйренетін тілге қатысты тиімді немесе кері әсерінің нәтижесіне куә боламыз. Бұл жерде айтпасқа болмайтын бір нәрсені ескерте кеткен жөн. Кез келген грамматикалық материал белгілі бір тақырыптың сөздері мен сөз тіркестеріне сүйеніп үйретіледі.

Осылайша салыстыру методикасына сүйеніп, екі тілдің бір-біріне тигізетін тиімді немесе кері (интерференция) әсерлерін ұтымды пайдалануға болады. Екі тілдегі бұдан басқа да толып жатқан ұқсастықтармен қатар тілдердегі көптеген өзгешеліктерді оқушыларға талдау арқылы жеткізген білім олардың жадында жақсы сақталатынына көз жеткізуіміз керек. Оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында неміс тілі сабақтарында әр түрлі қосымша материалдарды қолдануға болады.

Сонымен қорытындылай келетін болсақ, неміс және қазақ тілдері-туыстық және типологиялық жағынан бөлек топтарға жатса да, екі тілдің грамматикалық жағынан ұқсастықтар бар екенін білдік. Және де бұл неміс тілін үйренуде тиімді екенін көруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Рысбаева Г.К. «Шетел тілін білу-жас ұрпақтың бәсекеге қабілеттігінің кепілі», «Мектептегі шет тілі» журналы 2012, №3, 3-6 б.
2. Кунанбаева С.С. Современное иноязычное образование: методологии и теории А., 2005-262с.
3. ҚР 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы-2002ж.
4. Мектептегі шет тілі №1 2008, №5 2010, №4 2012
5. С.Әбдіғалиев «Неміс тілін оқытудың негіздері»
6. Ә.Хасенов «Тіл біліміне кіріспе», Алматы «Рауан», 1990
7. А.Салқынбай «Қазіргі қазақ тілі», Алматы, 2008

БОКСШЫЛАРДЫҢ ДЕНЕ ҚАСИЕТТЕРІН ДАМУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

Мейрам Айғаным Мейрамқызы

5B010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 4 курс студенті

Ғылыми жетекші: Дастан Темиржанович Култанов

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Дене шынықтыру және спорт кафедрасының аға оқытушысы,

аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі

Арқалық, Қостанай облысы

Аңдатпа: Бокстағы міндеттері – жаттығуды орындауды үйрену, жетілдіру, күшті, жылдамдықты дамыту т.с.с. Кейбір ұқсастықтары болса да бокстағы жаттығуларды еңбек, тұрмыс-қозғалыстарынан бөліп қарау керек. Еңбек ету кезіндегі қимыл-қозғалыстар материалдың бағалы заттар шығаруға бағытталған, өнеркәсіп заңдылықтарына бағынады.

Түйін сөз: Бокс жаттығулары – көп рет қайталанатын күрделі құбылыс.

Қазір пайдаланып жүрген бокстағы жаттығулар өте көп. Олардың мазмұны да әр түрлі. Бокс жаттығуы негізіне қимыл-қозғалыстармен бірге, адам ағзасында жаттығу жасалып жатқан кезде жүретін өзгерістер, жаттығудың адамға қандай әсер еткенін көрсететін үрдістер де кіреді.

Бокстағы дене дайындығы –бұл боксшылардың жекпе-жегіне қажетті дене қасиеттері мен қабілеттерін тәрбиелеу үрдісі. Бокс теориясында шартты түрде төрт негізгі дене қасиеттерін бөліп көрсетуге болады: шапшаңдық, күштілік, төзімділік пен ептілік.

Шеберлігі жоғары боксшыларды дайындау ұзақ уақытқа созылатын педагогикалық жұмыс екендігін ескере келіп, болашақ сапалы спортшы мамандарды дайындау қазіргі кездегі Республикадағы барлық спорт үйірмелерінің алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі болып саналады.

Бокспен айналысатын спортшылардың жаттықтыру процесінде дене қасиеттерін кешенді дамытуға бағытталған әдістеме жасалып, боксшылардың дене дайындығын дамытатын арнайы жаттығулар кешені топтастырылып, іріктелуі.

- Құрылған әдістеменің жаттықтыру процесінде кез-келген уақытта қолдану мүмкіндігінің тиімділігі.

- Бокспен айналысатын спортшылардың жаттықтыру процесінде дене қасиеттерін кешенді дамытуға бағытталған әдістеменің дене дайындығы көрсеткіштерінің жоғарлауына септігін тигізуі.

Біліктілігі жоғары боксшы спортшылардың дайындығының маңызды мәселелерінің бірі қозғалыс қабілеттерін кешенді дамыту болып табылады. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, төзімділік адам ағзасының жалпы қасиеті болып табылады, ол әртүрлі қозғалыс іс-әрекетінен, соның ішінде спорттан көрініс табады.

Төзімділікті сипаттағанда жұмысты орындау ұзақтығына қатысты қасиеттерді сипаттауға тырысады. Төзімділіктің жалпы ұғымы – адам ағзасының шаршауға және сыртқы ортаның жағымсыз факторларына қарсыласуын, жұмысқа қабілеттілігін ұзарту болып түсіндіріледі.

Басқа жағдайларда төзімділік дегеніміз ағзаның дене жүктемесін өзінің тиімділігін жоғалтпай, ұзақ уақыт бойы орындауға қабілеттілігі, басқаша айтқанда, төзімділік шаршау үрдісіне қарсы қойылады.

Дегенмен осы кезге дейін мамандардың арасында спорттық іс-әрекет саласындағы төзімділікке қатысты бірыңғай пікірлері жоқтың қасы. Бірақ келтірілген анықтамаларды жоққа шығаруға болмайды. Осы тұрғыдан айта кететін жайт, кез-келген төзімділікті талдаған еңбекте бұған қатысты өзіндік анықтамалар бар. Көптеген мәліметтер бойынша төзімділік жалпы және арнайы деп бөлінеді.

Кей авторлар жалпы және арнайы төзімділікпен қатар арнайы төзімділіктің түрлері ретінде жылдамдықты, жылдамдық-күштік, күштік, жергілікті, аймақтық, жағандық, жан-жақты, ұзаққа созылатын, қысқа мерзімді және статикалық қарсыласу төзімділіктері деп бөледі екен.

Кей еңбектерде төзімділікті арнайы және жалпы деп бөлудің дұрыс еместігі туралы айтылады. Төзімділіктің көрінісі нақты, өйткені іс-әрекеттің нақты шарттарымен анықталады. Төзімділіктің барлық құрамды бөліктеріне ортақ нәрсе ерік күші болып табылады. Соның арқасында белгілі бір мерзімге дейінгі қарқындылық сақталады.

Сонымен қатар төзімділіктің түрлері бір-бірімен байланыспайды, әсіресе статикалық күш салуды қажет ететін кездегі жергілікті және жағандық төзімділік пен әртүрлі бұлшық ет топтарындағы төзімділік арасында байланыс жоқ. П.Кунат ерекше қасиет ретінде психикалық төзімділікті бөліп қарастырады [1, 224].

Жалпы алғанда, егер жалпы төзімділік тұрғысынан көптеген зерттеушілердің пікірлері тоғысып жатса, арнайы төзімділік (жылдамдықты, күштік, статикалық) жағынан ерекшеленеді. Аталған қасиеттердің әртүрлі түсіндірілуі төзімділікті, соның ішінде арнайы төзімділікті жетілдіру әдістемесінің әлі күнге дейін жеткілікті түрде дамымағанын көрсетеді.

Сонымен қатар айта кететін жайт, жалпы төзімділікті дамытудың генетикалық алғышарттары бар. Арнайы төзімділік жөнінде оның даму деңгейі жаттықтыруға байланысты, әсіресе қарқынды даму барысында. Арнайы төзімділік дегенді түсіндіру шектеулі уақыт ішінде спортшының арнайы жұмысының сапалық жағын ескеруді қажет етеді.

М.Я.Набатникова [2, 18] арнайы төзімділікті былай түсіндіреді: «Арнайы төзімділік –оның мамандығының талаптарына сай белгілі бір уақыт ішінде ерекше жүктемені тиімді орындау қабілеттілігі». Бұл анықтамадан түйгеніміз, барлық жағдайларда да арнайы жұмысты өнімді орындауды өлшеу қағидаты тұрақты сақталады [2, 19,20].

Л.П.Матвеев [3, 56] айтқандай, «спортшының арнайы төзімділігі» дегеніміз оның ерекше жүктемелер, әсіресе ағзаның барлық күшін таңдалған спорт түріне жұмылдыру жағдайындағы шаршап-шалдығуға қарсы тұруы. Бұл қабілетін спортшы ерекше дене жаттығуларын орындау (арнайы жаттығушылық төзімділік») барысында, таңдалған спорт түрі бойынша сайыстарда («арнайы сайысушылық төзімділік») көрсете алады.

Алайда төзімділік жұмысқа қабілеттілік дегеннен ерекшеленеді. Әртүрлі түсіндірулерге қарамастан авторлардың бәрінің пікірлері мынаған саяды: жұмысқа қабілеттілік адамның орындай алатын жұмысының ең үлкен көлемі, яғни өзінің мүмкіндігіне қарай ең үлкен жұмыс көлемін орындау қабілеттілігі. Алайда төзімділік пен жұмысқа қабілеттілік тең ұғымдар емес, біріншісі екіншісінің құрамына кіреді.

Боксшының арнайы төзімділігін шартты рефлекс белгісі бар ерекше қимыл қасиеті деп бағалайды. Б.Н.Бутенко [4, 56-65] арнайы төзімділіктің критерийі ретінде ерікті ұрысты бағалауды ұсынады. Арнайы төзімділікті ұзақ уақытқа шыдау мен жаттығуларды арнайы кешенді сипаттамасына сай орындау сапасы мен қарқындылығына қарап бағалау керек дейді. Спортшының төзімділігін үш және тоғыз минуттардағы тест арқылы соққылардың айырмашылығына қарап анықтайды. Осыны төзімділік көрсеткіші деп есептейді.

Арнайы төзімділіктің нақты анықтамалары мен критерийлерінің болмауы себепті боксшының қозғалыс-қимыл іс-әрекеті рингтегі жекпе-жек кезіндегі спортшылардың техникалық тәсілдерін бөліп қолдануы тұрғысынан зерттелген.

Боксшының ептілігі іс-әрекетінің ерекшелігі бокс туралы әдебиеттерде көп айтылады. Көбінесе бұл авторлар боксты ауыспалы қарқындылық тән спорт түрі деп есептейді. Боксшының ептілігі іс-әрекеті қарсыласпен тікелей беттесу арқылы жүзеге асырылады. Бұл рингтегі жағдайдың үнемі өзгеруіне алып келеді.

Боксшылардың ептілігі іс-әрекетін көптеген авторлар зерттеген. Алайда олар өз зерттеулерінде боксшылардың ауыспалы әрекеттерінің деңгейін көрсетпеген, кейбір келтірілген деректер боксшылардың жекпе-жегінің әрнұсқалылығын, өзгермелілігін көрсетеді. Бұл сайысушылық ұрыс кезіндегі соққылар санынан көрінеді. Сондай-ақ арнайы есептегіш құралда тіркелетін соққылар санына да байланысты.

Г.А.Морозов [5, 26]. барлық ұрыс пен раундтардағы соққылар санын, көп раундты ұрыс кезіндегі екі спортшының сол жақ және оң жақ соққыларының есепке алады. Әр боксшының ұрысу екіні әр раундта әртүрлі. Б.А.Степанов тіке соққыларды биомеханикалық тұрғыдан талдай отырып, 120 түсірілген киносәттің бірде-бірі екіншісіне мүлдем ұқсамайтынын айтады.

Мұндай зерттеулер ауыспалы қозғалыс-қимыл іс-әрекетінің деңгейі, рингтегі жекпе-жек кезінде спортшының өз тәсілдерін бөліп қолдануы туралы мәселелерді зерттеу керектігін алға тартады.

Сонымен, бокс туралы ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде боксшының дене қасиеттері туралы мәселелер аз зерттелген, рингтегі жекпе-жек кезінде спортшының өз тәсілдерін бөліп қолдануы жеткіліксіз сыналған, оның боксшының арнайы төзімділігін дамытуға тікелей қатысы бары белгілі.

Боксшылардың дене қасиеттерін дамыту жүйесінде кешенді көзқарастар тұрғысынан әдістемені жетілдіру талап етіледі. Алайда бұл бөлім қазіргі таңда дұрыс жоспарланбаған. Көбінесе сырттай ықпал ету механизмдері ескеріліп, бұл жүктемені іштей қабылдау механизмі дұрыс есепке алынбайды, сонымен бірге ғылыми зерттеулер деңгейі ОЖЖ іс-әрекетіне, эндокриндік жүйенің, тірек-қимыл аппаратының қызметіне байланысты. Бұл қатарда жаттығу үрдісінің технологиясы да есепке алынады. Ықпал ету тиімділігі оның жаттығушылардың жеке-типологиялық ерекшеліктеріне қаншалықты сай келетіндігіне байланысты.

Қазіргі таңда боксшының арнайы төзімділігін дамыту әдістемесінде екі бағыт бар:

- жалпы төзімділікті дамыту;
- арнайы төзімділікті дамыту.

Авторлардың пікірлерінің ортақ жері – жалпы төзімділік циклдық сипаттағы әртүрлі жалпы жаттығулардың көмегімен (шаңғы тебу, жүгіру, жүзу, т.б.) дамытылады. Ондай жаттығулардың негізінде ұзақ уақыт жұмыс істеу жатыр.

Шетелдік, соның ішінде американдық боксшылардың дайындығы арнайы және жалпы дамыту жаттығуларынан тұрады, бұл боксшының арнайы төзімділігінің деңгейін арттыра түседі. Американдық боксшылардың негізгі жаттығуларының бірі – «жолай жұмыс». Мұндай жаттығу бокспен айналыса бастаған сәттен бастап қолданылады. «Жолай жұмыс» қысқа қашықтықтан басталып, қашықтықты біртіндеп ұзартудан тұрады.

Арнайы жаттығулар 1-1,5 сағатқа созылады. Спарринг (ерікті ұрыс) боксшылардың басты жаттығуларының бірі саналады. Американдық мамандар спаррингтерге жаттығу уақытының 2/3-сін арнайды. Жаттығу күндері ерікті ұрыстар жоқ болса, негізгі жұмыс боксшының қабымен, әңгелекпен, секіртпе жіппен жүргізіліп, «өз көлеңкесімен ұрысуға» көңіл бөлінеді.

Практикада сыналған интервалдық әдісті ұсынады. Интервалдық жаттығудың ерекшелігі сол –жүктеме мен тынығу үнемі ауысып тұрады, боксшылардың жұмыс қарқындылығын арттыру үнемі назарда болады. Интервалдық жаттығу келесі факторларға негізделеді: жүктеменің қарқындылығы, ұзақтығы, қайталануы, тынығу ұзақтығы, тынығу формалары. Осы 5 факторды үнемі өзгертіп тұру – боксшылардың дайындығын арттыра түседі.

Жалпы боксшылардың дене дайындығында жаттығулар орындауда басқа спорт түрлерінің жаттығуларымен де алмастыруға болады. Алайда бұл таңдауды білікті мамандармен ақылдасып, ұсыныстары бойынша жасау қажеттігі туындайды. Кейбір жаттығулар боксшыларға қажетті қимыл әрекеттері мен дене қасиеттерін дамытуға көп септігін тигізеді.

Спортшылардың төзімділігін дамытуға деген қазіргі көзқарастардың ерекшелігі сол –аэробты және анаэробты өнімділікті жетілдіру басымдығы. Сонымен қатар аэробты мүмкіндіктер кардиореспираторлық жүйенің қызметімен байланысты және оттегіні мейлінше тұтыну (ОМТ) және оттегі көрсеткіші (ОК) деңгейіне қарай анықталады. Анаэробты мүмкіндіктер қуаттың оттегілік емес көздеріне байланысты. Адамның бірге алынған аэробты және анаэробты мүмкіндіктері жеке қуат алмасудың бастапқы деңгейін көрсетеді. Сонымен қатар көптеген зерттеушілердің айтуынша, төзімділіктің деңгейі мен сипатындағы айырмашылықтар белгілі бір дәрежеде қуатпен қамту ерекшеліктеріне байланысты. Айталық, жергілікті төзімділік шамасы қызметтік күйлер мен жалпы бұлшық ет қызметіне, жүрек-қан тамыры мен тыныс алу жүйесіне, симпатикалық-адреналиндік жүйенің белсенділігіне байланысты. Бұл арнайы төзімділікке қатысты, соның ішінде спорттың циклдық түрлеріндегі күштік төзімділік қуаттың анаэробты көздеріне және гликолиз үрдісіне үлкен талаптар қояды .

Жылдамдықты талап ететін жұмыс шұғыл бұлшық ет талшықтарының көмегімен орындалады. Қаңқалық бұлшық еттердің мұндай жұмысқа үйренуі ең алдымен жаттығу қарқындылығына байланысты.

ОМТ жүйесіндегі сайысушылық төзімділіктің өзара байланысын зерттеу олардың әржақтылығын дәлелдеп берді, бастапқы кезеңдерде өзара байланыс жоғары болғанымен, соңынан азая берді, нәтижесінде ОМТ төмендеген сайын сайысушылық нәтиже жақсаратыны айқын болды. Атап айтқанда, стайер іс-әрекетіне қатысты байқалғаны, ОМТ өскен сайын спорттық көрсеткіштер жақсара түседі. Ал қысқа қашықтықтарда үлкен жетістіктерге жеткен спортшылардың оттегі тапшылығы жоғары болған. Сонымен бірге айта кететін жайт, спорттық көрсеткіштер жақсара түскен сайын ОМТ төмендейді.

Боксшының арнайы төзімділігі деген ұғымды да біржақты түсіндіруге болмайды. Көбінесе арнайы төзімділік деп тиімділікті азайтпай ерекше жұмысты ұзақ уақыт бойы орындау қабілеттілігі деп айтып жатады. Кей авторлар пікірінше, боксшының төзімділігі –ұрысты жоғары екпінмен өткізу, жүйкенің мықтап күштенуіне шыдас беру, шалдығуды сезінбеу, қимылдарды сол күйінде бірнеше рет қайталауға қабілетті болу, ұзақ уақыт бойы жылдам, епті қозғалу, ұрыста жылдамдық-күш қимылдарын ұзақ орындау, екпінді төмендетпей ұрысты жалғастыра беру, шаршамау, бастамашыл болу. Бокста нақты дене дайындығының шыңына жету түрліпқажырлықты талап етеді, ол ең алдымен қажетті дене қасиеттерін кешенді талап етумен ғана жүзеге асырылады. Кейбір боксшыларда тек дене қасиетенің бір-екеуімен шектелуі мүмкін, бұл көп жағдайда жеңіліске әкеп соғады. Яғни бірінің төзімділігі күшті болса, бірінің жылдамдығы мен ептілігі жақсы дамыған. Жаттығулардың ұзақтығын арттырумен қатар мейлінше салмақ салу артықшылығы айқындала түседі. Жоғары білікті спортшылардың жаттығуларында шексіз жүктемелер қосымша әдіс ретінде қолданылады. Мысалы, қарсылық шамасы «үлкен» және «біршама үлкен» деңгейлерінде орнатылады. Күшті дамыту деңгейіне қарай күш шамасы да өзгеріп тұрады, мысалы, егер оқушы гимнастикалық орындыққа қолын тіреп тұрып, көтерілетін болса, оның күші артып кетеді, яғни ол жаттығуды 10-12 рет орындай алады, онда бұл жаттығуды тек 4-7 рет орындалатындай етіп күрделендіру керек (айталық, еденде жатып қолды шынтақтан бұғу, сосын жазу, сосын осы жаттығуды аяқты гимнастикалық орындыққа тіреп тұрып жасау, т.б.).

Екінші бағыты –шектік және шектікке жақын салмақтарды қолдану. Шектік жаттығу салмағы дегеніміз –көп эмоциялық күштенусіз алынатын ең үлкен салмақ (бұл салмақ ең үлкен салмақтан 10-15% кіші).

Арнайы төзімділікті дамыту әдістемесінде бірнеше бағыт байқалады. Ертеректегі еңбектерде әдістеменің негізгі құралдары – боксшының ұрыстық жаттығулары, соның ішінде ең бастысы шартты немесе ерікті ұрыстағы қарсыласпен жаттығу, тыныс алуды дұрыс жолға қою, боксшының өз күші мен қуатын дұрыс жұмсауы болып табылады. Боксшылардың спаррингі бокстың барлық талаптарына сай арнайы төзімділікті дамытудың негізгі құралы деп есептейді, оны аз пайдалану жарақаттанушылықпен байланысты. Арнайы төзімділікті дамытудың негізгі факторларының ішінен шартты немесе ерікті ұрыстағы интервалдарды қысқарту және раундтарды ұзарту критерийлерін бөліп

қарастырады. Ал В.М. Клевенко жаттығуларды қайталау-ауыстыру әдісімен жүргізуді ұсынып, раундтардың уақыттарын қысқартып, олардың қарқындылығын ұлғайтып, салмақтары әртүрлі қарсыластарды ұрыстыруды, жеңіл қапшықтармен жаттығуды ұсынған [6, 13].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кунат П. Проблемы нагрузки с точки зрения психологии спорта// Психология и современный спорт. – М., 1973. – с. 224-319.
2. Набатникова М. Я. Проблемы совершенствования специальной выносливости спортсменов при циклической работе субмаксимальной и большой мощности.: Автореферат диссертации доктора педагогических наук. – М., 2000. – 52 с.
3. Матвеев Л. П. Основы спортивной тренировки. – М.: Физкультура и спорт, 1977. – 280 с.
4. Бутенко В. Н. Калмыков В. Развитие специальной выносливости боксера// Бокс: Ежегодник. – М., 1970 – с. 56-65.
5. Морозов Г.М. Уроки профессионального бокса. М. 1992.
6. Клевенко В. М. О специальной физической подготовке боксеров// Говорят мастера ринга. – М.: Физкультура и спорт, 1963. – с. 13-16.

БОКСШЫЛАРДЫ ДАЙЫНДАУДАҒЫ АЙНАЛМАЛЫ ЖАТТЫҚТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Белгібаев Ахмет Жанкелдіұлы

5B010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 4 курс студенті

Ғылыми жетекші: Құлтанов Дастан Темиржанович

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Дене шынықтыру және спорт кафедрасының аға оқытушысы,

педагогика ғылымдарының магистрі

Арқалық, Қостанай облысы

Аңдатпа: Боксшылардың дене дайындығын жетілдіруде айналмалы жаттығулар әдісін қолдану жолдарын қарастыру болып саналады. Осы қағидалар бойынша, спортшылар стандартты дайындық әдістемесіне сүйенеді. Ол әдістерді қолдану өз кезеңінде бір мезгіл ғана жақсы нәтиже көрсете алады, одан ары қарай нәтижелері өспейді.

Түйін сөз: Боксшылардың дене дайындығын жетілдіруде айналмалы жаттығулар әдісін қолдану жолдарындағы әдістерінің ерекшеліктерін тиімді жоспарлау жүйесін бағалау. Машықтану жүргізілгенде дайындықтың орындалу талаптары жан-жақты болуы қажет.

Боксшылардың әдістерінің ерекшеліктерін ескеретін ғылыми негізделген ұсыныстардың жоқтығынан, машықтану үдерістерінде қолданылатын әдістердің нәтижесі төмен болу мүмкін емес.

Осы қағидалар бойынша, спортшылар стандартты дайындық әдістемесіне сүйенеді. Ол әдістерді қолдану өз кезеңінде бір мезгіл ғана жақсы нәтиже көрсете алады, одан ары қарай нәтижелері өспейді. Боксшы дайындық кезеңінде жақсы физиологиялық негізді қалыптастыруды қалауы, табиғи қажеттілік болып көрінеді.

Зерттеулерден алынған ғылыми нәтижелер боксшылардың дене дайындығын жетілдіруде айналмалы жаттығулар әдісін қолдану жолдарын үйрету-дайындық жиындарындағы жүктемелердің көлемін жоспарлаудың ерекшеліктері.

Бұл жұмыстағы нәтижелердің жағымды жағы болып жеке ерекшелік қағидасы бойынша боксшылар дайындығының көп жылдық бүкіл кезеңдерде жүктемелердің көлемін жоспарлаудың ерекшеліктері мен боксшылардың дайындалу кезеңдерінде тиімді өткізілуінің қолданыс табуы. Сонымен қатар, оқу-машықтану сабақтарын құрған кезде спортшының дене дайындығының ерекшеліктерінің ескерілгендігі.

Арнайы дене тәрбиесі міндеттерін орындауға арналған, көп рет қайталанған адамның қимылын, әрекетін дене тәрбиесі жаттығулары дейміз.

Қимылдың бәрі емес, тек дене тәрбиесі міндеттерін шешуге бағытталып, педагогикалық заңдылықтарға бағынған қимыл-қозғалыстар ғана дене тәрбиесі жаттығулары деп аталады.

Бокстағы міндеттері – жаттығуды орындауды үйрену, жетілдіру, күшті, жылдамдықты дамыту. Кейбір ұқсастықтары болса да бокстағы жаттығуларды еңбек, тұрмыс-қозғалыстарынан бөліп қарау керек. Еңбек ету кезіндегі қимыл-қозғалыстар материалдың бағалы заттар шығаруға бағытталған, өнеркәсіп заңдылықтарына бағынады. Кейбір қимыл-қозғалыстар (мысалы, отырып-тұру) бокс жаттығулары емес, оның бір ғана негізгі элементі.

Бокс жаттығулары – көп рет қайталанатын күрделі құбылыс. Қазір пайдаланып жүрген бокстағы жаттығулар өте көп. Олардың мазмұны да әр түрлі. Бокс жаттығуы негізіне қимыл-қозғалыстармен бірге, адам ағзасында жаттығу жасалып жатқан кезде жүретін өзгерістер, жаттығудың адамға қандай әсер еткенін көрсететін үрдістер де кіреді.

Жаттығулардың сыртқы түрі – ол көрініп тұрған жағы, боксшының кеңістіктегі қозғалысын, уақытын, қозғалыс шамасын көрсетеді. Жаттығулардың түрі мен құрылымы бір-біріне байланысты. Белгілі бір жаттығуды дұрыс орындау үшін құрылысын өзгертсек, оның формасы, түр қозғалысы да өзгереді (мысалы, жүгіргенде артатын күш пен шыдамдылық қозғалыс амплитудасына да әсерін тигізеді т.б.).

Жаттығулардың жаттықтыратын әсері күш кезеңі арқылы орындалады.

Боксшыларға тез әсер ету жаттығулары. Боксшы жаттығу жасап жатқан кезде ағзаның функционалдық жұмыс істеу өзгерістері айқын көріне бастайды. Бұлшық еттердің көлемі үлкейді, жүрек соғу, тыныс алу жиіленеді, ағза қызынады, қызарады, терлейді.

Боксшының із қалдыру жатығулары. Жаттығу орындалып біткен соң қимыл-әрекетімен пайда болған құбылыс іздері ағзада жоғалмайды, бірталай уақыт сақталып қалады, шамамен бір, бір жарым тәуліктен артық. Боксшының денесі қызып, қимыл-қозғалысы ширақ болады, асқа тәбеті жақсарады және т.б. Бұрын жаттықпаған адамдардың бұлшық еттері ауырып, дел-сал болып жүреді. Боксшының бейімделу әсеріне жаттығулар. Егер қимыл-әрекет алдыңғы қимыл-әрекеттің әсері сақталынып тұрған кезде қайталанса, мұндай қабаттасу боксшыны осы қимыл-әрекетке белсенді бейімдейді. Егер ол апта, айларға созылып жаттыға берсе барлық дене мүшелерінің қызметі жақсарады,

денсаулық нығаяды, дене қуаты қасиеттерінің жұмысқа біліктілігі жоғарылайды, қимыл шеберлігі пайда болады. Боксшы жаттығу уақыты келгенде ширығып, белсенділеніп, жаттыққысы келіп тұрады [1, 20-23].

Дене жаттығуларының әсерінен бұлшық еттерде едәуір өзгерістер болады. Егер де бұлшық еттер ұзақ уақыт қимылсыз күйде тұратын болса, онда олар әлсіздене бастайды, көлемі кішірейеді. Дене жаттығулары, олардың көлемін ұлғайтады, нығаяуына ыңғайлайды. Мұнымен қатар бұлшық еттердің өсуі, олардың талшықтар санының көбеюінен, ұзаруынан емес жуандауы әсерінен болмақ. Бұлшық ет созылуы жақсарады, тонусы, қан айналым және бұлшықет коректенуі жақсарады.

Дене жаттығуларымен айналысқан кезде көптеген капиллярлар кеңейіп қана қоймайды, олардың саныда бірден көбейе бастайды. Әсіресе бас ми капиллярларының саны өсуінің ерекше маңызы бар.

Жаттығу кезінде оттегін тұтыну деңгейі бірден көтеріледі, өйткені бұлшықет жүйесі қаншалықты белсенді қызмет істесе, соншалықты жүрек те әлуетті қызмет етеді. Дене шынықтыруымен, спортпен айналыспайтын адамның жүрек бұлшық еті әр жиырылыс сайын, қолқаға 60 мл шамасындай қан сол қарыншадан лықсып шығарылатын болса, жаттыққан адамда жай тыныштық жағыдайда бір жиырылыстың өзінде қолқаға 90-100 мл қан шығарады. Жаттықпаған адамда жүрек минутына 70 рет жиырылады, ал боксшыларда пульс жиілігі 1 минут ішінде жүрек 50-60 рет жиырылатын болады. Кейбір спортшыларда пульс 40-тан аспай, бір сөзбен айтқанда, жаттыққан адамның жүрегі әр систола сайын қанды көп шығарады, яғни жүрегі үнемі де, ұтымды жұмыс істейді. Дене жаттығулары өкпенің тіршілік сыйымдылығын кеңейтеді, қабырға шеміршектерінің икемділігін жақсартып, тыныс еттерін күшейтеді, олардың тонусын жоғарылатады. Тыныстың минуттық көлемі – қалпы 8 л көп болмайды. Ал, тез және бар күшімен жүгіргенде не жүзгенде ТМК 20 есе көбейеді, 120-130 л жетеді. Дене шынықтырумен айналысу, зат алмасудың бар үрдістеріне және зәр шығару ағзаларының жұмыстарына дұрыс әсер етеді, қан тасмалдау, лимфа жүйесінің функциясын күшейтеді. Дене жаттығулары жамбас қуысында қанның іркіліп қалуын, қатпаны, гемаройды болдырмайды [2, 35].

Қандай болмасын дене жүктемесі – склероздық өзгерістерді болдырмайды. Дене жаттығулары адамның психикасына да үлкен әсерін тигізеді. Осының әсерінен жүйке-жүйесінің күш қуаты өседі, ішкі секретция бездерінің жұмысына дем береді және жағымды эмоция тудырады.

Бокспен айналысуды бастайтындар үшін көптеген әр түрлі дене шынықтыру жаттығуларының мол жиынтығының арасындағы ең бірінші орынға шығаратындары: сауықтыра жүгіріс, жүріс пен алмастырып тұратын жүгіру, аэробика, шейпинг, жүзу, туризм, ерік гимнастикасы, таңертеңгі сауықтыру гимнастикасы, дәстүрлі гимнастика және тыныс алу жаттығулары. Қазіргі заманғы спорт өзінің даму сатысында спорттық нәтижелердің өсуін ғылыми және инженерлік жетістіктерге негізделген жаңа көзқарастарға маңызды рөл береді. Жаңа спорт ареналары, жаттығулар мен жарыстар үшін арнайы жағдайлар жасау ісіндегі жаңа жетістіктер, арнайы киім, құрал-

сайманмен жарактандыруды қолдану және құрастыру әлемнің мықты спортшыларының көрсеткіштерін күрт жақсартуға жеткізді және ХХІ ғасырға спорттың қандай негізгі бағыттарда қарыштап енетінін көрсетіп отыр. Қазіргі жағдайды тұтас алғанда, дене шынықтыру-сауықтыру және спорт жұмысының жай-күйі бұқаралық спортты одан әрі дамыту, халықтың арасында дене шынықтыру-сауықтыру жұмысын жандандыру, спорт резерві мен халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлау жөнінде кідіріссіз, нақты шешімдер қабылдауды талап етіп отыр. Бастапқы дайындық кезеңінде боксшылардың физикалық дамуы, күш, жылдамдық, ептілікті дамыту қажет.

Спорт мектептеріндегі бастапқы дайындық топтарындағы оқу-жаттығу жұмыстарының мазмұны, боксшыны дайындаудың көп жылдық жоспарының маңызды бөлігі ретінде, спорттық даярлықты әрі қарай жетілдіру жас боксшының барлық қабілеттерін жан-жақты дамыту әсіресе жаттықтырудың көпжылдық барысы кезеңдерінде тиімді ақыл-парасаттылықпен жасалуы қажет. Спорттық резервті даярлаудың өнімділігі спорт мектептерінде жаңа оқу бағдарламасын түзу сапасына байланыстылығы маңызды роль атқарады. Әр оқушының даму қабілетін қамтамасыз ете отырып, өзіндік мүмкіндіктерін және талантын ашу спорт мектептеріндегі бастапқы дайындық топтарында жүзеге асу керектігін көрсетеді [3, 64].

Бокстың әдіс-айлаларын меңгерудің әдістемелік жолдары : әрбір әдіс-айла жүйелі түрде үйретіліп, нысықталып, бойда жақсы қалыптасуға тиіс. Әрбір әдіс-айла үйретілген кезде оны меңгерудің жолдары мұқият түсіндіріледі. Шабуыл жасаған кезде қарсыласыңның қандай қарсы әдіс қолдану мүмкіндігі бары да ескеріліп үйретілу керек. Әдіс-тәсілдер қолданған кезде жаттықтырушы қателіктерді тез байқап, оны дер кезінде түзетіп отыруға тиіс. Әр қимылдың түпкі нәтижесі негізгі баға болып табылады.

Спорт мектептерінде бастапқы оқыту-дамыту кезеңінде балалармен жұмыс жасау барысында неғұрлым әсер беретін оқу жүйесін тандап, балалардың физиологиялық даму жасына сәйкес жүргізуді алға қояды.

Боксшыны шынықтыру дене жаттығуларын жүйелі қолдану шеңберінде ұйымдастырылады, бұл бір жағынан, тынығумен және ағзаны қалпына келтірудің құралдарымен, үйлесімділігімен жүргізіледі, екінші жағынан, ол шыныққандықтың жоспарлы түрде өсуін қамтамасыз етеді. Шыныққан-ағзанынақты бір жұмыс түріне, шынықтыруға қатысу жолы арқылы бейімделуі. Ол жұмысқа қабілеттіліктің артуымен және спорттық жетістіктердің өсуімен айқындалады. Алғашықы мақсаттар бала денесінің, ағзасының жетіліп өсуіне дене-күш дайындықтарының әрбір өсу сатысындағы негізгі бағыттарын анықтайды. Қазіргі кезде бокс спортына деген көзқарас түбірімен өзгеруде оларға ең жақсы деген спорттық базалар жасалып, жаттықтырушыларды материалдық жағынан қамтамасыз етуі жақсаруда. Сонымен қатар спортқа деген дарынды балаларды табудың қиындап отырғаны байқалады оған себеп Қазақстан халқының демографиялық санының аздығы, және осы кезеңге дейін спорт мектептерінің Кеңес Одағы кезіндегі қабылданған нормативтік құжаттармен жұмыс жасауы. Осы жағдайдың салдарынан спорт мектептерінде балаларды ерте жастан спорт түрлеріне мамандандару орын алуда, ал бұл

жағдай өз тарапынан бала ағзасына ерте бастан үлкен жаттығу жұмыстарын атқарып денсаулығына кері әсерін тигізуде және спортқа ерте бастан маманданған жастардың спорттан ерте кетуін статистика дәлелдеп отыр. Ғалымдар мен жаттықтырушылар жас балуандарды жаттықтырудың теориялық негіздері кенжелеп қалғандығын көрсетеді. Көптеген ғалымдар балаларды 8-10 жастан бокске баулуға болады деп санағандықтарымен оқу-жаттығу жұмыстары мазмұнына бала жасына сәйкестенген, бала денсаулығының нығаюына қажет.

Республика бойынша спорт мектептеріндегі бастапқы дайындық топтарындағы жаттығушы балалардың болашақта үлкен спорттық жетістікке жетулері үшін осы бағытта арнайы ғылыми ізденістер жүргізіп оны Қазақстан Республикасы жағдайына негіздеу керектігі айқындалады.

Осы өзекті мәселе бойынша спорт мамандары арасында жүргізілген сұрақ-анкеталық жауаптар қортындысы, спортшы ізбасарлар даярлау ісінде жаңа теориялық және әдістемелік ғылыми ұсыныстар керек екендігін дәлелдеп отыр. Спорт мектептеріндегі бастапқы дайындық топтарында болашақ спорт түрлеріне бейімділікті анықтаудың маңыздылығы: Спорт түрлеріне бейімділіктің ғылыми тұрғыдан қарастырылып зерттелуі, спорттық жетістіктердің жоғарғы деңгейге өсуі спорттық ұйымдарға үлкен мақсат қойып, боксшыларды жаңаша дайындауға мүмкіндік береді.

Боксшылардың жыл бойғы дайындау мәселелерін көптеген ғалымдар зерттеген. Бірақ, бұл тақырыптың кейбір мәселелері осы уақытқа дейін де өз шешімін тапқан жоқ. Боксшының жыл бойғы дайындығында қолданылатын әдістері көп қырлы еңбектен тұрады.

Соңғы жылдардағы спорттық тақырыптарда жазылған әдебиеттерге талдау жасасақ, біздің елде де, шет елдерде де алдын-ала дайындалуға қолданылатын әдістерге үлкен назар аударылады.

Бокс спортының жетекші мамандары мен ғалымдары және жаттықтырушыларының осы мәселе жөнінде көзқарастары бір бағытта түйіседі, себебі, әдістердің дұрыс жүйеде қолданылуы боксшылардың алдын-ала дайындалуына да және олардың негізгі жауапты жұмыстарда да табысты нәтижелер көрсетулеріне де игі әсер етеді.

Көп жылдық спорттық дайындық–боксшылар даярлығының ұйымдық сипатын, тәсілдерді, амалдарының, міндеттерінің алмасып отыруын қамтамасыз етіп отыратын тұтас педагогикалық жүйе. Өз кезегінде боксшыларды даярлау дене сапасын тәрбиелеу мен қимыл біліктілігін, машық пен дайындықты қалыптастырудың оқыту үрдісінде тиімді үйлесуіне жалпы дене дайындығы (ЖДД) мен арнайы дене дайындығы (АДД) құралдарының өсуіне жүктемелерді бірте-бірте артыру үрдісін қатаң сақтауға, дене сапаларының дамуын жас ерекшеліктеріне қолайлы болатын кезеңдерде дамытуды тиімді қолдана білуге негізделген. Спорттық ізбасарларды даярлау жүйесінің ұйымдық құрылысы спорттық оқу орындарының қызметіне негізделген. Спорттық ізбасарларды даярлау жүйесінің негізгі компоненті болып спорттық бағытта білім беру мекемелері оларға: балалар мен жасөспірімдер спорттық мектептері; мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорттық мектептері; жоғарғы

спорттық мектептері; орта арнаулы оқу орындары; олимпияда резервін дайындайтын мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері болып табылады.

Көптеген әдебиеттерде осы әдістерге ғылыми түрде мінездемелер беріліп келді. Сонымен, айналмалы жаттықтыру әдістің жұмысы алдағы негізгі бағытпен байланысты болғандықтан, шыдамдылықтың бірте-бірте дамуына ең қолайлы жағдай туады. Күш, жылдамдықтарды жаттықтыру үдерісінде жиі қолдану арқылы шыдамдықты жетілдіруге болады.

Боксшыға арнап белгілеген жаттығуларды жаттықтырушы жаттығу жүйе-сінде кездесетін педагогикалық мақсаттарымен ұштастыруы қажет. Бұл арада ұсынылып отырған жаттығулардың боксшы белгілі бір қасиетін дамытуға ғана бағытталуын қадағалаған дұрыс.

Әрбір әдістің негізгі құрушысы жалпы дененің және оның жеке бөліктерінің қозғалысы болып табылады. Боксшының кез-келген соққы беруі нәтижелі шығуы үшін, соққы берген боксшы қолының қозғалыс бағыты мен дене салмағының орынды сәйкес келуі қажет. Бастан тікелей соққы соғу кезінде боксшының жалпы дене қозғалысы соққы берген қолдың алға жылжу (бүгілу) қозғалысымен, кеудеден тікелей соққы соғуда жалпы дене қозғалысының жылдамдығы соққы берген қолдың қозғалыс жылдамдығымен, бас және кеуде бүйірінен соққы соғу кезінде соққы берген қолдың жылдамдығы соққы соғу бағытындағы кеуде айналуымен, бас және кеуденің төмен жағынан соққы соғуда боксшының жалпы дене қозғалысы соққы берген қолдың қозғалысымен сәйкес келуі қажет.

Бокстағы қозғалыс бағыттары: жоғары-төмен, алға-артқа, оңға-солға болып бөлінеді. Дене мүшелерінің бір шеткі қалыптан екінші шеткі қалыпқа дейін жеткізе сілтеген қозғалысын – қозғалыстың амплитудасы дейміз (мысалы, аяқты алға-артқа сілтеу қозғалысы). Бокстағы қозғалыс амплитудасы белсенді және енжар болып екіге бөлінеді. Белсенді қозғалыс амплитудасы – жаттығушының жаттығуды өзінің, өз бұлшық еттерінің күшімен орындауы. Енжар - серігінің, тренажердің көмегімен орындалатын керілу, созылу икемділік жаттығулары. Белсенділік амплитудасы енжар амплитудаға қарағанда әрқашан да аз болады.

Боксқа байланысты жаттығуларды мол енгізуге көп көңіл бөлу керектігін айтады. Спорт мектептеріндегі бастапқы дайындық топтарындағы балаларды спорт түрлеріне бейімділіктерін анықтау қазіргі спорттық ізбасарларды дайындау мәселесінде өте өзекті мәселе екендігі анықталды [4, 39].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бокс мектебі: Оқу құралы / Құраст. Қасымбеков М.А., Төлегенов Ж.М., Рысбеков Т.Р. – Алматы, 2007. –Б. 20-23.
2. Филимонов В.И. Бокс. Спортивно-техническая и физическая подготовка. – М.: Инсан, 2000 – 425 с.
3. Морозов Г.М. Уроки профессионального бокса. М. 1992.
4. Гайдамак И.И., Остьянов В.Н. Бокс. Обучение и тренировка. /Гайдамак И.И., Остьянов В.Н. - Киев: Олимпийская литература, 2001/.

ШЕТЕЛ ТІЛІН ҮЙРЕНУ БАРЫСЫНДА АНА ТІЛІНІҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Жолдасбек Аяулым Нұржанқызы

5B011900 – «Шетел тілі, екі шетел тілі» мамандығының 4 курс студенті

Matasynab@mail.ru

Ғылыми жетекші: Шонгалова Анар Серикбаевна

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педогогикалық институты

Шетел тілі, екі шетел тілі кафедрасының аға оқытушысы

Аңдатпа: Бұл мақалада шетел тілін үйрету барысындағы ана тілінің тілдік ерекшеліктерін салыстыра оқыту туралы айтылды.

Түйін сөз: шетел тілін үйрету, тілдік ерекшеліктер, ана тілі мен шетел тілінің ерекшеліктері

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі, яғни қазақ баласына ананың сүтімен сіңген тіл. Сондықтан ана тілін білу әрбір қазақ баласының борышы. Ал ағылшын тілін білу заман талабы. Сондықтан әрбір білімді ұрпақ өз ана тілімен қатар шетел тілін білуі, үйренуі қажет.

Болашақ жастарды оқыту, тәрбие беру, қазіргі өмір ағысына бейімдеу ұстаз алдында тұрған басты міндет. Шетел тілін үйрету қиындығы мол күрделі міндет. Шәкірттерге үйретіп қана қоймай, үйренгендігін тиімді пайдалануға бағыттау.

Тілді меңгерудегі ең бастысы – лексика. Сол лексиканы меңгерту барысында үйретуші қазақ тілінің лексикасымен салыстыра отырып үйретсе, үйренушінің есінде жақсы сақталады деп ойлаймын. Грамматиканы үйрену барысында екі тілдің ұқсас жерлеріне мысал келтіріп, айырмашылықтарына тоқталу қажет [1,45].

Фразеологизмдерден мысал келтіре отырып, олардың аудармасын қазақ тіліндегі фразеологизмдермен салыстыра оқытудың өз тиімділігі бар. Мысалы “Fish, begins to stink at the head” – «балық басынан шіриді», “Nothing is stolen without hands” – «Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды». Немесе мақал-мәтелдер арқылы есте сақтауға болады: “All that glitters is not gold” – «Жылтырағанның бәрі алтын емес».

Айырмашылық туралы айтатын болсақ ол қазақ тілі мен ағылшын тіліндегі сөз тәртібі. Қазақ тілінде сөз тәртібіне үлкен мән берілген, мысалға жай хабарлы сөйлемдерді алар болсақ сөйлемде бастауыш көп жағдайларда бірінше орында тұрған болса, етістік соңғы орында. Ағылшын тілінің сөйлемдеріне келер болсақ көп жағдайларда бастауыш бірінше орында, етістік екінші орында тұруы тиіс, алайда ол сөз тәртібі де кей жағдайларда өзгеріп отырады.

Қазақ тілді ортада шетел тілін оқытудың заманына сай көрнекі құралдары, мультимедиялық құралдары өз дәрежесінде пайдалануға үлкен мән берген дұрыс. Қазіргі таңда тіл үйрету саласында жаңа ақпараттық – танымдық технологияларды қолдану қажеттігі бүкіл әлемнің білім беру жүйесінде өзекті мәселелердің біріне айналды. Ақпараттық құралдарды пайдалана отырып, қазақ тілімен қатар шетел тілін үйретуді бірнеше әдіс-тәсілдермен жүзеге асыруға болады. [2,96]

Адамзат баласының өз ұрпағын оқыту мен тәрбиелеудегі ең озық, тиімді әдістерін тәжірибелерін жалғастырып тың жаңалықтар іздеу, классикалық педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту қашанда жалғаса бермек. Қазіргі таңда жеке тұлғаны қалыптастыру оқушының өзі арқылы, оның іс - әрекетін ұйымдастыру арқылы ойлау дағдыларын дамыта отырып жүзеге асырылады. Білім - жолы қиында қастерлі жол. Болашақ жастарды оқыту, тәрбие беру, қазіргі өмір ағысына бейімдеу ұстаз алдында тұрған ең басты міндет. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу педагог қызметкерлердің тұлғасына кәсіби құзыреттілігіне жоғары талаптар қоюда. «Кәсіби құзыреттілік - жеке тұлғаның кәсіби іс - әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігімен қабілеттілігінің бірлігі».

Білім берудегі мақсат тек білімді кәсіби мамандандырылған адам дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру керек екенін баса айтқан жөн.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 29 қаңтар 2011 жыл Қазақстан халқына жолдауында «Мен қазіргі заманғы қазақстандықтар үшін үш тілді білу әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін айтып келемін. Сондықтан 2020 жылға қарай ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20 пайызды құрауы тиіс деп есептеймін»- деді.

Олай болса, оқушыны ағылшын пәніне қызығушылығын тудырып дамытуды және жемістің нәтижесін көруді мақсат тұтқан әрбір мұғалім жолдауға жедел үн қосу керек деп білемін.

Шетел тілін үйрету қиын да, қызықты жұмыс. Қазіргі кезде ұстаздарға қойылып отырған талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып сапалы терең білім беру, оқушылардың ойлау, есте сақтау көру қабілеттерін жетілдіру. Мектептерде жаңа технологиялар арқылы оқыту шет тілін үйренудің сапасы мен маңызын арттырады. Шет тілін оқыту процесінде тілді дұрыс үйрету ауызша сөйлеу, сауатты жазу, мәнерлеп оқыту өте маңызды. Қазіргі кезеңде мектептерде ағылшын тілін оқыту дұрыс жолға қойылған. Оқушылардың ағылшын тілін біліп ғана қоймай, оның тарихын, ұлттық мәдениетін білуге көп көңіл бөлінеді. Шетел тілін оқытудағы білімділік мақсаты - шетел тілінде сөйлеуді үйрету, байланыста бола алу мен ортақ тіл табысып, қарым - қатынасты нығайтуға ұмтылу болса, тәрбиелік мақсаты - өзге адамдарды тыңдау мәдениетін қалыптастыру негізінде өз пікірін айта алу және қорғауға үйрету.

Ұстаз шеберлігінің өзегі – тіл байлығымызды дәлірек айтсақ, ойды жүйелеуге қажет сөздік қорының деңгейімен және сөйлеу мәдениетіміз бен сабақтас екендігін байқар едік. Ол үшін ұстаз біріншіден, өзі еркін білетін тілде дәріс беру шарт. Екінші шарт - шәкірт түсінікті тілде сабақ алуы қажет. Демек түсінікті тілде білім беру кәсіби біліктілікті қалыптастырудың қағидалық аксиомасы екендігін әр кез басшылыққа алуға тиістіміз. Шетел тілдері сөздерінің мағынасын түсіндіру мәселесі туралы ғалымдар пікірі 2 топқа бөлінеді.[3,154]

Бірі ана тілін мүлде қолданбау керек(И. Е. Аничков), олар шетел тілін оқытуды ана тіліне сүйеніп, шетел тілінде сөйлеу дағдыларына нұқсан келтіреді десе, енді біреулері (Л.В. Щерба, Т.Ф. Лапангова) керісінше ана тілінің интерференциясын азайтуға болатынын дәлелдеген. Шетел тілін меңгеру дағдысын қалыптастыруда ана тілін мүлде аластау арқылы емес, ана тілінің интервенциялық ықпалы арнайы әдіс - тәсілдердің көмегі мен жеңген дұрыс, деген пікір айтады. Ағылшын тілін үйрету мынадай тіл дамыту жұмыстары бойынша жүзеге асады.

1.Лескикалық жұмыс

2.Грамматикалық жұмыс

3.Фонетикалық жұмыс

Тілді меңгеруде ең маңыздысы – лексика. Басқа білім салаларының ішінде лексиканың бірінші орын алу себебі мынада кейбір сөйлеушінің сөзінде граматикалық қателер кездескенімен адамдар арасында қатынас болуы мүмкін. Айтушының не айтқысы келгенін тыңдаушы түсінеді. Лексиканы меңгеру үшін түрлі әдіс - тәсілдер пайдаланылады. Нақты мағыналы сөздерді суреттер, зат, макет арқылы түсіндірген жөн. Абстрактілі мағыналы сөзді түсіндіру үшін аударманы қолдану және тіл көрнекілігі арқылы түсіндіру қажет. Ал тіл көрнекілігі дегеніміз – сөздің мағынасын контекст арқылы, синонимдер мен антонимдер, сөздің құрамдас бөліктерін талдау арқылы түсіндіру. Контексттерде грамматикалық құрылым, ондағы жаңа сөзбен басқа сөздердің барлығы оқушыларға бұрыннан таныс болуы қажет. Сонда оқушының назары жаңа сөздерге аударылады. Яғни граматикалық материалды түсіндіруде қазақша мысал келтіріп, берілген мысалды ағылшынға аударып, екі тілдегі ұқсастық пен айырмашылықтарға тоқталамын. Содан кейін ағылшын тілінде жасалу жолын(ерекшелігін түсіндіріп өтетін граматикалық материалды бекіту үшін, практикалық жаттығулар көп жасалу керек, мүмкін болса, көбіне оқушылардың өз өміріне байланысты мысалдар келтірген жөн. Оқушыларды міндетті түрде сұрақ қоюға, сұраққа жауап беруге үйрету керек, бірақ ол жаттанды түрде болмауы тиіс. Әсіресе, төменгі сынып оқушыларына сұрақ қою кезінде өзімнің қолданатын әдісіме тоқтала кетейін:

Who? What do(ing)? Where? When?Мысал: The children are playing in the yard now. – деген сөйлемді алатын болсақ, сөйлемдегі әр сөзге қойылатын арнаулы сұрақтарын анықтап алған жөн. Сонда оқушылар сөйлемдегі артикльдің, жалғаудың көмекші етістіктің орнын ауыстырып алмайды. Қысқасы, грамматикалық материалды өткенде, негізінен, ана тілімен салыстыра түсіндірген тиімді, оның ана тіліндегі біліміне сүйенген жөн. Оқушы бұл тілдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын жете білгенде ғана, ол тілді дұрыс та, тез игере алады.

Демек шетел тілін оқыту барысында оқушыларды тілдік материалмен таныстырып қана қою жеткіліксіз, оларға оның қалай қолданылатынын көрсетіп, дұрыс айтуға, жазуға, оқуға дағдыландырып төселдіру керек. Ол үшін мен оқушыларға фонетикалық жаттығулар жасатамын. Фонетикалық материалды меңгерту үшін, фонетикалық дағдыларды қалыптастыру және жетілдіру үшін жаңылтпаштар, тақпақтар, өлеңдер жаттатамын. Алғашқы кезде кейбір ұқсастау дыбыстардың айтылуына мән беремін Мысалы, know - білу. now - қазір mouth - ауыз. mouse - тышқан. т. б.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттемелері атап көрсетілген. Соның бірі – білім беру жүйесіне оқытудың жаңа технологиясын енгізу. Осы бағытта оқушылардың ой-өрісі мен дүние танымын кеңейтіп, білім аясының мейлінше өсуіне оқушылардың қабілетіне қарай саралап оқытудың ықпалы зор. Мен өз тәжірибем арқылы сыныптағы оқушылардың білім дәрежесіне қарай топтап оқытудың нәтижелі болатындығына, балалардың сабаққа деген ынтасы, белсенділігі арта түсетініне анық көзім жетіп келеді. Ол үшін сыныптағы оқушыларды білім дәрежесіне қарай 3 топқа бөлемін. Яғни білім толық беске оқитындар – үздік топ, екінші топ - төрттіктер, үшінші топ - үштіктер. Топқа бөлмес бұрын оқушылардың білім дәрежесі қалай бағалануы керек екендігін түсіндіремін. Яғни «5» бағасын алатын оқушылар өз бетінше ізденіп, оқулық пен қатар қосымша әдебиеттер мен жұмыс істеуі керек, ал төрттіктер газет, журнал материалдары мен өз білімін ұштастыра отырып оқулықпен сабақтастыруы шарт, ал оқулық материалын толық меңгеріп, ойын толық жеткізуге шамасы келмесе, қосымша материалдармен ұштастыра алмаса, онда ол оқушы «үштіктер» тобына кіреді. Мұндай саралап оқытудың көп пайдасы бар. Әр бала қысқа да нұсқа сөйлеуге үйренеді. Әрбір топтағы бала білуге құмарта түседі, төменгі топтар жоғары топқа өтуге, жоғарғы топ төменгі топқа түсіп қалмауға талпынады. Топқа бөлу кезінде менің оқушыларым алғашқыда өз еркімен бөлінді. Сонан соң оларға білім дәрежесін тексертетін сайыс ұйымдастырдым. Ең жоғары балл алғандар - I, онан төмен жинағандар II және III топқа кіргізілді. Әр топтың өз басшысы болады, олардың қолында баға қойылатын өз журналы да болады. Ол әр топтағы оқушының білім дәрежесін, әр сабаққа дайындығын көрсететін айна іспетті. Нәтижесінде оқушылардың табиғи қабілеттеріне қызметтеріне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне дарындылық қасиеттерінің ашылуына толық жағдай жасалады. Әр оқушы ұстаздың басқаруы мен дұрыс тапсырмаларды + белгісімен өзі белгілеп отырады. Оқушы өз қызметін ең төменгі деңгейдегі тапсырмаларды орындаудан бастайды. Оларды толық орындап болғаннан кейін ғана келесі деңгейге көшеді. Бұл оқушылар арасында белсенділік туғызады және оқушының мемлекеттік стандарт деңгейінде білім алуына кепілдік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президентінің 2011 жыл 29 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауы.
2. Қазақстан мектебі 2002 жыл №3 және №10
3. Ағылшын тілі мектепте 2010 жыл №1 және 2009 жыл №1

ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ДӘСТҮРЛІ БАҒЫТТАР МЕН ЖАҢА ҮРДІСТЕРДІҢ ҚОҒАМҒА ЫҚПАЛЫ

Шұғыла Айдосқызы Әбілбаева

5B011900-«Шетел тілі:екі шетел тілі»мамандығының 2курс студенті
abilbaeva_96@mail.ru

Ғылыми жетекші: Акбике Бердибековна Боранбаева

БІ.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Шетел тілдері,орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі
Арқалық,Қостанай облысы

Аңдатпа: Мақалада қазақ тіл біліміндегі дәстүрлі үрдістер сарапталып,тілтанушы ғалымдардың тұжырымдамалары айтылды. Тіл біліміндегі дәстүрлі үрдістердің жаңа тілдік бағыттары мен байланысы және қоғамдағы орны қарастырылды. Жаңа тілдік бағыттардың ана тілімізге ықпалы анықталды.

Түйін сөздер: тіл білімі, сөз мәдениеті, құрылымдық типология, қостілділік, әліпби.

Тіл – қандай ұлтта болса да өте киелі,қастерлі ұғымға ие. Ол біз құрсақта жатқанда бойымызға дарып, ана сүтімен қалыптасатын дүние. Атадан балаға мұра болып қалыптасатын баға жетпес байлығымыз. Сондықтан да өз тіліміз «Ана тіліміз» деп аталады. Ана тілі – бұл дүниедегі ең басты байлығымыз. Себебі, адам баласы ес білген кезінен бастап ана тілі арқылы жан-жағындағы жаңа құбылыстармен танысып,үйрене бастайды. Есейе келе кітаптан, қоғамнан,халықтан меңгереді. Осылай ана тіліміз бойымызға ананың ақ сүтіндей дари бастайды. Ана тіліміздің жанашырлары қай кезеңде болмасын өмір сүрген,жойылу қауіпі болған сәтте демеу беріп,бүгінгі күнге жеткізген. 20-жылдары А. Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының ғылым тілін ана тілінде қалыптастыру жөніндегі бастамалары ғалымдарымыздың айрықша назарын аударатындығы белгілі.Сөз мәдениеті пәнінің қазіргі жай-күйі алдымен қазақ тіл білімінің өткендегісімен және бүгінгі даму деңгейімен, жалпы тілтанымдағы дәстүрлі парадигмалардың жаңа парадигмаларға ығысып орын беру үрдісімен де байланысты. Қазақ сөз мәдениетінің пән ретінде қалыптасуының алғышарты ретінде әсіресе қазақ тілі бойынша жазылған алғашқы оқулықтар мен оқу құралдарында (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, С.Аманжолов т.б.) грамматикалық, орфографиялық, орфоэпиялық нормалардың ереже түрінде берілуі әдеби тілдің кодификацияланған нормаларды қалыптастыруда маңызы ерекше болды. Графика және орфография- бұл екеуі фонетика ғылымының құрамдық бөлшектері. Графика — тіл дыбыстарын жазуда таңбалайтын шартты белгілер жиынтығы. Дыбыс алғашқы, табиғи, ал графикалық таңба соңғы жасалынады. Түркі тілде солардың, ішінде қазақ тілінде де, көне замандардан бастап әр дәуірде қолданған жазу түрлері болған. Сондай жазулардың ғылымда белгілі болған алғашқысы — Көне түркі жазуы немесе «Орхон енесей» жазуы деп аталатын жазу. Бұл жазу мола басына қойылған құлпы тасқа, басқа да әртүрлі

қатты заттарға қашап түсірген таңбалар түрінде сақталған, бірер сөздерден ғана тұратындары болмаса, қағазға жазылып сақталған көлемді ескерткіш емес. Зерттеушілер бұл жазуды түркі халықтары V—VIII ғасырларда қолданған деген пікір айтады. Түркі халықтары қолданған жазудың екінші түрі — көне ұйғыр жазуы деп аталатын жазу. Графикалық сипаты жағынан бұл жазу көне түркі әліппесіне ұқсас, сонымен төркіндес болған. Ғалым С.Аманжолов зерттеулерінің желісі тілдің қоғамдық ерекшелігіне шоғырланған. Автор тілдің барлық белгілерін оның қоғамдағы орнымен, әлеуметтік өзгешелігімен байланыстырды. Автор тұжырымдарының басым көпшілігі лингвистиканы қоғамдық ғылым ретінде қарастыруға саяды. «Адам қоғамына» мән бере келе, оның мүмкіндігін жоғары бағалай отырып, ғалым тек қоғам бар жерде ғана тіл өмір сүреді, оны зерттеп, өркендетер тіл ғылымы дами алады деп түйіндейді. Осыған сәйкес, кез келген тіл білімінің саласын С.Аманжолов “адам қоғамының зор табысы, ғылыми жетістігі” деп дәйектеді: “Мыңдаған жыл өмір сүрген адам баласының дүние тануына үнемі қызмет еткен тіл, тек қарым-қатынастың құралы ғана емес, ол дамудың да және. күрестің де құралы болуымен қатар, грамматика сияқты адам баласына зор қызмет істейтін өте маңызды ғылымды тудырды. Бұл ғылым адам баласының ұзақ өміріндегі тұрмыс үшін күрес жолында жасаған тәжірибелерін, ойлауының ұзақ уақыт абстракциялануы арқасында топшыланған жетістіктерін қорытқан да білім болып отыр”. Ғалымның жоғарыда келтірілген үзіндісінде “адам баласы” деген тіркес қатарынан үш рет кездеседі. Тілші көпшілік назарын тілдің қоғамдық маңыздылығын, оның табиғи әрі танымдық ерекшелігін, функционалды сипатын тіл арқылы айқындауға бағыттаған. Осы орайда, қоғамдық факторлармен бірге зерттеуші тілтанымдық құралдарға зер салды, ол тілдік амалдарды тек қарым-қатынас функциясында ғана емес, дүниені тану, тәжірибе жинау, ойлау, білім алу негізі деп сұрыптау қажеттігін ескертті. Құрылымдық типология тұрғысынан барлық тілдер тең дәрежелі болып есептелсе де, әлеуметтік типологияда тілдердің сараланатын өз өлшемдері, өз “құндылықтары” барын назарға алсақ, С.Аманжоловтың “...тілдердің біріне-бірі ұқсап та, ұқсамауы да әлеуметтік (социалды) жағдайға байланысты” деген тұжырымының маңыздылығына, сөзсіз, көз жеткіземіз. Бұл жағдайда сол тілде сөйлеуші адамдардың, халықтардың саны, қолданушы мемлекеттердің есептік көрсеткіші ескеріледі әрі тілдің қоғамдық функциялары мен әлеуметтік салаларды қамту өзгешелігі нысанағы алынады. Мұндай ерекшеліктерді С.Аманжолов “қоғамдық қарым-қатынас күштілігі”, - деп сипаттай отырып, тілдің “қоғамдық құбылыс, қоғамдық коллективтіктің тапқан, жасаған нәрсесі, қоғаммен бірге өсіп-өнетін нәрсе” екенін дәйектейді. Демек, тілдің әлеуметтік деңгейін анықтау, оның қоғамдық танымын саралау және қоғамдық сананы қалыптастырудағы атқарар қызметін талдап көрсету, бір жағынан, қарым-қатынас күштілігі деп түсіндірілсе, екіншіден, қоғамдық коллективтің тапқан, жасаған нәрсесі деп ұғынылады, яғни әлеуметтік таным тілдік құралдардың жасалу, қалыптасу, даму заңдылықтарымен тығыз байланысты болады.

[1] Графика және орфография- бұл екеуі фонетика ғылымының құрамдық бөлшектері. Графика — тіл дыбыстарын жазуда таңбалайтын шартты белгілер жиынтығы. Дыбыс алғашқы, табиғи, ал графикалық таңба соңғы жасалынады. Түркі тілде солардың, ішінде қазақ тілінде де, көне замандардан бастап әр дәуірде қолданған жазу түрлері болған. Сондай жазулардың ғылымда белгілі болған алғашқысы — Көне түркі жазуы немесе «Орхон енесей» жазуы деп аталатын жазу. Бұл жазу мола басына қойылған құлпы тасқа, басқа да әртүрлі қатты заттарға қашап түсірген таңбалар түрінде сақталған, бірер сөздерден ғана тұратындары болмаса, қағазға жазылып сақталған көлемді ескерткіш емес. Зерттеушілер бұл жазуды түркі халықтары V-VIII ғасырларда қолданған деген пікір айтады. Түркі халықтары қолданған жазудың екінші түрі — көне ұйғыр жазуы деп аталатын жазу. Графикалық сипаты жағынан бұл жазу көне түркі әліппесіне ұқсас, сонымен төркіндес болған.

Жаңашылдық — бұл шығармашылық ғылыми зерттеу немесе өндірістік қызметтің өнімі, кез-келген құбылыс, оны пайдалану адам өмірінің нақты өмір сүру сферасында белгілі бі нәтижеге қол жеткізеді. Жаңашылдық — бұл ерекше сипаты болып қоғамға бұрынырақта белгісіз болған өнімдерді тұрақты іздеу мен жасап шығару болып табылатын, шығармашылық қасиеті бар тұлғалар қызметінің қорытындысы. 20 ғасыр аяғы мен 21 ғасырда Қазақстан Республикасы үшін өзгерістер енгізіліп жатыр. Әлем қаншалықты дамыса, Қазақстан да көштен қалмай іргелесіп соншалықты дамытып келеді. Еліміздің алға қояр мәселелерінің бірден-бірі ол — тіл. 2017 жылдан бастап заман талабына сай қос тілділіктен үш тілділікке ауыстық. Барлық балабақша, мектеп және жоғарғы оқу орындарында үш тілділік енгізілді. Бұл біздің бір қадам болса да алға жылжып, ілгері жүруімізге аз да болса септігін тигізеді. Осы орайда айта кететін тағы бір жайт, латын әліпбиіне ауысу - қазіргі таңдағы ең алып мәселелердің бірі. Қарапайым халықтың атынан айтар болсам, таяқтың екі ұшы болатыны сияқты даттаушылар да жақтаушылар да бар. Бізге бұл латын әліпбиіне ауысу мәселесінде пайдасына қарағанда зияны басымырақ. Менің ойымша, латын әліпбиіне ауысудың бір ғана тиімділігі бар. Ол — өзге дамып жатқан елдермен қатар жүру. Бірақ, біріншіден бұл тұрғыда көбірек шығынға ұшыраймыз. Кешегі күні брифингте Арыстанбек Мухамедиұлы: «Бұл өте ауқымды жоба, сол үшін үлкен көлемді ақшаны талап етеді. Қазіргі сәтте мәдениет және спорт министрілігіне 2018 жылға 56 миллион теңге көлемінде тапсырыс жіберілді, - «Осы сөздің өзі қаншалықты шығын әкелетінін дәлелдеп отыр. Екіншіден, осы уақытқа дейін білімді деген азаматтар мен азаматшалардың білімі бірінші сынып оқушылардан да төмен жағдайда болады. Үшіншіден, үлкен уақытты талап етеді. Оның аяғы тіпті адам өлімімен аяқталуы мүмкін. Себебі, [2] былтырғы жылы тұрғылықты мекен жайды ауыстырған кезде, Алатау ауданының әкімшілігінде кезекте тұрып, әр-түрлі себептерден жанжал шығып, соңы 60 жасар қариямыздың өлімімен аяқталған. Егер осы латын әліпбиі бізге тиімді болғанда, біз қазіргі уақытта қолданып жүрген кириллицаға ауыспаған болар едік. 1929 жылы қазақ халқы сан ғасыр қолданып келген араб жазуынан жаңа жазу — латынға көшкен болатын. Оның қолдану тәртібі — орфографиясы 1929 жылы Қызылордада өткен конференцияда

талқыланып, осы кезден бастап іс жүзінде қолға алынды. Мектептер мен баспасөз және баспа орындары енді латынша жазуға көшті. Осы орайда А. Байтұрсыновтың қазақ халқына, қазақ тіліне үйлестіріп қайта сұрыптап жасаған, өзінің алфавитімен бірге халқының сауатын ашып, қара тануына зор еңбегін сіңіріп қана қоймай, осы жолда бар ғұмырын сарп етті десек, артық емес. Бір жағынан, Байтұрсыновтың еңбегін де аяққа таптағанмен тең болмақ. Шерубай Құрманбайұлының өзі: «Тәуелсіздіктің 20 жылдығының өзінде қазақ мектептерінде, жоғарғы оқу орындарында көптеген оқулықтармен қамтамасыз етілмей жатқан жағдайлар бар. Ал ертең жазу ауыстырылған күннің өзінде қазіргі латын тілінде жазылған бастауыш мектептің, орта мектептің, одан кейінгі жоғарғы оқу орындарындағы оқу құралдарын, көркем әдебиетті бір күнде аударып тастау өте қиынға соғады, - «деп қиыншылықтары мен кері әсерін атап өтті. Дегенмен, егер де біз латын әліпбиіне көшетін болса, бұрын да қалыптасқан орыстардың бордақылауынан шығатын едік. Бұл келешек ұрпақ үшін тиімді болар еді. Сондықтан, латын әліпбиіне ауыспас бұрын ең бірінші осы мәселелерді қарастырып, шешімін тауып ешқандай кедергі болмаған сәтте ғана ауысқанымыз дұрыс сияқты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Wikipedia.org
2. Nur.kz

**ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ЖАҢА ҮРДІСТЕРГЕ СҮЙЕНЕ ОТЫРЫП
ШЕТЕЛ ТІЛІН МЕҢГЕРУ**

Айдана Қуанышқызы Бақберген

*5B011900 - «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 2 курс студенті
abilbaeva_96@mail.ru*

Ғылыми жетекші: Акбике Бердибековна Боранбаева

*Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Шетел тілдері, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі
Арқалық, Қостанай облысы*

Аңдатпа: Мақалада тіл біліміндегі жаңа үрдістер мен реформалардың қоғамдағы өзгерістерге ықпалы жайында айтылды. Қоғамдағы шетел тілін меңгеруге сұраныстың жоғарылауы туралы сөз қозғалды. Тілдік мәселелерді шешуде тіл білімінің жаңа бағыттарының әдістерін ұтымды пайдалану жолдары қарастырылды.

Түйін сөздер: үштілділік, когнитивті лингвистика, әлеуметтік лингвистика, қолданбалы лингвистика.

Бүгінгідей жаһандану заманында көп тіл білетін адамның қоғамдағы алар орны ерекше. Өзге тілді үйрену, оны жетік меңгеру — бұл ең алдымен халықаралық қатынастар кезінде айрықша рөл атқаратыны баршамызға аян. Ал осы тілді меңгеру үдерісінің ана тілімізге нұқсан келтірмей, үйренуші үшін ұтымды жодарын таңдауда қандай мәселелер туындауы мүмкін және де ол

мәселелер неге байланысты екендігін қарастырсақ. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп дамиды. Әрбір кезеңдердегі даму үдерістері тіл білімінде түрлі бағыттардың пайда болуына әкелді. Қазіргі таңда тіл білімі көп салалы және де әр түрлі бағыттарды қоғам сұранысына қарай дамытуда. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Әрбір Қазақстандық үш тілді жетік меңгеруі керек. 2020 жылға дейін ағылшын тілін білетін тұрғындар саны біршама көбеюі керек» — деген сөздердің астарына үңілсек, келешек ұрпақ көп тілді, жан-жақты білімді азаматтар болары сөзсіз. Ал бұл мақсатқа жету жолында әрбір азамат білімін шыңдап, үздіксіз өзіндік дамып отыруы керек.

Қазақ тілі - ана тіліміз болса, орыс тілі - ресми тіл, ағылшын тілі - халықаралық қатынастар тілі екендігі әрбір көзі ашық азамат үшін аян. Мәселен, үш тілде білім беруді Қазақстан мектептері егемендік алғаннан бері біртіндеп тәжірибеге енгізіп келеді. Ол қазақ түрік лицейі мен Назарбаев зияткерлік мектептерінде жүзеге асуда. Бұл мектептердің білім көрсеткішінің сапасы да жоғары дәрежелерді көрсетуде. Білім беру үрдісіндегі үш тілділікте осы нәтижелерге сүйенсе керек. Қоғамдағы азаматтардың бұл саясатты қолдап тілдерді меңгеруге белсене ат салысуының өзі тілтанушы мамандардың тіл игерудің жеңіл жолдары мен ана тіліне әсерін зерттеу жұмыстарына арқау бола алары сөзсіз.

Әлемдегі ең көп таралған және де халық саны бойынша қытай тілінен кейінгі ең көп пайдалынатын тіл-ағылшын тілі. Ағылшын тілі Ұлыбритания, АҚШ, Жаңа Зеландия, Австралия және басқа да елдерде ана тілі болып есептеледі. Сонымен қатар, ағылшын тілі көптеген мемлекеттердің ресми тілі болып саналады. Жалпы ағылшын тілінің Америкалық ағылшын, Австралиялық ағылшын, Канадалық ағылшын, Жаңа Зеландиялық ағылшын секілді түрлерінен басқа 30-дан астам диалектілік түрлері де бар. Біздің қоғамымыз қолқа салып, үйренуге міндеттеліп отырған ағылшын тілінің үлгісі Британдық ағылшын тілі. Ағылшын тілін үйрену өз бетінше білім алуға, мәдениетаралық коммуникацияны бойға сіңіріп өзге ұлт мәдениетімен танысып, ғылым мен білімнің жаңа тұғырларымен танысуға мүмкіндік береді. Сонымен ағылшын тілін үйренуде тіл білімінің кей бағыттарын ұтымды қолдануға болады. Мәселен, когнитивті лингвистика- тіл білімінің баршаға түсінікті, сонымен қатар күрделі бағыты деуге болады. Когнитивтік лингвистиканың негізгі құралдары: есте сақтау бірліктері - таным, гештальт теориясы, тілдік сана және т.б. Когнитивтік лингвистика дүние бейнесін сипаттауға бағытталады. Яғни, бұл бағытты шет тіліндегі жаңа сөздерді меңгеруде есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Тіл үйренушінің сезімдік қабылдау деңгейі, қабылдауды қалыптастыру деңгейі және сөйлеу-ойлау процесс деңгейі мен өзге тілді меңгеру арқылы қалыптасатын жаңа тұлғалық өзгерістерді айтуға болады. Шет тілін күнделікті өмірде еркін қолдана білу үшін бар болғаны 300 сөз жаттау керек. Бұл – ағылшын тілді адамдардың күнделікті пайдаланатын сөздік қорының 65 пайызы.

Тіл білімінің бағыттарының ауқымды бөлігі әлеуметтік лингвистикаға тиесілі. Әлеуметтік лингвистика орыс. социолингвистика (лат. soci(etos) қоғам, фр. lingua - язык) тіл білімі, әлеуметтану, әлеуметтік психология, этнография ғылымдарының түйіскен аралығында туып дамыған тіл білімі саласы.

Онын негізгі объектісі — тілдің функционалды жағын зерттеу.[1] Қарастыратын басты мәселелері: тілдің қоғамдық табиғаты, әлеуметтік қызметі, тіл болмысының қатынастық түрлері (әдеби тіл, ауыз екі сөйлеу тілі, жергілікті диалектілер, койне, пиджиндер), тілдің әлеуметтік сипаттағы түрлері (жаргон, арго, кәсіби тіл), билингвизм, диглоссия, пиджинделу, креолдену, мультилингвизм процестері. Әлеуметтік лингвистика үшін аса қажетті мәселелердің қатарында тілдің (тілдердің) өмір сүру формасынан туатын тілдік жағдайлар, тіл мен мәдениеттің байланысы, тіл саясаты тағы басқа жатады. Ал бұл әлеуметтік лингвистиканың тіл үйренуде ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырту арқылы нәтижелі қолданылады. Мысалға, когнаттар арқылы. Когнат дегеніміз әртүрлі тілде ұқсас дыбысталатын сөздер. Мысалы ағылшынның *sister* сөзі норвег, дат тілдерінде *søster*, неміс тілінде *Schwester*, итальянша *sorella*, французша *sœur* болады. Ағылшын тілін үйренген адам әдетте итальян, испан, неміс, француз тілдерін тезірек меңгеріп алады. Себебі кейбір сөздердің өзге тілдегі баламаларының ұқсастығында.

Қазіргі кезде белең алып жиі қолданылып, әлі де зерттеу барысында болып отырған жаңа бағыт түрі компьютерлік лингвистика деуге болады. Қолданбалы лингвистиканың бір саласы болып табылатын компьютерлік лингвистика бір жағынан тілді, екінші жағынан компьютерде тілдермен қалай жұмыс істеу керектігін зерттейтін ғылым. Ол XX ғасырдың 60-жылдарында пайда болды да, адамдардың техникаға деген көзқарастарын түгелдей өзгертті. Тіл меңгерудің жаңа да қызықты жолдарын ұсынып бұл бағыт жастар арасында көп сұранысқа ие. Тіл тасымалдаушылармен тілдесудің көп мүмкіндіктерін ұсынуда. Мысалға, Skype — ағылшын тілі ана тілі болып келетін адамдарға тілдесуге мүмкіндік беретін құрылғы. Ғаламторда басқа ұлт өкіліне өз тілін үйретуге дайын адамдар баршылық. Тіл үйрететін арнайы сайттарда әңгімелесетін адам тауып, күнде сөйлесуге мүмкіндік туғызады. Мұндай жүйелердің тегін болуы, оларға сұраныстың түспейтіндігіне дәлел. Youtube-тан сан түрлі видеоблогтар, электронды сөздіктер мен аудио-визуальды материалдар осы бағыттың туындылары деуге болады. Ал бұл мағлұматтар тілді өз бетінше игеру жолдарын жеңілдетеді. Жоғарыда айтылған мәселелер өздігінен тіл үйренушілер жайында болатын, енді мектеп оқушыларының тіл білімін жетілдіруде мұғалім қалай қолдау көрсете алады, сол туралы сөз қозғасақ.

Сарапшылар мен ғаламдардың пікіріне сүйенсек ағылшын тілінің барлық деңгейін білу үшін 3000 сөз қажет делінген. Осы 3000 сөздің 500-і етістік, 500-і сын есім, 1500-і зат есім, қалған сөз тобы 500 бірлікті құрайды екен. Және де олардың айтуынша күнделікті қарым-қатынас жасау үшін алдымен сөздер, сөз тіркестері қажет. Сол сөздердің ішіндегі дұрыс таңдалған 400 сөз арқылы қалғаны 90 пайыз сөздің орны толтырылып тұрады. Егер кітап оқу қажет болса, оқушының сөздік қоры мол болуға тиіс. Бірақ оның көп бөлігі пассив сөздер болып келеді. Сол себептен 1500 жуық сөз білетін оқушы мәтіннің мазмұнын жеткілікті деңгейде талқылай алады екен. Көбінесе оқушыны ағылшын тілінде сауатты сөйлеуге, жазуға, оқуға үйрету үшін әр оқытушы өз бетінше ізденеді. Осыған байланысты ғалымдар мен сараптаушылардың беретін кеңестері төмендегідей:

1. Үйренуші оқытушының қойған мақсатын білуі керек. Әрбір сабақта жауапкершілікті сезіну керек.
2. Ағылшын тілі мен ана тілі немесе басқа тілдерді араластырып сөйлемей керек. Керек болса, грамматикалық деректерді түсіндіруде ана тілін қолдануға болмайды.
3. Оқушы жауап беріп тұрғанда оның қатесін бірден жөндеп, оның сөзін бөлудің қажеті жоқ. Қатені жөндеудің дұрыс тәсілі – жауаптарды бағалар кезінде қате айтылған қолданыстарды талдау.
4. Сабақ табысты өтуі үшін оқушылар ұжымын дұрыс ұйымдастыра білу керек.
5. Оқушылардың өзіне деген сенімділігін, оларға берілген тапсырманы соңына дейін толық орындату.
6. Көрнекілік, техникалық құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру.
7. Сабақты асықпай жүргізіп, не істеу керектігін және қалай орындау керектігін түсіндіруге жеткілікті уақыт бөлу.
8. Оқушыны сөйлеу, жазу, оқу әрекеттеріне арналған өзіндік жұмыстарға көбірек тарту.
9. Белсенді талдау кезінде қалыптасқан шуды тоқтатпау.
10. Оқушының есте сақтау қабілетін жетілдіретін теориялық білімді өмірмен ұштастыруға мүмкіндіктер туғызу.
11. Әрқашан оқушыларға қолдау көрсету.

Қорыта айтқанда, қазіргі заман талабына сай жастарымыз кем дегенде үш тілді білуі керек. Үштілділікті енгізген себебі де осы. Яғни, ол бірінші өзіміздің ана тіліміз, мәдени қарым-қатынас тілі-орыс тілі және ағылшын тілі. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, ағылшын тілі – компьютер, әлемдік ғылым, мәдениет тілі. Сондықтан да ағылшын тілін меңгеруіміз қажет. Ертеңгі күні елімізді әлемге әйгілі ететін жастарымыз болғандықтан, олардың үйреніп білуі міндетті деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы президентінің Қазақстан халқына арналған жолдауы. 2009 ж.
2. Wikipedia.org

Мазмұны

1.	Қуанышбаев С.Б.	Алғысөз.....	3
I СЕКЦИЯ			
ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ			
ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ			
2.	Ниязов М.М., Алпысбаев Қ.Қ.	Р.Нұрғалидың қаламгерлік келбеті.....	4
3.	СұлтанханМ. Әлтай А.Д.	Жыраулар шығармашылығындағы ұлттық идея..	9
4.	Тоқтарбай Е.Н.	Профессор Т.Кәкішұлы – сәкентанушы (С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романының бұрмалану себептері хақында).....	15
5.	Бәшіров Н.Қ. Байтанасова Қ.М.	Ұлт тұлғасы.....	19
6.	Файзолла А.Б. Тұрысбек Р.С.	Есенғали Раушанов шығармашылығындағы ұлттық идея.....	25
7.	Ердембек Е.Е. Дүйсенғазин С.М.	Тұрсынбек Кәкішұлының социалистік реализм туралы сыни көзқарастары.....	30
8.	Сейтбек А.С. Қорғанбеков Б.С.	Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым Тұрсынбек Кәкішұлы зерттеулерінде.....	34
9.	Сұлтанова А.К. Қорғанбеков Б.С.	Тұрсынбек Кәкішұлының фольклортанушылық ойлары.....	37
10.	Еркебұлан Ж.Қ. Серғазы Л.А.	Э.Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» аудармасының көркемдік ерекшелігі.....	41
11.	Шалғынбай Н.Қ. Серғазы Л.А.	Көркем әдебиеттегі Қорқыт бейнесі.....	45
12.	Елтай А.Н. Тұрысбек Р.С.	Ұлттық әдеби сын және Т.Кәкішұлы.....	48
13.	Таскалиева Ж.Т. Тұрысбек Р.С.	Алаш және Т.Кәкішұлы.....	51
14.	Сейтмұрат А.М. Тұрысбек Р.С.	Профессор Т.Кәкішұлы және «Тар жол тайғақ кешудің» шығармашылық тарихы.....	53
15.	Сәрсенқызы А. Серғазы Л.А.	Бейімбет Майлин әңгімелеріндегі кейіпкер сөзі..	56
16.	Дүриханов Е.Ө. Кәпұлы Д.	Тұрсынбек Кәкішұлының «Мағжан – Сәкен» монографиясындағы тұлғатану мәселесі.....	60

17. Мұратбаева Ж.К. Кәпұлы Д.	Т.Кәкішев және «Сәкен аялаған арулар».....	64
18. Хавай Қ. Байтанасова Қ. М.	Көркем туындылардағы «Көз» бейнесі.....	69
19. Умирбекова Қ. Кәпұлы Д.	Сәкен сүйген арулар бейнесі.....	72
20. Гамзатова Ш. Бажикеев К.К.	Тәуелсіздік кезеңіндегі мұхтартану ілімінің дамуы	75
21. Советова Т. Бажикеев К.К.	Тәуелсіздік жылдарындағы абайтану ілімінің дамуы.....	78
22. Сағынтаев Б.Ж.	Торғай ақындары шығармаларындағы араб-парсы әдебиетінің әсері.....	82
23. Қошан С.Ә. Рахметова Б.А.	Жыраулық поэзиядағы тілдік ерекшеліктің ақындық өнермен ұштасуы.....	88
24. Екпін Р. Ауезова Ш.С.	Қазақ әдебиетінің могикуаны.....	92
25. Камильқызы Е. Айдарова Г.К.	Қазақ эпостарының тарихилығы.....	95
26. Қайырбек М.Т. Таутина Б.А.	Сәкен Жүнісовтың «Ақан сері» романындағы жатсыну мәселесі.....	97
27. Тұрысбек Н.Д. Айдарова Г.К.	Ұлт жанашырын толғандырған әдебиет.....	101
28. Карбоз Қ.И. Ауезова Ш.С.	Кәкішұлы Тұрсынбек – қазақ әдебиетінің сыншысы.....	105

II СЕКЦИЯ

ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ДӘСТҮРЛІ БАҒЫТТАР МЕН ЖАҢА ҮРДІСТЕР

29. Аманбай Д.М.	Ағылшын тілін оқытудың қазіргі замандық әдістемесі	109
30. Жанжігітова А.Т. Айдарова Г.К.	Тіл білімі саласындағы терминология.....	115
31. Қадырқул А.Қ. Анапин Е.Х.	Шет тілі сабағында оқушылардың сөйлеу қабілетін дамыту әдістемесі.....	118
32. Айтмырзаева Э.Б. Багитжанова Ш.С.	Шет тілін оқытуда интербелсенді оқыту технологиясының әдістерін қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру.....	120

33. Джурабой З.М. Багитжанова Ш.С.	Шетел тілі сабағында деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын қолдану ерекшеліктері.....	123
34. Тойматова Д.Г. Байдалина Ж.Ж.	Факторы повышение эффективности английского языка в учебной деятельности.....	127
35. Адылбекова С.А. Байдалина Ж.Ж.	Роль педагогической рефлексии в изучении иностранного языка.....	130
36. Бектибаева А.Н. Байдалина Ж.Ж.	Специфика использования проектной методики на уроках иностранного языка.....	134
37. Исахова С.С. Оскина М.С.	Оқу үдерісінде заманауи CLIL әдісінің элементтерін пайдалана отырып ағылшын тілін үйрету.....	138
38. Ынтымақ К. Оскина М.С.	Рефлексиялық оқытудың бүгінгі таңдағы өзектілігі	141
39. Хасимова Ұ. Оскина М.С.	Үш тілді білім беру үдерісі – тіл білімінің жаңа бағыты.....	144
40. Мұхамбетқали М. Оскина М.С.	Жоғары сынып оқушыларының коммуникативтік құзіреттіліктерін анықтауға арналған ауызша тестілеу.....	148
41. Бекеш С. Штатбаева Г.С.	Шетел тілі фонетикасының рөлі.....	151
42. Үсенбай Ж.М. Шонгалова А.С.	Неміс және қазақ тілдерінің грамматикасын салыстыру.....	155
43. Мейрам А.М. Култанов Д.Т.	Боксшылардың дене қасиеттерін дамыту мәселесінің теориялық алғы шарттары.....	159
44. Белгібаев А.Ж. Култанов Д.Т.	Боксшыларды дайындаудағы айналмалы жаттықтырудың теориялық-әдістемелік мәселелері	164
45. Жолдасбек А.Н. Шонгалова А.С.	Шетел тілін үйрену барысында ана тілінің тілдік ерекшеліктерін пайдалану.....	170
46. Әбілбаева Ш.А. Боранбаева А.Б.	Тіл біліміндегі дәстүрлі бағыттар мен жаңа үрдістердің қоғамға ықпалы.....	174
47. Бақберген А.Қ. Боранбаева А.Б.	Тіл біліміндегі жаңа үрдістерге сүйене отырып шетел тілін меңгеру.....	177

**«Т.КӘКІШЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

атты студенттердің аймақтық ғылыми конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

9 қараша 2017 жыл

МАТЕРИАЛЫ

региональной студенческой научной конференции

**«Т.КАКИШЕВ И АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ
КАЗАХСКОЙ ФИЛОЛОГИИ»**

9 ноября 2017 года

Компьютерлік беттеу: Г.Қ. Төлебаева
Басуға 7.11.2017 қол қойылды. Гарнитура Times New Roman
Пішіні 29,7x21½. Көлемі 12,11 ш.б.т
Таралымы 100 дана. Тапсырыс №1041

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының
редакциялық-баспа бөлімі

110300, Арқалық қаласы
Әуелбеков көшесі, 17
e-mail: arkgpi@mail.ru